

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
2015–2020 жж.
БІЛІМ БЕРУДІ РЕФОРМАЛАУДЫҢ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЕСЕП

УДК 378
ББК 74.58
Қ18

Ризашылық білдіру

Жобалық топ есепті дайындауға атсалысқан Қазақстан Республикасының барлық ұйымдарына, мекемелеріне және жекелеген тұлғаларына зор ризашылығын білдіреді.

Жобаның жетекшісі: Аида Сағынтаева, Қазақстан

Мектепке дейінгі және орта білім бойынша сарапшылар тобы

Дэвид Бриджес, Ұлыбритания
Коллин МакЛафлин, Ұлыбритания
Питер Мехисто, Ұлыбритания
Мэри Джейн Драммонд, Ұлыбритания
Назипа Аюбаева, Қазақстан
Марина Кишкентаева, Қазақстан
Анель Құлахметова, Қазақстан
Меруерт Садуақасова, Қазақстан

Техникалық және кәсіптік білім бойынша сарапшылар тобы

Владимир Гаськов, Швейцария
Нұржан Ғанимұрат, Қазақстан

Жоғары білім және ғылым бойынша топ

Мэри Кэннинг, Ирландия
Джони Финни, АҚШ
Дэннис Джонс, АҚШ
Эймс МакГиннес, АҚШ
Дарси Харви, АҚШ
Дархан Біләлов, Қазақстан
Жанна Сағындықова, Қазақстан

Жоба менеджері

Сабина Мендібаева, Қазақстан

Қ18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА 2015-2020 жж. БІЛІМ БЕРУДІ РЕФОРМАЛАУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ. – Астана, 2014, – 174 б.

ISBN 978-601-7417-36-9

«Қазақстан Республикасының 2015-2020 жылдарға арналған білім беру жүйесін реформалаудағы стратегиялық бағыттарды әзірлеу» жобасының бірінші кезең бойынша (2013 ж.) қорытынды есебі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебімен іске асырылды. Аталмыш ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты - білім беру жүйесінің мықты және осал тұстарын анықтау, сонымен қатар кейіннен білім беру саласының барлық деңгейлерін модернизациялау үшін Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің диагностикасын өткізу.

УДК 378
ББК 74.58

Басылымға сілтеме:

Nazarbayev University Graduate School of Education. Қазақстан Республикасының 2015-2020 жылдарға арналған білім беру жүйесін реформалаудағы стратегиялық бағыттарды әзірлеу. Диагностикалық есеп. - Астана: Индигопринт, 2014. - 174 б.

ISBN 978-601-7417-36-9 © Nazarbayev University Graduate School of Education, 2014

МАЗМҰНЫ

Қысқартулар	5
Қысқаша мазмұны	6

1-ШІ БӨЛІМ

Мектепке дейінгі және орта білім.....	19
Мектепке дейінгі білім беру.....	21
Ұлттық үлгілер, оқу бағдарламасы, бағалау, орта білім беру саласындағы педагогика және оқулықтар	25
Үштілді білім беру	34
Теңдік пен инклюзивті білім беру	38
Теңдік және арнаулы білім беру	41
Мұғалімдерді даярлау және үздіксіз кәсіби білім.....	44
Ғимараттар және инфрақұрылым	48
Қаржыландыру	50
Реформаларды басқару.....	57

2-ШІ БӨЛІМ

Техникалық және кәсіптік білім беру	63
ТжКБ-ні дамыту бағдарламасының мақсаттары мен стратегиялары	64
ТжКБ саясатын әзірлеу.....	65
Ұлттық біліктіліктер, ТжКБ үлгілері және бағалау	71
Басқару, менеджмент, ТжКБ қызметтерін жоспарлау және қаржыландыру	76
Аймақтық деңгей.....	77
ТжКБ колледждері	78
Мемлекеттік-жеке серіктестік және дуалды жүйені енгізуді жоспарлау.....	90
ТжКБ қызметкерлерін дамыту.....	91

3-ШІ БӨЛІМ

Жоғары білім беру	93
Бірінші басымдық: әлемдік ауқымдағы бәсекеге қабілеттілікке жету үшін жоғары білімнің өнімділігі мен сапасын жетілдіру	95
Екінші басымдық: жоғары білімді тез өзгеретін, мейілінше білімге негізделген, жоғары технологиялық экономикадағы еңбек нарығы талаптарына сәйкестендіру.....	106
Үшінші басымдық: халықаралық танылған ғылыми - зерттеулік қызметін жүргізу үшін және ЖОО-дағы білімді, инновация мен ғылымды ықпалдастыру үшін әлеует құру.....	114
Төртінші басымдық: жан-жақты, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті жоғары білім беру жүйесі үшін институттық әлеуетті құру	120
Бесінші басымдық: бәсекеге қабілетті, тұрақты жоғары оқу орны жүйесі үшін қаржылық негізді құру.....	123
Алтыншы басымдық: білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі үшін институционалдық және ұлттық деңгейлерде басшы және басқару негіздерін құру	136
ҚОСЫМШАЛАР	145

Қысқартулар

АКТ	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар
АРД	Адами ресурстарын дамыту
БДМБ	Білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама
ДБҰ	Дербес білім беру ұйымы
ЕО	Еуропалық одақ
ЕУА	Еуропа университеттерінің ассоциациясы
ЖМ	Жеке мекеме
ЖОО	Жоғары оқу орны
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
КТ	Кешенді тестілеу
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
МДБҰ	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары
НЗМ	Назарбаев Зияткерлік мектептері
НУ	Назарбаев Университеті
УКК	Университет кафедраларының комитеті
ТжКБ	Техникалық және кәсіптік білім
ҰБ	Ұлттық банк
ҰБЖҚ	Ұлттық білім жинақы қоры
ҰБСБО	Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы
ҰБТ	Ұлттық бірыңғай тестілеу
ХЕҰ	Халықаралық еңбек ұйымы
ШОБ	Шағын және орта бизнес
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ЮНЕВОК/ТКБХО	Техникалық және кәсіптік білім бойынша халықаралық орталық
ЮНЕСКО	Біріккен ұлттар ұйымының білім, Ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы
ЮНИСЕФ	Біріккен ұлттар ұйымының Балалар қоры
AGB/УКБКА	Университеттер мен колледждерге арналған басқару кеңестерінің ассоциациясы
CEFR/ШТМЖК	Шетел тілдерін меңгеру бойынша жалпыеуропалық құзыреттер
CPD/ҮКД	Үздіксіз кәсіби дамыту
ECTS/КАЖЕЖ	Кредиттерді ауыстыру мен жинақтаудың еуропалық жүйесі
HEA/ЖБУО	Жоғары білім бойынша уәкілетті орган
HEFCE/АЖБҚК	Англия Жоғары білімді қаржыландыру кеңесі
IGCSE/ЖБХК	Жалпы білім туралы халықаралық куәлік
ISCED/БКХС	Білімді классификациялау халықаралық стандарты
ISCO/МХҮК	Мамандықтардың халықаралық үлгідегі классификациясы
МОС/ХСҰ	Халықаралық стандартизациялау ұйымы
PISA/ОБЖБХЗ	Оқушылардың білім жетістігін бағалау жөніндегі халықаралық зерттеу
R&D/ҒЗ	Ғылым және зерттеу
SABER/БЖКБЖ	Білім берудегі жақсы көрсеткіштер үшін бағалай жүйелері
TIMSS/МЖБСБХЗ	Математика және жаратылыстану пәндері бойынша білім сапасын бағалайтын халықаралық зерттеу
UNCRC/БҰҰБҚҚК	Біріккен ұлттар ұйымының балалардың құқықтарын қорғау конвенциясы

ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Білім беруге, адам капиталының дамуына инвестиция жұмсау жалпы қоғам игілігінің кілті болып табылады. Ықпалдасқан, қарқынды әлемдік нарықта білім беру жүйелері өзгермелі ахуалға бейім болуы үшін үнемі жетілдіріліп отыруы тиіс. Осыған байланысты білім беру жүйесінің дамуы Қазақстанның басты басымдығы болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - ББДМБ) елдегі білім беруді реформалаудың негізгі құжаты болып табылады. Бағдарламада «2015 жылы өтпелі кезең аяқталып, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі құрылымы, мазмұны, басқару және қаржыландырылуы тұрғысынан дамыған елдердің үлгісіне сай болатыны» айтылғанына қарамастан, дамудың 2015–2020 жылдарға арналған екінші кезеңінің айқын бедері әлі әзірленбеген.

Бұл есепте Қазақстанның білім беру жүйесі дамуының келесі кезеңінде шешілуі тиіс мәселелеріне талдау жасалынып, және ол екінші кезеңді айқындауға бағытталған қадам ретінде ұсынылады.

Мектепке дейінгі білім

Балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту айтарлықтай болғанымен, қала мен ауылдық жерлердің арасындағы айырмашылық әлі сақталуда. Ауылдық жерлердегі балалардың басым бөлігі әлі де болса балабақшаға бармайды. Мектепке дейінгі ұйымдардағы шектеулі орын санына сұраныстың өсуі балаларды балабақшалар мен өзге де мектепалды ұйымдарға орналастыру кезіндегі жемқорлықтың етек жаюына ықпал етуде. Қазіргі таңда қоғамда ұсынылатын қызметті бағалаудың ортақ үдерісінен өтпейтін, ал түрлі тексеру инспекциялары әлсіз болатын, жеке меншік балабақшалар санының көбеюіне байланысты алаңдаушылық бар.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы бала санының артуы білім берудің сапасын жақсартумен қатар жүріп жатқан жоқ. Ресми құжаттарда көрініс тапқан бұдан өзге де мәселелер баршылық. Олардың қатарында мұғалімдерді даярлаудың өте төмен сапасын, білікті педагогтардың жетіспеушілігін¹, студенттердің педагогикалық ЖОО-лардағы «мектепке дейінгі білім» мамандықтарына өте аз баруын, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі инклюзивтік білім берудің баяу дамуын (айрықша мұқтаждықтары бар балалардың үштен біріне жетер-жетпесі ғана мектепке дейінгі біліммен қамтылған) (ҚР БҒМ, 2010); үштілділік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша қолдаудың жоқтығы мен үштілділікті жүзеге асыруға арналған оқытушылық, тәлімгерлік бағдарламалардың тапшылығын айтуға болады.

Соңғы онжылдықта мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланы дамытудың жаңа тұжырымдамалары пайда болды. Білім беру дүниетанымы тәрбиешінің айтқандарымен тануға дайын, баланың «таза парақ» немесе «бос ыдыс» ретіндегі кейпінен бас тарту да бар. Бүгінгі таңда баланың туған сәттен бастап үйренуге қуатты әлеуеті бар екендігіне және мектепте де, одан тысқары да білім алу мүмкіндігіне ие екендігіне көбірек ден қойылуда. «Мықты әлеуеті бар бала» тұжырымдамасын түсінумен қатар, бүгінде оқыту үдерісіне (бала нені бәрінен жақсы істей алады) де назар аударылуда. Мұғалімдер оқу барысына ықпал ететін факторларға және осы үдерісті олар қалай көтермелеп, қолдай алатындығына ерекше мән беруде. Ресми құжаттарда еңбекақының тым аздығы, мамандықтың тартымсыздығы, жұмыс аптасының

1 Мұғалімдерді даярлау деңгейінің артқандығы байқалуда: жоғары білімі бар педагогтар саны 2005 жылы 42%-дан 2010 жылы 57%-ға және 2012 жылы 57%-ға дейін артқан, дегенмен әлі айтарлықтай жақсартулар қажет.

ұзақтығы, оқу жүктемесіндегі ауыртпалық пен әкімшілік тарапынан сыртқы қысым, кәсіби өсу мүмкіндігінің жоқтығы сынды мектепке дейінгі ұйымдарға тән мәселелер аталған. Аталған мәселелер шешілуі тиіс, бірақ оны шешу жолдары мектепке дейінгі білім берудің жаңаша түсінігі аясында іске асуы қажет.

Сондай-ақ, балалар мен отбасыларға қандай ғимарат түрлері қажет екендігіне қатысты шешім қабылдау керек. Ғимараттар стандарттарының төмендігі, айрықша мұқтаждықтары бар балалар мен ересектерге қажетті ресурстардың, жабдықтардың жоқтығы да түйткілдердің бірі. Мектепке дейінгі білім көптеген елдерде білім беру жүйесімен ғана шектелмей, сонымен қатар, медициналық қызметтер, әлеуметтік көмек пен үлкендерді оқуға арналған мүмкіндіктерін ұсынатын, балалар мен олардың отбасыларына арналған ықпалдасқан мультисервистік орталықтарды құрайды. Осы мүмкіндіктерді Қазақстанда мектепке дейінгі білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру аясында қарастырған жөн.

Орта білім

Бастамалардың көптігі мен реформа жүргізуге деген зор ынтаның болуына қарамастан, орта білімде ағымдағы жоспар әлсіз үйлестірілген, ұмтылыстың жеткіліксіздігі, ұлттық және халықаралық деңгейде әрі қарай ілгерілеу үшін Қазақстанда енгізілуі қажет білім беру қағидалары мен тәжірибелерін жеткілікті түсінбеушілік бар.

Оқу бағдарламасы, оқулықтар, педагогика, мұғалімдерді оқыту және мектептік көшбасшылық – бәрі бірлесіп әзірленіп, тиянақты түрде үндестірілуі тиіс. Осы аспектілердің барлығы бір мақсат пен құндылықты көздеуі тиіс, олай болмаған күнде олар бір-біріне кедергі жасайды².

Ақпаратты қарапайым жаттап алуға қарағанда салыстыру, талдау, қолдану, сын, дәйектеу, түсіндіру сынды оқушылардың алдында тұрған барынша күрделі зияткерлік міндеттерді есекере отырып, ұлттық стандарттарды, оқу бағдарламаларын, педагогика мен оқулықтарды қайта қарастыру қажет.

Тестілеудің мақсаты мемлекет пен жоғары білім беру жүйесі түлектердің алдына қойып отырған түрлі зияткерлік міндеттерді шеше алу қабілетін анықтау болғандықтан, ҰБТ да түбегейлі қайта қарауды қажет етеді. Осыған орай, ҰБТ бағалаудың заманауи әдістерінің кең ауқымын қамтып, оқушылардың түрлі пәндер бойынша жетістіктерін дәл бағалауы тиіс.

Үштілді білім беруде «үштілділік» пен «үштілді білім беру» сынды ұғымдарының әмбебап және ортақ бір анықтамасының келісімі жоқ, сондай-ақ, өзге елдердегі түрлі үлгідегі үштілді білім бағдарламаларында студенттер қандай нәтижеге жеткені және қалай жеткені жайында да түсінік аз. Ағымдағы жоспарлау үштілді білім беруге қатысты жеткіліксіз ақпаратқа және ішінара жалған тұспалдарға негізделуде.

Оқушылардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруге тиіс деңгейлерді анықтауда жүйелілік жоқ. Сондай-ақ, оқу бағдарламаларының мақсаттары үштілді білім беру мақсаттарымен анық келісілмеген, ал тіл үйренуді бағалау жүйесі оқу бағдарламасының мақсаттарымен үндеспейді. Аталған мәселелер оқу бағдарламасы мен оқулықтарды әзірлеуді

² Білім беру жүйесінің осы тәуелсіз бөлшектерін айқындай отырып, біз сондай-ақ олардың ең ықпалдылары бағалау жүйесі, мұғалімдердің дайындығы мен мектеп деңгейіндегі, сонымен қатар, одан кең ауқымды әкімшілік және оған қарасты құрылымдардағы көшбасшылық болып табылатын өзгерістерге бағытталған тетіктерді негіздеудің халықаралық дәлелдемелерінің (Darling-Hammond, 2010; Hattie, 2012; Levin, 2008; Mourshed et al. 2010; Stobart, 2008) ұсынатынын көрсеттік.

жоспарлауда және мұғалімдердің біліктілігін көтеруде қиындықтар тудырады. Үштілді білім беруге мүдделі тараптар басқарудың ағымдағы мақсаттарына жету үшін жеткілікті ынтымақтаспайды.

Теңдік және инклюзивті білім беру

Білім беру саласындағы теңдікті қамтамасыз етуге байланысты көп күш-жігерге қарамастан, ауылдық мектептерге баратын балалар қала мектебінің балаларына қарағанда айтарлықтай тиімсіз жағдайда. Бұл мәселе инфрақұрылымға және оқытушылардың біліктілігін жетілдіру жүйесіне инвестиция салуды, сондай-ақ мектептерді әділ қаржыландыруды талап етеді. Егер шағын ауылдық мектептердің қиындықтарын ескермесе, ұсынылып отырған жан басына қаржыландыру жүйесі де теңсіздіктің себебіне айналуы мүмкін.

Ауылдық жермен, балалардың ана тілімен және мектептегі оқыту тілінің арасында ескерілуге тиісті күрделі әрекеттестік бар. Қалалық және ауылдық өңірлерде орыс тілінде оқитын балалар қазақ тілінде оқитын балаларға қарағанда ҰБТ мен PISA тестерінен жақсы нәтиже көрсетеді. Өзге тілдерде білім алатын балалар қазақ және орыс тілінде білім алатын балаларға қарағанда қолайсыз жағдайда. Бұл балалардың ҰБТ-ны ана тілінде тапсыру мүмкіндіктері жоқ.

Мемлекеттің интернаттық мекемелерінде өскен балалар әлеуметтік қысымның, жұмыссыздық пен кедейшіліктің құрсауында қалуда.

Білім беру жүйесі арнайы мұқтаждықтары бар балаларды тиісті біліммен инклюзивтік оқытуды іске асыру арқылы қамтамасыз етпейді. Аталған мәселелер қатарына, білімнің қойылған талаптарға сәйкессіздігі, айрықша мұқтаждықтары бар балалармен жұмыс тәжірибесі жоқ мұғалімдер мен оқуды тиісті қолдаудың жоқтығы кіреді. Айрықша мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беру мектептеріне қосудың қаржыландыру тетіктері қарастырылмаған. Жан басына қаржыландыру жөніндегі жаңа жүйенің бір құрамдасы – «оқу жетістіктері үшін гранттар» оқушылары ҰБТ-да жоғары балл алған мектептерді көтермелеуге арналған. Бұндай бонустық жүйе жақсы атағы және озат оқушылар құрамы жинақталған, қолайлы шарттары бар мектептерге бағытталатындықтан қаржыландырудың мұндай жүйесі білім сапасын көтерудің икемді тетігіне айналуы мүмкін. Қалған мектептер айтарлықтай кемсітіледі.

Мұғалімдер және олардың кәсіптік дамуы

Мұғалімдерге еңбекақы төлеудің қазіргі жүйесі бөлшектелген әрі әкімшілендіруде күрделі. Мұғалімдік ставка оқытушының сағатты жүктемесіне байланған, бұл сабақ берудің креативтік және инновациялық әдістерін қолдануға мүмкіндік бермейді. Жүйенің тиімділік көрсеткіші төмен (студенттердің саны мен оқытушылардың саны арасындағы қатынас 8:1). Бұл жағдай тиянақты талдауды және мектеп желісін рационализациялау мен кадрлық нормаларды қайта қарауды қажет етуі мүмкін.

Қазақстанда мұғалім мамандығына жоғары білікті кандидаттарды тарту, іріктеу және даярлауда айтарлықтай салмақты проблемалар бар. Педагогикалық білімді шұғыл реформалау қажет және мансаптық өсу жүйесі кәсіптік оқыту мен дамыту жүйесін жақсартудың мақсаттарымен үндесуі тиіс. Сондай-ақ, мұғалімнің 9 мектеп пен кәсіптік оқытудың мақсатына сәйкес келетін айқын стандарттардың болуы және осы стандарттарды мұғалімдерді оқытуда, оқушылар мен оқытушыларды бағалау бағдарламасын әзерлеуде қолдану қажеттілігі бар.

Инфрақұрылым және қорлар

Бүгінде республикада көптеген мектептердің ғимараттары білім беру мақсаттарына арналмаған және инфрақұрылымдардың қазіргі стандарттарының талаптарына сай емес. Мектептердің көпшілігінде тиісті оқу ортасын қамтамасыз ететін қажетті шарттар мен ресурстар жоқ. Мысалы, оқушылардың алған білімін тәжірибеде өздігімен қолданып көретін, тәжірибелік сабақтарға арналған тиесілі құралдардың болмауын атап айтуға болады.

Өзгерістерді басқару

Стратегиялық қадамдар өзгерістерді енгізу үшін қабылдануы тиіс. Назарды жүйенің өзара әрекеттес элементтеріне көбірек бөлу қажет (мысалы, бағалауға, оқу бағдарламасына, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға), өйткені олар білім берудің барлық жүйесінде әзірленген және енгізілген. Мектептерде, облыстық білім беру департаменттерінде және Министрлікте маңызды басшылық лауазымда отырғандарға осы баяндамада сипатталған және Қазақстанда орын алып жатқан орасан өзгерістерді басқаруды үйрену қажет.

Техникалық және кәсіптік білім

Білім беруді дамыту бағдарламасының стратегиялық мақсаттары оның болашағына сүйенуі тиіс. Қазіргі кезде «жоғары білікті жұмыс күшінің даярлау» ретінде сипатталған, келешекте, яғни 2020 жылы жүзеге асыруға жоспарланған, «жоғары білікті жұмыс күші» жетістіктерінің қалаулы нәтижелерін сипаттайтын, өлшенетін стратегиялық мақсаттардың жиынтығына айналдыру қажет. Сондай-ақ, Бағдарламаның «ТЖКБ мазмұнының құрылымын жаңғыртуға», «персоналды оқыту үшін инфрақұрылымды дамытуға» бағытталған ТЖКБ қатысты міндеттерін олар шынымен де келешек межеге жетуге ықпал етуі үшін дәл айқындау керек. ТЖКБ жүйесін жаңғырту үшін бағдарламалық меже мен ТЖКБ-ның стратегиялық мақсаттарының, нысаналық көрсеткіштерінің арасындағы байланысты сыни тұрғыдан қайта қараған жөн. Бағдарламаның әрбір стратегиялық міндеті үшін даму бағдарламасын әзірлеу керек.

Білім беруді дамыту бағдарламасы Қазақстандағы ТЖКБ жетілдіру бойынша бірқатар шараларды қамтығанына қарамастан, ол адам ресурстарын дамыту жөніндегі маңызды халықаралық конвенцияларда, ХЕҰ, ЮНЕСКО және ЕО құжаттарында көрсетілген бірқатар маңызды қағидаларды қарастырмаған. Олар:

- ТЖКБ-ның: (а) тұрғындар сұранысына (жастардың жеке дамуы және біліммен әлеуметтік ықпалдасуы, кәсіби дайындығы мен жұмысқа орналасу басымдығы ретінде); (ә) мүдделі тараптардың талаптарына (барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың, жұмыс берушілер мен кәсіподақтардың, студенттердің, қоғамның және т.т.) және (б) еңбек нарығының сұранысына (салалардың, өңірлік экономиканың, жұмыс берушілердің) сәйкестігі;
- білімге, кәсіби дайындыққа және жұмысқа орналасуға тең қолжетімділік;
- ТЖКБ қызметтерін ұсыну сапасы («сапалы білімге» тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге);
- ТЖКБ жүйесі мен институттарының тиімділігі (нәтижеге жету үшін ресурстарды пайдалану);

ТЖКБ дамыту және бақылау саласындағы ұлттық саясатта ұлттық және өңірлік билік органдарын, министрліктерді, салалық және өңірлік кеңестерді, ТЖКБ қызметтерін

ұсынатын мекемелерді қоса алғанда, барлық мүдделі тараптардың мүдделерін қарастыратын және жауапкершілігін анықтайтын ТжКБ-ны дамытудың негізгі бағыттары жеткілікті айқындалмаған. Білім туралы заңда үкіметтің білім беру мәселелері бойынша саясатты дамытуға жауап беретіндігі айтылған. Негізгі мүдделі тараптар кәсіби стандарттарды дамыту және машықты бағалау секілді үдерістерге техникалық септігін тигізуге міндетті. Нәтижесінде мүдделі тараптар ТжКБ саясатын әзірлеуде тең емес серіктес болып шығады да, ол ТжКБ – ны басқарудағы әлсіздіктен көрініс табады. Бұл жерде келісілген үдерістердің жиынтығы болуы тиіс, сол арқылы мүдделі тараптар ТжКБ саясатын әзірлеуге, қаржыландыруға, сапаны қамтамасыз етуге, біліктілікті дамытуға, жұмыс орны бойынша оқытуға және ТжКБ оқушыларының білімін бағалауға өз үлестерін қосуға міндеттеме алуы тиіс.

Білім алуға, кәсіби дайындыққа және жұмысқа орналасуға қолжетімділіктің теңдігі маңызды халықаралық конвенцияларда, ХЕҰ, ЮНЕСКО және ЕО құжаттарында айқындалған халықаралық саясаттың маңызды міндеттерінің бірі. ХЕҰ-ның адам ресурстарын дамыту жөніндегі № 195 ұсынымдарында «оған мүше-елдер: а) жұмысқа қабылдар алдында білім мен даярлыққа, әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастыққа, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін жақсарту бойынша бәріне қолжетімділікті кеңейту және әлеуметтік инклюзивтілікке атсалысуға жауапкершілігін мойындауы тиістігі» мәлімделген (8 бөлім. 6 бет). Алайда, Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту бағдарламасы теңдікті «білім беру үдерісіне, озық білім беру ресурстары мен технологияларына барлық қатысушылардың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету» амалы ретінде қарастырған (ҚР БҒМ, 2010).

Адам ресурстарын дамыту жөніндегі халықаралық құжаттар техникалық және кәсіптік білім жеке тұлғаның дамуы мен әлеуметтік ықпалдастыққа айтарлықтай үлес қосатынын мойындайды. Ол бірінші кезекте жастар үшін жеке және әлеуметтік пайда келтіреді. Бұл ТжКБ қолжетімділігін қамтамасыз ету еңбек нарығының сұранысын өтеу үшін ғана емес, жастардың талаптарына жауап беру үшін де жүзеге асуы тиістігін білдіреді. Адам ресурстарын дамыту бойынша халықаралық ұсынымдарды басшылыққа алу Қазақстан Республикасының білім туралы заңында (3-бап: білім беру саласындағы ұлттық саясаттың қағидалары) төтесінен айтылған. Онда білім берудің жеке және әлеуметтік дамуды қамтамасыз етуге бағытталғаны көрсетілген.

Қазақстанда 2012 жылы қабылданған біліктілік дескрипторларының сипаттамасы Еуропалық біліктілік талаптарының дескрипторларына сай келеді. Алайда, Қазақстанда қабылданған формат ұлттық біліктілік үлгілерін емес, тек біліктілік деңгейлерін ғана қамтыған, бұл белгілі бір бұлыңғырлыққа әкелді. Біріншіден, ұлттық біліктілік жүйесі біліктіліктің атаулары мен сипаттамаларын бермейді. Екіншіден, біліктілік жүйесі түрлі біліктілікке жету үшін оқу бағдарламасының номиналдық жалғасуын қарастырмайды. Үшіншіден, ұлттық біліктілік жүйесі ұлттық біліктілік деңгейлері өнеркәсіп саласының ерекшелігіне байланысты түрлі кіші деңгейлерге бөлінуі мүмкін /бөлінетін салалық біліктілік жүйесімен қатар өмір сүруі тиіс. Мұндай қадам келісілген ұлттық біліктілік деңгейлеріне негізделген, ұлттық біліктіліктің келісілген үлгілерінің бар болуынан күтілетін пайдаға кереғар. Өнеркәсіп салаларының өкілдері кәсіптік стандарттар мен біліктіліктерді әзірлеуге белсенді қатысатындығы күтілуде. Алайда, кәсіптік стандарттарды дамыту үдерістеріне біртектілік пен үйлестірушілік жетіспейді. Жалпы мамандықтар үшін кәсіптік стандарттарды дамытуды өнеркәсіптің тиісті салаларымен келісе отырып, сарапшылардың ұлттық топтарына жүктеу керек, ал нақты бір сала үшін арнайы мамандықтардың стандарттарын әзірлеу жауапкершілігі өнеркәсіптің тиісті салаларына жүктелуі тиіс. Өнеркәсіп салалары әзірлеген

біліктіліктер мен стандарттардың сапасын қамтамасыз ету үшін үдерісті бекітудің ұлттық жүйесі қажет.

ТжКБ мемлекеттік мекемелерінің көпшілігі (ұлттық үкіметтің құзырындағы бірнешеуінен басқа) әкімдіктер жанындағы ТжКБ жөніндегі өңірлік департаменттердің бақылауында. Бірақ олардың саны өздері жұмыс істейтін мемлекеттік және жеке меншік колледждердің санымен салыстырғанда, жеткіліксіз. ТжКБ бойынша өңірлік департаменттердің негізгі қызметі колледждерді лицензиялау, колледж директорларын тағайындау, ТжКБ-да оқитын оқушыларды қаржыландыру мен жоспарлау (мемлекеттік тапсырыс аясында) және ТжКБ ұсынған қызметтерді бақылау. Колледждердің көптігін және білім беру реформасының кең ауқымын ескерсек, ТжКБ бойынша өңірлік департаменттердің құрамы жеткіліксіздігі байқалады. Қазіргі кезде ТжКБ өңірлік департаменттерінде өңірдегі білімді және білікті жұмыс күшіне ағымдағы және болашақтағы сұранысты болжай алатын, ТжКБ өңірлік жүйесін дамыту мен жаңғырту үшін өзге ведомстволармен және өңірлік статистикалық органдармен ынтымақтасуға қабілетті, ТжКБ-ға тең қолжетімділік мәселелері жөніндегі мамандарға деген қажеттілік бар.

ТжКБ-ның негізгі әлеуеттік бенефициары болып табылатын, 14 пен 24 жас аралығындағылардың ТжКБ-ға қатысуының өңірлік деңгейі 9,4% және 20% аралығында құбылып тұрады. Бұл ТжКБ-ның мемлекеттік және жеке меншік мекемелерінде білім алу мүмкіндігінің қолжетімділігіндегі өңірлік айырмашылықтарды, сондай-ақ, студенттердің техникалық білімін өздері қаржыландыру қабілеттерінің айырмашылығын көрсетеді. Орташа есеппен, жастардың көпшілігіне (54,8%) техникалық білімін өз күшімен қаржыландыруға тура келеді. Кей өңірлерде ақылы негізде оқып жатқан 14 пен 24 жас аралығындағы студенттердің үлесі 65% -тен асады.

ТжКБ-ларды қаржыландырудағы өңірлердің айырмашылығы:

- 14–24 жас аралығындағылардың ТжКБ-ға қатысу деңгейінен (9,4% және 21,8% аралығында);
- өңірлік бюджеттен қаржыландырылатын, 14 пен 24 жас аралығындағы ТжКБ студенттерінің үлесінен (32,7% және 70,8%);
- өңірлік атқарушы органдардың күндізгі бөлім студентін жылына қаржыландырудың орташа мөлшерлемесі бойынша бюджеттік қаржыландыруды пайдалануынан (және 442,000 тенге аралығы);
- студенттердің техникалық білімін өздері қаржыландыруының түрлі мүмкіндіктерін көрсететін, ТжКБ білім беру қызметтерін жеке меншік оқу орындары ұсынатын оқу құнынан (80,000 және 280000 тенге) айтарлықтай дәрежеде көрінеді.

Қазақстандағы ТжКБ жалпы жұмыс күшінің шамамен 75 пайызын даярлау мен біліктілігін арттыруға жауапты. Ұлттық жұмыс күшінің негізгі құрылымдық мәселесі болып белгілі бір білім немесе машықты талап етпейтін (Мамандықтарды халықаралық стандартты топтастырудың 9 тобы ISCO-08) жұмыс орындарының үлесі өте жоғары –24,4 пайызға дейін жететіндігінде. Олардың жартысынан астамы өнеркәсіптегі, құрылыстағы, тау-кен өндіруші және басқа да экономиканың технологиялық салаларындағы біліктілігі жоқ жұмысшылар. Біліктілігі жоқ жұмысшылардың қалған бөлігі қызмет көрсету секторы мен саудаға тиесілі. Бұл мәселе, білікті жұмысшылардың үлесін жұмысшылардың басым бөлігін даярлау және жұмыспен қамтылған тұрғындардың біліктілік деңгейін көтеру арқылы шешілуі тиіс. Сондай-ақ, еңбек нарығында сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігі де бар. Сауалнама барысында жиналған мәліметтер, еңбек нарығының ауқымы жөнінде ТжКБ

түлектері өз біліктіліктері аясында жұмыс табатыны жайлы түйін жасауға мүмкіндік берді. Деректер Қазақстан Республикасының еңбек нарығында жұмыс орындарының 20,4% жоғары білімді талап ететінін (басқарушылық және кәсіптік бос орындар), ал экономикалық белсенді халықтың 33% ЖОО түлектері немесе аяқталмаған жоғары білімі бар тұлғалар екенін көрсетіп отыр. Осылайша, ЖОО түлектері мен аяқталмаған жоғары білімі бар адамдардың үлесі тиісті жұмыс орындарының санынан 1,7 есе артық екенін көреміз. Экономикалық белсенді тұрғындар арасында техникалық мамандықтар бойынша түлектердің саны қолжетімді жұмыс орындарының санынан 3 есе асып кетеді. Яғни, білікті еңбектегі жұмыс орындарының 80 пайызын ТжКБ техникалық мамандықтарының түлектері, ЖОО түлектері немесе ешқашан кәсіптік даярлықтан өтпеген жалпы білімі бар адамдар иеленген.

Білім беруді дамыту бағдарламасы «сапаны қамтамасыз етуге» емес, «сапаны бағалауға» бағытталған. Ал сапаны қамтамасыз ету көптеген елдердің басты назарында тұр. Білім сапасымен байланысты іс шараларды жоспарлау ТжКБ сапасының ұлттық тұжырымдамасына негізделуі тиіс. Білім беруді дамыту бағдарламасында білім сапасымен байланысты бірнеше міндеттер ескерілген. Олардың қатарында институционалдық аккредитацияны жетілдіру, персоналды оқыту, стандарттар әзірлеу, бұларды сапаның бірыңғай тұжырымдамасы ретінде жүзеге асыру ТжКБ жүйесіне оң әсерін тигізер еді. Бұдан әрі, ТжКБ өңірлік департаменттерінің, өңірлік және салалық кеңестердің, сондай-ақ, түрлі ұлттық органдардың ТжКБ жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларға белсенді қатысуы сапа ұғымын түсінудегі қақтығысқа әкелуі мүмкін. Ұлттық сапа тұжырымдамасын енгізу Қазақстан Республикасының білім туралы заңында анықталған, сапаның айтарлықтай тар ұғымына ықпал етуі ықтимал.

ТжКБ сапасын қамтамасыз етудің бір тетігі аккредиттеу болып табылады, одан ТжКБ колледждерінің ағымдағы аттестациясы біріктіріледі деп күтілуде. ТжКБ колледждерін, сондай-ақ, олардың білім беру бағдарламаларын аккредиттеу, аккредиттеу агенттіктері әзірлеген аккредиттеу стандарттарына сәйкес бағалауға бағытталатын болады. Білім беруді дамыту бағдарламасына сәйкес, мемлекеттік колледждердің 10% (ТжКБ 49 колледжі) аккредиттеуден 2015 жылға дейін өтуі тиіс. 2013 жылы 20 колледжді аккредиттеуден өткізу жоспарлануда. Алайда, таяуда ұсынылған аккредиттеу стандарттары келісілген ТжКБ ұлттық сапа тұжырымдамасын негізге алмаған. Сонымен қатар, колледждер үшін аккредиттеу стандарттары сапа менеджменті, үдерістер мен ұйымдастыру жүйесі үшін халықаралық негізді анықтайтын ISO 9001 және ISO 9004 стандарттарына сай келмейді.

Білім беруді дамыту бағдарламасы білім беру бағдарламаларын, біліктіліктер мен стандарттардың барлық түрін, Германдық дуальды жүйені енгізу арқылы жұмысберушілердің ТжКБ-ға қатысу жоспарымен, жұмысберушілердің ТжКБ оқу орындарының қамқорлық кеңестеріне қатысуымен, қызметкерлерді ТжКБ бағыты бойынша оқытумен тым күрделеніп кеткен. Сондай-ақ, «Кооперативті оқыту 2020 жылға қарай кеңінен жүзеге асады» деп күтілуде. Мемлекет пен жеке меншік серіктестігінің қарастырылып отырған ауқымы шектен тыс көрінеді, өйткені экономикалық дамыған елдерде компаниялар, мысалы, білім беру және даярлық бағдарламалары қалай әзірленіп жүзеге асып жатқанына аса көңіл бөлінбейді. Өнеркәсіптік сектордан күзиреттілік стандарттарын немесе кәсіби және салалық біліктіліктерді әзірлеуге белсенді қатысу талап етіледі. Сонымен қатар, өнеркәсіптік сектордың қатысуы ТжКБ мәселелері бойынша кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, олардың болашақта қысқамерзімді оқыту, қажетті кадрларды дайындау және ТжКБ түлектерінің сапасын бағалауға қажетті.

Білім беруді дамыту бағдарламасында (19 бет) оқытушылық құрамды оқыту мен біліктілігін арттыру мәселелері мұғалімдік мамандықтың беделі мен ТжКБ сапасын жетілдіруге

бағытталған маңызды басымдық болып табылады. Бұл өз біліктілігін кәсіпорындарда арттыруды жоспарлаған кәсіби нұсқаушылар мен пән мұғалімдеріне қатысты. Дегенмен, Қазақстан Республикасында тәжірибелі нұсқаушы бола алатын тұлғаларға кәсіби өлшемдерді анықтау қажеттігін мойындаған жөн. Бүгінгі таңда өнеркәсіптің білікті жұмысшылары педагогикалық даярлықсыз ТЖКБ колледждерінде нұсқаушы бола алады. Ал білікті жұмысшылары мен басшылары компаниядағы жаңа жұмысшыларды оқытуға қатысатын көптеген елдерде педагогикалық білімнің болуы маңызды талаптардың бірі болып табылады. Мұғалім және нұсқаушы ретінде жалданатын кез келген адам педагогикалық қызметпен айналысуы үшін оқытылып, сертификатталуы тиіс.

Жоғары білім және ғылым

Осы есепте басым мәселелерге топтастырылған, білім беру саясатының алты маңызды саласы сипатталған.

Бірінші басымдық – әлемдік ауқымда бәсекеге қабілеттілікке жету үшін жоғары білім сапасы мен нәтижелілігін жетілдіру.

Сапамен қамтамасыз ету, оқуға қабылдау және ілгерілеу: Жоғары білім сапасы жеткіліксіз ЖОО-ларға қатысты қолданылған үкіметтік шараларға байланысты ЖОО-лар саны, әсіресе жеке меншік оқу орындары 2004–2005 жылдары айтарлықтай қысқарды. Жоғары білім беру саласында студенттердің саны 1996 жыл мен 2005–2006 жылдар аралығында іс жүзінде екі есеге артса, сол кезеңнен бастап 26 пайызға кеміді. Бұл ішінара ғана халық санының кемуімен түсіндірілуі мүмкін. Алайда, талапкерлердің санының азаюы мемлекеттік ЖОО-ларда байқалғаны қызықты факт. Бұл ретте, білім сапасы нашар болған сырттай оқу бөліміндегі студенттердің саны айтарлықтай қысқарды. Қазақстанда ЖОО-ға түсу деңгейі ЭДЫҮ –ның көптеген елдеріне қарағанда айтарлықтай төмен, бірақ табысы деңгейлес елдердің орташа көрсеткіштерімен шамалас.

Сапамен қамтамасыз ету: Қазақстан сапаны институционалдық қамтамасыз ету тұрғысынан бірқатар жетістіктерге қол жеткізді; 2013 жылға қарай 139 ЖОО-ның жалпы санының 3,6% толық институционалдық аккредиттеуден өтті, тағы 16,6 пайызы осы мақсатқа 2013 жылдың аяғына дейін жетеді деп күтілуде. Тура осы шамадағы оқу орындары нақты пәндер бойынша аккредиттеуден өтті. Қаржыландыру мемлекеттік тапсырысты үлестіру аккредиттеуге байланысты болады (төменде қараңыз). Алайда сапаны қамтамасыз ету мәдениеті мен институционалдық деңгейдегі жауапкершілікке емес, сапаны орталықтандырылған бақылау мен белгілі бір ережелер мен нормаларды сақтауға деген тәуелділік әлі бар.

Оқуға түсу мүмкіндігі мен теңдік: ЖОО санын қысқарту саясаты кедейшілік деңгейі жоғары салаларға теңгерімсіз ықпалы болуы мүмкін. Сонымен қатар, ауылдық және қалалық тұрғындар арасындағы жоғары біліммен қамту деңгейіне қатысты айырмашылық та бар.

Бұған мысал ретінде, ауылдық мектеп түлектерінің, әсіресе, шағын мектепті тәмамдап шыққандардың күндізгі жоғары білім алу үшін қажетті ҰБТ балын алуда кезігетін қиындықтарын жатқызуға болады. 2010 жылы Ұлттық біліктілік шеңберлері қабылдағанына қарамастан, Техникалық және кәсіптік білім мен жоғары білім арасында айқын байланыс жоқ. Бұл даму мен трансформация үдерісін бұлыңғыр, кей жағдайда тіпті мүмкін емес қылады. Жұртшылықтың техникалық және кәсіптік білім сапасына сенімсіздікпен қарайтындығына және осы біліктіліктердің болуы дәреже алуға қажетті мерзімді қысқартпайтынына қатысты жеткілікті дәлелдер бар.

Екінші басымдық – барынша білімге, жоғары технологияға негізделген, қарқынды өзгеріп жатқан экономикадағы еңбек нарығының талаптарына жоғары білімнің сай болуына жету.

Еңбек нарығы: 2011 жылғы жұмыссыздықтың 5 пайыздық деңгейіне бағаланған түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші айтарлықтай қанағаттанарлық. Жұмыс күшінің құрылымы ел үшін «табыс деңгейі орташа» көрсеткіш болғандықтан, болашақта ықтимал экономикалық өсім жұмыс күшінің орта (өнеркәсіп және құрылыс) және жоғары (қызмет көрсету) білім деңгейлеріне өтуімен байланысты болмақ. Технологиялардың дамуы және жаһандасудың ұлғаюы түлектердің өз машықтарын үнемі дамыту және кәсіптік білімдерін жетілдіру талаптарына дайын болуы керектігін білдіреді. Кез келген түлектің алғашқы университеттік дәрежесі кейін оның кәсіптік мамандануына тірек болатын негізді қамтамасыз еткені маңызды. Сол арқылы әдетте «өмір бойына оқу» деп аталатын мәселе тұрақты жаңарып отырмақ. Есепте қазақстандық студенттер қазіргі уақытта оқып жатқан пәндердің тізбесі қаралып, олардың еңбек нарығына дайындығы қозғалады. Сондай-ақ, Қазақстан мен өзге елдердің арасындағы едәуір айырмашылықты көрсететін, студенттердің оқытылатын мамандықтар бойынша үлестірілуі салыстырылады. Соның ішінде бизнес және құқық бағдарламаларына студенттердің көптеп баруы мен ғылыми-техникалық мамандықтарға өте аз бару деңгейінің сақталуы Қазақстан талпынып отырған технологияларға негізделген, инновациялық экономиканың мұқтаждықтарын өтей алмайтындығы да аталған. Оның үстіне бизнес және құқық бағдарламасының осынша көп түлектеріне деген сұраныс шексіз жалғаса бермейтіні анық.

Кәсіби дайындық пен білім берудегі жауапкершілікті жақсарту бойынша мемлекеттік шаралар: Бүгінде еңбек нарығының қажеттілігін мемлекеттік тапсырыс негізінде анықтаудан кету үшін жоғары білім мен еңбек нарығының арасындағы байланысты нығайтуға арналған бірнеше бастамалар ұсынылуда. Ұлттық біліктілік шеңберлерін толық енгізу жұмыс берушіге білім беру біліктіліктерін жүйенің барлық деңгейінде мойындауына мүмкіндік береді.

Мәселелер: (i) ғылыми-техникалық бағыттағы түлектердің үлесін арттыру; (ii) МСКО 5B (үшінші B) деңгейіндегі жоғары білімнің техникалық деңгейіне ден қою; ((iii) еңбек нарығында мансаптық өсу ықтималдығы туралы ақпараттандыру; (iv) бағдарламалардың еңбек нарығына, зерттеулер мен дамуға сәйкестігін көтеру ҚАЖЕТ. Сонымен қатар, білім беру деңгейлерінің арасындағы байланыстың жоқтығы (бірінші басымдықта айтылған) өмір бойы оқуға кедергі болуы мүмкін.

Үшінші басымдық – халықаралық мойындалған ғылыми зерттеулер үшін және білімнің ықпалдасуы үшін, ЖОО-дағы инновация мен зерттеулер үшін әлеует құру.

Жоғары оқу орындарында зерттеу жүргізу мүмкіндіктерін қалыптастыру: 2001 жылдан Ғылым туралы заң күшіне енгеннен бастап Қазақстанда ғылыми зерттеулерді ынталандыру үшін ЖОО-ларды қаржыландыру ұлғайды. Қазіргі таңда ЖОО-лардың зерттеулер мен инновациялар саласында әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін олардың әлеуетін дамытуға, сондай-ақ, білімнің, инновация мен ғылымның ЖОО-дағы ықпалдасуына бағытталған бірнеше бастамалар іске асырылуда. Негізгі стратегиялар: (I) әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін университеттердің әлеуетін дамыту мен қаржыландыруды ұлғайтуды, сонымен қатар, бір мезгілде ұлттық, өңірлік және жергілікті зерттеу және оқу қажеттіліктерін өтеу мақсатында өзге институттардың миссияларын саралауды; (II) «Болашақ» стипендиясы бағдарламасын шетелдік университеттердегі

ЖОО-дан кейінгі білімге (магистратура, докторантура) қайта бағдарлауды; (III) ғылыми-зерттеу әлеуетті дамыту үшін Назарбаев Университетін ұлттық үлгі ретінде дамытуды қарастырған.

Сондай-ақ, Қазақстанда ЖОО-лардың әлеуетін дамыту мақсатында бір немесе екі ғылыми-зерттеу және онға жуық «инновациялық» университет құру жолымен, және білікті кадрлар даярлау жүйесін әзірлеу жолымен ғылыми зерттеулер мен инновациялар бөлігінде бірқатар маңызды қадамдар қабылданды. 2011 жылы Қазақстанда Ph.D. бағдарламасы бойынша 1337 студент оқып шықты. Олардың көпшілігі әлеуметтік ғылымдар, білім беру, экономика және бизнес, техника және технология саласындағы бағдарламалар бойынша, аздаған бөлігі ауылшаруашылық және ветеринарлық саладағы мамандықтар бойынша оқыған.

Ғылымды қаржыландыру: 2007 және 2011 жылдар бойынша зерттеулер мен талдамаларға мемлекеттік шығыстар 4% артты (дегенмен, 2010–11жж. төмендегені байқалды). Сонымен қатар, үкімет көп жағдайда бұл шығыстарды жоғары оқу орындарына бағыттады: 2007 және 2011 жылдар аралығында ЖОО-ларда зерттеулер мен талдауларға арналған шығыстар 70% өсті және 19 млн. АҚШ долларын құрады, алайда, басқа мекемелер бойынша зерттеулер мен талдаулар шығыстары қысқарды. Қазақстан Республикасындағы зерттеулердің барлық шығыстары (ЖОО-лар мен ғылыми-зерттеу институттарының) шамамен ЖІӨ-ге 0,038% құрайды, бірақ 2015 жылға қарай ғылыми зерттеулерге арналған шығыстарды ЖІӨ 1% дейін арттыру жоспарланады. Зерттеулер мен талдаулардың материалдық шығындары шапшаң өсуде (соңғы 5 жылдағы өсім 300%). Алайда, бұл қаражаттың қанша бөлігі жаңа объектілерді дамытуға, қолданыстағысын жаңғырту мен жақсартуға жұмсалып жатқаны белгісіз.

Мәселелер: Жоғарыда айтылған прогреске қарамастан, ғылыми зерттеулер, инновациялар мен білім беру салаларындағы интеграциялар бойынша ұлттық мақсаттарға қол жеткізу үшін ықтимал кедергілер де орын алуда, олар ЖОО-лар мен ғылыми-зерттеу институттары арасындағы зерттеу мәселелерінің екі тұрғыда жалғасуында көрініс тапты. 2012–2013 жылдары қосымша қаржыландыру ЖОО-ларға берілген тұста, зерттеу бюджетінің қомақты бөлігін білім беру министрліктерінен тыс қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу институттары иемденетін. Ресурстардың шектеулілігі зерттеу қаражаттарының ұйымдар арасында бөлініске түсуіне әкеп соғып, бұл тұтастай зерттеу сапасының беделін түсіруге себебін тигізді.

Инвестицияның артуына қарамастан, Қазақстан ЖІӨ проценттік қатынаста зерттеулер мен талдаулар бойынша өзінің халықаралық бәсекелестеріне қарағанда ЖОО-ларға айтарлықтай аз жұмсайды. Қазақстан, сондай-ақ, халықаралық нормалармен салыстырғанда қолданбалы зерттеулерге аса жоғары пайыз және зерттеулер мен талдауларға төмен пайыз бөлуді жалғастырып келеді.

Прогресс үшін басқа да кедергілер мыналарды қамтып отыр: (I), профессорлық-оқытушылық құрамға үлкен ауыртпашылықтың болуы зерттеулер үшін уақытты шектейді; (II) білім беру, ғылыми зерттеулер мен өндіріске (зерттеу университеттері мен инновациялық кластерлердің рөлі) интеграцияның жеткіліксіздігі, (III) зерттеулер үшін коммерцияланған инфрақұрылымның қалыс қалуы (институттар, инновация жөніндегі менеджерлер даярлау, кәсіпкерлік мәдениетін жетілдіру); (IV) Қазақстандық ЖОО-ларда ғылымның үздік ақыл-ойларын даярлауды, тарту мен ұстап қалуды жалғастырудың қажеттілігі; (V) елдегі зерттеулер мен талдауларға жеке сұраныстың төмен деңгейі және (VI) тиімді ұлттық инновациялық жүйенің болмауы (елдегі ғылыми зерттеулер мен инновацияларды қаржыландыруға жауапты мемлекеттік мекемелер арасында үйлестіру қызметін жақсарту).

Төртінші басымдық – жоғары білім берудің жаһандық бәсекеге қабілеттілік жүйесінің алуан түрлілігі үшін институционалдық әлеует құру.

Жоғары білім беру жүйесі түрлі білім беру миссияларынан тұратын ұсынылатын бағдарламалар мен берілетін степендиялар түрлері тұрғысынан студенттерді іріктейтін, сонымен қатар, ғылыми зерттеу түрлері мен жоғары оқу орындарының қоғамдық интеграциялануы сынды бірқатар мекемелерді талап етеді деген пікір қалыптасқан. Оларды қаржыландыру сараланған миссияны нығайтуды қажет етеді: ЖОО-дан кейінгі білім дәрежесін беретін (ғылыми қамтымды докторантура) және басым үлгіде университеттік деңгейде оқытуға бағдарланған мекемелердің қажеттілігіне бағытталған, бәсекеге қабілетті ғылыми-зерттеу университеттерінің әлемдік нарықтағы шектеулі санына сұраныстарды теңгерімді ұстап тұруды қолдауға арналған.

Бүгінгі күннің ілгерімі: ЖОО-ын жаңаша жіктеу арқылы, Қазақстан оқу бағдарламалары мен зерттеу деңгейлерінің ауқымы және түрлеріне қарай мекемелердің саралануына себепін тигізеді. 2011 жылы қолданыстағы 149 жоғары оқу орындары 90-ны университеттерге, 26-сы академияларға және 33-і институттарға тиесілі болды. Ұлттық стратегияның ең мәнді элементі Назарбаев Университеті моделі бойынша әлемдік кластағы университеттерін дамыту болып табылады. Қазақстанда шешімін табуы тиіс проблемалардың бірі, Қазақстан осындай бәсекеге қабілетті жаһандық университеттерде оқыту үшін инвестиция сала алатын қаржылай және адам ресурстарының көрсеткіші болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстанда түрлі миссиядағы ЖОО-ларды дамыту бойынша олардың әрқайсысы Елбасы айқындаған 2050 жылға дейінгі міндеттерге қол жеткізу миссияларына сәйкес, жоғары халықаралық сапа стандарттары және нәтижелілігі бойынша қызмет етудің балама стратегиясына ие екендігі де анық емес.

Бесінші басымдық – жоғары білімнің бәсекеге қабілетті және орнықты жүйесі үшін қаржылық негіз құру.

Мемлекеттік ресурстарды жұмылдыру: Қазақстанның жоғары білімге шығыстары (ЖІӨ% бойынша) халықтың жан басына шаққандағы дәл осындай ЖІӨ деңгейіндегі елдермен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Бүгінгі күні көптеген көрсеткіштер жоғары білімді қаржыландыру деңгейі қолданыстағы бағдарламалар бойынша сапалы мамандар даярлауға жеткіліксіздігін көрсетеді. Мұндай көрсеткіштерге сыбайлас жемқорлыққа итермелеп тұратын профессорлық-оқытушылық құрамның жалақысының төмен деңгейі және мамандықтар бойынша бітірушілердің жұмысқа әзір еместігі туралы жұмыс берушілердің ұдайы сөгіс білдірулері мысал бола алады.

Ресурстарды үлестіру: Институционалдық дамыту және қолданбалы сипаттағы зерттеулерді қаржыландыруға қатысты қазақстандық қадам қарапайым қазақстандықтардың білім беруін қаржыландырудан айтарлықтай айырмашылыққа ие. Сабақ беру мен оқыту бөлігінде (Назарбаев Университетін қоспағанда) халықтың қажеттілігіне жауап беретін, әлеуетті дамытуға, білім беру мекемелерінің негізін қалауға және қолдап тұруға Қазақстанда жеткілікті қаражат бөлінбейді.

Тәуелсіздік жылдары білім беру секторындағы өсім негізінен студенттердің оқу ақысын төлеулері есебінен қамтамсыз етіліп келді. Қазақстандағы ЖОО-лардың жеке көздерден қаржыландыру үлесі әлемдегі ең жоғары деңгейдің бірі болып табылады. Мемлекеттік қаржыландырудың үлкен ауқымы ҰБТ ең жоғары балл жинаған студенттердің білім беру гранттары арқылы бөлінеді. Студенттердің шамамен төрттен бірі гранттарға иелік ету арқылы

оқиды. Гранттардың үштен бір бөлігіне жуық халықтың осал жігіне (жетімдерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, ауыл мектептерін бітірушілерге) бөлінетініне қарамастан, тұтастай алғанда жүйе тең құқылықты қамтамасыз ете алмайды. Мұндағы басты мәселе, гранттар бөлу тек академиялық үлгерімі негізіне қарай бөлінеді, соған сәйкес, ең үздік мектептерге баратын әл-ауқатты отбасынан шыққан оқушылар, олар өздері де ақылы оқуға мүмкіндіктері молынан бола тұра, гранттар иеленуге мүмкіндіктері жеткілікті болады. Грант алғаннан кейін студент елдегі кез-келген ЖОО-ны таңдауға құқылы. 2015 жылдан бастап тек аккредиттелген ЖОО-лар ғана білім гранттары арқылы студенттерді қабылдай алатын болады, және көптеген ЖОО-ларға бұл аккредиттеуден өту үшін негізгі ынталандыру тетігі болып табылады. Гранттардың белгілі бір саны мемлекет үшін басымдық болып табылатын мамандықтарға бекітіледі. Сонымен қатар, білім беру гранттарын алған студенттер, көп жағдайда мемлекеттік ЖОО-ларды таңдайды, мұның өзі жоғары білім беру мекемелері алатын қаржыландырудың теңсіз бөлінуіне соқтыратыны да түсінікті.

Мемлекеттің ағымдағы әрекеттері: Білім беру жүйесін дамытудың бүгінгі жоспарларында тек жекеменшік ЖОО-ларға иек арту мен студенттің еркін таңдау құқығын жүзеге асыруы ұлттық тапсырыс жоспарларына қайшы болатындығы туралы факт көбірек мойындалады. Бұл мәселені шешудің маңызды қадамы ЖОО-лар санын жүйелі түрде азайту, жаңа басқару және қаржыландыру үлгісіндегі Назарбаев Университетін құру мен қаржыландыру болды. Алайда, орнықты негізде басқа ЖОО-ларды қаржыландыру бөлігінде салыстырмалы түрде алғанда айтарлықтай ештеңе атқарылған емес.

Қазақстан, сондай-ақ, грантқа қол жеткізе алмаған басқа да көптеген студенттер үшін жоғары білімнің қол жетімділігі мәселесін шешуде бірқатар шаралар қабылдауда. Мемлекет студенттер үшін қарызға беру жүйесін және Мемлекеттік Білім берудің Жинақ Жүйесін құрды. Бұндай бастамалар студенттер отбасыларына оқу ақысын кейінге шегеруге жәрдемдеседі, алайда, оның құнын төмендетуге әсер ете алмайды.

Мәселелер: Осылайша, қаржыландыру мен мемлекеттік қаражаттарды бөлудің бүгінгі деңгейіне ие бола отырып, Қазақстан сапалы біліммен азаматтардың жеткілікті санын қамтамасыз ете алмай отыр және инновацияның қажетті деңгейіне қол жеткізу үшін зерттеулердің қажетті санын жүзеге асыра алмай отыр. Бұл есеп зерттеулер мен ЖОО-ларда білім беруді қаржыландыруға мемлекеттік кадамның ұлттық мақсаттары мен осындай мақсаттарға қол жеткізу үшін ресурстарды нақты үлестіру арасындағы түйіспеушілікті көрсетеді.

Алтыншы басымдық – бәсекеге қабілетті білім беру үшін институционалдық және ұлттық деңгейде көшбасшылық пен басқару негіздерін қалыптастыру.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай ЖОО-лар үшін барлық мәселелерге ден қоюдағы маңызды шарттар болып оқу бағдарламаларынның мазмұны, профессорлық-оқытушылық құрамды жалдау мен институционалдық қаржыландыру сынды шешімдерді қабылдаудағы олардың тәуелсіздігі болып табылады. Алайда, осымен қатар мұндай академиялық еркіндік салық төлеушілер алдындағы жауапкершілікпен теңгерімді болуы шарт. Мұндай түрдегі жауапкершілік барған сайын Министрлік бойынша да, ЖОО деңгейінде де жоғары білім беру жүйесіндегі түрлі деңгейдегі басқарушы органдардың рөлі мен жауапкершілігін қайта қарауды талап етеді. Заманауи жоғары білім беру мекемелері басшыларға қатысты біліктілік талаптарын айтарлықтай өзгертуді талап етеді: ректорларға, президенттерге, мекеменің жоғары менеджментіне.

Қазақстанда ЖОО-лардың институционалдық дербестігін арттыру үшін маңызды шаралар, сондай-ақ, Білім және ғылым министрлігі мен мемлекеттік құрылымдардың рөлін реформалауға қатысты шаралар қабылданды. Назарбаев Университеті жаңа форматтағы корпоративтік басқару моделіне үлгі бола алады. Елдің 10 ЖОО-ларында Байқау кеңестері құрылды. Министрлік бір мезгілде маңызды реттеуші және бақылаушы мемлекеттік орган болып қала отырып, олардың өзінің біршама тәуелсіз, ЖОО-лардың дербестік желісін қолдайтын құрылым ретінде қайта қарастырылатын болады. Бұл бұрын Министрлікпен атқарылып келген маңызды функцияларды орындайтын жаңа тәуелсіз ұйымдардың құрылуымен расталады (Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы, Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы).

Институционалдық деңгейдегі мәселелер: Осы қағидаттар кеңінен талқыланып жатқанына қарамастан, жекеменшік ЖОО-лар немесе Ұлттық Университеттерге жатпайтын мемлекеттік ЖОО-лардың дербестігіне қатысты заңдық тұрғыдағы кедергілер аз емес. ЖОО-ларға өздерінің дербестігін пайдалануға жол бермейтін және оқу бағдарламалары мен академиялық бағдарламаларды әзірлеуге қатысты жауапкершілік алуға қатысты нормативтік-құқықтық тосқауылдар да баршылық. Тарихы қалыптасқан бюджетті қатаң бақылау шаралары ЖОО басшыларының икемді әрекетін шектейді. Басқарудың жаңа моделін енгізу үшін мемлекеттік жоғары оқу мекемелерінің әлеуетін дамыту қажет, сонымен қатар қоғамдық қорлардың шығындары бойынша есеп беруді жақсарту мен оқудың жоғары нәтижелеріне кепілдік беру арқылы дербестікті ұлғайту және қоғамдық сенімге ие болу керек.

Ұлттық деңгейдегі мәселелер: Институттық дербестік мәселесінің өзектілігін арқау етіп, көшбасшылықпен қамтамасыз ету мәселесін ұлттық деңгейде шешуге және көшбасшылық саясат, қаржы, реттеу және есеп берудің түйінді құралдарын пайдалана отырып, барлық үш деңгейлі білім беру саласына шолу жасауға болады. Осы ретте, ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары білім беру жүйесін басқару мен реформалау саясатын жүзеге асырудағы рөлі мен жауапкершілігін нақты айқындаудың қажеттілігі туындайды және шешім қабылдайтын тұлғаларға, орталық органдар басшылары мен ұлттық деңгейдегі қаржыландырушы ұйымдарға стратегия әзірлеу мен жүйелі реформаны жүзеге асыруда рұқсат беретін тұғырнама жасақтау қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

ҚР БЗ (Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы) 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III (14/01/2013 өзгерістер мен толықтырулармен).

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2010), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығы.

Total Kz (2013), Проблема детских садов в РК достигает критических масштабов. http://total.kz/society/2013/04/04/problema_detskih_sadov_v_rk

ХЕҰ (Халықаралық еңбек ұйымы) (2004), Рекомендации касательно развития человеческих ресурсов, образования и обучения на протяжении всей жизни

1-ШІ БӨЛІМ

Мектепке дейінгі және орта білім

Осы бөлімде Қазақстандағы мектепке дейінгі және орта білім беруге шолу жасалған. Мұнда атқарылған шаралар, сондай-ақ, мектепке дейінгі білім берудің, мектепке дейінгі ұйымдардың кәсіптік қоғамдастығының жаңа көрінісі және олардың шешім қажет ететін мәселелері суреттеледі.

Кіріспе

Мақсаттары

Қазақстанда 2015–2020 жылдарға арналған білім беру реформаларының стратегиялық бағыттарын әзірлеу жобасының мақсаты Техникалық спецификацияға сәйкестендірілген 2015–2020 жылдарға арналған Білім берудің жол картасын әзірлеу болып табылады. Жол картасы 2011–2020 жылдарға арналған ҚР БДМБ, сондай-ақ, басқа да мемлекеттік бағдарламаларды, стратегиялар мен даму жоспарларын назарға алады. Білім беру бағдарламасын әзірлеу Қазақстан үшін басым бағыт болып табылады, өйткені білім беруге инвестициялар жалпы қоғамның әл-ауқаты үшін негіз болып табылады. Адами капиталға негізгі инвестицияларды құрайтын білім беру, сондай-ақ, экономикалық өсімнің негізгі қозғалтқышы болып табылады. Интеграцияланған ғаламдық нарықта білім беру жүйесі құбылмалы шарттарға бейімделу үшін үнемі жетілдіріліп және жақсартылып отыруға тиіс. 2011–2020 жылдарға арналған ҚР БДМБ елдегі білім беру реформаларын жүзеге асыратын негізгі құжат болып табылады. БДМБ құрамында «2015 жылы өтпелі кезең аяқталады және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі өзінің құрылымы, мазмұны, басқару мен қаржылық механизмдері жағынан дамыған елдердің үлгісіне сәйкес келетін болады» деп көрсетілгенімен, 2015–2020 жылдарға арналған екінші даму сатысының нақты көрінісі әлі жоқ.

Ұсынылып отырған есеп Қазақстанның білім беру жүйесінің келесі даму сатысында шешімі қажет мәселелерді талдауды суреттейді және аталған мақсатқа жетудегі қадам болып табылады.

Контекст

Келесі онжылдықта Қазақстанға білім беру қызметтерінің сапасын да, сондай-ақ, мазмұнын да жақсарту қажет екенін мойындау керек. PISA секілді халықаралық салыстырмалы зерттеулердегі рейтинг қанағаттанарлықсыз деп танылды. Осы бөлімде Қазақстанның мектеп жүйесінің біршама негізгі факторлары келтірілген. Халықтың 14%-ын 6 жастан 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер құрайды (2 483 473) және білім беруге мемлекеттік шығындар ұлғайып келеді. 2011 жылы олар 3.9%-ды құрады, бұл ЭЫДҰ 6–7%-ды құрайтын орташа көрсеткіштерінен төмен.

Мектепке дейінгі білім беру. Балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту прогресі ұлғаюда. Қазақстанда 8,392 мектепке дейінгі ұйым, соның ішінде 2,970 балабақша мен 5,422 шағын-орталық бар, олар 361,801 баланы мектепке дейінгі білім берумен қамтиды. Ұлғайған қамтудың ауқымы айтарлықтай. 2005 жылдан бері мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы саны 5 еседен артса, мектепке дейінгі білім берумен қамтылған 1–6 жастағы балалардың үлесі 2005 жылғы 23,2%-дан 2012 жылғы 47,2%-ға дейін өсті (АСРК, 2013а). Осыған қарамастан,

ауылдық (21.6%) және қалалық (57.2%) өңірлердің арасында үлкен айырмашылық бар. Қалалық жерлерде әр үшінші бала мектепке дейінгі ұйымдарға барса, ауылдық жерлерде балалардың тек 5%-ы ғана қамтылған.

Жаппай қамту мақсаты маңызды болса, сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдардың сапасын қамтамасыз ету де маңызды. Оқушылардың мұғалімдерге арақатынасы 2012 жылы 1:23-ті құрады, бұл ЭЫДҰ басқа елдерінен (1:14) жоғары. Мектепке дейінгі ұйымдар мұғалімдерінің тек 57%-ының жоғарғы білімі бар. Қазақстанда мектепке дейінгі ұйымдардың мұғалімдері техникалық, кәсіптік және жалпы орта білімге ие, ал, жоғары табысты білім беру жүйелерінде мектепке дейінгі мекемелердің мұғалімдері анағұрлым жоғары білім деңгейіне ие. Мектепке дейінгі ұйымдарда мұғалімдердің орташа еңбекақысы 2012 жылы 49,600 теңгені құрады, бұл 110 мың теңгені құрайтын елдегі орташа еңбекақыдан төмен. Мектепке дейінгі білім беруге шығындар ЖІӨ көлемінің 0.1%-ын құрады, бұл ЭЫДҰ елдерінен төмен (1–2%).

Орта білім беру. Қазақстанда 7 384 жалпы білім беру мектептері бар, олардың 55,8%-ы шағын жиынақты мектептер. Жалпы, Қазақстанда 2 483 473 бала және 292 064 мұғалім бар. Мұғалімдердің 80,2%-ы әйелдер. Орташа алғанда, сыныпта 16 бала оқиды, бұл 24 оқушыны құрайтын ЭЫДҰ көрсеткіштерінен төмен. Әлі күнге дейін 189 мектеп жөндеудің жоқтығынан өте нашар күйде қалып отыр, 92 мектепте оқу 3 ауысымда жүреді. Мектептердің 99.3%-ы интернетке қосылған. 1 компьютер 11.2 балаға келеді. 527 мектеп электрондық оқыту жүйесіне қосылған. Жалпы білім беру мектептерінің 34.2%-ы Қамқоршы кенестерін құрған.

Мұғалімдер және мұғалімдердің білімі. Мұғалімдермен қамтамасыз етуді бағалауда және жоспарлауда белгілі бір қиыншылықтар бар. Іс жүзіндегі мұғалімдерге қажеттілікті айқындау механизмі жоқ, сондықтан, мұғалімдердің артық саны байқалады. Мұғалім мамандығы бар түлектердің тек 65%-ы 2012 жылы жұмысқа орналасты және олардың қаншасы кәсібі бойынша жұмысқа орналасқанын айқындау мүмкін емес. Олардың көпшілігі басқа салаларда жұмыс тапқан болуы ықтимал.

Мұғалімдердің орташа еңбекақысы 80,386 теңгені құрайды, бұл 110 мың теңгені құрайтын Қазақстандағы орташа еңбекақыдан төмен. Мұғалімнің бастапқы еңбекақысы 42,000 теңгені құрайды, бұл жан басына ЖІӨ көлемінен 30%-ды құрайды, ал ЭЫДҰ елдерінде бастапқы еңбекақы жан басына ЖІӨ көлемінен 95%-ды құрайды.

Нәтижесінде мұғалім кәсібінің мәртебесі төмен және үлгерімі жоғары мектеп түлектері үшін тартымсыз. ҰБТ-ның орташа ұпайы 70-тен жоғары түлектер оқуға түсетін педагогикалық институттарға қабылдаудың төмен талаптары да мәселелені күрделендіре түседі. Жыл сайын 73 000 мұғалім «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығында» біліктілігін арттырады.

Барлық мектептерде үш тілде сабақ беріледі деп күтілуде. Дарынды және талантты оқушыларға арналған 31 мектеп үш тілділік бойынша жобаға қатысады. Ондай мектептердің саны 2020 жылға қарай 700 мектепке дейін ұлғаяды. Бүкіл ел бойынша 154 тіл орталығы жұмыс істейді және қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша, сондай-ақ, KAZTEST емтихандары бойынша курстарды өткізеді.

Мектепке дейінгі білім беру

Ұлттық басымдықтар және халықаралық тәжірибе

Қазақстан-2050 Стратегиясында балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтуды ұлғайтуға байланысты орасан мақсаттар қойылған. 2020 жылға қарай 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 100%-ы мектепке дейінгі тәрбие жүйесіне қосылады. Ал 2013 жылғы наурызда ҚР БҒМ аталған корсеткішке 2017 жылы-ақ қол жеткізілетінін жария етті. Президенттің 2012 жылғы Жолдауы балалар құқығын қорғау қажеттілігін атап көрсете отырып, осы басымдықты бекіте түсті. Баланың мектепке дейінгі білімге қолжетімділік құқығы мәселесіне көңіл бөліп отырған ел Қазақстан ғана емес. ЭЫДҰ-ның 1999 жылғы мектепке дейінгі білім беру мәселесіне арналған баяндамасы кез келген ұлттың абыройы оның балаларға көзқарасынан көрінетінін айғақтайды (ЭЫДҰ, 1999).

Қажетті шаралар

Бүгінгі күні мектепке дейінгі білім саласындағы жетістіктер ауыз толтырып айтарлықтай: 2005 жылдан бері мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жалпы саны 5 есе өсіп, балабақшалар мен мектепке дейінгі тәрбие мекемелеріне баратын 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың үлесі 2005 жылғы 23%-дан 2010 (ҰБСБО, 2011, б. 23) жылы 41,6%-ға, 2012 (ҚРСА, 2013а) жылы 47,2%-ға (А Қосымшасын қараңыз) артты.

Қазіргі уақытта балаларды қамту бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдардың (МҰ) бірнеше түрлерінің әрекеті есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл ұйымдар бір-бірінен балалардың жас ерекшелігі жағынан ажыратылады: бөбектер бақшасы (ясли) – туғаннан үш жасқа дейінгі балалар үшін, балабақшалар – үш жас пен алты жас аралығындағы балалар үшін, түрлі шағын орталықтар – бір жастан алты жасқа дейінгі балалар үшін, мектепке дейінгі мекемелер – бес жастан алты жасқа дейінгі балалар үшін (олар балабақшаларға, шағын орталықтарға және бастауыш мектептерге орналасуы ықтимал). Түрлі типтегі МҰ әрқилы мақсаттар үшін қызмет етеді (жалпы, түзеу, аралас, құрастырылған мектепке дейінгі білім ұйымдары).

3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен жаппай қамтудың мақсаты маңызды, алайда, МҰ санының артуымен бірге білім сапасының жақсаруын да қамтамасыз ету зор маңызға ие. Осылайша, 2013 жылғы (ҚР БҒМ, 2013) қыркүйек айында күшіне енетін мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың жаңа мемлекеттік білім стандарттарын енгізу жөніндегі мемлекеттік бастама сапа бақылауын қамтамасыз етуде аса маңызды. Бұл құжат төменде сипатталған шараларды жүзеге асыруда бағыттаушы нүкте бола алады.

ШЕШІЛУГЕ ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мектепке дейінгі білім берумен балалардың айтарлықтай қамтылуына қарамастан, ауылдық және қалалық жерлердің арасындағы айырмашылық сақталған: қаладағы 57,2%-бен салыстырғанда ауылдық жерлерде балалардың 42,7%-ы ғана мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне барады (ҚРСА, 2013а).

Ресми құжаттардағы деректерден мұғалімдерді даярлаудың төмен сапасы, білікті педагогтардың тапшылығы³, педагогикалық ЖОО-лардың мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларына түсетін студенттер санының төмендігі, мектепке дейінгі білім жүйесіндегі

3 Мұғалімдерді даярлау деңгейінің маңызды өсуі байқалады: жоғары білімді педагогтардың арақатысы 2005 жылы 42% болса, 2010 жылы 56,2%-ға өсті.

инклюзивті білім беру дамуының баяулығы (айрықша мұқтаждықтағы балалардың үштен бір бөліктен азы мектепке дейінгі білімге қол жеткізген) (ҚР БҒМ, 2010а) тәрізді басқа да проблемалар барын байқауға болады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жеткіліксіз орындарына үлкен сұраныс балаларды МҰ-ға орналастыру кезінде жемқорлықтың орын алуына ықпал етеді. Балаларды балабақшаға орналастыру үшін берілетін параның орташа мөлшері 33 550 теңгені құрайды (Total Kz, 2013).

Бүгінгі күні қоғамда жекеменшік балабақшалар санының өсуіне алаңдаушылық басым. Өйткені, олар көрсетілетін қызмет сапасын бағалау процедурасының не екенін білмейді, ал, түрлі инспекциялар жүргізетін тексерістер босаң түрде жүзеге асырылады. Білікті кадрлардың болмауы үштілділік саясатының жүзеге асып жатқандығына күмән тудырады. Өйткені, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін тәрбиешілердің мұндай бағдарламалар бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ. Сол себептен, жаңа қызметкерлер тарту қажет. Үштілділік бағдарламасын жүзеге асыру үшін штаттағы қызметкерлерді де, жаңа қызметкерлерді де оқыту керек. Қазіргі таңда МҰ педагогтарына арналған мұндай тренингтік және коучингтік оқыту жоқ.

Алға ұмтыла отырып

Жоғарыда аталған барлық мәселелерді ҚР үкіметінің мектепке дейінгі білім беруді дамыту бағдарламасын іске асыруды ескерген абзал. Дегенмен, бұған дейін айтылғандай, МҰ-дағы балалар санының артуы білім сапасының артуымен сай келе бермейді. Сонымен қатар, МҰ құрылысының «екпінді қарқынмен» жүруі және мектепке дейінгі білім мекемелерінде жаңа орындардың ашылуы да мәселе болып табылады: екпінді қарқын сапаның жауы болып шығуы да ғажап емес.

2013 жылдың қыркүйегінде күшіне енген мектепке дейінгі білім беруге арналған жаңа мемлекеттік білім стандарттары аталған мәселелердің бірқатарын түсінуде және шешуде маңызды рөл атқара алады. Атап өтерлігі, бұл құжатта балалар құзыретіне мән берілген, соның арқасында мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мәселесіне өлшенбелі жетістіктер тұрғысынан емес, адамгершілік тұрғыдан үнілуге мүмкіндік бар. Жаңа Зеландияның балаларды дамыту жөніндегі дәл осындай құжатын (ЖЗ БМ, 1996) тілге тиек етуге болады. Аталған (екітілді) құжат оқу бағдарламасының бес негізгі бағытына және ұлттық деңгейде сәйкестендірілген төрт принципке негізделген, дегенмен, онда балалар белгілі бір жаста қол жеткізуге тиісті деңгейлер немесе стандарттар белгіленбеген.

Жоғарыда аталған мектепке дейінгі ұйымдардың алуан түрінде білім сапасымен қамтамасыз ету тұрғысынан, атап айтқанда, қаржыландыру, ресурстар, құрам, бала/педагог арақатысы, МҰ типтері арасындағы мониторинг процедуралары мен инспекциялар айырмашылығын есепке алғанда, проблема аз емес. Егер МҰ-дағы білім сапасына қойылатын талаптар МҰ-ның барлық типтеріне ортақ болса, онда мұндай алуандық айрықша көрінер еді. Жаңа Зеландия тәжірибесі түрлі типтегі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламаларын олардың әрқайсысының ерекшеліктерін ескере отырып қалай қолдануға болатындығының тамаша үлгісі болып табылады⁴.

Білім сапасын жақсартуға бағытталған саясатты жүзеге асыруға болады. Тек ол үшін барлық мүдделі тараптар мектепке дейінгі сектордың негізгі мақсатын баланың өсуі және дамуы

4 МҰ-ның 6 типі: балабақшалар; ойын орталықтары; балалар күтіміне арналған орталықтар; отбасылық типтегі мекемелер; майори тілін үйрену орталықтары; Тынық және Атлант мұхиттары аралдарының балалар орталықтары.

тұрғысынан түсінуі керек. Егер мектепке дейінгі білім беру мекемелері еңбек нарығындағы әйелдерді көбейтудің тетігі ретінде қабылданатын болса, онда мектепке дейінгі білім беру мекемелері балаға толық әрі жан-жақты білім беретін институтқа ешқашан айнала алмайды (Бүкіләлемдік банктің 2012 жылғы есебін қараңыз).

Мектепке дейінгі білім жүйесін реформалау сатылары оңай болмайды, бірақ осы қиындықтың өзі-ақ жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Төрт сала жүйелі түрде қайта қарауға және реформалауға мұқтаж:

1. Мектепке дейінгі білімнің жаңа сипаты.
2. Баланың жанаша бейнесі.
3. Оқуға айрықша көңіл.
4. Мектепке дейінгі білім беру саласының мұғалімдері.

Салалардың әрқайсысы МҰ педагогтарын даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламаларымен өзара байланыста, ол туралы біз төменде сөз ететін боламыз.

Мектепке дейінгі білім берудің жанаша сипаты

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру мақсатын білім берудің негізгі сатысы ретінде түсіндіру үшін ашық пікірталас өткізуге қажеттілік туды. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мектепке дейінгі білім беруді бастапқы материалды (1 жастан 6 жасқа дейінгі баланы) белгілі бір үрдістің нәтижесі ретінде дайын стандарттарға сай (стандарттар мен көрсеткіштерді ҚР БҒМ-мен белгілеген) өнімге (мектеп жасындағы балаға) айналдыратын «фабрикалық модель» шеңберінде қарастыруға болмайды. Мектепке дейінгі білім беру сапасы жоғары елдерде мектепке дейінгі білім беру ұйымын белгілі бір стандарттарға сай «өнім» шығаратын орын деп емес, балалардың балалық шағы өтетін жер деп түсіну етек жайған.

Мектепке дейінгі білім жүйесін «Балабақшаларды балалардың балалық шақтарын бақытты етіп өткізетін орын деп айтуға бола ма?» деген сұрақ қоя отырып тиімді бағалауға болар еді. Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесі үшін келесі сұрақ мынадай болуға тиіс: «Мектепке дейінгі білім мекемесі балалардың жанға жайлы, инклюзивті, мәдени және этникалық алуандықты құрметтейтін әділ қоғамда өмір сүріп, оқитын орны бола алды ма?».

Мектепке дейінгі білім саласындағы реформаға баға берудің басты өлшемі үкіметтің халықаралық тәжірибеден сабақ алуға дайындығы болып табылады. Шынында да, тәжірибе алмасу және әлемдік диалог мектепке дейінгі білім беру саласының жетілуіне ықпал етті. Бұл диалогтың майталман ойыншылары Жаңа Зеландия, Швеция, басқа да скандинавиялық елдер, Ұлыбритания, Италияның (Реджо-Эмилия қаласы) (Б Қосымшасын қараңыз) мамандары болды.

Баланың жанаша бейнесі

Соңғы онжылдықта мектепке дейінгі білім саласында бала дамуының жаңа тұжырымдамалары пайда болды. Әлемді тәрбиешінің тілі арқылы тануға дайын «бос сауыт» немесе «таза парақ» сияқты бала бейнесінен бас тарту да кездеседі. Бүгінде баланың оқуға туғаннан бастап мықты потенциалының, мектепте және одан тыс жерлерде білім алу мүмкіндіктерінің болуына көбірек мән берілуде. «Белсенді оқушы» тұжырымдамасының астарында ойланбастан оқитын, түсінуге ынтызар, әлемді, жалпы қоршаған ортаны зерттеуге ұмтылатын бала ұғымы жатыр. Балалар – ұмтылғыш оқушылар, олар жинақтаған тәжірибеге

ынталана отырып алға ұмтылады; достық пен сүйіспеншілікке, жанашырлыққа, алу мен беруге дайын тұрады.

Балалар ерте жаста оқуға ерекше қабілетті келеді, сондықтан, олар бұл уақытта мектепке қажетті білімді көбірек ала алады. Осы жастағы балаларда зияткерлік және эмоционалдық дамуға мүмкіндік болса, олар бастауыш мектепке тану және ойлау ниетімен келеді. Баланың оқу процесіне деген мұндай қатынасын Dweck (Двек, 1999) бірлескен авторлары мәселелерді әуестікпен, табандылықпен, рахаттана шешу қабілеті ретінде сипаттайды.

Оқытуға айрықша мән беру

Қазіргі уақытта «Қуатты потенциалға ие бала» тұжырымдамасы ұғымымен қатар оқыту процесіне де (мұны балалар бәрінен жақсы орындайды) мән беріліп жүр. Мұғалімдер оқыту процесіне әсер ететін және осы процесті қолдауды ынталандыра алатын факторларды ерекше назарға алуда. Аталған тұжырымдама тұрғысынан қарағанда, оқыту тұрақты, балалар сабақ үстінде ғана емес, күнұзаққа өздерін қоршаған дүниенің бәрінен (заттардан, адамдардан, бір-бірінен) білім алады.

Ұлы Джон Дьюи жазғандай, оқыту – тәжірибе, бірақ тәжірибенің бәрі бірдей үлгілі бола бермейді. Яғни, мектепке дейінгі білім ұйымдарының тәрбиешілері өздері тудырған ахуалдың балалардың оқуына қаншалықты әсер ететінін түсінуі тиіс. Бұл ахуал ресурстар тапшылығынан, уақыт пен кеңістіктің жеткіліксіздігінен, балалардың қызығушылықтары мен құмарлықтарына назардың аздығынан оқытуды шектемей ме – осыған мән берген жөн. Оқыту процесінің дәлелі – стандарттарда белгіленіп қойылған жетістіктер ғана емес, одан да маңызды жайттар, бұл әр баланың көңіл-күйін білдіру, көрсету, жасау, сезу, ойлау қабілеттерін дамыту болып табылады (Дэвей, 1963). Білім беру үрдісінің аса маңызды сапасы оның мақсатқойғыштығы, жасампаздығы мен креативтілігі – білім беру саласындағы осындай тәсілдің нәтижесі баланың оқуға құлқы болып табылады. Оқытуды өзіндік мақсат деп санауға болмайды, өйткені ол – үздіксіз және одан ары тануға жетелейтін үрдіс.

Мектепке дейінгі білім беру саласының мұғалімдері

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін реформалау үшін мектепке дейінгі білім мекемелерінде педагогтардың санын арттыру қажет. Осы орайда логикалық сұрақ туады: мамандар қандай қасиеттерді меңгеруі керек? Ресми құжаттарда мектепке дейінгі білім саласына тән мәселелер көрсетілген. Олар – жалақы мөлшерінің төмендігі, мамандықтың беделсіздігі, жұмыс аптасының ұзақтығы, оқу жүктемесінің ауырлығы, әкімшілік тарапынан қысым көрсетілуі, кәсіби өсуге мүмкіндіктің жоқтығы, т.б. Бұл мәселелер шешілуге тиіс. Осы мәселенің шешімдерінің бір нұсқасы мектепке дейінгі білім беру саласы мұғалімдерінің өзгерістер жасалуы қажеттігін түсінуі болып табылады. Ал өзгерістер оқу процесінің ашықтығын білдіреді: жеке тәжірибені талқыға салу ниеті, өз алдына қиын мәселелер қою, дәлелдер іздеу, қол жеткен жетістіктерді сынмен бағалау, эксперимент жүргізу, балалар алған білім сапасына баға беру. Осы тұжырымдамаға сәйкес, мұғалімдер стандарттық технологиялар мен әдістерді қолданумен шектелмей, оқыту үрдісіне белсенді қатысатын болады.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі кәсіби бірлестік

Соңғы жылдары республикамызда бөбектер бақшасы, балабақшалар, шағын орталықтар мен мектепке дейінгі білім беру мекемелер көптеп ашылды. Қолда бар есептерде қажетті ресурстар мен құрал-жабдықтың, айрықша мұқтаждықтағы балалар мен ересектердің

жүріп-тұруына мүмкіндіктің жоқтығы, ғимараттар стандарттарының төмендігі көрсетілген. Осы мәселелердің барлығы реформалаудың келесі сатысында шешімін табуы керек. Сонымен қатар, балалар мен отбасыларға қандай типтегі ғимараттар талап етіледі, 2020 жылға қарай және одан ары олар қалай пайдаланылатыны жайлы шешім қабылдануы тиіс.

Көптеген елдерде мектепке дейінгі білім беру мекемелері білім беру жүйесімен шектеліп қана қоймай, қосымша медициналық қызмет және әлеуметтік көмек көрсетілетін, ересектердің де білім алуына жағдай жасайтын, жасы кіші балалар мен олардың отбасылары үшін интеграцияланған шағын қызмет орталықтарына айналған. Бұл мүмкіндікті Қазақстандағы мектепке дейінгі білім берудің жаңа жүйесін құру кезінде қарастырған абзал.

Мектепке дейінгі білім беру саласын дамытуда ескеретін тағы бір маңызды аспект – мектепке дейінгі білім беру мекемесінің беделін тұрақты даму үстіндегі ұйым түрінде қалыптастыру. Мұндай ұйым қызметкерлері үздіксіз білім беру моделіне сай, жұмысты оқшауланып атқармай, үнемі мектептер желісімен, университеттер департаменттерімен, атқарушы органдармен, кеңесшілермен ынтымақтастықта жүзеге асырады. Осындай ұйымдардағы оқыту бағдарламасы, оқыту әдістері және бағалау жүйесі жаңа 12 жылдық мектептердегі бірінші оқу жылының бағдарламасымен байланыста (бірақ мәжбүрлі түрде емес): бұл мектепке дейінгі білім беру жүйесі мен бастауыш/орта білім берудің арасында тығыз байланыстың орнауына және сабақтастыққа себеп болады.

Ұлттық үлгілер, оқу бағдарламасы, бағалау, орта білім беру саласындағы педагогика және оқулықтар

Ұлттық басымдықтар және халықаралық тәжірибе

Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда, бұл дегеніміз:

- дамыған ел мен дамыған экономика үшін аса қажет жұмыс күшін: инновациялық және техникалық машықтарды жоғары дәрежеде меңгерген, елге, аймаққа халықаралық бірлестікпен қарым-қатынас жасауға қабілетті көшбасшылар бере алатын жұмыс күшін даярлау;
- өзінің ұлттық құндылықтарын қастерлеп, этникалық, тілдік және мәдени алуандыққа құрметпен қарап, үйлесімді өмір сүретін, инклюзивтік пен әділдік принциптеріне сүйенетін, жекелеген мүшелері өзгелеріне қамқорлық пен қолдау көрсетуді мұрат еткен қоғам қалыптастыру.
- Білім беру саласын реформалау тақырыбы ауқымды әлеуметтік мақсаттарды⁵ көздейді.

Олар:

- оқушылардың базалық білімінің жалпы деңгейін көтеру (PISA сынды халықаралық бағдарламалар нәтижесін салыстырғанда айқындалған мақсат)⁶;

⁵ Дерек көздері: Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Президент Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиялық жолдауы, 14 желтоқсан 2012 жыл. Президент Н. Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауы, 27 қаңтар 2012 жыл, Білім және ғылым министрінің ҚР БҒМ алқасында сөйлеген сөзі, Астана, 31 қаңтар 2013 жыл, 2010, 2011, 2012 жылдары Білім беруді дамыту туралы ұлттық баяндама, Ұлттық стратегиялық жоспар – 2020.

⁶ PISA Бүкіләлемдік нәтижелер банкінің талдауы мынаны көрсетті: «400 ұпай шамасындағы PISA нәтижелерімен Қазақстанның жетістіктері ЭЫДҰ-ның орташа көрсеткіштерімен салыстырғанда 100 ұпайға нашарлады. Халыққа жан басына шаққанда ЖІӨ ескерсек Қазақстан басқа мемлекеттерден артта қалуда. 2009 жылы PISA орташа ұпайы 398 болды – 32 ұпай орташадан төмен».

- инновация мен көшбасшылыққа қажетті машықтарды дамыту (мысалы, білімін қолдану тұрғысынан алғанда, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, сұрақ қоя білу және қолда бар мәліметтерді сараптай білу);
- қазақ және орыс тілдерін меңгерумен, дәстүрлі мәдени шараларға қатысумен, Қазақстанның мәдени және зияткерлік мұраларын игерумен, қонақжайлылық, құрмет және қамқорлық сияқты ұлттық құндылықтарды сақтаумен көрінетін ұлттық сәйкестіктерді мектептегі білім шеңберінде жүзеге асыру. Бұл саясат тәрбие жұмысы аясында жүзеге асырылады әрі оқу бағдарламасының барлық салаларына ортақ;
- Қазақстанның бүкіл әлеммен диалог құруы, бұл дегеніміз – ағылшын, қазақ, орыс тілдерін жоғары деңгейде меңгеру (үштілділік саясаты), ол халықаралық тәжірибені оқып-үйрену және World-Wide Web ресурстар байлығына қол жеткізу арқылы жүзеге асады.

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

Жасалған қадамдар санатына жатады:

- 12 жылдық білім беруге көшу, 2015 жылға қарай – ішінара, 2019 жылға қарай – барлық жүйе үшін;
- Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті қайта қаралған стандарттарын әрекетке қосу (БМЖС);
- жаңа оқулықтарды енгізу;
- жаңа ҰБТ (және ЖОО-на түсу емтихандарын енгізу);
- мұғалімдер біліктілігін арттыру бағдарламаларын оқытушыларға арналған жаңа талаптармен енгізу (Педагогикалық шеберлік орталықтарында);
- эксперименттік мектептер бағдарламаларын e-learning компоненттерімен енгізу;
- НЗМ жаңа оқу бағдарламалары мен бағалау жүйелерін жай мектептерге беру;
- үштілді оқытуды алдымен эксперименттік мектептерге, кейін жалпы білім беретін мектептерге енгізу.

Жоғарыда аталғандардың бәрі Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін реформалау ықыласын паш етеді және білім беру жүйесінің барлық деңгейінде еңбек етуші мамандар осы мақсатқа жетуге күш сарқымақ. Біздің ойымызша, ағымдағы жоспарлар нашар үйлестірілген, жігерлілігі кемшіл және білім беру принциптерінің жетімсіздігінен олқы соғуда, сонымен қатар, олар Қазақстанда алға жылжып, мақсатқа ұмтылу жолында қолданылуға тиісті халықаралық тәжірибеге зәру.

ШЕШІЛУГЕ ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Үйлесімді тәсілдердің қажеттілігі

Алдымен атап өтерлігі, оқу бағдарламасын, бағалау жүйесін, оқулықтар мен оқыту әдістерін әзірлеу (мұғалімдер мен мектеп әкімшілігін даярлау бағдарламасы) бір уақытта жүргізілуі тиіс, сондықтан, олар бірыңғай мақсатты көздеп, бірыңғай құндылықтарға негізделеді.

Әйтпесе бірыңғай түсіністік болмақ емес⁷. Нақты мысал ретінде, өзіміз аралаған кезде мектептердің бірінен кездескен мәселені атауға болады: мектеп басшылығы жаратылыстану және математика пәндерін оқытуды ағылшын тілінде жүргізуге тырысты. Біз барғанда мектепте ағылшын тіліндегі физика оқулығының жоқтығы айтылды, сонымен бірге, ағылшын тілінде сабақ бере алатын физика және математика пәндерінің оқытушылары жоқ екен. Ал физика және математика пәндері бойынша ҰБТ сұрақтары тек қазақ және орыс тілдерінде құрастырылған. Осындай мәселелерге қарамастан, мектеп оларды шешуге ұмтылыс үстінде. Дегенмен, бұл мәселелердің ұзақ уақыт бойы шешіلمесі күмәнсіз. Егер барлығы алдын ала ойластырылып, жоспарланса, мектеп мұндай тосқауылға кезікпес еді.

Кез келген оқу бағдарламасының іргетасы болып табылатын екі негізгі принципті естен шығаруға болмайды: (I) «жақсы оқу бағдарламасын оқытушылар біліктілігін арттыруды ескерместен әзірлеуге болмайды» және (II) бағалау жүйесі оқушылардың, мұғалімдер мен ата-аналардың артықшылығын танытатын маңызды өлшем болып табылады. Егер бағалау жүйесі білім беру жүйесінің құндылықтары мен принциптерін көрсетуге қауқарсыз болса, онда барлық еңбектің далаға кеткені. Біздің пайымдауымызша, оқу бағдарламаларын әзірлеудің екі басты принципі қазіргі ұлттық бірыңғай тестілеуге қарама-қайшы.

Білім берудің ұлттық үлгілері

Бізді қатты мазалайтын жайт, қазіргі стандарттар, оқу бағдарламалары, оқулықтар, бәрінен маңыздысы, ҰБТ, негізінен оқушыларды нақты ақпараттың өте қомақты бөлігін түсінбестен оқып, жаттап алуға мәжбүрлейтіндей етіп құрастырылған. Осы жағынан алғанда, математика пәні ғана бұл тізімге кірмейді, өйткені ол студенттен есеп шығаруды талап етеді. Білім беру мәселелеріне арналған қазіргі құжаттарда зияткерлік дағдыны дамыту немесе оқушыларда дамытылуы тиіс құзыреттер туралы ақпарат жоқ. Біз бұл қабілеттер мен дағдылар білім беру саласындағы жоғары стандарттар үшін қалай қажет болса, өмірдің барлық саласындағы инновациялар мен көшбасшылық үшін соншалықты қажет, сонымен қатар, PISA сияқты халықаралық бағдарламаларда жоғары жетістіктерге жетуге аса қажет деп есептейміз.

Бұл дағдыларға мыналар енуі мүмкін:

- салыстыра білу қабілеті (мысалы, поэтикалық шығармалар, көркемөнер туындылары, нақты тарихи тұлғалар, қоршаған ортаның жағдайы, химиялық реакциялар);
- үрдістің неге өтетінін (мысалы, тарихи үрдіс), не себептен өтетінін (мысалы, биологияда) және қалай жұмыс істейтінін (мысалы, электрлендіру) түсіндіру қабілеті;
- интерпретациялау қабілеті, яғни, мәні мен маңызын (мәселен, графиканы, статистикалық мәліметтерді, фотоқұжаттарды) өзінше түсіндіру;
- баға беру қабілеті (мысалы, газет мақаласына, күнделік жазбаларына, тарихи оқиғаларға, музыкалық шығармаға);
- талдау және алуан пікірді қорғай алу қабілеті (мысалы, Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері, урбанизацияның артықшылықтары мен кемшіліктері, түрлі әдеби шығармалар);

⁷ Білім беру жүйесінің осындай өзара байланыстағы элементтерін анықтай отырып, біздің нақтылағанымыз, халықаралық дәлелдер (Дарлинг-Хаммонд, 2010; Хатти, 2012; Левин, 2008; Муршед жән басқалар 2010; Штобарт, 2008) мектеп деңгейіндегі және одан әлдеқайда жоғары әкімшілік деңгейдегі көшбасшылық пен мұғалімдерді оқытуды және бағалауды өзгерістер жасаудағы ең шешуші, ең маңызды фактор деп тапқан.

- зерттеу қабілеті (мысалы, математикалық есептер, жібек құртының өмір циклі, тастардың минералдық құрамы немесе адамдардың өздері қатысқан белгілі бір оқиға туралы естеліктері);
- анық және бірізді дәлелдер келтіру қабілеті (мысалы, ғылыми жорамалды немесе тарихи оқиғаны қолдайтын математикалық дәлел).

Бұл міндеттердің бөлігі Қазақстандағы заманауи дискурста кездеседі және оның «қызметтік сауаттылық» пен «сын тұрғысынан ойлау машықтарын дамытуға» қатысы бар. Бірақ, біздің ойымызша, егер бұл міндеттер еліміз үшін маңызды болып саналса, онда олар білім берудің стандарттарына, әсіресе, мектеп бітіру және оқуға түсу тестілеріне енгізілуі тиіс.

2009 жыл стандарттарының (қазіргі сатыда әзірлену және талдану үстінде) 5.6 бабы міндеттер түрлерін қарастырады: «Шешуші міндеттерге кіретіндер: мәселелерді шеше алатын ақпараттық міндеттер; коммуникациялық міндеттер»⁸. Стандарттар оқу бағдарламасына, оқулықтарға, бағалау жүйесіне бейімделгеннен соң, тізбеленген барлық міндеттер «ақпараттық міндеттерге» (ақпаратты ойланбастан есте сақтауды көздейтін) аманат болмақ.

2013 жылғы қыркүйекте күшіне енетін жаңа БМЖС-да оқушылардың зияткерлік міндеттерін анықтауда көп ештеңе өзгере қоймаған. 2.8 бабында былай делінген: «Бастауыш білім баланың адамгершілік сапаларын, оның дүниеге эмоционалдық қатынасын, оқуға деген жақсы ынтасын [және], танымдық әрекеттерді жасау ептілігі мен жеке қабілеттерін қалыптастырады». Алайда, «танымдық әрекетке машықтары» ұғымының анықтамасы жоқ.

Орта білім беруге арналған 45.2 тарауында ақпаратты «талдау, өңдеу, жинақтау және пайдалану қабілетін» қалыптастыруға сілтеме бар, бірақ, ол анықтама тек «ғылыми ақпаратқа» қатысты.

Біздің ойымызша, қазіргі стандарттар Қазақстанның жетекші мектептерінің талқысына салынуы керек, сондай-ақ, басқа елдерде қолданылып жүрген стандарттарды да талқылау қажет.

Оқу бағдарламасы және мектеп оқулықтары

Жалпы білім беретін мектептердегі оқу бағдарламасы ақпаратты есте сақтау және еске түсіру принциптеріне негізделіп құрылған, мұны мектеп оқулықтары мен ҰБТ-ден көруге болады. «TIMMS қорытындылары бойынша оқушылар жақсы нәтиже көрсеткеніне қарамастан, олардың тәжірибелік машықтары онша жақсы дамымаған, өйткені, оқу бағдарламасы тек есте сақтатуға бағытталған (ДХТ, 2011).

Егер білім беру бағдарламасының мазмұнына үңілер болсақ, онда жағымды тенденция бар⁹. Қазақстан тарихы бойынша оқу бағдарламасында мынадай мақсаттар көзделген:

- «оқушылардың алған білімді іс жүзінде қолдану, себептік-зерттеу қатынастарын талдау, белгілі бір тарихи оқиғаға өзіндік тұрғыдан қарау қабілеттерін дамыту»;
- «оқушылардың тарих бойынша білімдерін шығармашылықпен пайдалану, салыстырмалы талдау негізінде тарихи оқиғалар мен құбылыстарды интерпретациялау үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу машықтарын дамыту».

⁸ Бұл стандарттар Қазақстандағы 11–12 жылдық білім беруді талқылау үшін Министрлікпен формальды түрде бекітілмеген.

⁹ С қосымшасы Қазақстан тарихын оқыту мақсаттарын Назарбаев Зияткерлік мектептер мен Кембридж IGCSE тарихын оқыту бағдарламасын оқыту мақсаттарымен салыстыру үшін беріліп отыр.

Алайда оқу бағдарламасында нақты білімге жатқызуға болатын ұзақ тізім де бар¹⁰, нәтижесінде ҰБТ-ден көрініс табатын нақты білімге назар аударылады. Мысалы, ҰБТ-де мынадай сұрақтар кездеседі:

20-сұрақ: Темір ғасыры кезеңінде Батыс Қазақстан қалай аталды:

- A) Петровка
- B) Мало-Красноярск
- C) Алексеевка
- D) Шағалы
- E) Степняк

21 -сұрақ: Мұсылмандардың, буддистер мен христиандардың қабірлері бар ортағасырлық қаланы атаңыз:

- A) Шелек
- B) Тараз
- C) Сауран
- D) Сүмбе
- E) Сығанақ

22-сұрақ: Шыңғысхан қай кезеңде Таңғұт мемлекетін жаулап алды:

- A) 1220–1221
- B) 1211–1218
- C) 1218–1221
- D) 1207–1209
- E) 1218–1224

Жоғарыда келтірілген мысалдар білімді шығармашылықпен пайдаланудың, талдаудың, салыстыру мен интерпретациялаудың мән-мағынасыз ақпараттар тұманында жоғалып кеткендігін көрсетеді.

12 жылдық білім беруге көшу және тағы бір жылды қосу оқушылардан орасан зияткерлік жігерді талап ететін бағдарлама әзірлеуге мүмкіндік беруі ықтимал. 12 жылдық білім тұжырымдамасында (ҚР БҒМ, 2010b)¹¹ бірқатар позитивтік тенденция бар. Тұжырымдаманың мақсаты – «ойланбастан жадыда сақтауға бағытталған дәстүрлі оқыту стилін жеңіп, оқытудың өздігінен ойлау мен танымдық белсенділікті қамтамасыз ететін жаңа моделіне көшу». Құжатта оқу бағдарламасын әзірлеуде тереңдік тәсілдеріне сүйену қажеттігі аталып, ал «Оқытудың мақсаттары» тарауында «мәселелерді шешуді қарастыратын білім беру үрдісі» керектігі жазылған. Соған қарамастан, тереңдік тәсілдері оқу бағдарламасының мазмұнын сипаттауда ескерілмейді. Тарауда жоғарыдай аталғандай танымдық қабілеттерді дамытудың салмағынан гөрі, адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарға мән беріледі.

Біздің эксперименталдық мектептер мұғалімдерімен жүргізген сұхбатымызға сүйенсек, мектептегі соңғы жыл оқу бағдарламасын қосымша ақпараттармен байытуға қолданылатын болады. Атап өтерлігі, мұғалімдер 12 жылдық білім беру үшін әзірленген оқулықтарға сын білдірді, олардың айтуынша, оқулықтардың біразы оқушылар үшін түсініксіз.

10 Білімнің 12-жылдық концепциясы қазіргі білім бағдарламаларының ақпараттық ауырт-пашылығын сынайтын көптеген құжаттардың бірі болып табылады (2010).

11 Тұжырымдама 2010 жылы құрылғанымен 12-жылдық білімді еңгізу заңнамасы әлі де Үкіметтің № 681 Резолюциясына негізделген. 12-жылдық білімге көшу туралы іс-қимыл жоспары 2006 жылы 12 шілдеде бекітілген.

Қазақстандық мектептер бір уақытта бірнеше оқу бағдарламасы бойынша жұмыс істеуге мәжбүр. Және әр бағдарлама өз жеке оқулықтарын ұсынады¹².

Жалпы білім беретін мектептер 12 жылдық білім беруге көшеді. 12 жылдық білім алуға көшуді жүзеге асырып жатқан эксперименталдық мектептердің оқушылары қазіргі кезде 11-сыныпта оқиды және бірінші емтиханды 2015 жылғы маусымда жаңа талаптарға сәйкес тапсыратын болады. Ал 2015 жылғы қыркүйектен бастап 7-сынып оқушылары 12 жылдық білім жүйесіне аяқ басып, 2021 жылы қорытынды емтихандарын тапсырады (ал 2014 жылғы қыркүйекте 7-сыныпқа көшетін оқушылар оқуды бұрынғы 11 жылдық оқу бағдарламасы бойынша жалғастырып, қорытынды емтиханды 2019 жылы тапсырады). Бұл өзгеріс мектеп жүйесін түбегейлі қайта құрылымдауға әкелмек. 70 мектептің 43-інің оқушылары 10-сыныпқа дейін оқитын болады, ол кезде гимназиялар, лицейлер мен жалпы білім беретін үздік мектептер 12 жылдық оқу бағдарламасына көшпек. Қалалық білім беру орталығы 10 жаңа «бейіндік мектептің» құрылысын бастады. Бұл мектептер жоғары сынып оқушыларына мектептегі оқудың соңғы екі жылында екі бағыттың – жаратылыстану немесе гуманитарлық ғылым салаларының бірін таңдау мүмкіндігін ұсынады. Мектептегі білім беруді бұлай бейіндеу қомақты қаржылай жүктемені ілестіре жүрмек.

Аталған уақытта жалпы білім беретін мектептер НЗМ-нің бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасын пайдалана бастайды (1–4-сыныптар бағдарламасы НЗМ-де сынақтан өткізілуде). НЗМ-нің түрленген оқу бағдарламасы зияткерлік машықтарды дамытуға мән береді және аталмыш бағдарлама республикада жаппай енгізіледі деп күтілуде.

Біз түрлі оқу бағдарламасының қатар енгізілуімен байланысты екі мәселеге алаңдаулымыз (яғни, бір бағдарлама – 12 жылдық білім беру қазір жалпы білім беретін мектептерде жүзеге асырылуда, ал екіншісі НЗМ-де осы бағдарламаны жалпы білім беру мектептеріне көшірудің әрекеттегі кестесімен сынақтан өткізілу үстінде). Мәселе жыл өткен сайын мектептерге қойылатын талаптар шеңберінде бұл екі бағдарламаның қалай қатар жұмыс істейтінін ешкімнің толық елестете алмауында болып отыр.

Бұл жағдайдың толғандыратын себебі, 12 жылдық білім беруге көшу жалпы білім беру мектептерінің НЗМ-дегі оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесіне көшу кезеңіне сәйкес келмек.

Бағалау жүйесі: ҰБТ

Ұлттық бірыңғай тестілеу Қазақстанның білім беру жүйесіндегі аса маңызды, бірақ іс жүзінде жұмыс істемейтін элемент болып табылады. ҰБТ-дің маңызды болатын себебі: ол оқушының болашағын айқындауда шешуші роль атқарады (жоғары білімге қол жеткізу); мектептің және мұғалімдердің жұмысы ҰБТ нәтижелері арқылы бағаланады; ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер түгелдей ҰБТ қорытындысына үміт артады. Дей тұрсақ та, белгілі себептермен ҰБТ «әрекетсіз».

Біріншіден, ҰБТ-дің барлық жауаптары нақты бір ақпаратты жаттап алуға негізделген. ҰБТ мазмұны тұтастай ұлттық стандарттарға сәйкес келсе де (жоғарыда айтылғандарды қараңыз), ҰБТ оқушылардың біліміне өте төменгі талаптар қояды әрі оқушылардың зияткерлік міндеттерінің дамуына ықпал етпейді. ҰБТ-ден бірнеше мысал келтіре отырып, оларды халықаралық емтихандар сұрақтарымен салыстырып көрелік. Ондағы мақсат – әлемнің басқа елдеріндегі тестілермен салыстырғанда Қазақстандағы ҰБТ талаптарының төмен екендігін көрсету.

12 «Білім» телеарнасы 2012 жылдан бастап көрсетілуде, алайда зерттеу уақытында бұл телеарна-ның вебсайты жұмыс істемегендіктен зерттеу тобында бағдарламалар сапасын тексеруге мүмкіндік болмады.

Географиядан ҰБТ сұрақтары өте қарапайым және бір дұрыс жауапты талап етеді:

Норвегия орналасқан:

- A) Оңтүстік Еуропада
- B) Орталық Еуропада
- C) Батыс Еуропада
- D) Шығыс Еуропада
- E) Солтүстік Еуропада.

120 елде 10-сынып оқушылары тапсыратын IGCSE емтиханында география пәні сұрақтарында Азия мен Еуропа, Солтүстік және Оңтүстік Америка қалаларындағы бір адамның тұтынатын отынын және халықтың орналасу тығыздығын графикамен бейнелеу сияқты тапсырмалар бар. Ал ондай тапсырмалар оқушыдан кестелер мен сызбаларда берілген ақпараттарды пайдаланып, салыстыру және айырмашылығын түсіндіре білуді талап етеді (С қосымшасы).

Тарихтан ҰБТ сұрағы:

Орта ғасырларда Қазақстандағы қалалардың өсуі байқалды:

- A) VІІІ-ІХ ғасырларда
- B) VІ-ХІІ ғасырларда
- C) VІ-VІІ ғасырларда
- D) VІ-VІІІ ғасырларда
- E) ІХ-ХІІІ ғасырларда.

10-сыныпқа арналған IGCSE¹³ сұрақтары былайша құрастырылған:

«Герман империясының қалыптасуында әскер маңызды құраушы күш болды.

- A) Рун мен Молике Пруссия әскерін қалай реформалағанын сипаттаңыз.
- B) Франция неліктен 1870 жылы Пруссияға соғыс жариялады?
- C) Қалайша 1870 жылғы соғыста Пруссияның жеңуі Германияның қосылуына әсер етті? Әр сұрақ бойынша түсініктеме беріңіз».

Тарихтан «A/AS» деңгейіндегі күрделірек емтиханның сұрақтары (11/12-сынып оқушылары үшін) түрлі тарихи құжаттарға (мысалы, Франция, Ресей және Ұлыбритания арасында жасалған Үштік одақтан немесе Антантеден Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін) нұсқалған 6 сілтемеден тұруы мүмкін:

«Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде Үштік одақ бейбітшілікке төнген қауіп болды. Ұсынылған деректі бекіту үшін А-Е дереккөздерін пайдаланыңыз».

Уэльс пен Англиядағы A-level емтиханының 12-сынып оқушыларына лайықталған әдеттегі сұрақтары мынадай болуы мүмкін:

«Неліктен ІІ Николайдың мемлекеттік құрылысы 1905 төңкерісті бастан өткеріп, 1917 жылы құлатылды?». Оқушыларға жақсы дәлелденген эссе жазуға 45 минут уақыт беріледі (A-level бағалары Университетке түскенде маңызды рөлге ие).

Биологиядан ҰБТ сұрақтары:

Өкпеде мына процесс жүреді:

- A) биосинтез
- B) коллапс
- C) су алмасу
- D) фотосинтез
- E) газ алмасу.

Биологиядан «А/AS» емтиханының сұрақтары оқушыға дені сау адам өкпесінің қабырғасы бөлшектерінің электронограммасын ұсынады және мынадай сұрақтар беріледі: (a) өкпе қабырғасының компоненттерін атаңыз; (b) өкпенің обструктивті созылмалы дертінің дамуына ықпал ететін жайттарды санамалап беріңіз; (c) өкпе қабырғасының созылмалы бронхит кезіндегі жағдайын сипаттаңыз; (d) созылмалы бронхитпен ауыратын адам неліктен дені сау адамға қарағанда газ алмасу жүйесінің жұқпалы ауруларын тез жұқтыратынын түсіндіріңіз.

Дамыған елдердегі орта білім беру жүйесі оқушыларының зияткерлік міндеттерінің дамуына қойылатын талаптар мен Қазақстандағы төмендетілген талаптар арасындағы орасан айырмашылықты көрсету үшін бірнеше мысал келтірілді (басқа мысалдар C қосымшасында берілген). Мысал келтіргендегі тағы бір мақсатымыз – ҰБТ-дің Қазақстан оқушыларының біліміне тым төмен талап қоюды қалыптастырудың басты тетігі болып отырғанын көрсету.

Қазіргі уақытта ҰБТ жоғары оқу орындарына түсудің негізгі құралы болып отыр. 12 жылдық білім беруге көшу жоспарларына сәйкес, мектеп бітіргенде тапсыратын екі жеке емтихан өткізу ұсынылатын болады. Оның бірі мектептегі оқуды қорытындылау емтиханы болмақ, екіншісі – ЖОО-ға түсу сынағы. ҰБТ, өкінішке қарай, осы қызметтердің біреуін де орындай алмай отыр. Жоғары оқу орнына түсетін емтихан ретінде ҰБТ нақты бір ЖОО-да оқуға қажетті қабілеттерді аша алмайды (егер ЖОО ойланбастан жаттап алу саясатын ұстанған болмаса). Жоғары оқу орындарына түсу үшін өткізілетін жаңа тестілер қазіргі ҰБТ-ге қарағанда мүлдем басқа талапта болуы керек. ҰБТ-дегі жиынтық ұпай мектепте түрлі пәндер бойынша алынған білім деңгейін таныта алмайды, сондықтан, қуатты жұмыс беруші оқушының қабілеттерін тани алмайды. Осы себептен 12 жылдық білім Тұжырымдамасында орта білім беру саласын реформалаудағы кедергілердің бірі жеке тұлғаны дамытудың орнына «формальды нәтижелерге қол жеткізуді көздеу» екендігі аталған.

Сонымен қатар, ҰБТ мұғалімдер жұмысын бағалаудың, олардың еңбекақыларына да әсерін тигізетін өлшем ретінде қолданылып жүр. Мұғалімнің маңдай терін ауыл және қала мектептерінің, оқушылардың базалық білімдерінің айырмашылығын есепке алмастан, ҰБТ-дің формальды нәтижелері арқылы бағалау әділетсіз. Мектеп жүйесі мектептегі тәрбие жұмысы шеңберінде жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталғандықтан, ҰБТ нәтижелері бойынша зияткерлік міндеттер жиынтығын бағалау мүмкін емес. Және тәрбие жұмысындағы жетістіктердің деңгейі ҰБТ-ден көрінбейді, сондықтан, ҰБТ не оқушылардың, не мұғалімдердің қызметін тиімді бағалау құралы бола алмайды.

Бағалау жүйесі

Бағалау жүйесіндегі маңызды кемшіліктердің бірі мектепте бағалаудың 5 балдық шкаласын қолдану болып табылады (осылай бола тұра тәжірибеде екі немесе үш баға қолданылады). Бұл бағаларды қоюдың белгілі бір өлшемі болмағандықтан, баға беру әркімнің еркінше қойылады. Бұл жүйе қазір Педагогикалық шеберлік орталығы ұсынып отырған «оқуды бағалау» сияқты белгілі жүйенің орнын басуда әлсіз саналады.

Педагогика

Осы есептің екінші тарауында аталғандай, білімді бағалау жүйесіне қойылатын талаптар сыныпта қолданылатын оқыту әдістеріне әсер етеді. Біздің сабақтарда жүргізген бақылауларымыз және мұғалімдердің пікірлері мектепте оқушылар жаттап алып сол қалпында айтып беретін ақпаратты беруге және еске түсіруге бағытталған оқыту стилі ынталандырылады деген түйін жасауға себеп болды. Жаттағанды еске түсірген жағдайда мұндай тәсіл «жұмыс істейді», алайда, бұлайша алған білімін іс жүзінде қолданып, материалды сын тұрғысынан бағалап, біз жоғарыда атаған басқа да зияткерлік міндеттерді атқара алмайды. Сол себепті қазақстандық оқушылардың TIMSS сынағынан сүрінбей өтіп, PISA тестілерін немесе ҰБТ-дің логикалық ойлауды талап ететін тапсырмаларын нашар орындайтынына таңғалуға болмайды. ҰБТ-ге логикалық тапсырмалар енгізілгенде, мұндай сұрақтар болмаған алдыңғы жылдарға қарағанда ҰБТ нәтижелері төмендеп кетті.

Педагогикалық шеберлік орталығының бағдарламасы оқытудың ыңғайлы әдістерін пайдалануын ұсынады.: анағұрлым белсенді және интерактивті әдістерді; оқушының жеке қажеттіліктерін есепке ала отырып оқытуды; сын тұрғысынан ойлауды; білімді бағалауды қолдануды; ақпараттық-байланыстық технологияларды, т.б. Бұл бағдарлама мұғалімдерді маңызды өзгерістерге дайындайды, ал мұндай өзгерістер білім берудегі терең тәсілдерді – креативтілікті, білімді жаңаша жағдайларда қолдана білуді, жобалар бойынша өздігінен жұмыс жасауды, т.б. дамытуға бағытталған. Сол себепті, оқу жоспарлары мен бағалау жүйесі 10 000-нан аса мұғалім оқыған оқыту әдістеріне сәйкес келуі қажет. Керісінше жағдайда оқыту әдістемесін жақсарту жолында атқарылып жатқан жұмыстың бәрі зая кетеді. Сондықтан, жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламалары (және оқулықтар) оқып шыққан мұғалімдердің алған білімдерін мектептерде қолдануына мүмкіндік беретін түбегейлі өзгерістерді талап етеді.

Бүгінде Ғаламтордың білім беру жүйесіне ұсынатын мүмкіндіктері талқылануда. E-learning эксперименталдық бағдарламасы Қазақстанның 800 мектебіне енгізілді. ҚР Білім және ғылым саласын бақылау комитетінің төрағасы Серік Ирсалиев өз сұхбатында былай деп атап өтті: «E-learning оқушылардың үлгерімін 15–20%-ға көтере алады, өйткені, онда оқу материалы мейлінше ұғынықты интерактивті түрде берілген». Біздің біраз мектепті аралауымыз барысында жиналған ақпараттарға сәйкес жасаған қорытындымыз: e-learning ұсынатын мүмкіндіктерді түсінетін мұғалім аз. Мұғалімдер бұрынғыша электрондық білім ресурстарын оқытудың сан алуан әрі интерактивті қорын ұсынатын құрал ретінде емес, оқулықтың жалғасы ретінде пайдалануды жөн көруде.

Халқының тығыздығы төмен ел болып табылатын Қазақстанның көптеген аймақтарында әлі күнге дейін қашықтықтан білім беруге қадам жасалмаған. Халқының тығыздық көрсеткіштері Қазақстандағыдай болып келетін Канада және Австралия сияқты елдерде, сондай-ақ, Ұлыбританияда табиғи жағдайына байланысты білім беру мекемелерінен алыста тұратын айрықша мұқтаждықтағы жандар және отбасы мүшелерінің күтімімен айналысатын адамдарға арналған, өндірістен қол үздірмей оқытуды көздейтін қашықтықтан оқыту зор беделге ие.

Барлық жоғарыда сөз етілген жайттар e-learning және қашықтықтан оқыту (соның ішінде аз жиынтықты және нашар жабдықталған мектептер үшін білім берудің түрлі формасын қолжетімді ететін радио және телекоммуникацияны қолдану¹⁴) салалары бойынша дамыған

14 Білім жаңа телеарнасы 2012 жылы құрылғанын білеміз, бірақ оның сайты істемегендіктен біз оның бағдарламаларының сапасын бағалай алмадық.

елдердің тәжірибесін үйрену және Қазақстанда оқытудың анағұрлым күрделі әдістерін енгізу қажеттігін айғақтайды.

Қазақстан Республикасындағы педагогика саласындағы басқа қиындықтары үштілді білім беру мен мұғалімдер біліктілігін арттыру мәселелеріне арналған келесі тарауларда қарастырылатын болады. Біз педагогикадағы кез келген өзгеріс жергілікті атқарушы билік пен мектеп басшыларының қолдауын талап ететінін ескеруіміз керек. Өз кезегінде мұғалімдерді аттестациялау мен мектептерді инспектрлендіру білім беру үрдісін жақсартуға үлес қосуы тиіс.

Үштілді білім беру

Ұлттық басымдықтар және халықаралық тәжірибе

Қазақстан 2050 Стратегиясы 2025 жылға қарай республика халқының 95%-ы қазақ тілінде сөйлейтінін мәлімдеді. Сонымен қатар, қазақ тілі «өмірдің барлық салаларында жетекші орында» болады деп күтілуде. Бұл мемлекеттің «аса маңызды жетістігі», ұлтты ұйыстырып, нығайтушы және «ел егемендігінің» маңызды кезеңі болуы керек. Жастардың алдына ағылшын және орыс тілдерін қазақ тілімен тең дәрежеде меңгеру мақсаты қойылды. «Тең дәрежеде» термині бұл тілдерді жоғары деңгейде меңгеру дегенді білдіреді.

Білім беру жүйесі төмендегіні талап ететін үштілді қоғамның қалыптасуына ықпал етеді:

- үштілділік пен үштілді білім беру тұжырымдамасын түсіну;
- мемлекеттік және қоғамдық қолдау;
- үш тілде жоғары сапалы білім ұсынуға қабілетті даярланған педагогтар мен мектеп директорлары;
- мұқият және жақсы үйлестірілген жоспар мен үштілді білім беруді жүзеге асыру, сондай-ақ, феноменді ғылыми зерттеу және нәтижелерді талдау;
- үштілділік бағдарламасын жүзеге асыру үшін қаржы мен уақыт жұмсау;
- қоғамда үш тілдің бәрін ұдайы қолдануды ынталандыратын ахуал тудыру (Аронин и др., 2009; Сеноз, 2013; Гарсия, 2009).

Қазақстан, сірә, білім беру саласындағы түрлі тілдер тобына жататын үш тілді меңгерудің жоғары деңгейіне жету саясатын жария еткен әлемдегі жалғыз ел болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан құрамына мыналар кіретін маңызды реформаны жүргізіп отыр:

- оқу ресурстары мен елдегі барлық оқу бағдарламаларын жаңарту;
- үздік отандық және халықаралық тәжірибені біріктіретін оқу мен оқытудың жаңа әдістерін пайдалану;
- мектептердегі 11 жылдық оқыту жүйесінен 12 жылдық оқытуға көшу;
- көптеген онжылдықтар бойы кемсitudі бастан кешкен мемлекеттік тіл ұстанымдарын нығайту;
- этникалық азшылықтардың тілін қорғау.

Қазақстанда үштілді қоғам қалыптастыру – тым ауқымды міндет, әйтсе де, ол қолжетімді. Бұл міндетке жету үшін сауатты жоспарлау, дұрыс қаржыландыру, жақсы үйлестірілген тәсілдер, қоғам ахуалын түсіну, үштілділік тұжырымдамасын ұғыну қажет болады.

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

Қазақстан үштілділік саясатын мемлекеттік бағдарламалар мен республикалық заңдар шеңберінде белсенді жүзеге асыруда.

Заң актілері мен бағдарламалық құжаттарға Қазақстан 2050 Стратегиясы; Тілдер туралы заң, Тілдерді дамыту мен жүзеге асырудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Мектепке дейінгі, орта, техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан соңғы білім берудің мемлекеттік білім стандарттары, сондай-ақ, Білім беруді шет тілдерінде дамыту тұжырымдамасы кіреді.

Республикамыздың 200 мектепке дейінгі мекемесінде үштілді білім беру сынақтан өткізілуде. ҚР Үкіметі құрған «Дарын» орталығы 2007 жылдан бері үштілді білім беруді сыннан өтіп жатқан 22 мамандандырылған мектептің жұмысын үйлестіріп отыр. Осылайша, 2020 жылы 33 сыннан өткен мектептердің тәжірибесіне сүйене отырып, үштілді білім беру еліміздегі 700 мектепке енгізілмек. 13 НЗМ (таяу уақытта олардың саны 20-ға жетеді) де үштілді білім беруді жүргізе отырып, 35 серіктес мектеппен тәжірибе алмасып, нәтижелі жұмыс атқаруда. 2011 жылы мемлекеттік тілді оқыту мен қазақ, ағылшын және басқа тілдерде оқытудың жаңа да тиімді тәсілдерін енгізу мақсатында «Tildarun» орталығы құрылды. Абылай хан атындағы ҚазХҚЖХТУ мен академик Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті үштілді білім беру саласына мұғалімдер даярлауда жетекші орталыққа айналды.

Бүгінгі таңда ниет білдірушілер қазақ және ағылшын тілдерін үйрене алатын 130 орталық құрылды (мемлекеттік және жекеменшік). Отыз томдық мамандандырылған қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік әзірлену үстінде. Мемлекеттік тіл бойынша білімді бағалау жүйесі – КАЗТЕСТ құрылды. Заңға сәйкес, жоғары лауазымдағы мемлекеттік қызметкерлер КАЗТЕСТ тапсырып, қазақ тілін меңгерудің жоғары деңгейін көрсетуге міндетті. Қазіргі уақытта Президенттің «Болашақ» шәкіртақы бағдарламасы шетелдерге мұғалімдерді 18 ай мерзіміне дейін шығуын қолдап отыр. Осылайша, Қазақстан үкіметі алға зор мақсаттар қоя отырып, сол мақсаттарды іске асырудың тетіктері мен шараларын әзірледі.

ШЕШІЛУГЕ ТИІСТІ СҰРАҚТАР

Біздің бақылауымызша:

- үштілділік пен үштілді білім беру тұжырымдамасының бірыңғай түсінігі жоқ;
- үштілді білім беру саясатын қолдаушы басқа елдерде қандай нәтижелерге қол жеткізілгені туралы дерек жоқ.

Қазақстанға сапарларымыз барысында біз екітілділік пен үштілділік ұғымдарының түрліше баяндалуына куә болдық. «Үштілділік деген не» деген сұраққа жауап берушілердің көбі ағылшын тілін оқыту және үйрену туралы пікір білдірді. Қазақ және орыс тілдерін оқытып-үйрету жақсы деңгейге жеткен, сондықтан, бұл тілдерді еркін меңгеру мүмкіндігі мол деген пікір бар. Бұл шындыққа сай деуге болмайды.

Үштілділіктің нақты жай-күйі мен үштілділік жағдайының зерттелуі шенеуніктердің пікірлерімен тоғыспайды. Тек НЗМ-нен ғана біз екі және үштілді білім беру моделін жүзеге асыру түсінігін көрдік.

Біздің пікірімізше, үштілділік бағдарламасын табысты жүзеге асыру халықаралық тәжірибе туралы ақпарат пен инвестицияны қажет етеді. Ақпарат пен қаржыландырудың жоқтығы стандарттар әзірлеуді, білім беру саласындағы үштілділік үрдісін басқаратын мемлекеттік

қызметкерлердің, жаттықтырушылардың, мектеп басшыларының, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және даярлау бағдарламаларын іске асыруды қиындатады. Қазіргі уақытта үштілді білім беру саласындағы жоспарлау қате ұғымдарға негізделген, үштілді білім беру саясатын бірыңғай түсіну мен мүдделі тараптар арасында терең байланыс жоқ.

Үштілділік бағдарламасы аясында тілдерді меңгеруге қойылатын талаптар жалпылама және жүйесіз құрастырылған. Тілді еркін меңгеру ұғымының негізінде сол тілде сауатты сөйлеу және жазу жатыр. Үкіметтік құжаттардың бірінде барлық оқушыларға мемлекеттік тілді еркін меңгерту мақсаты қойылған. Бұл, тегі, қысқа мерзімде қол жеткізу жағынан алғанда жаңсақ мақсат болып шығады. Оның үстіне, «тілді еркін меңгерудің» нақты анықтамасынсыз мақсатқа жету қиын. Келесі құжат барлық орта мектеп түлектері үшін мемлекеттік тілді меңгеруде В 1 (ШТМЖҚ) деңгейіне жету мақсатын белгілеген. Егер қазақ тілі «өмірдің барлық салаларында жетекші орын» алатынын ескерсек, бұл мақсат тым қарапайым болып шығады. Адам тілді тасымалдаушы болып табыла ма, әлде қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренбек пе – тілді үйрену деңгейін ескерместен, бұл мақсат баршаға ортақ қойылған. ШТМЖҚ туған тілді еркін меңгеру деңгейін анықтауға арналмаған, ШТМЖҚ-ны Қазақстанда үштілді білім беруді жүзеге асыру мақсатында қолдану үшін оны бейімдеу әрекеттері жасалуы керек. ШТМЖҚ-ға дескрипторлар жиынтығы енгізілген, дегенмен дескрипторлар тілді меңгеру деңгейін өлшеуге мүмкіндік бермейді.

«Тілді еркін меңгерудің» айқын анықтамаларының болмауы оқу бағдарламалары мен оқу материалдарын бірізді етіп әзірлеуді алға бастыру шараларын жоспарлауды қиындатады.

Оқу бағдарламаларының мақсаттары үштілділік мақсаттарына сәйкес емес, ал тілді меңгеру өлшемдері оқу бағдарламаларының мақсаттарына сай келмейді. Мысалы, орыс мектептеріндегі 11-сыныптың оқу бағдарламасында қазақ тілін білуге қойылатын талаптар ағылшын тіліне қарағанда айтарлықтай әлсіз¹⁵.

Ағылшын тілі сабақтарында оқушылар ауызша сөйлесу машықтарын, белгілі бір стильді қолданып жазу дағдыларын дамытып, Ұлыбритания мен АҚШ-тың мәдени мұралары жайында терең білім меңгереді. Бұл бөлшектердің бірде-біреуі қазақ тілін оқыту бағдарламасында кездеспейді. Сонымен бірге, ҰБТ сұрақтары

- орыстілді мектептер оқушыларының қазақ тілін меңгеру деңгейін,
- қазақ тілінде оқытатын мектеп оқушыларының орыс тілді меңгеру деңгейін,
- сондай-ақ, мектептердің екі типінде де ағылшын тілінің меңгерілу деңгейін бағалау үшін оқу бағдарламасының мақсаттарына сай келмейді.

Сонымен қатар, ҰБТ грамматика мен лексикадан білімді тестілейді. Сондай-ақ, ҰБТ мақсаты күрделі мәтіндерді түсініп, талдап, фактілерді дәлелдермен мазмұндай білуді тексеру емес¹⁶. Бұл оқушылардың жазу мен оқу сияқты маңызды машықтарды дамытуға күш салуына керісінше әсер етуі мүмкін.

«Тіл жүйесін» үштілділікті дамытумен бір уақытта құруды түсіну жеткіліксіз болып отыр. «Тілді алға бастыру» тіл мәртебесінің төмендеуі мен тілдің сирек қолданылатынын көрсетеді (Фишман, 1991). Бүгінгі таңда Қазақстан үкіметінің қазақ тілін өмірдің барлық салаларында қолданылмақшы негізгі тілге айналдыру ниеті мен елімізде әлі күнге дейін ғылыми талдауға түспеген «тілді алға бастырудың» арасында тосқауыл бар. Тіл үйрену мен оны қолданудың қалай жүретіні туралы мәліметтер мен кездесетін бөгеттер туралы

15 Қазақ, орыс және ағылшын тілі пәндерінен күтілетін нәтиже туралы D қосымшасын қараңыз.

16 Ұлттық тестілеу орталығының ҰБТ-ге дайындыққа арналған нұсқауын көру үшін F қосымшасын қараңыз.

ақпарат кең таралмаған. Мысалы, мектептен тыс уақытта қай тілдің жиі қолданылатыны, ата-аналармен, мұғалімдермен, мектеп басшылығымен, мемлекеттік қызметшілермен және ЖОО оқытушыларымен қарым-қатынастың қай тілде жасалатыны, мемлекеттік, жекеменшік және қоғамдық салаларда тілді қолданудың ынталандырылуы жайлы мәлімет жоқтың қасы.

Сонымен, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруді, орыс тілінің мәртебесін сақтауды және ағылшын тілін дамытуды көздейтін ағымдағы мақсаттар мен шаралар қазіргі бастамалармен өлшенбейді. Ұлттық статистика орталығының білім беруге қатысты есебіне сәйкес, 2012 жылғы көрсеткіштері Қазақстанды мекендеуші этникалық қазақтар пайызынан төмен. Ұлттық статистика орталығының білім беру және бағалау саласындағы есебінше, кейбір аймақтарда қазақ мектептерінің оқушылары орыс мектептеріндегі балаларға қарағанда ҰБТ-де жоғары нәтижелерге қол жеткізген. Соған қарамастан, ҰБТ бойынша орыс мектептерінде оқитындардың жинаған орташа ұпайы қазақ мектептерінің оқушыларына қарағанда жоғары¹⁷. Ұстаздар қазақ тіліндегі дидактикалық материалдар сапасының төмендігін атайды.

Қазақ мектептеріндегі білім сапасы жақсармайынша, ата-аналар балаларын орыс мектептеріне бере бермек.

Үштілді білім жүйесін басқару және біріккен күш-жігердің үйлесімі қажет. Оқушылар мен мұғалімдер жетуге тиісті тіл үйрену деңгейін нақты айқындаудан басқа, нәтижелер жөнінде ақпараттануды арттыру, сондай-ақ,

- мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастықты жақсарту;
- бірігіп жоспарлау;
- білімдерді басқару;
- анағұрлым сапалы жоспарлау үшін мәліметтерді жинақтау мен талдауды жақсарту қажет.

Үш тілді оқыту жүйесін жетілдіру жоғарыда аталған факторлардың бәріне, сондай-ақ, білімдерді басқаруға тәуелді. «Білімдерді басқару дегеніміз – білімді тиімді пайдаланып, тарату және жинау үрдісі» (Давенпорт, 1994). Үштілді білім беру бойынша білім жинақтау анықталмаған әрі бұл білімдерді беру тетіктері қанағаттанарлықсыз. Мәселен, үштілді білім беру бойынша қандай мәліметтер жинақтау мен талдауды талап ететіні түсініксіз. 33 үштілді білім беру мектебінің басқару және оқыту тәжірибесі талданып, жүйелі түрде берілген жоқ, НЗМ мен басқа да серіктес мектептерге интеграцияланған жоқ. НЗМ-ін есепке алмағанда, басқа елдердің үштілді білім берудегі тәжірибелері зерттеліп, қолданылған жоқ. Демек, үштілді білім беру бойынша жергілікті және халықаралық тәжірибе (білімдерді басқару және педагогика) жөніндегі білімдер жүйеленбеген және әрдайым қолжетімді емес, сондай-ақ, бағдарламаны одан ары жалғастыру және дамыту үшін қолданылмайды. Бұл мұғалімдерді даярлау және біліктілігін арттыру, кітапханашыларды оқыту, білім ресурстарын әзірлеу, ата-аналармен жұмыс және бағалау жүйесін әзірлеу бағдарламаларына және қолда бар тәжірибені жаңа мектептерге беруге қатысты. Бұл мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастықты дамыту қажеттігін куәландырады.

Бірігіп жоспарлауда да кедергілер жоқ емес. 2013 жылдың жаңа білім беру стандарттары мектепке дейінгі білім беру саласында үш тілді жүргізуді қарастырады, ал типтік оқу жоспары орыс мектептерінің 1-сыныптарында қазақ тілін, қазақ мектептерінің 1–2-сыныптарында

¹⁷ Қазақтілді және орыстілді қала және ауыл мектептерінің ҰБТ-дегі нәтижелерінің бөлінуін G қосымшасынан қараңыз.

орыс тілін оқытуды қарастырмайды¹⁸. Басқа жағынан алғанда, ТОЖ мекемелері мен ЖОО-лар оқушылардың барлық үш тілді үйренуді жалғастыруына қолдау көрсетпейді, осыдан келіп үштілділік саясаты өз-өзінен үзіледі.

Педагогикалық университеттер мен колледждерде үш тілді оқып-үйрену және оқыту, сондай-ақ, үштілді білім беру жүйесінде жұмыс атқара алатын мұғалімдерді даярлау ресурстары жоқ.

Мұғалімдердің үштілділік тұжырымдамасын қалай түсінетіні және үштілді білім беру жүйесіне қалай бейімдейтіні зерттелмеген. Мысалы, егер оқу бағдарламасы сын тұрғысынан ойлауды дамытуға бағытталған болса, педагог пән бойынша да, тілдер бойынша да сыни рефлексияға мән береді. Оқу бағдарламасының алуан түрлі мазмұнымен жұмыс істей отырып, мұғалімдер үш тілдің бәріне бірдей назар аударып, олардың арасында параллельдер құруы және оқушыларды ұсынылған материалды оқып-үйренуге ынталандыруы қажет. Қазіргі уақытта үкіметтің үштілді мектептер санын арттыруға қатысты орасан жоспарлары мен шетел тілінен C1 (CEER) деңгейіне жетумен қатар, өздері шетел тілінде сабақ беретін пән тақырыптары бойынша оқушыларға қазақ және орыс тілдеріндегі терминдерді оқытып-үйретуге тиісті мұғалімдерді даярлайтын педагогикалық оқу орындарының потенциалы арасында сәйкессіздік бар. Жұмыс үстіндегі үштілді мектептер үш тілді бірдей меңгерген оқытушыларды жалдау мәселелерімен таныс.

Теңдік пен инклюзивті білім беру¹⁹

Ұлттық басымдықтар және халықаралық тәжірибе

Қазақстан Республикасындағы білім берудің салмағы мен мақсатын паш ететін стратегиялық құжаттардың көпшілігі үкіметтің халыққа құрметін, ашықтығы мен әділдігін, отбасы мен тұтас қоғамды қорғау жолында екенін айғақтайды (Назарбаев, 2012; ҚР «Білім туралы» заңы, 2007).

Білімге тең қолжетімділік үкімет үшін басым бағыттардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы № 1080 қаулысында аталғандай, «орта білім беру мазмұнының стандарттары орта білімді барлық оқушыларға қолжетімді етуді және мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз етеді» (26.2-бап). Білімге қолжетімділікті шектеу қоғамдағы теңсіздікті ұшықтырып, тұтастай алғанда, дарындарды жоғалтуға және біліксіз, жұмыссыз әрі ықпалсыз жастардың көбеюіне ықпал етеді, ал бұл болашақта қоғамды әлеуметтік қысымға ұшыратуы мүмкін. Сонымен қатар, білімге қолжетімділікті шектеу Қазақстанның халықаралық бәсекелестікке түсу мүмкіндіктерін төмендетеді, бұл халықаралық рейтингтерден мәлім. Үкіметтің осы мәселелерді шешуге бағытталған көптеген шараларына қарамастан, Қазақстанда білімге қолжетімділік теңсіздігі жоқ емес.

Crisis Group Asia 2011 баяндамасында көрсетілгендей, «Қазақстан реформалар жүргізіп, инфрақұрылымды дамытуды инвестициялап жатқанымен, нәтиже көңіл көншітерлік емес. Елде сапалы білім алу мен денсаулық сақтауға қол жеткізуде әлеуметтік теңсіздік бар. Қалалардағы элиталық мектептер мен заманауи клиникалар әлсіз мектептер мен толық жабдықталмаған ауруханалармен қатар жұмыс істеуде, ал бұл ең бірінші кезекте ауылдағы әлеуметтік қыспақтың өсуіне ықпал етіп отыр» (ДХТ, 2001).

¹⁸ Е қосымшасы, ҚР БҒМ, Типтік оқу жоспары.

¹⁹ Бағалаудың осы бөлігі тәуелсіз зерттеуге сүйенеді.

Әлеуметтік теңсіздік мәселесі тек білім беру саласында ғана шешілмеуі қажеттігін мойындау керек. Көлік пен инфрақұрылымды дамыту, ауылдық жерлерде ақпараттық технологияларға қол жеткізу әлеуметтік және саяси шараларды, қаржы салымдарын талап етеді. Бұл № 1080 Үкімет қаулысында ішінара көрініс тапқан, яғни, құжатта санитарлық және эпидемиологиялық талаптарға сай мектеп инфрақұрылымын (61.1 пар.); санитарлық және эпидемиологиялық талаптарға сай жарықтандыруды, жылытуды, жеке гигиена бөлмелері мен дәретханаларды, киіну орындарын (61.4 пар.) дамыту туралы айтылған. Білім беру саласында әзірленген стандарттары мен ауылдық жердегі нақты жағдайдың арасында байланыстың жоқтығы байқалады.

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

Қазіргі кезде

- тіпті этникалық азшылықтардың туған тілдерінде мектеп ашуға мүмкіндіктері;
- ауыл мектептеріне басшылар мен оқытушыларды тартуды ынталандыру жолдары бар.

Үкімет ауыл мектептері оқушыларының (сол сияқты, әлеуметтік осал топтардың, соның ішінде, жетім балалардың, ұлттық азшылықтардың, арнайы мұқтаждықтағы балалардың) жоғары білімге тең қол жеткізуі үшін жағдай жасауда. 2012 жылы үкімет білім беру гранттарын тағайындау қағидаларына (2008 ж.) түзетулер енгізіп, ауыл жастарына арналған арнайы квотаны қосты. Яғни, ауыл мектептерін бітірген түлектерге мемлекеттік гранттардың 30%-ын иеленуге мүмкіндік туды (ҚР БЗ, 2007, 47-б.). Нәтижесінде қала мектептерінде оқып жүрген оқушылардың грант алу үмітімен соңғы жылда ауыл мектебіне ауысуы тенденциясы пайда болды. Медициналық және педагогикалық мамандықтарға білім алушыларға арналған гранттарда белгілі шектеулер бар (ҚР ҰҚ, 10-б.) Жастар жоғары оқу орнын бітірген соң ауылдық жерге қайта оралып, ауылда кемінде үш жыл жұмыс істеуі керек (ҚР БЗ, 2007, 47-б.), бұл талап ауыл жастарына аса ұнай қоймайды, өйткені жоғары білім туралы диплом өмірдің жайлы жағдайларына қол жеткізу мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

ШЕШІЛУГЕ ТИІСТІ СҰРАҚТАР

Қала және ауыл мектептерінің арасындағы айырмашылық

Білім беру жүйесіне қолжетімділік теңсіздігі ең алдымен ауыл мектептеріне тән. Жағдай қарапайым емес және мұндай мәселенің барына ҰБТ нәтижелері бұлтартпас айғақ. 2012 жылы ауыл мектептерінің 63,788, қала мектептерінің 53,545 оқушысы тест тапсырған. ҰБТ-де жоғары ұпай жинаған қала мектептері оқушыларының үлесі ауылдықтарға қарағанда екі есе жоғары (1-кесте). ҰБТ-дегі орташа ұпайды анықтауда да осы тенденция байқалды²⁰.

20 ҰБТ-дегі қала мектептерінің орташа ұпайы ауыл мектептерінің 66.5 ұпайымен салыстырғанда 76.16 ұпай болды.

1-кесте: 2012 жылғы ҰБТ-дегі қала және ауыл мектептерінің нәтижелері

ҰБТ ұпайлары	Қала мектептері		Ауыл мектептер	
	Қазақ	Орыс	Қазақ	Орыс
0–49	13.34	6.35	21.92	10.86
50–59	13.72	9.52	19.73	14.88
60–70	19.43	17.21	21.82	23.25
71–89	29.81	35.11	24.64	32.83
90–100	11.7	16.71	6.67	10.83
101–125	12	15.1	5.22	7.36

Қала мектептерінде де, ауыл мектептерінде де ҰБТ-ді орыс тілінде тапсырғандар қазақ тілінде тапсырғандарға қарағанда ұпайды көп жинаған (Ж қосымшасы). Мұндай қорытындыны Бүкіләлемдік банк сарапшылары PISA нәтижелерін талдағанда жасаған. Есепте былай делінген: «Орыстілді мектептердің оқушылары қазақтілді мектеп балаларымен салыстырғанда олардың туған тілдері қай тіл екеніне қарамастан 53 ұпайды артық жинаған. Ақиқатында қазақтілді мектептер оқушыларының үлгермеушілігі қазақ және орыс мектептеріндегі білім берудің бірыңғай еместігімен байланысты болып отыр» (ДБ, 2012, 7 б.).

Мұндай теңсіздіктің себептері терең және жүйелі талдауды қажет етеді, аталған есептің алдыңғы тараулары инфрақұрылымның жеткіліксіздігін, қала мектептерімен салыстырғанда ғаламторға, тарихи және мәдени мұраларға қолжетімділіктің жоқтығын бейнелейді. Ауыл мектептеріндегі оқыту сапасы оқытудың қазақ немесе орыс тілінде жүргізілуіне тәуелсіз түрде маңызды мәселе болып қала береді²¹.

Мектептегі білім беру жүйесіндегі азшылық этностар

Қазақстан – аумағында 100-ден астам этникалық топ тұратын көпұлтты мемлекет. Орта білім берудің қазіргі жүйесі білімді туған тілде алуға мүмкіндік береді. 2010 жылы республикамыздағы жалпы білім беретін 7646 орта мектептің²² (айрықша мұқтаждықтағы балаларға арналған мамандандырылған арнаулы мектептерді санамағанда) 3828-і қазақ тілінде, 1573-і орыс тілінде, 58-і өзбек тілінде, 14-і ұйғыр тілінде, 2-еуі ағылшын тілінде білім берді. 7 мектепте оқыту ағылшын тілінде жүргізіледі. 2164 мектепте оқыту екі және одан көп тілде²³ жүргізіледі. ҰБТ-дің қазір тек қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетінін ескерсек, аталған жағдайды білімге қолжетімділік теңсіздігі өлшемінің бірі деп атауға болады. Барлық балаларға тестілерді өз тілдерінде тапсыруға мүмкіндік тудыру керек (пән басқа тілде оқытылмаған жағдайда).

21 Алайда оқыту сапасы мұғалімдер біліктілігіне ғана тәуелді емес, ҚР БҒМ-нің 2012 жылғы статистикасына сәйкес, Қазақстандағы 292,064 мұғалімнің 87,9%-ы жоғары білімге ие әрі ауыл (мұғалімдердің 86,25%-ы жоғары білімді болған) және қала мектептеріндегі мұғалімдердің (89,54%) айырмашылығы сәл ғана болды.

22 ҚР БҒМ мәліметтерінше 2012 жылы 7,384 мектеп болды.

23 Соңғы жылы Қазақстандағы мектептер саны азайды, деп атап көрсетті статистиктік, Жаңалықтар-Қазақстан, 21 қаңтар, 2011, <http://www.newskaz.ru/society/20110121/1068447.html>

Институттық орындардағы білім берудің жағдайы

Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелейтін мемлекеттік интернаттар бар. Интернаттар балалар үшін қайырымдылық ортасы болып табылмайды, өйткені оларда тәрбиеленушілердің өмір дағдылары шектеулі, білім деңгейлері төмен, сондықтан болашақта олар жұмыссыздық және кедейлік мәселелерімен бетпе-бет келуі мүмкін. ҚР БҒМ Бала құқын қорғау жөніндегі комитетінің мәліметтеріне сәйкес, Қазақстандағы 4,5 миллион баланың 14000-нан астамы жетім және қамқорлықсыз қалған балаларға арналған мекемелерде тұрады. Сонымен қатар, жыл сайын 2000 бала сәби кезінде немесе мемлекет ата-аналарын ата-құқығынан айыратын 5–6 жасында тастанды атанып, ата-ана қамқорлығынсыз қалады (ЮНИСЕФ, 2011b, 10 б.). Оның үстіне, бұл балалар заңмен қарама-қайшылыққа жиі түседі. ЮНИСЕФ есебіне сүйенсек, интернатта өскен қыздар жиі жүкті болып, балаларын балалар үйлеріне тапсырады екен (ЮНИСЕФ, 2011b, 10 б.). Ауылдық жерлердегі көпбалалы және айрықша мұқтаждықтағы отбасылар білім алуға қолжетімділіктің жоқтығынан балаларға арналған интернаттарға жүгінуге мәжбүр. Баланы интернатқа орналастыру кей жағдайларда отбасындағы кедейлік, жұмыссыздық, баланың мүгедектігі сияқты мәселелерді шешудің жалғыз жолы саналады. Сондықтан, көптеген ата-аналар баланың интернатта тұрғанынан еш зиян жоқ деп есептейді (Вирди мен Зиммерман және ЮНИСЕФ, 2002, 7б.).

Қазіргі кезде Қазақстанда тәрбиелеудің баламалы формалары, соның ішінде асыраушы отбасылар қарастырылуда. Әйтсе де, басты назарды мемлекеттік балалар үйлеріндегі білім беруге аудару қажет.

Теңдік және арнаулы білім беру²⁴

Ұлттық басымдықтар және халықаралық тәжірибе

«Мүгедектерге арналған тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандарттық ережелері»²⁵ білім беруді азаматтардың қоғамдағы тепе-теңдігінің шешуші аспектісі ретінде қарастырады. б-ережеге сәйкес: «Мемлекеттердің балалардың, жастар мен мүгедектігі бар ересектердің бастауыш, орта, жоғары білім саласындағы және интеграцияланған құрылымдардағы тең мүмкіндіктерін мойындағаны жөн. Олар мүгедектердің білім алуы жалпы білім берудің ажырағысыз бөлігі болуын қамтамасыз етуі керек». Бұл қағиданың айтпағы, айрықша мұқтаждықтағы адамдардың білім алу мәселесі білім берудің ұлттық бағдарламасына енгізілуі керек. Бағдарлама төменде аталғандарды қамтамасыз етеді:

- білім беру материалдарын әзірлеу;
- мектептер құру;
- инклюзивті білім беру жүйесінің маңызды элементтерін анықтау;
- айрықша мұқтаждықтағы адамдар үшін осы санаттағы адамдардың қажеттіліктерін өтеуде уақытша қызмет атқаратын «арнаулы білім».

Бүкіләлемдік білім беру форумының қорытынды есебі мен Дакарда қол қойылған «Баршаға арналған білім беру» құжатының мәтіндерінде міндетті және тегін білімге жаппай қол

24 Бағалаудың осы бөлігі дербес зерттеуге негізделген.

25 Осы ережелер БҰҰ Бас Ассамблеясымен бейімделген, қырық сегізінші сессия, 48/96 резолюция-сы, қосымша, 20 желтоқсан 1993.

жеткізудің маңыздылығы ерекше аталған және бұл құжат барлық жастар мен ересектердің білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз етеді (Дакар іс-қимылдар шеңбері, 2000).

БҰҰ Бала құқығы жөніндегі комитетінің 2007 жылғы 19 шілдедегі қорытынды ескертпелерінде Қазақстанда әлі күнге дейін айрықша мұқтаждықтағы балаларды оқыту мәселелері арнаулы түзеу мектептерін құру жолымен шешілетіні аталған. Сондықтан, БҰҰ комитеті инклюзивтік білім стратегиясын қабылдауды және айрықша мұқтаждықтағы балаларды сапалы біліммен интернат жағдайларына жүгінбестен қамтамасыз етудің жоспарын әзірлеуді қадап тапсырды (Бала құқықтары бойынша комитет, 2007).

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

ҚР Конституциясына сәйкес, барлық азаматтарға тегін орта білім кепілдендірілген. ҚР Конституциясында білім беру мақсаттары БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетінің 29-бабына сәйкес.

ҚР Білім туралы заңына сәйкес, мемлекет мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік бейімдеу, дамытуды түзету және оқытуға қажетті жағдай тудырады. 49-бапта ата-аналар мен қамқоршылардың құқықтары көрсетілген:

- білім мекемесін баланың қалауына және жеке икеміне қарай таңдау;
- баланың білім, медициналық, психологиялық кеңес алу орталықтарында оқуына қатысты ұсыныстар алу.
- Сонымен қатар, мемлекет айрықша мұқтаждықтағы адамдарға ТОЖ мекемелері мен ЖОО-ларда оқуға мүмкіндік беретін квота енгізді.

ШЕШІЛУГЕ ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Бала құқығын қорғау саласындағы халықаралық құжаттарды, соның ішінде БҰҰ бала құқығы туралы тұжырымдамасын ратификациялаумен Қазақстан Республикасының Үкіметі инклюзивті білім беру тұжырымдамасын қабылдады. Десек те, инклюзивтік тұжырымдамасы арнаулы білім берудің тар шеңберіне қамалмауы керектігін түсінген абзал. Инклюзивтік мектеп мұғалімі оқушыға сырқаттардың, синдромдар мен белгілердің жиынтығы ретінде қарасын демейді. Тіпті баланың сырқаты туралы ақпарат алу мұғалімді инклюзивті етпейді. Инклюзивтік дегеніміз – жариялы білім беруге ұмтылу және ол мектептегі барлық балаға ортақ болуы керек. Инклюзивтік – білім берудің алуандықты және тепе-теңдікке ұмтылысты ынталандыратын жүйесі. Өкінішке қарай, осы аспектіде білім берудің инклюзивтігі соңына дейін ұғылмаған күйі қалып отыр (Сли, 2001). Мектеп әлеуметтік-жағдайы төмен отбасыларынан шыққан балалардан, айрықша мұқтаждықтағы балалардан, мигранттардың балаларынан, түрлі этникалық топ өкілдерінің балаларынан құралған топқа арналған инклюзивті ордаға айналу үшін, бұл топтар мемлекеттік шенеуніктер үшін де, мектеп әкімшілігі үшін де, тұтас қоғам үшін де кедергі ретінде қарастырылмауы керек.

Білім берудің қазіргі жүйесі, өкінішке қарай, айрықша мұқтаждықтағы оқушылардың білімге тең дәрежеде қол жеткізуді қамтамасыз ете алмайды. Қазақстандағы арнаулы қажеттіліктері бар балалардың көбі ата-ана қамқорлығынан айырылып, балаларға арналған мемлекеттік ұйымдарда тәрбиеленуде (ЮНИСЕФ, 2011b, 86.). «Айрықша мұқтаждықтағы балаларға білім беру» ұғымы «арнаулы білім» түсінігінің орнын басу үшін пайда болған, ал арнаулы білім – жалпы білім беру жүйесінің шекарасынан шығарылып тасталған арнаулы мектептер мен институционалдық мекемелер қабырғаларында берілетін білім. Айрықша

мұқтаждықтағы балалардың арнаулы мектептерде болуы олардың әлеуметтік оқшаулануына әкеп соғады, сондықтан, арнаулы мектептердің тіршілігі оларда оқитын оқушылардың өз құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік бермейді, нәтижесінде жатырқаушылық және өзін-өзі кем санаушылық туады.

Қазақстанда жай мектептерге 70 мыңнан астам айрықша мұқтаждығы бар балалар барады, оның себептері, негізінен, мамандандырылған білім беру ұйымдарында орындардың болмауында немесе тұрғылықты орыннан мамандандырылған мектептердің қашықта орналасуында, сондай-ақ, ата-аналардың балаларын жалпы білім беретін мектептерде оқытуды жөн көруінде. Жалпы білім беру мектептерінде айрықша мұқтаждығы бар балаларға үлкен проблема туындайды, өйткені оқушылардың 85%-ы сыныпта оқытылған материалды қабылдамайды, мұғалімнен толыққанды көмек ала алмайды, себебі, мұғалімде мұндай балалармен жұмыс істеу машығы мен білімі жетіспейді (ҚР БҒМ, 2010а).

Табиғи кедергілер

Қазақстандағы мектептерде айрықша балаларға лайықталған пандустардың, лифтілер мен арнайы парталардың, гимнастика залдарындағы жабдықтардың, кітаптардың, басқа да арнаулы ресурстардың, мысалы, көлік пен арнайы тағамның болмауы – үйреншікті жағдай. 2011 жылы балабақшалардың 96%-ы мен мектептердің 83%-ында айрықша мұқтаждықтағы балаларға арналған құрал-жабдықтар болған жоқ (Tengri News, 2011).

Ақпарат пен білімнің болмауы

Инклюзивті білім жөнінде ақпараттың болмауы және оны мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің, мемлекеттік шенеуніктердің жете түсінбеуі айрықша мұқтаждықтағы балаларды оқыту үшін тосқауыл болып табылады. Мектептер мен университеттер мұғалімдері мен басшыларының көпшілігі «инклюзивті білім» ұғымымен таныс емес. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, айрықша мұқтаждықтағы балалармен жұмыс істейтін мамандар, мұғалімдер, интеграцияланған білім беретін мектептердің әкімшіліктері, бала құқықтарын қорғау және әлеуметтік қорғау, білім беру бөлімдері қызметкерлерінің қатысуымен жүргізілген «Сандж» талдауы көрсеткендей, «инклюзивті» білім беру идеясы түрлі мағынадағы реакцияларға («Сандж» орталығы, 2008) итермелейді. Жауап берушілердің үштен бір бөлігі ғана инклюзивті білім беру идеясын қолдаған. Респонденттердің үштен бір бөлігінен көбі инклюзивті білім идеясын қолдаушылар немесе қарсы шығушылар болмаса да, бұл идеяны түсінетіндерін білдірген. Оннан бір бөлігі өзінің аталған проблемаға бейтараптығын көрсеткен. Білім беру жүйесінде жұмыс істейтін тұлғалардың арасындағы төрттен бір бөлігі инклюзивті білім идеясына қарсы пікір білдірген (Н қосымшасы).

Осылайша, үкіметтің барлық оқушылардың қажеттіліктерін құрметтейтін бәсекеге қабілетті білім жүйесін құру жөніндегі жоспарлары мен айрықша мұқтаждықтағы балаларға білім беру саласындағы ақиқаттың арасында орасан айырмашылық бар. Атқарылатын жұмыстың бәрі әлі алда.

Мұғалімдерді даярлау және үздіксіз кәсіби білім

Ұлттық басымдықтар және халықаралық тәжірибе

«Мектептердегі оқыту әдітемесін жақсарту оқушылар үлгерімін жақсартудың аса маңызды қадамы болып табылады» (Дарлинг-Хаммонд және Ротман, 2011, 16.).

Мұғалімдер даярлаудың тиімділігі мен олардың кәсіби білімдері білім берудің жақсы жүйесінің және оқушылардың жоғары сапалы білімінің кепілі болып табылады. Көптеген елдерде мұғалімдерді даярлау жоғары сапалы білім беру жүйесін дамытудың басым бағыты болып үлгерді. Мектептер мен оқушылар үлгерімінің факторларын табуға арналған зерттеулер төмендегіні көрсетті:

Егер мектеп аймақтары жақсы қаржыландырылатын болса, осы аймақтардағы мектептер мен сынып оқушыларының үлгерімін жақсартатын тәжірибелі, әділ, мейлінше білікті мұғалімдерді тартады» (Бидл және Берлинер, 2002, 236.).

Халықаралық тәжірибе (CERI, 2011; Дарлинг-Хаммонд және Ротман, 2011; Муршед және Чижиоке, 2010) педагогтардың жоғары біліктілігі мына факторларға тәуелді екенін куәландырды:

- мамандыққа білікті мамандарды топтастыру; даярлау және мамандыққа кірістіру;
- кәсіби білім мен даму;
- мамандарды бағалау және мансаптық өсу.
- оқытушыларды осы мамандықта «ұстап» қалу.

Бірлескен авторлардың Mourshed зерттеулері мектеп әкімшілігінің өкілдері мен оқытушылардың техникалық дағдыларын дамыту (каскадтық тренинг арқылы) пайдалануға болатын алты құралдың бірі болып табылатынын көрсетті (Муршед, 2010, 276.).

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР ЖӘНЕ ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

Оқытушылар жұмысының тиімділігіне қатысты аспектілердің көпшілігін Қазақстанда еңбек ететін адамдар анықтаған²⁶. Мысалы, ҚР БҒМ Назарбаев Университетімен және Абай атындағы ҚазҰПУмен бірігіп педагогикалық ЖОО-ларының бағдарламасын реформалауда; Педагогикалық шеберлік орталығының бағдарламасын қосқанда кәсіптік жетілдірудің ұлттық жүйесі бар; «Өрлеу» БАҰО мұғалімдер біліктілігін арттыруға жауапты жалғыз орталық атанды. НЗМ педагогтың мансаптық сатысын дамыту, аттестаттау және төлем жүргізу жүйесін әзірлеуде.

ШЕШЛҮГЕ ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Жағымды ілгерілеулер болғанымен, мұғалімдерді даярлау Қазақстан Республикасындағы білім беру сапасын дамытудың басты басымдығы болып қала беретінін баса айтқан жөн.

«Бұл – жекелеген шаралар емес, жүйелі тәсіл» (Муршед, 2010).

Мұғалімдерді даярлау мен дамытудың түрлі элементтерін пайдалану үшін жүйелі тәсіл қажет. Ол үшін сол элементтерді үйлестіру және интеграциялау керек. Сондықтан, барлық

26 Мысалдар Білім және ғылым министрінің Астанада сөйлеген сөзінен алынған, 24 мамыр, 2011; 31 қаңтар, 2013; 26 наурыз, 2013; ЮНЕСКО есебі.

элементтер өзара байланыста болуы қажет: іріктеу – даярлау – мамандыққа кірістіру – үздіксіз оқыту – мансабын дамыту. Қазіргі уақытта мұндай интеграция Қазақстанда жоқ. І қосымшасындағы кесте төмендегіні көрсетеді:

- мұғалімдердің 50%-ы 9-дан 20 жылға дейінгі жұмыс өтіліне ие, көпшілігінің 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар;
- көпшілігі бірінші және екінші санаттарға ие;
- мұғалімдердің көпшілігі 30-жастан асқан;
- 87.9%-ында жоғары білім бар;
- Мұғалімдердің басым бөлігі – әйелдер (80.2%).

Басынан бастап дұрыс әрекет ету

Қазақстанда сабақ беруге жоғары білікті үміткерлерді іздеу мен іріктеудің маңызды мәселесі бар. Оқытушылыққа қызығушылық пен оны ынталандыру жақсы мұғалімдерді даярлауда айтарлықтай рөлге ие, бірақ іріктеу үрдісінде оларды ескеру қиын. 2-кестеде халықаралық тәжірибенің мұғалімдердің тиімді жұмыстарына қатысты мысалдары мен Қазақстандағы жағдай келтірілген.

2-кесте. Халықаралық тәжірибе мен Қазақстандағы ағымдағы жағдайды салыстыру

Халықаралық тәжірибе	Қазақстандағы жағдай
Педагогикалық ЖООлар іріктеген үміткерлер қатаң іріктеуден өтеді, үміткерлердің қабілеттері, оқытушылыққа қызығуы және ынталануы ескеріледі	Педагогикалық ЖООна түсуді ҰБТ реттейді
Дарынды үміткерлерді іріктеу (скрининг), тиімді оқытуға қажетті сапаларды тексеру (Финляндияда екі сатылы үрдіс қарастырылады, бірінші сатыда үміткерлер – ЖООлардың үздік түлектері қарастырылады, екінші сатыда комиссия үміткерлердің оқыту аспектісін түсінуді мен білімдерінің тереңдігін зерделейді	Үміткерлерді іріктеу (скрининг) жоқ
Үміткерлерде жоқ дегенде білім саласы магистрінің деңгейі болуы керек, бұл талап бастауыш сынып мұғалімдеріне де ортақ	Магистр дәрежесін алуға талап қойылмайды. Бастауыш сынып мұғалімдері колледжде алған кәсіптік біліммен де жұмыс істей беред
Үміткерлердің магистратура және докторантура (Канада) бағдарламасы бойынша жұмыстан қол үзбей оқуына мүмкіндік бар	Магистрлер мен ғылым докторлары мектепте сабақ беру үшін тым жоғары санаттағылар болып саналады Мұғалімдердің магистратура немесе докторантурада оқуы ынталандырылмайды
Оқытушы тартымды әрі беделді мамандық болып табылады	Аса тартымды емес әрі беделсіз мамандық
Мұғалімдердің жалақысы (Финляндияда – 41000 АҚШ доллары, Канадада – 37000–90000 АҚШ доллары)	Мұғалімдердің орташа жылдық жалақысы – 3,360 АҚШ доллары

Халықаралық тәжірибе	Қазақстандағы жағдай
Тәуелсіздік маңызды рөл атқарады, мұғалімнің пікіріне сенім артады	Толық тәуелділік, белгіленген оқу жоспары мен бағалау жүйесі
Мектептің оқытушылық құрамымен және директорымен тұрақты кері байланыс	Әкімшілік тарапынан тұрақты бақылау
Оқыту үшін жақсы жағдайлар жасалған (жеңіл оқу жүктемесі, жоспарлауға арналған уақыт, оқушылармен және басқа мұғалімдермен кездесулер, үздік ұстаздарды жыл сайын марапаттау, мұғалімнің зерттеу жұмыстарын мойындау, қосымша біліктілік алу мүмкіндігі)	Мұғалімдерге жалақы төлеудің ағымдағы жүйесі байланыс сағаттарының санына негізделген, оқушылардың жұмыстарын тексеру мен басқа да педагогикалық және педагогикалық емес жүктемелерге қосымша ақы төленеді. Жалақы төлеудің ағымдағы жүйесі мұғалімдер өздері қосымша атқарған жұмыстардың бәрі үшін төлем алуы керек деген идеяға негізделген. Бұл ЖОО қызметкерлеріне де қатысты
Оқытушының мансабын дамыту бағдарламалары кәсіптік өсу мүмкіндігін, міндеттерді жариялы түрде көрсету негізінде жауапкершілігін арттыру мүмкіндігін береді	

Педагогтарға кәсіптік білім беру және даярлау мен мектептегі оқыту әдістемесінің жүйесінен күтілетін өзгерістердің арасында алшақтықтар бар. Педагогтарды даярлау жедел реформалауды талап етеді, реформа дегеніміз тек мұғалімдерге арналған оқу бағдарламасының өзгеруі деп түсінілмеуі керек. Мұғалімдердің даярлық деңгейі жоғарыда аталған элементтердің бәріне (іріктеу – даярлау – мамандыққа кірісу, т.б.) ықпал ететіндіктен, реформалау қажет. «Өрлеу» кәсіптік білім жүйесі бастауыш даярлықтың олқылықтарын үнемі толықтырумен айналысады. Жүргізілген шараларға қарамастан, әлі де төмендегідей қажеттіліктер бар:

- Педагогикалық жоғары оқу орындарына оқытушылар даярлау;
- Мектептер мен педагогикалық ЖОО-лар арасында мейлінше тығыз ынтымақтастық орнату, бұл мұғалімдерді оқу бағдарламаларын әзірлеуге тартуды білдіреді;
- Уақыты нақты және орынды белгіленген реформаны жоспарлау және сынақтан өткізу;
- Орта білім беру саласындағы реформаларды педагогикалық білім беру саласындағы реформалармен үйлестіру.

Ойға алған инновациялар мен мұғалімдерді даярлаудың арасындағы алшақтық жедел шешуді қажет ететін өзекті мәселе болып табылады. ЮНИСЕФ (2011: 66) (ЮНИСЕФ, (2011a, 66 б.): «Білім беру жүйесінде прогрессивті және кері тартушы элементтердің қатар жүруі ЖОО-ның білім беру жүйесі мен кәсіптік қайта даярлау жүйесінің арасында инновациялық алшақтықтың тууына алып келді». ЖОО-дағы білім беруді реформалау терең болуға тиіс, бұл педагогикалық институттардағы оқытушылар даярлаудың білім беру жүйесіндегі басқа элементтерден үзілгендігімен байланысты, бұл мұғалімдерді оқытатын ЖОО-да жұмыс істейтін оқытушыларды оқытуды талап етеді.

Үздіксіз білім беру және біліктілікті арттыру мұғалімнің барлық мансап жолындағы маңызы

«Өрлеу» ұсынған бағдарламалар білім берудің «жаңа парадигмасы» тұжырымдамасын паш етеді. Жаңа парадигма жіті пайымдау мен оны тәжірибелік жұмыспен байланыстыруды талап етеді. Жаңаша «ойлауды» дамытудың жоспары қажет, оны іске асыру педагогикалық үрдісте жасалатын өзгерістер ұғымымен жұмыс істейді. Shulman (Шульман, 2004) тамаша ұстаздың негізгі қасиеттері көре білу, ынталану, түсіну, тәжірибелік өтіл, пайымдау және педагогикалық бірлестік деп есептеген.

Осы сипаттарды басшылыққа алсақ, педагогты оқыту төмендегідей болуы керек:

- Тұрақты, ал қазіргі кәсіби біліктілікті арттыру жүйесі біліктілікті көтерудің циклін әр 3–5 жыл сайын ұсынады, бұл аталған мақсатқа сай келмейді;
- Қажеттіліктерді нақты бағалауға негізделген;
- Оқыту іс жүзінде қолданылу сипатында болуы керек, бұл дегеніміз мұғалімнің кәсіби білім алуы мектептің өзінде жүруі керектігін білдіреді, сол себепті мұғалімді мектепте оқытуға жағдай тудыру керек;
- Мектеп мұғалімдердің ұдайы білім алу және өзгелерді оқыту жөніндегі бастамаларын қолдауы қажет;
- Оқушы мен мұғалімнің қандай рөл орындайтынын түсінуге негізделген; Мектеп ішінде де, тұтас қоғамда да қолдау табуы керек.

Білім беру саласындағы көшбасшылықтың рөлі

Педагогтарды кәсіби тұрғыдан дамыту бағдарламасы аясында мектептің барлық деңгейлеріндегі көшбасшылықты дамытуға назар аудару қажет.

Darling Hammond & Rothman (Дарлинг-Хаммонд және Ротман) еңбектерінде мектеп басшылары мен көшбасшылықтың тиімді реформаларды жүзеге асырудағы маңызы атап көрсетіледі.

Оқытушының кәсіби дамуы, мансаптық өсуі және үрдістің басқа элементтері арасындағы тепе-теңдік

Педагогтың мансаптық өсуі мен аттестациядан өтуі де проблемаға толы. Мейлінше тәжірибелі педагогтардан тәжірибелік машық алу мұғалімнің барлық мансап жолында жүргізілуі керек және бұл мұғалімнің кәсіби дамуына ықпал ететін мансап сатысымен қозғалуын ынталандыру жүйесін қайта қарауды (Мейер және Бенаво, 2013, 126.) талап етеді (М қосымшасын қараңыз).

Аттестаттаудың бүгінгі жүйесі бұл мақсаттарға қарама-қайшы. Мұғалімнің мектептегі «орны» деген нақты ұғымға сәйкес келетін айқын стандарттар керек, сонда оның кәсіби өсуі де аталған саясатқа лайықты болмақ. Қазіргі кезде НЗМ осындай стандарттар мен үрдістер әзірлеуде. Бұл пайдалы болады, өйткені мұғалімдер не баға алады, не кетуге мәжбүр болады. Мұғалімдерді ынталандырудың түрлі тәсілдері бар, мәселен, нақты қол жеткізген нәтижесі үшін сыйақы төлеу. Мұндай әдістеме білім берудің мақсаттарына қарама-қайшы, өйткені ол оқушының жетістігін тым тар шеңберде қарастырады (Оқу бағдарламасы тарауын қараңыз). Мұндай формальды тәсіл жариялы әрі тәуелсіз білім беру идеясының өзін жоққа шығарады (Мейер и Бенаво, 2013). Қаржылай пайданың соңына түсу педагогикалық шеберліктің артуына қайшы келіп, оқыту мақсаттарына да, оқу бағдарламасының нәтижелеріне де әсерін тигізеді. Сондықтан,

мұғалімді ынталандыру формальды сипатта болып, тар әрі қысқа мерзімді нәтижелерді көздемей, мейлінше икемді болуы керек.

Ғимараттар және инфрақұрылым

Ұлттық басымдықтар және халықаралық тәжірибе

Бүгінде білім беру жүйесін реформалаудың басымдықтары белгіленген, бұл – оқу бағдарламаларын, оқыту әдістерін, бағалау жүйелерін, мұғалімдер біліктілігін арттыруды жетілдіру, т.б., яғни, қазіргі заман талаптарына сай білім берудің жоғары стандарттарына ұмтылуға қажеттілік туды. Бірақ, бұл мақсатқа жақсы мектеп инфрақұрылымынсыз және жоғары сапалы жабдықтарсыз қол жетпейді, себебі, бұлар оқытудағы және тапсырмалар мен міндеттерді жүзеге асырудағы маңызды шарттар болып табылады.

Оқушылар заманауи ғылыми жабдықтармен оларға қол жеткізбеген жағдайда жұмыс істей алмайды, компьютер мен ғаламторға қолдары жетпесе, АКТ-мен жұмыс істеу машықтарын қалыптастыра алмайды. Мектеп ғимаратында сабаққа мұндай балалардың қатысуы қарастырылмаса, жалпы білім беретін мектептердегі инклюзивтік білім туралы сөз етудің мәні жоқ.

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

Орта білім жүйесінде еңбек ететін мемлекеттік органдар мектеп ғимараттарының, инфрақұрылымның, жабдықтар мен ресурстардың тиісті стандарттарға сәйкессіздігін жақсы біледі. Алайда қазір осы міндеттерді шешу жолында нақты жұмыстар атқарылып жатыр. Жекелеген жағдайларда бұл мектептерге жаңа ғимарат салу, кейде қайта жарақтау мен жөндеуді көздейді. 12-жылдық білім беруге көшу орта білім беру саласындағы кейбір құрылымдарға өзгеріс енгізуге ықпал етпек, оның ішінде жаңа мектептер ғимараттарын салу да бар. Мектеп ғимараттарының көпшілігі мен инфрақұрылым мектепке қойылатын талаптарға сай келмейтіндіктен, алда атқарылар жұмыс әлі көп.

ШЕШІЛУГЕ ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Көптеген мектеп ғимараттары өздерінің мақсатты тағайындамасына сай емес. 2010 жылғы есептерге (ҚР БҒМ, 2010а) жүгінсек, мектептердің 1/3 қыш ғимараттарда орналасқан, ал әрбір төртінші мектеп күрделі жөндеу жұмыстарына жүргізуге тапшы болған. Мектеп орындарының аса тапшылығына (81000 орын) байланысты оқушылардың үштен бір бөлігі екінші ауысымда оқуға мәжбүр, бұл ҰБТ нәтижелеріне (ҰБСБО, 2012) әсерін тигізбей қоймайды (Білім беруді дамыту жөніндегі ұлттық есепті қараңыз, 57-бет). Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында апаттық жағдайдағы 189 мектеп бар, олар әбден тозған және техникалық қызметтер көрсетілмейді; 92 мектеп үш ауысымда жұмыс істейді (2012 жылғы Білім беру статистикасы). Қазақстанның оңтүстігінде, халқы жылдам өсетін аймақтарда, мектеп әкімшіліктері барлық балаларды мектептегі біліммен қамтуға тырысуда.

Қазіргі білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттар білім мекемелеріне арналған белгілі бір санитарлық нормаларды да қарастырады. Бұлар – ауызсудың сапасы, ойын алаңшалары мен спорт залдарының болуы, сонымен қатар, мектеп оқушыларын көлікпен және тамақпен қамтамасыз ету. Әйтсе де, мектептердің 37,4%-ы (2010 жылы) ауызсуға қол жеткізбеген: әрбір алтыншы мектепте асхана немесе буфет жоқ, мектептердің ширек (26%-ы)

бөлігінен астамында оқу жабдықтары мен сынып бөлмелерінің саны жеткіліксіз. Біз ауылдағы әлсіз инфрақұрылым мемлекеттік стандарттарға сәйкес мектептерге қойылатын санитарлық нормалар мен талаптарды сақтауға мүмкіндік бермейтінін түсінеміз. Мектеп нысандарының құрылысы ауыл тұрғындарының қолын қоғамдық көлікке (білім беру үшін аса маңызды), жарамды ауызсуға, кәріз жүйесіне жеткізетін ауқымды инфрақұрылымдық жобалардың бөлігіне айналуы керек.

Оқу бағдарламаларына қойылатын талаптар мен нақты жағдайдың арасында алшақтық бар. Мектептердің басым бөлігі жүйелі тәжірибелік жұмыстар жүргізуге мүмкіндік беретін зертханалармен жабдықталмаған: физикадан – 18,2%, химиядан – 30%, биологиядан – 27,6%, лингофон сыныптары – 39% (Білім беру бойынша ұлттық есеп, 2012). Мектептер зертханалармен қамтамасыз етілмеген болса да, мемлекеттік оқу бағдарламасы бойынша тәжірибелік сабақтар өткізу үшін мұндай зертханалардың болуы міндетті. Мұндай жағдайда мектептер зертханалық жабдықтармен практикалық сабақтарда тәжірибе көрсету үшін ғана қамтамасыз етілмеуі керек, әр оқушыда тиісті жабдық болуы керек.

НЗМ оқу жоспарлары мен олардың мектептерді жабдықтауға қоятын талаптары жалпы білім беретін мектептерге енгізілсе (К қосымшасын қараңыз, 6–11-сыныптарда биологиядан сабақ өткізуге қойылатын талаптар), онда жалпы білім беретін мектептердің жабдықталуы НЗМ-не сай келеді. Жалпы білім беретін мектептерді НЗМ-дегідей ресурстармен қамтамасыз етуде қиындықтар туындауы ықтимал, алайда стандарттар тұтас білім жүйесін дамытуға жөн сілтеуші болмақ.

Қазақстан e-learning, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың білім беру жүйесін, қала берді тұтас экономиканы дамытудағы салмағын мойындайды. Мектептер заманауи технологиялық талаптарға сай болуы үшін оқушылардың жаңа буынына қолжетімді байланыс технологиялары қажет болады²⁷. Бұл мектепке түсетін салмақ болмақ (мектептер жаңа технологияны сабақта және оқытуда пайдалану кезінде қиындықтармен бетпе-бет келеді). Қазақстанда мектептердің 99%-ы ғаламторға қол жеткізгенімен, олардың 43%-ы ғана ауқымды түріне ие, бұл басқа мектептердегі ғаламторға қолжетімділіктен хабардар етеді. Мектептерде дербес компьютерлер мен басқа технологиялардың (интерактивті тақта) саны артып келетіні байқалады. Мектептердің көпшілігіндегі компьютер/оқушы арақатынасына қарасақ, әрбір 12 оқушыға 1 компьютерден келеді. Алайда, дамыған елдерде оқушылардың бас-басына ноутбук үлестіріледі. 2009 жылы Еуропа елдерінде оқушылардың 75%-ы компьютер/оқушы арақатынасы 4 балаға бір компьютерден келетін мектептерде білім алды. Соңғы он жылда Еуропа елдері мектептерінің технологиялық жабдықтау айырмашылықтары жойылды деуге болады, егер компьютер/оқушы арақатынасы тұрғысынан қарасақ, екі балаға бір, төрт балаға бір компьютерден келеді. Айта кетерлігі, Еуропа елдерінде балалардың көпшілігінде үйде компьютер бар²⁸. Доступ к Интернету более распространён в странах с высоким уровнем достатка, таких как Финляндия, Германия, Дания и Великобритания. В 2009 году он все еще

27 Кейбір мәліметтерге қарағанда 2013 жылы 27,000 жуық осындай құралдар ҰБТ кезінде балалардан тартылып алынды. Балалар ақпаратты тауып алу үшін мобильдік технологияларды қалай қолдану керек екендігін жақсы біледі!

28 Интернетті қолдану мүмкіндігі Финляндия, Германия, Дания және Ұлыбритания сияқты дамыған елдерде неғұрлым тараған. 2009 жылы Интернетті қолдану Греция мен Словенияда әлі де 60% кем болды, бірақ Латвия, Литва, Венгрия және Чехословакияда 2009 жылы ЕО орта көрсекіштерінен жоғары көтерілді. Еуропалық комиссияның дерек көзі (2011) Еуропа және Брюссель мектептеріндегі ИКТ арқылы оқыту және инновациялар бойынша негізгі деректер, Education Audiovisual and Cultural Executive Agency P9 Euridice.

был ниже 60% в Греции и Словении, но, например, Латвия, Литва, Венгрия и Чехословакия поднялись выше средних показателей по ЕС в 2009 году (Источник Европейской комиссии, 2011). Қазақстанда тіпті АКТ-ны пайдалатын мұғалімнің өзі компьютерді оқушыларды қоршаған әлеммен байланыстыратын электрондық оқулық ретінде ғана қолданады. Сондықтан, АКТ-ны пайдалану бойынша мұғалімдерді даярлау курстары қажет.

Қаржыландыру

Ұлттық басымдықтар және халықаралық тәжірибе

Қазақстандағы білім беру жүйесінің мақсаты «білім берудегі бәсекелестікті және адами капиталдың дамуын қажырлы экономикалық өсуге қажетті сапалы білімге қолжетімділік арқылы арттыру» жолымен белгіленген. Осы себепті орта білім берудің ұлттық басымдықтары төмендегіше анықталған:

- мемлекеттік ресурстардың әділ бөлінуі (жан басын қаржыландыруға көшу);
- білім беру сапасын және оған қолжетімділікті жақсарту;
- мұғалімдерді оқыту сапасын жақсарту;
- мұғалім мамандығының беделін арттыру;
- білім берудің инклюзивтігі;
- шағын жинақты мектептер мәселелерін шешу;
- білім беру технологиялары мен ресурстарына қолжетімділіктің тең болуын қамтамасыз ету (ҚР БҒМ, 2010а).

Бұл басымдықтар қаржыландырудың түрлі формаларын, соның ішінде білім беруге жұмсалатын қосымша қаржыны талап етеді.

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

Негізгі қаржыландыру көздері

Орта білімді қаржыландыру екі қаржы көзі арқылы жүзеге асырылады: республикалық бюджет және жергілікті бюджет (ҚР Бюджеттік кодекс, 2008). Алайда ақиқатында мектептер көп жағдайда жергілікті демеушілерге жүгінеді.

Қаржыландырудың ауқымды бөлігі (білім беру шығындарының 70%-ы) облыстың салық түсімдерінен құралатын облыстық бюджеттен (БСҚҰО, 2010) түседі (біз барған бір мектеп жергілікті бірлестіктер өкілдері енетін топқа толығымен тәуелді болып шықты), бұл қаржы мектепті ұстауға, мұғалімдердің жалақыларын төлеуге, аймақтық бағдарламаларды іске асыруға жұмсалатын шығынды жабады. Республикалық бюджет қаржысы білім субсидияларын, қаржылай қолдауға тапшы аймақтар²⁹ трансферттеріне жұмсалады.

Бюджетте мектепті ұстауға жұмсалатын шығындар ағымдағы шығындар мен дамуға жұмсалатын шығындар болып бөлінеді. Дамуға жұмсалатын шығындарға ғимарат құрылысы мен жабдықтарға жұмсалатын шығындар жатады³⁰.

29 Білім және ғылым министрлігі Қаржы департаментінің сұхбатынан (шілде, 2013).

30 Білім және ғылым министрлігі Қаржы департаментінің сұхбатынан (шілде, 2013).

Ағымдағы шығындарға жалақы төлеуге (мұғалімдер мен педагогикалық емес құрамға) жұмсалатын және басқа шығындар (мысалы, оқыту материалдары, мектеп көлігі, ыстық тамақпен қамтамасыз ету, жөндеу және басқа операциялық шығындар) кіреді (Төмендегі диаграмманы қараңыз) (ҚР Бюджеттік кодекс, 2008).

1-сурет. Ағымдағы шығындар құрылымы (Қазақстан бойынша орташа деңгейде)



Дерек көзі: Бюджеттік шешімдер институты, 2011

Мектеп бюджеті, ең алдымен, қорғалған баптарға бағытталады: мұғалімдердің еңбекақылары мен коммуналдық шығындарды жабу, электр ақысын төлеу. Мектеп бюджетінің қомақты бөлігі жалақы төлеуге жұмсалады, ағымдағы шығынның аз ғана бөлігі оқу материалдарын сатып алуға ұсталады. Әдістемелік әдебиет, кеңсе тауарлары мен оқу құралдары сияқты білім беру үрдісін қамтамасыз етуге қажетті қосымша баптар сирек қаржыландырылады. Мұндай құралдардың жетімсіздігі көбінесе мұғалімдер мен мектеп директорларының жеке қаражаттары есебінен толтырылып жатады (Сандж зерттеу орталығы және Сорос Қазақстан, 2008).

Мектеп бюджеті

Мектеп бюджеті нормаға сәйкес анықталады және әдетте өткен жылғы бөлінген бюджет шамасынан аспайды³¹. Мектеп бір жылға қаржыландырылады, бюджет мөлшері былтырғы жылғыға сәл өзгерістермен сәйкес болады. Бюджет сыныптар саны (сыныптағы оқушы санына тәуелсіз), ғимарат алаңы (шаршы метр), мұғалімнің апталық жүктемесінен есептелген базалық жалақы және еңбекақының қосымша жұмыс үшін есептелуі сияқты нормалардан құралады³².

Айрықша мұқтаждықтағы балалар

Айрықша мұқтаждықтағы және төмен әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы балаларды оқыту мүмкіндіктерін ұсынумен байланысты қосымша шығындар ішінара реттеледі. Білім туралы заң (ҚР БЗ, 2007, 8 бап) мемлекеттің қосымша шығындарды толық немесе ішінара өтейтінін жариялады. Қосымша шығындар балалардың мына санаттары үшін бөлінеді: жетім балалар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар; айрықша мұқтаждығы бар балалар; көпбалалы отбасының балалары (ҰБСБО, 2012).

Қазақстанда инклюзивті білім жүйесі дамымаған. Айрықша мұқтаждықтағы балалар білімді жалпы білім беретін мектептерден тыс мамандандырылған мекемелерде алады. Кейде мұндай жағдай айрықша мұқтаждықтағы балаларды жай мектепте оқытуға мүмкіндік бермейтін қаржыландыру тетіктерінің жетімсіздігімен байланысты болады. Айрықша мұқтаждықтағы

31 Ауыл мектебі директорымен сұхбаттан (маусым, 2013).

32 ҚР Білім және ғылым министрлігінің Қаржы департаменті өкілдерімен сұхбаттан (маусым 2013).

балаларды жалпы білім беретін мектептерде оқытумен қамтамасыз ету қосымша ресурстарды талап етеді, мәселен, мұғалімнің баламен жұмыс істеуіне қажетті қосымша уақыт, арнайы оқу материалдары мен сынып жабдықтары. Мемлекет тарапынан қосымша қолдау болмай, инклюзивті білім моделінің іске асуы әсте мүмкін емес, өйткені ол мектеп бюджетінде қарастырылмаған қосымша шығындарды талап етеді.

Балалардың жоғарыда аталған санаттарына мектеп тамағы мен оқулықтар ұсынуды реттейтін нормалар бар. Тамақпен және оқулықтармен қамтамасыз ету жергілікті (облыстық) бюджет есебінен қаржыландырылады. Аймақтар арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Мысалы, кейбір облыстарда тегін тамақпен қамту толық қамтамасыз етілген, ал Алматы, Атырау, Ақмола сияқты облыстарда бұл көрсеткіш барынша төмен (ҰБСБО, 2012).

Мұғалімдер жалақысы Жүктеме жүйесі

Мұғалімнің жалақы құрылымы (жүктеме жүйесі) үзілмелі, күрделі әрі басқаруға қиын. Мұғалімнің базалық еңбекақысы заңмен белгіленген аптадағы 18 байланыс сағатына теңестірілген оқу жүктемесімен анықталады. Зертхананы меңгеру, оқушылардың жұмыстарын тексеру сияқты барлық басқа қосалқы міндеттерге төлем жеке есептеледі (ҚР БҒМ, 2009). Жүктеме жүйесі оқушыға бағытталған оқу жүйесіне қолдау танытпайды, жаңа талаптарға байланысты міндеттерге төлем жүргізбейді. Оқытудың жаңа әдістері мұғалімдерге өтемақы төлемейтін оқушыларды бағалау, қосымша сабақ жоспарлау сияқты қосымша жұмыстарды талап етеді (ЮНИСЕФ, 2011а).

Жүктеме жүйесі сынға жиі ұшырайды, өйткені ол бөлшектенген әрі ашық емес жүйе. Орташа есеппен алғанда, мұғалімдер айына 80386 теңге (535 АҚШ доллары) табады; салыстырар болсақ, еліміздегі орташа жалақы мөлшері 109,970 теңгені (733 АҚШ доллары) құрайды (3-кестені қараңыз) (ҚРСА, 2013b). L қосымшасында ЭЫДҰ елдерінің еңбекақы мөлшері келтірілген. Жалақы мөлшері төмен болғандықтан, мұғалімдер қосымша сағаттар алады, бұл білім сапасына әсерін тигізеді.

3-кесте. 2013 жылғы маусым айына жұмыспен қамту түрлері бойынша Қазақстандағы орташа жалақы

Орташа айлық жалақы	теңге (айына)	доллармен
Елдегі орташа айлық жалақы	109970	733
Ғылым мен технология	199393	1329
Таукен өндіру саласы	197672	1317
Қаржы және сақтандыру	185729	1238
Ақпараттық технологиялар	165159	1101
Индустрия	132686	884
Көлік	127323	848
Құрылыс	120896	805
Өндіріс	110858	739
Мемлекеттік қызмет	107488	716
Сауда	102215	681

Орташа айлық жалақы	теңге (айына)	доллармен
Электрмен қамтамасыз ету	99068	660
Қоғамдық тамақтандыру	93162	621
Денсаулық сақтау	88293	588
Білім беру	80386	535
Бос уақытты өткізу және ойынсауық	75264	501
Ауыл, балық және орман шаруашылығы	61474	409

Дерек көзі: ҚР Статистика жөніндегі агенттігі 2013

Қорытындыда атап өтерлігі, мұғалімдерді ҰБТ-де көрсеткен жақсы көрсеткіштері және медальға ие болғандар үшін ынталандыру жоспары кері әсерін тигізуі мүмкін³³, өйткені аталған жүйе тек қана теңсіздікті күшейтеді.

Жан басына шаққандағы қаржыландыру

Жан басын қаржыландыру білім беру саясатын жүзеге асырудың құралы болып табылатындықтан, білім беру жүйесімен анықталған мақсаттарға толық жауап беруі керек. Қаржыландыруды айқындайтын принциптер ұлттық стратегияға, білім беру саясатына және мемлекет құндылықтарына сәйкес болуы қажет. Мысалы, білім беру саясатының басымдықтарының бірі тепе-теңдікті қамтамасыз ету болып табылады, сондықтан, бұл басымдық тиісті ресурстардың бөлінуін талап етеді. Егер мемлекеттің мақсаты ауыл мектептерінің жүйесін күшейту немесе тіл саясатын алға бастыру болса, онда бұл пункттер де бюджеттен тиісінше өз орнын табуы керек.

Қазақстан жан басын қаржыландыруға 2015 жылы көшеді (ҚР БҒМ, 2010а). Қаржыландырудың жаңа механизмі елде тұтас жүргізіледі, десе де аз жиынтықты мектептер ескі нормативтік модельге сәйкес жұмыс істейтін болады және оларды қаржыландыру «сынып» басына есептеу нормативімен белгіленбек (Бюджеттік шешімдер институты және ЮНИСЕФ, 2011). Мұндай шешім аз жиынтықты мектептерді (олар Қазақстандағы барлық мектептердің 56%-ын құрайды) сақтап, оларды қаржының жетпей қалуынан қорғау үшін қабылданды. Аз жиынтықты мектептер өз оқушыларына жалпы білім беретін әдеттегі мектептердегідей оқу бағдарламасын ұсынады, алайда аз жиынтықты мектептердегі оқушы басына жұмсалатын шығын көбірек, өйткені оларда оқушы саны аз, мұғалім мен оқушы арақатынасы төмен. Қазіргі қаржыландыру жүйесіне сәйкес, мектептердің барлық типтері оқушы санына тәуелсіз түрде жалпы нормалар негізінде қаржыландырылады, осылайша, барлық аз жиынтықты мектептердің мұқтаждықтары басқа мектептермен тең дәрежеде қанағаттандырылды. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі мұғалімдердің жалақысы қаладағыға қарағанда 25%-ға артық (ҚР ҰҚ, 2008).

Қазіргі кезде Қазақстанда мектеп оқушыларының 16% оқитын 4225 шағын құрамды мектеп бар. Шағын құрамды мектептердің 150 – қалалық, ал 4075 ауылдық жерлерде орналасқан³⁴. Заңнамаға сәйкес, бастауыш мектептерде 5-тен 40-қа дейін бастауыш сынып оқушылары, ал

33 Бірінші арнадан Білім және ғылым министрлігінің өкілі Әлия Ғалымованың сұхбатын қараңыз. 12.06.2013, <http://www.itv.kz/ru/news/video/12062013/sistema>

34 ҚР БҒМ, Орта және мектепке дейінгі білім департаменті (2011) «Шағын мектептер бойынша статистика».

орта мектептерде 41-ден 80-ге дейін оқушылар және жоғарғы сыныптарда 81-ден 280-ге дейін оқушылар болу тиіс³⁵.

Қазіргі шағын құрамды ауыл мектептер жүйесі – тұрғылықты жеріне қарамастан балаларға Қазақстанда білім алуға жаппай қол жеткізуді қамтамасыз ететін жүйе. Ұлттық басымдықтар шағын құрамды мектептердің тең болуы мен оларға арналған ресурстарды тең мөлшерде бөліну қағидаттарын белгілейді. Сондай-ақ, білім жүйесіндегі шығындар басқа жағынан өсе береді (инфрақұрылымды жақсарту, жабдықтармен қамтамасыз ету, мұғалімдерді оқыту және қайта даярлау, мұғалімдердің еңбекақыларын өсіру және т.б. мәселелерін шешу қажеттілігін ескере отырып). Ресурстардың шектеулігін ескере отырып, ресурстардың тең мөлшерде бөліну тиімділігін жақсарту мүмкіндігіне назар аудару қажет, бұл мектептер жүйесін оңтайландыру мен штаттық нормаларды қайта қарауды қажет етеді.

Қазақстандағы сыныптың орташа мөлшері 16,2 құрайды (ҰБСБО, 2012). Оқушылар мен мұғалімдер арақатынасы 8,2 құрайды (ҚРСА, 2012). ЭЫДҰ елдерінде сыныптың орташа мөлшері 24 оқушыны және арақатынасы 1:14 құрайды (ЭЫДҰ, 2012) (ЭЫДҰ елдеріндегі бір оқушыға келетін шығындар мен ЖІӨ-не пайыздар есептегенде білімге жұмсалатын шығындар М қосымшаңыз қараңыз).

4-кесте. Қазақстандағы әр түрлі типті мектептердегі оқушылар мен мұғалімдердің орташа арақатынасы (2012)

	Мектептердің жалпы саны	Қалыпты топтасқан жалпы білім беру мектептері	Шағын құрамды мектептер
Мұғалімдер	307972	232377	75595
Оқушылар	2533930	2136392	397538
Арақатынасы	8.2	9.2	5.2

Дерек көзі: ҚРСА, 2012b және БҒМ мәліметтері

Қазіргі кезде шағын құрамды мектептерде сыныптарды қалыптастыру нақты мектептегі жағдаймен анықталады және оқушылар саны мен мұғалімдер болуына байланысты. Әр адам басына қарай қаржыландыруға көшкенде, шағын құрамды мектептерді қаржыландыру «сынып» есебімен нормативті қаржыландырылады, ол үшін шағын құрамды мектептердегі сыныптар қалыптастыруды реттейтін нормативті құжаттарды әзірлеп қабылдау қажет (ҚР ДМ, 2010).

Сонымен қатар, шағын жинақты мектептердегі сыныптар негізінде қаржыландыруды үлестіру үшін қаржыландыру агенттігі білім беру бағдарламасының талаптарын ескере отырып, шағын жинақты мектептердегі сыныптардың құрылуын басқарушы ережелер (нормативтер) еңгізуі тиіс. Мысалы, орта мектеп деңгейінде белгілі бір пәндер бойынша сыныптарды бөлу қажеттілігі немесе бірнеше тілдер бойынша оқыту қажеттілігі негізінде сыныптарды топтау қажеттілігін ескеру. Екі сыныпты біріктіру барысында сыныптағы рұқсат етілетін балалар санын анықтайтын шағын жинақты мектептер үшін нормативтер болады. Мысалы, екі сыныптың қосылуы жағдайында оқушылар саны 25 тен аспауы қажет, немесе 1 және 4 сыныптар қосылған жағдайда оқушылар саны 15-тен аспауы шарт (ҚР ДСМ, 2010).

³⁵ ҚР БҒМ «Шағын мектептерді 2010–2020 жылдарға дейін дамыту концепциясы»

Адам басына қарай қаржыландыру енгізудегі халықаралық тәжірибесі шешімді қабылдауда орталықсыздандырудың белгілі дәрежесі мен бөлінген қаржыны жұмсауда мектептерге еркіндік беруді көздейді. Мектеп қаржысын басқарудағы дербестік директорлардан кәсіби дағдыларын, жоспарлау мен есеп білімдерін талап етеді. Дегенмен, Қазақстанда мектептерге өз бюджетін басқаруда қандай дербестік дәрежесі берілетіні және ондай жауапкершілікке қаншалықты дайын екені белгісіз.

Қазақстандағы адам басына қарай қаржыландырудың жаңа формасы 3 компоненттен тұрады:

- мемлекеттік жалпылай міндетті білім стандарттарын қамтамасыз ету нормативтері. Қалыпты топтасқан орта мектептерде оқушылар саны негізінде есептеледі. Шағын құрамды мектептерде шығын бірлігі «сынып» есебімен нормативті қаржыландырылады.
- білім беруді базалық қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындар нормативтері. Бұл компонент мектеп ғимараты ауқымын, климат зонасын және аумақтық шығындар айырмашылықтарын қамтиды.
- білім беру сапасын жақсарту мен үлгерімі үшін бөлінетін гранттар. Бұл компонент білім беру сапасын жақсартуға мүмкіндік туғызады. Аудандық, облыстық немесе республикалық деңгейде жетістіктерге жететін мектептер қосымша ресурстарға қол жеткізе алады, ал мектеп әкімшіліктері қосымша ресурстарды қалай қолдануды шеше алады: мұғалімдерге бонус беру, мектеп ғимаратын жақсарту немесе қосымша қызметкерлер жалдау (Бюджеттік шешімдер институты және ЮНИСЕФ, 2012).

Формуланың бұл компоненті оқушылардың жетістіктерге жеткізіп, мектептер арасында бәсекелі ортасын жақсартады десек те, сапаны жақсарту мен теңдік құрудағы дұрыс тетігі ретінде қарастыруға болмас. Оқушылардың әлеуметтік-экономикалық мінездемелері олардың үлгеріміне тура әсер ететіні белгілі, сондықтан, жағдайсыз аудандардағы мектептердің төмен көрсеткіштері міндетті түрде мектептің тиімсіздік нәтижесі емес, оқушылардың әлеуметтік жағдайы нәтижесі болуы мүмкін. Жақсы нәтижелер көрсететін лицей мен гимназияларда оқушыларды іріктеп алу мүмкіндігі бар. Жай мектептерде мұндай мүмкіндік жоқ, сондықтан, қайсы болсын әр мектептің жетістіктерін іріктеу саясатына тәуелді болады. Осы саясатты іске асыру нәтижесінде жақсы атағы мен оқушыларды сәтті іріктеу сияқты қолайлы жағдайы бар мектептерге ресурстар беріледі деп болжауға болады. Реттелмеген бонус жүйесі әдетте басымдылықтары барларын марапаттайды.

Адам басына қарай қаржыландырудың жаңа формуласы ерекше қажеттіліктері бар оқушылар мен нашар тұратын отбасы балаларын жақсы жағдаймен қамтамасыз ету арқылы теңдік саясаты мен реттеуді назарға алады деп күтілуде, бірақ та, «қажеттілік» компоненті формулада есепке алынбаған. Жаңа формуладағы үш компоненттің қайсысы оқушылардың қосымша қажеттіліктерін қаржыландыруды қамтитыны түсініксіз. Қажеттіліктеріне қарай қаржыландыру формуланың маңызды элементтерінің бірі болып табылатынын халықаралық тәжірибе куәландырады, және бұл схема ЭЫДҰ елдерінің көбінде қолданады.

ЭЫДҰ елдеріндегі мектептерді қаржыландыру формуласы

ЭЫДҰ елдеріндегі мектептерді қаржыландырудағы қолданатын негізгі компоненттер (Си Росс&Левасик, 1999; Фазекас, 2012):

1- компонент: студенттер саны мен оқыту сыныбы

Мектепті қаржыландыру, сыныбы немесе оқушылардың жасына байланысты оқушылар санына қарай жасалады. Бюджет жергілікті білім беру мекемелер мен мектеп даярлайтын болжалды оқушылар санына негізделіп жоспарланады. Академиялық жыл бойындағы оқушылар санының өзгеруі, формулаға түзету коэффициентін (95%) енгізу арқылы жасалады, нәтижесі нақты оқушылар саны есебімен түзетіледі.

2- компонент: оқу бағдарламасын кеңейту

Оқу бағдарламасының коэффициенті мектептерде музыка, тілдер және спорт сияқты арнайы сыныптарға керек қосымша ресурстар қажеттілігін ескере отырып жасалады. Одан жоғары шығындар мектептерде қосымша курстар енгізу, қымбаттау оқу құралдарын алу, мұғалімдердің еңбекақысын жоғарлату және т.б. байланысты болу мүмкін.

3- компонент: оқушылардың қосымша қажеттіліктері

Ерекше қажеттіліктері бар оқушылар немесе нашар тұрмысты отбасы балалардың қосымша мұқтажықтары ескере отырып, мектеп бюджетіне оқушылардың қажеттіліктері коэффициенті қосылады. Қосымша ресурстар осындай оқушыларды қолдау ретінде оқу барысында қосымша уақыт бөлу, арнайы оқыту материалдар алу және т.б. арналған. Бұл білім алуға теңдік орнату мақсатында жасалады.

4- компонент: мектеп мінездемесіне негізделген компонент

Компонент мектеп мінездемесіне негізделген және мектептің көлемі мен алшақ орналасуына, қосымша мектеп бөлмелерінің болуы мен аумақтық ерекшеліктеріне қарай шығындар айырмашылығын көрсетеді. Бір оқушыға жұмсалатын шығын мектеп көлеміне байланысты: шағын құрамды мектептердің бір оқушыға жұмсалатын шығыны ірі мектептермен салыстырғанда жоғары болады. Алыс жерлерде орналасқан және ауыл мектептеріне жұмсалатын шығындар қосымша көлік шығындарына байланысты жоғарлау болады. Ескі және зәулім мектеп ғимараттарды күтіп ұстауға қосымша шығынды қажет етеді. Баға қалыптасудағы аймақтық айырмашылықтары мұғалімдердің еңбекақысы, жылу беру ақысы және т.б. көптеген факторлардан қалыптасады.

«Мектеп бюджетін анықтауға қолданатын формулалар ұлттық құрамы мен елдің басымдықтарымен байланысты. Формуланың кейбір компоненттер мағынасы білім беру саясатының мақсаттары мен мәселелерін көрсетеді. Егер формула қоғамдастық және дербес адамдардың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында әлеуметтік саясатты есепке алып жасалса, онда 3 және 4 компоненттерінің «салмағы» басқа компоненттермен салыстырғанда басым болады. Егер білім беру реформасы оқыту бағдарламаны өзгертуге бағытталса, онда формулада 2 компонент басымды болады» (Си Росс&Левасик, 1999; Фазекас, 2012).

Реформаларды басқару

Ұлттық басымдықтар мен халықаралық тәжірибе

Ұлттық басымдықтар, оның ішінде білім беру саласындағы да, бір қатар құжаттарда көрінісін тапты: Қазақстанның стратегиясы 2030, Қазақстанның стратегиясы 2050 және 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы. Қазақстан білім беру саласында жедел және жан-жақты қамту реформа жолын таңдады. Жоспарланған білім беру реформасының барысы мен ауқымы таңғаларлықтай.

Ауқымды және күрделі білім беру реформаларын қысқа мерзімде және нәтижелі іске асыру сол реформаны жоспарлап іске асыратын адамдардың білім, біліктілік және ойлау қабілеті сапасына байланысты. Инновациялар мен реформалар жаңа білімді, біліктіліктерді және жаңаша ойлауды талап етеді. Сондықтан, инновациялық өзгерістерді іске асырып басқару үшін басқару әлеуетінің болуы маңызды.

Қысқа мерзімді, негізделген және тұрақты реформаға жеткілікті үдеріс мұғалімдер, мектеп басқармасы, ата-аналар, оқушылар, мемлекеттік қызметкерлер мен агенттіктер, жоғарғы оқу орындар қызметкерлері мен жалпы қоғамның жаппай күш салумен ғана мүмкін болады. Үнемі білім беру саласында білім алатын және жұмыла істеуді білетін білімді адамдар реформаның нәтижелі іске асырылуына көмектеседі.

Келесі ережелер білім беру реформасын іске асырып басқаруға қажетті басты шарттар ретінде ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибе негізінде тұжырымдалған (Аргирис, 2012; Брик және Шнайдер, 2002; Дарлинг-Хаммонд, 2010):

- Өзгерту барысын түсіну (білім берудің өнегелігі; реформаның әр компоненттерінің үйлесімділігі; қарым-қатынас жасау; білім институтын қалыптастыру және білім алмасу; ішкі де, сыртқы мүдделі жақтармен реформа мақсатына жету жолын ұстаушылық);
- білім беру реформаларының қандай көлемде жүріп жатқанын түсіну; жетекші және басқарушы әлеуетін өсіру;
- есеп беруге жауапты құрылымдар мен бастамаларды қолдайтын құрылымдар арасында арақатынасын сақтау;
- реформалау нәтижесінің жоғарғы сапасы мен амбициялық мақсаттардың арақатынасы;
- орындаушыларды «шаршататын» үкімет тарапынан шамадан тыс «заң шығарушылықтан» болдырмау;
- түпкі нәтижеге бағытталған жоспарлауды қолдану, мониторинг және реформалау барысындағы айқын есеп беру;
- мүдделі тараптарды жоспарлауға және шешім қабылдауға қатыстыру; жазалау шараларда емес, мәселені шешуге назар аудару;
- білім беру реформасын реттеуге сапалы және санды көрсеткіштерді қолдану;
- реформа нәтижесін әшкерелейтін көрсеткіштер пен «бонустарды» қолданбау (мысалы, жақсы көрсеткіштерді көрсеткен мектептерге сыйақы беру, мектептерді «жақсы» мен «жамандарға» бөлу);
- арнайы қажеттіліктері бар оқушылар мен нашар тұрмысты отбасылардың балаларды қоса барлығына қатысты жоғарғы стандарттар мен «бонустар» жолын ұстау;
- «теңестірілген жетекшілік» пен қоғамдастықтың барлық мүшелеріне тиімді орта құру; қоғамдастықта инабатты, сенімді, конструктивті жағдай қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлықпен күресу.

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЗЕТТІ ШАРАЛАР

Республикалық білім беру жүйесінде көп жасалған – білім беру стандарттары жаңартылды, Назарбаев Университеті құрылды; қазақ тілінде терминология, деректер қоры және арнайы сөздіктер шығарылды, Болашақ шәкіртақылық бағдарлама іске асырылды; 33 үш тілді мектептер жүйесі құрылды; БҰТ және ҚАЗТЕСТ жүйелері жасалды; Мұғалімдердің біліктілігін жоғарлататын педагогикалық шеберлік орталығы ашылды, біртұтас «Өрлеу» БАҰО құрылды, Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға бағытталған Назарбаев зияткерлік мектептері ашылды. Сонымен бірге, білім беру саласында басқа да тиімді жобалар баршылық, олар жүйенің барлық деңгейлерінде білім беру саласындағы жетекші маңызды өзгерістер жағдайында процесстерді басқару барысында жүктелген жауапкершілік ауыртпаушылығын айқын көрсетеді. Білім беру жүйесінің әр түрлі салаларында реформаларды тиімді басқаратын басқарушы буын деңгейінде әлеуетін күшейту қажет.

Өзгерістерді тиімді басқарудың бастапқы процесстері

Басқару әлеуеті

Өзгерістер процесін басқару ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейінде күш салуды қажет етеді. Жергілікті басқарушы әлеует реформалар кезеңдерінде қалыптасты. Бірақ та, сол кезде өзгерістерді басқару тәжірибесі мен білім беру реформасының көлемін кеңейту пайдаланбаған. Мысалы, ҚР БҒМ қызметкерлері олар өзгерістерді басқару, мүдделі тараптар арасында ынтымақтастықты қолдау немесе білімді басқарумен емес, көбінесе нормативті құжаттарды әзірлеумен айналысады. Ұйым әлеуетін өсіру жөнінде тыңғылықты, жүйелі жұмыс жүргізуде деген бір де бір дәлел анықталмаған. Білім беру ұйымдардың қызметін жоспарлау бойынша құжаттардың мазмұны нақты емес, мақсаты мен мәселелері айқын қойылған жағдайларында да, мақсатқа жету жолдары түсініксіз. Сондықтан, жоспарлау мен есеп беру жүйесіне көбірек инвестициялар қажет, және де ол жүйелендірілген, айшықты, белгілі нәтижеге бағытталған болу керек. Сонымен қатар, көбінесе орындаушылар жоспарлау барысына қатыстырылмайды, бұл олардың түсінбейтінін немесе реформаның қойылған мақсаты мен бағыттарының келіспейтінін көрсетеді. Білім беру жүйесін реформалау барысында мониторинг қолданылмайды, сондай-ақ, қолданыстағы сынама жобалар нәтижелер сараптамасы жүргізілмейді. Сынама мектептер тәжірибесін басқа мектеп пен жалпы білім беру жүйесіне тарату жоспарлау мен сараптауға жеткіліксіз назар аударылмайды.

Мүдделі тараптардың ынтымақтастығы

Мүдделі тараптардың ынтымақтастығы тәжірибеде толықтай іске асырылмайды. Мүдделі тараптар – бұл орта білім беру жүйесінің дамуына әсерін тигізетін дербес өкілдер, топтар немесе бір ұйымдар. Қызметтері өзара байланысты ұйымдар бір бірімен қарым-қатынас жасамайды.

Кенес беру дара түрінде ғана кездеседі, мысалы бір ұйым ақпараттың бір бөлігімен бөліскен жағдайда, ал нақты серіктестікті нығайтатын ұйымдар арасында қарым-қатынас жоқ. Қоғамға тарату мақсатында мемлекеттік қаржы есебінен материалдар жасалғанына қарамастан, ақпараттың таратылмауына себеп болып отырған зияткерлік меншікке құқық қорғау. ынтымақтастықтың тиімді формаларын дамытуға әкелетін ынталандыру механизмдері мен жүйелері жоқ.

Ойлану әдісі

Білім беру жүйесінде өзгерістер жолындағы басты бөгет – ойлану қалпы. Ресми өкілдердерде «дамуға бағытталған ойлануды» (Двек, 2006) қалай қалыптастыру немесе «өзгерістерге иммунитетпен» (Кеган&Ласков, 2009) күресуге бағытталған стратегиялар жөнінде түсініктері жоқ екенін көрсетті.

Есеп беру

Ресми есептерде білім беру саласындағы нақты бар мәселелер айқын көрсетілуі керек.

Білім беру секторындағы жетістіктер туралы айтуға болатындығына қарамастан, талқыланатын және шешілетін мәселелер мен қиындықтар нақты белгілену керек. Жетістіктермен мақтану әрдайым күштірек, ал қиындықтар жайлы сөз қозғалмайды.

Жоспарлау құралдары мен көрсеткіштерін қолдану есеп беру жұмысын жақсартуы ықтимал.

Сыбайлас жемқорлық

Білім беру реформасын іске асыру барысында айтарлықтай бөгет болатын сыбайлас жемқорлық. Осындай жағдайда мектеп ішінде, тіпті жалпы қоғамда да сенім туралы айту қиын. Осындай мектептердің қызметкерлері болашақта бірге қызмет етіп, бір-біріне қолдау көрсетіп, білім беру саласын жақсарту үшін педагогикалық тәсілдерін жетілдіреді деген күмән туғызады. Үкіметтің сыбайлас жемқорлықпен күресу шаралары жаңа қиындықтар туғызады (БҰТ, қызметтерді сатып алу туралы жаңа заңнама).

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Аргирис, С. (2012), Ұйымдық тор: көшбасшылық, мәдениет, ұйымдық құрылым. Oxford University Press, Оксфорд

Аронин, Л. және Хуфесейн, Б. (2009), Үштілділікті зерттеу, John Benjamins, Амстердам.

Бала хұқықтары бойынша комитет (2007). 45 сессия. Есептер Конвенцияның 44 тарауына сәйкес берілген. Қорытынды байқаулар *UNCRC: Қазақстан CRC/C/KAZ/CO/3*

Бидл, Б. Дж. и Берлинер Д. (2002) Америка мектептеріндегі тең емес қаржыландыру туралы зерттеулер нені көрсетеді? Білім саясаты туралы есептер жобасы (*Education Policy Reports Project (EPRP)*). Білім саясаты саласындағы зерттеулер лабораториясы. Аризона штаты университеті: Tempe, AZ.

Брик, А.С., Шнайдер Б. (2002), Мектептерге сенім: жақсартудың басты ресурсы, Russell Sage Foundation, Нью Йорк

БСКҰО (Білім сапасын қамтамасыз ету ұлттық орталығы) (2010), Национальный доклад об образовании Республики, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Астана.

Бюджеттік шешімдер институты (2011) «Қазақстан Республикасындағы орта білім қызметтері құнын айқындайтын бап»

http://www.budget-solution.ru/expert/akt_for_school_funding_kaz#a

Бюджеттік шешімдер институты және ЮНИСЕФ (2012) «Қазақстан Республикасындағы бала санына негізделген нормативтік қаржы жүйесі»

Вирди Г. и Зиммеман Р., ЮНИСЕФ (2002), Қырғызстандағы балалардың хұқықтарын қорғау мәселелері

Гарсия, О. (2009), *21 ғасырдағы екітілділік білім: жахандық келешек*, Wiley-Blackwell, Оксфорд.

Давенпорт, Томас Х. (1994), «Өз жаныңды құтқару: адамға бағытталған ақпарат», *Harvard Business Review*, Том. 72, № . 2, б 119–131.

Дакар іс-қимылдар жырағы (2000) Барлығына білім: біздің уәделерімізді орындау. Дакар, Сенегал.

Дарлинг-Хаммонд, Л. (2010), *The Flat World and Education: How America's Commitment to Equity Will Determine Our Future*, Teachers College Press, Нью-Йорк

Дарлинг-Хаммонд, Л. және Ротман, Р. ред., (2011) Аса белсенді білім жүйелеріндегі мұғалімнің және басшының нәтижелігі. Вашингтон, DC: Үздік білім альянсы және Стенфорд, CA: Білім саясатындағы мүмкіндіктер Стенфорд орталығы, Вашингтон, DC.

Двек, К. (1999) Тәуелсіз теориялар: олардың мотивациядағы, тұлғадағы және дамудағы ролі. Тейлор және Франсис, Филадельфия, PA

Двек, К.С. (2006), Ойлау: Жетістіктің жаңа психологиясы, Random House, Нью Йорк

ДБ (Дүниежүзілік банк) (2012) Қазақстандағы білім беру саласындағы сапа мен тепе-теңдік: *PISA 2009* мәліметтері нәтижелерін талдау, Вашингтон, DC

Дэвей Дж. (1963) Тәжірибе және білім. Лондон: Кольер Макмиллан [бірінші басылым 1938ж.).

ДХТ (Дағдарыс бойынша халықаралық топ) (2011) Орталық Азия: Онжылдық және құлдырау, Азия Есебі № 201, 11 ақпан 2011.

Еуропалық комиссия (2011), Еуропа мектептеріндегі ИКТ көмегімен инновациялар мен оқыту бойынша басты мәліметтер, Education Audiovisual and Cultural Executive Agency P9 Euridice, Брюссель.

ЖЗ БМ (Жаңа Зеландия Білім министрлігі) (1996), *Te Whāriki Early Childhood Curriculum*, Learning Media, Wellington.

Кеган, Р. & Ласков Л. (2009) Өзгерістерге иммунитет: Оны қалай өту және өзіндегі және өзіңіздегі ұйымдағы күш-қуатты ашу. Harvard Business Press, Бостон.

ҚР ДМ (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі) «Санитарлық ережелерді бекіту туралы «Жалпы білім және интернаттық ұйымдарда оқыту шарттарын жалғастыру және санитарлық талаптарды құру» № 834 бұйрығы, 25 қазан, 2010 жыл, Астана

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2009), «Бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік білім мекемелері қызметшілерінің жалақысын есептеу ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ бұйрығы 29 қаңтар 2009 № 40, Астана

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2010), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың *2011–2020* жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен мақұлданған.

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2010b), Қазақстан Республикасындағы 12-жылдық білім беру концепциясы, Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Астана <http://www.do.ektu.kz/laws/MONRK/17.pdf>

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2013), Мектепке дейінгі білімнің типтік шарттары (Қазақстан Республикасы үкіметімен бекітілген 17 мамыр, 2013 жыл, № 499).

ҚР БЗ (Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы) 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III (14/01/2013 өзгерістер мен толықтырулармен).

ҚР БК (Қазақстан Республикасы бюджеттік кодексі) (2008), 2008 жылы 4 желтоқсанда күшіне енді

ҚРСА (Қазақстан Республикасы статистика агенттігі) (2012), «Қазақстан мектептеріндегі оқушылардың мұғалімдерге сандық қатынасы», www.stat.kz «

ҚРСА (Қазақстан Республикасы статистика агенттігі) (2013a), www.stat.kz

ҚРСА (Қазақстан Республикасы статистика агенттігі) (2013b), «Экономикалық қызмет түріне байланысты орташа айлық жалақы», www.stat.kz

ҚР ҮҚ (Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы) (2007), № 14002007ж. 29 желтоқсанда күшіне енген «Мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің қызметшілері, мемлекеттік кәсіпорын қызметшілерінің жалақы жүйесі».

ҚР ҮҚ (Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы) (2008), «Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 58 Қаулысы, 10-параграф, Астана

Мейер, Х. Д. және Бенаво, А. (2013) *PISA*, Күш және саясат. Кітаптар симпозиумы: Оксфорд

Муршед, М., Чижоке К. және Барбер М. (2010) Әлемнің үздік мектеп жүйелері қалайша жетілдіре түсуде? Лондон: МакКинзи

Назарбаев Н., (2012) «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Астана

НАО (Алтынасарин атындағы Ұлттық білім академиясы) (2010), «Қазақстан тарихы, жалпы білім беру мектептерінің 5–9 сыныптарына арналған оқу бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрімен бекітілген, № . 367, 09.07.2010, Астана.

ҰБСБО (Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы) (2011), Қазақстан Республикасында білімді дамыту туралы ұлттық есеп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Астана.

ҰБСБО (Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы) (2012), Қазақстан Республикасында білімді дамыту туралы ұлттық есеп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Астана.

Сандж зерттеу орталығы және Сорос Қазақстан (2008) «Қазақстандағы ауыл мектептері: дамытуды қаржыландыру», Алматы.

Сандж орталығы (2008) Балалардың әлжуаз тобы мен олардың отбасыларының мұқтаждықтарын бағалау, Астана

Сенос, Дж. (2013), «Влияние двуязычия на усвоение третьего языка: Акцент на многоязычии», *Language Teaching*, Том 46, № . 1, сс. 71–86.;

Си Росс, К. & Левасик, Р. (1999) «Қажеттілік бойынша білімдегі ресурстарды мектептерді қаржыландыру формуласы арқылы тарату», ЮНЕСКО, Білімді жоспарлау халықаралық институты

Сли, Роджер (2001). Білім зерттеулеріндегі әлеуметтік әділеттілік пен өзгеретін бағыттар: инклюзивті білім үлгісі. Инклюзивті білім туралы халықаралық журнал, Том. 5, № . 2–3, 167–177 б.

CERI (2011) Нәтижелі білім алуға бағытталған инновациялық оқыту. Инновациялар мен білімді зерттеулер орталығы, Париж, ЭЫДҰ http://www2.ohchr.org/english/bodies/crc/docs/co/CRC.C.KAZ.CO.3_ru.pdf

Total Kz (2013), Балабақшалар проблемасы өсуде. http://total.kz/society/2013/04/04/problema_detskih_sadov_v_rk

Tengri News (2011), Қазақстанда құрылыс жүргізушілерге мүгедектерге арналған пандустардың жоқтығы үшін айыппұл салады. http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazhstane-zastroyschikov-budut-shtrafovat-otsutstvie-pandusov-invalidov-185335/

Фазекас, М. (2012), «Мектептерді қаржыландыру формулалары – Негізгі сипаттамаларға шолу», ЭЫДҰ, *Education Working Paper* No. 74.

Фишман Дж.А. (1991), Тіл өзгерісі, Көптілділік мәселелері, Клеведон, Англия.

Шульман Л.С. және Шульман Д.С. (2004): Мұғалімдер нені және қалай зерттеуде: өзгеріп жатқан үміттер, *Journal of Curriculum Studies*, 36:2, с.257–271.

ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы) (1999), Ел туралы мәліметтер: Швециядағы ерте даму және қамқорлық саясаты www.oesd.org

ЭЫДҰ (2011) Білім саласына шолу «Қазақстан мектептеріндегі оқушылардың мұғалімдерге сандық қатынасы» <http://www.oecd.org/edu/skills-beyond-school/48631144.pdf>

ЮНИСЕФ, (2011а) Мұғалімдер: *CEECIS* аймағындағы жұмысқа орналастыру, дамыту және жалақы туралы аймақтық зерттеу, ЮНИСЕФ ТМД елдері және Шығыс Еуропа бойынша аймақтық офис (CEECIS), Женева.

ЮНИСЕФ (2011б), «Қазақстанның мемлекеттік интернат мекемелеріндегі зорлық: бағалау» баяндамасы

2-ШІ БӨЛІМ

Техникалық және кәсіптік білім беру

Аталмыш бөлім БЖМБ-ның мақсаттары мен стратегияларын, оның ішінде мақсаттар мен реформалар көрсеткіштері, саясат құрудағы біліктілік, үлгілер мен бағалауды қоса қамтиды. Сонымен қатар, бөлімде басқару, менеджмент, жоспарлау, қаржыландыру және ТжКБ сапасына шолу қарастырылған.

Кіріспе

Ғылыми жұмыста 2011–2020 жылдар Қазақстан Республикасы білім беруді дамыту Мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі, Білім беруді Дамыту Бағдарламасы) ТжКБ реформалаудың негізгі бағыттарына шоғырланған жедел-бағалау нәтижелері ұсынылған. Негізгі бағалауға интервью кезінде бас әкімгерлер, мекеме мамандары және басқа да органдар қатысты; сонымен қатар ТжКБ саласындағы негізгі құжаттар мен нормативтік-құқықтық актілер. Бірақ ТжКБ нақты үдерістерін бақылауға, ТжКБ-да жасалған ішкі процедуралары мен құрылымдарын тереңдете бағалау өткізуге мүмкіндік болмады. Және де бұл ғылыми жұмыста Қазақстан ТжКБ барлық жүйелері үшін ұсыныстар пайдаланылған, сұхбатта айтылған және оқылған материалдар, барлық пікірлерге ешқандай дәлелдеме жоқ.

Ағымдағы жағдай

Қазақстандағы ТжКБ жүйелерінің негізгі аспектілерін келесідей түйіндеуге болады: Қазақстандағы ТжКБ Бағдарламалары 797 ТжКБ колледждері мен лицейлеріне (2012ж.) (Білім туралы Заңдағы түзетулерден кейін қазіргі уақытта лицейлер колледжге айналды) ықпалды. 500-ге жуық мекемелер мемлекеттік, ал қалғандары жеке-меншік болып табылады. ТжКБ мекемелерінің 20% ауылдық жерлерде орналасқан. Студенттердің жалпы саны 588 000 асады және жылына 185 000 жуық адам тәмамдайды. Педагогика, экономика және салалық кәсіптер ең танымал мамандықтар қатарына жатады. Оқу орындарының 85,5% штаттық қызметкерлер. ТжКБ пән оқытушыларының жалпы саны 39 300 құраса, арнайы пәндер нұсқаушыларының саны 8 000 адамға жетеді.

Студенттер 9, 10 және 11 сыныптардан кейін 1, 2, немесе 3 жылға дейін, және 3 жылдан артық әр түрлі мерзімді бағдарламалар бойынша колледждерге түсуге мүмкіндіктері бар.

2011 жылы ТжКБ 9 сыныптан кейін оқитын студенттер саны 254 000 құрады; 10- сыныптан кейін оқитындар саны 173 500 студенттер, және де 163 900 орта мектептен кейін түскендер. Тұтастай алғанда жалпы білім беретін мектеп түлектерінің 32,7% ТжКБ-ға түседі: 24,8% 9–10 сыныптардан кейін және 7,9% 11 сыныптан кейін қабылданғандар. Орта білімдері толық емес студенттер, ТжКБ колледждерінде жалпы білім беру бағдарламаларындағы оқушылар мектеп аттестатын алмайды. 80%ға жуық студенттер күндізгі бөлімде оқиды. 2012 жылы ТжКБ мекемелерімен жетекшілер арасында жасалған 22 200 артық келісім-шарт көмегімен ТжКБ студенттерінің 82% жұмыстан қол үзбей тәжірибелік оқу орындарымен қамтамасыз етілді. 2012 жылы ТжКБ 73,6% бітірушілері бірінші рет бағалау/тестілеуден өтті. ТжКБ 60% бітірушілері еңбек нарығына кетті, ал 20% жуығы жоғары оқу орындарына (ЖОО) түсті.

2012 жылы ТжКБ арнайы бағдарламаларындағы 15–24 жас аралығындағы топтар арасында қатысушылардың (МСКО 3, 4 және 5В) жалпы санының 20%-ға жуығын құрады. Бұл

көрсеткіш ЭЫДҰелдерінің арасында жақсы көрсеткіш (6-кестені қараңыз). Жастардың осы жас аралығындағы топтарының 21,1% ЖОО-на түсті; жастардың 19,2% жалпы білімдерін жалғастырды. ТжКБ студенттерінің 243 000 (41,3%) мемлекеттік гранттар есебінен қаржыландырылса, қалған 345 300 (58,7%) ақылы бөлімде оқыды.

Қазақстандағы ТжКБ жүйесінің құрылымдары мен қызметтерінде түбегейлі өзгерістері төмендегідей нәтиже берді:

- ТжКБ оқу орындарын «мемлекеттік-қазыналық кәсіпорын» ретінде тіркеп, ұйымдаструшылық-құқықтық түрлерін өзгертіп және де кәсіптік-техникалық училищелерді (техникумдар) қайта құру және лицейлерді колледждерге айналдырып қайта құру;
- ТжКБ қызметінің мемлекеттік қаржыландырудан өзін-өзі қаржыландыруға көшіріп, оған бағынышты аймақтарды өкілдеу жолымен техникалық қызметкерлер мен оларды жұмыспен қамту қызметін бөлу;
- Кәсіптік және білім беру стандарттарын және оқу үдерісінен дағдыны бағалау бойынша талаптарын жасау жолымен ТжКБ шығын/кіріс үдерістерін стандарттау және қызмет ұсыну;
- Жұмыс берушілермен салалық және аймақтық келіссөздер жүргізу арқылы жеке кәсіпкерлер мен өнеркәсіптерге тәжірибеден өтуге жағдай жасау;
- Мемлекеттік инвесторлар мен институттардың қолдауымен ТжКБ-ге техникалық қолдау жасай отыра заманауи колледждер жасақтау және жұмыс жасап тұрған колледждерді қайта құру.

ТжКБ-ні дамыту бағдарламасының мақсаттары мен стратегиялары

ТжКБ-ні қайта құру мақсаттары мен көрсеткіштері

Қазақстан Республикасында 2011–2020 жылдарға арналған білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы білімнің жаңа «ұлттық көрінуін»: 2020 жылға дейін Қазақстан білімді және жақсы экономикалы елге айналып, «жоғарғы біліктілік жұмыс күшімен» (Білімді дамыту бағдарламасы, бет 7.) танылуы керек. Нақты стратегиялық мақсат техникалық және кәсіптік білім үшін «модернизация жүйесі ТжКБ бойынша қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық дамуының талаптарымен, дүниежүзілік шоғырлану» болып табылады.

Бағдарламада (I.1 – үзіндісін қараңыз) көрсетілген ТжКБ бойынша негізгі мақсаттар үш позицияда қосылады: оқу мазмұнын жақсарту, кадрдың дайындығын жетілдіру және ТжКБ абыройын көтеру. Стратегиялық мақсатпен ТжКБ мақсаттарының арасында айырмашылық бар. ТжКБ бойынша мақсаттар ұлттық «табысты жоғарғы біліктілік жұмыс күшін» жұмыс күш көрсеткіштерін бақылап отыру керек.

Қазақстанның 2020 жылға арналған стратегиясында бұлар сапалы және сандық көрсетілуі керек, және осы критерий арқылы нақты орта мен стратегиялық траекториялық бағдарламасында қазір және кейін қол жетімді болады.

Үзінді 1.1: Білім дамуының бағдарламасы бойынша ТжКБ тапсырмалары (43 бет) Дерек көзі:

- Экономиканың индустриялық-инновациялық дамуының талаптарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім құрылымының мазмұнын жаңарту
- Экономика салалары үшін кадр дайындығының инфрақұрылымын дамыту.
- Техникалық және кәсіптік білімнің мәртебесін арттыру

Білім беруді дамыту бағдарламасы, 43 бет

ТжКБ жүйесін модернизациялау бойынша мақсатты көрсеткіштердің арасында (2-деректі қараңыз) біліктіліктер бағасының нәтижесін жақсарту сипатының (берілген біліктіліктерді тәуелсіз бағалау үрдісінен өткен түлектер үлесі) және ТжКБ-ны жақсарту өлшемінің көрсеткіші маңызды болып табылады. Сонымен қатар, ТжКБ (жұмыс істейтін және жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі) жұмыс істейтін түлектердің үлесін арттыруға бағытталған көрсеткіш, ТжКБ міндеті шеңберінен тыс кетуде, себебі түлектердің жетістігі әр түрлі факторларға байланысты. Басқа елдерде «ұлттық аккредиттеуден» өткен колледждердің көрсеткіштері тек мақсаттық көрсеткіш қана емес сапамен қамтамасыз ету стратегиясының бөлігі болар еді.

Үзінді 1.2: Білім беруді дамыту бағдарламасы жүйесін модернизациялау бойынша ТжКБ-ның мақсатты көрсеткіштері

- Жұмыс берушілердің бірлестігінде біліктілікті тәуелсіз бағалаудан бірден өткен жалпы қатысқандар санынан түлектердің үлесі: 2015 жылға - 60% және 2020 жылға - 80%.
- Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған, жұмыс істейтін және жұмысқа орналасқан ТжКБ оқу мекемелері түлектерінің үлесі: 2015 жылға - 78%, 2020 жылға - 80%.
- Ұлттық институционалды аккредиттеуден өткен колледждердің үлесі: 2015 жылға - 10%, 2020 жылға - 30%.

Дерек көзі: Білім беруді дамыту бағдарламасы, 17 бет

ТжКБ-ның дамуы стратегиясы

Жол картасы бойынша білім беруді дамыту бағдарламасының жүзеге асуы ТжКБ мақсаттарымен әртүрлі әрекетті (108–130 іс-шаралар) және қосымша көрсеткіштерді біріктіреді. Алайда, осы іс-шара және көрсеткіштері жүйені модернизациялау бойынша бағдарламаның барлық үш мақсатты көрсеткіштерімен байланысты (1.2-деректе көрсетілген).

Білім беруді дамыту бағдарламасына ТжКБ-ге кейбір өзгерістер енгізу жоспарына қарамастан, сол өзгерістердің кейбірі әлі де болса нақты біріктірілмеген, ал, ТжКБ-нің жеке мақсаттары мен нәтижелері байланысты емес. ТжКБ қаржыландыру жүйесі жетілдіргеніне қарамастан, бағдарламамен жоспарланғандай барлық ұсынылған кеңестер құрылып, ұлттық біліктілік жүйесі жүзеге асырылып отырғанымен реформаның соңғы нәтижелері толығымен іске аспауы мүмкін. Аталған сұрақтар және ТжКБ (I деректе көрсетілген) бағдарламасы мақсаттарының жетістіктері бойынша сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік болмады.

ТжКБ саясатын әзірлеу

Білім беруді дамыту Бағдарламасында ТжКБ реформалау міндеттері адами ресурстарды дамыту бойынша халықаралық конвенция қағидаларымен, ұсынымдармен және ХЕҰ, ЮНЕСКО мен ЕО басқа да негізгі құжаттардың негізін құраушы қағидаларымен сәйкес келмейді. Бұл құжаттар адами ресурстарды дамыту бойынша халықаралық қағидалар

жөніндегі критерий ретінде қарастырылып, ТжКБ ұлттық жүйелерін жоспарлау мен салыстыруды жетілдіруге мүмкіндік береді.

ТжКБ халықаралық нормаларының негізгі міндеттері жалпы төрт аспектіге шоғырланған:

1. ТжКБ халық тарапынан сұранысқа (тұлғалық даму және әлеуметтік интеграция үшін), мүдделі тараптар сенімі мен еңбек нарығының мұқтаждықтарына (өнеркәсіп салалары, өңірлік экономика және жұмыс берушілер) өзектілігі
2. ТжКБ мен жұмыспен қамтылуға қол жеткізудің ұқсастығы (қаржыландыру мәселелерін, таңдауға ұсынылған оң қасиеттер, ТжКБ қызметтер өнім берушілерін тұтынушыларға қарай жақын орналастыру, сондай-ақ, ТжКБ-ға тиісінше қатысу)
3. Ұсынылатын ТжКБ қызметтерінің сапасы
4. ТжКБ жүйелері мен институттарының тиімділігі (нәтижелерді таңдауда мүмкіндіктерді пайдалану тиімділігі).

Ағымдағы бағалауда үкімет пен мүдделі тараптардың ұзақ мерзімді ниеттері сипатталатын ТжКБ-да қандай да бір ұлттық контексті анықтау мүмкіндігі болмады. Соған қарамастан, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы (бұдан әрі – Білім туралы Заң) және Білімді дамыту бағдарламасы ТжКБ саясаты бойынша бір қатар қағидаларды қамтиды.

Адами Ресурстарды Дамыту жөніндегі саясат өзектілікке, мүмкіндіктердің теңдігіне, ТжКБ сапасына және ТжКБ қызметтерін ұсыну тиімділігіне қатысты ТжКБ саласында жоғарыда сипатталған принциптерге сәйкес келеді. Саясаттың мәні бар/болатын жоғарыда сипатталған салаларының әрқайсысында үкімет және негізгі мүдделі тараптар арасында жауапкершілікті бөлу анықталуы тиіс. Саясат үкіметтің тегін алдын ала кәсіби даярлығын ұсыну дәстүрін, жұмыс берушілер мен кәсіби одақтардың адами ресурстарды дамыту дәстүрін және т.б. қамти алады. Адами Ресурстарды Дамыту жөніндегі ұлттық саясат көп жағдайда жастар үшін ТжКБ қызметтерін ұсыну шеңберінен тыс шығады, алайда, сонымен қатар, білім беру мен жұмыс жасайтындарды, жұмыссыздарды, түрлі шектеулері бар тұлғаларды және т.б. оқытуды қамтиды.

Білім беруді дамыту бағдарламасы мақсаттардың, іс-шаралар мен көрсеткіштердің келісілген алуантүрлілігін қамтуына, ТжКБ дамуының таңдалған бағытына назар аударуына қарамастан, халықаралық нормалардың жоғарыда аталған критерийлерімен байланысты басқа маңызды міндеттерді жеткілікті дәрежеде қамти алмайды. ТжКБ халықаралық нормаларының жоғарыда санамаланған критерийлері төменде сипатталған.

ТжКБ-ның халық арасында және еңбек нарығындағы сұранысының өзектілігі

Адами Ресурстарды Дамыту жөніндегі халықаралық құжаттар техникалық және кәсіби білімнің тұлғаны дамытуға, қоғамның және ең алдымен жастардың интеграциясына үлкен үлес қосады, ол маңызды жеке және әлеуметтік игіліктердің пайда болуына алып келеді. Бұл ТжКБ еңбек нарығының сұранысына (жұмыс берушілер мен салалар) еріп қана қоймай, сондай-ақ, адамдардың (жастардың) талаптарына сәйкес келуі тиіс екенін білдіреді. Білімді және білікті кадрлар үшін еңбек нарығындағы сұраныс шектелген болып, төмендеп жатса да, жалпы білім, сондай-ақ, техникалық және кәсіби білім және оқыту сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкессіздіктер тәуекелдеріне қатысты барлық ықтимал қауіпсіздік шараларын қамтуы тиіс. ТжКБ көптеген түлектері оқуын аяқтағаннан кейін білімін жалғастыра алады немесе кәсіпкерлік қызметті бастайды немесе шетелде білікті жұмыс таба алады. Қазақстанда колледждердің көптеген түлектері бұрынғымен салыстырғанда, қазіргі кезде жоғары білім

бағдарламаларына келіп түсе бастады, ол олардың одан әрі оқуда бағыт таңдауға немесе ТжКБ тәжірибесін ескере отырып өз бетінше оқуға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған қағида Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында расталады, онда білімнің тұлғалық және әлеуметтік дамуды қамтамасыз етуге бағытталатыны сипатталады (3-бапты қараңыз: ұлттық білім беру саясатының принциптері). Алайда бағалау барысында жүргізілген сұхбаттарға сәйкес ТжКБ басқарушыларының негізгі проблемалары кәсіпорындардың тарапынан және олардың тікелей келісімімен білікті кадрларды даярлаумен байланысты болғандығын байқатты.

Жеке кәсіпорындардан білікті жұмыс күшіне тікелей сұранысқа екі жақты келісім негізінде «мемлекеттік тапсырыс» мемлекеттік қаржыландыруды байланыстыратын ТжКБ қызметтерінің ұсынылуын жоспарлау тұжырымдамасы ескіріп, дамыған елдерде пайдаланылмайды. ТжКБ мекемелері мен компаниялар арасындағы екі жақты келісімдер студенттерге кәсіпорында орындарды қамтамасыз етудің сенімді негізі болып табылады. ТжКБ саясатын дамытудың ең кең таралған міндеттерінің бірі тұрақты кәсіпкерлікті қолдауға үлес қосу, өнімділікті және жұмыспен қамтудың өсуін арттыру болып табылады. Осы тұрғыдан ТжКБ бойынша іс-шаралар дұрыс құрылымдануы, бағалануы және болжамдалуы тиіс еңбек нарығының талаптарымен негізделуі тиіс. Білім беруді дамыту бағдарламасында басқа елдермен салыстырғанда сұранысты бағалау және болжамдау мәселелері ұлттық және өңірлік деңгейлерде мақсатты түрде пайдаланылмайды.

Ұлттық еңбек ресурстарының кәсіби құрылымына қарайтын және ЕО кейбір мүшелдерімен салыстыратын болсақ, 5-кестеде Қазақстанда экономикалық тұрғыдан белсенді халық арасындағы кәсіпқойлар үлесі (2-топ: 15,3%) Ұлыбритания мен Германиядағы тиісінше көрсеткіштен барынша артатыны байқалады. Техниктер үлесі (3-топ: 10,7%) ЕО орта немесе төменгі жағында орналасқан. Білікті жұмыс күшінің үлесі 46,7%-ды құрайды (МСКЗ 4–8 кәсіби топтардың жиынтығы). Мұнда көрсеткіштердің ЕО орта көрсеткіштерімен сәйкес келетіні байқалады, оған 10,6%-ға жететін ауыл шаруашылығының білікті қызметкерлер үлесі жатпайды.

Еңбек ресурстарының негізгі құрылымдық мәселесі арнайы/нақты білімді және дағдыларды талап етпейтін жұмыс орындарының үлесі (9-топ) жоғары болып, 24,4%-ды құрайды, бұл ретте олардың жартысынан астамы өнеркәсіпте, құрылыста, тау-кен өндіру өнеркәсібінде және технологиямен байланысты экономиканың басқа да салаларында, сондай-ақ, қызметтер, сату және т.б. салаларда жұмыс жасайтындар.

Білікті емес жұмысшылардың басқа бөлігі қызметтер, сатылым және т.б. салалардан шыққан. Бұл мәселе ТжКБ жүйесінің жаңа қызметкерлерін даярлау және жұмыс жасайтын халықтың біліктілігін арттыру арқылы білікті жұмысшылар үлесін арттыру арқылы шешілуі тиіс. Бұл болашақта қолданыстағы білікті емес жұмыс күшін алмастырып, еңбек өнімділігін жақсартуға түседі. Экономикадағы білікті емес жұмысшылар үлесі мүмкіндігінше 10%-ға дейін төмендетілуі тиіс. Жалпы, қазіргі уақытта Қазақстанның ТжКБ жүйесі ұлттық жұмыс күшінің төрттен үш бөлігін даярлау мен алмастыруға жауапты болады: барлық техниктер мен білікті жұмысшыларға қызмет көрсету 57,4% (МСКО бойынша 3–8-топ), сондай-ақ, біліктілігі жоқ жұмысшыларды 24,4%-дан 10%-ға дейін төмендету қажеттілігі (МСКО бойынша 9-топ).

Ұлттық жұмыс күшінің кәсіби құрылымы жұмыс күшін тексеру мақсатында бос емес жұмыс орындарының құрылымын байқатады (ол көп жағдайда үй шаруашылықтарына жыл сайын сауалнама жүргізу түрінде іске асырылады). Жұмыспен қамтылған халықтың білімді құрылымы келесілерді ескереді:

5-кесте: Еуропадағы еңбек ресурстары құрылымдары, 2006ж. (%) Қазақстанмен салыстыру

Жұмыспен қамтылудың Халықаралық Классификаторындағы топтар (ХЕҰ, ЖҚХК-2008)								
Басқарушылық персонал және менеджерлер	Кәсіптік	Техниктер және көмекші мастерлер	Клерктер	Қызмет көрсету, сату жұмысшылары	Ауылшаруашылығы өндірісі және балық аулаудағы білікті жұмысшылар	Кәсіпкер	Машина және механизмдер операторлары	Бастапқы мамандық
БЖ бойынша орташа көрсеткіш 5.0–16.0	8.0– 21.0	6.4– 23.6	4.0– 15.2	9.3– 24.4	1.0–16.0	8.5– 19.5	5.0– 17.6	6.0– 17.2
Қазақстан 5.1	15.3	10.7	6.0	14.2	10.6	10.0	5.9	24.4
Ұлыбритания 15.4	14.3	12.3	13.7	16.9	1.0	8.5	6.4	11.2
Германия 5.7	13.2	20.9	12.3	13.4	1.8	14.8	6.8	10.6
Польша 6.7	15.7	11.5	7.6	9.6	15.9	15.9	9.2	7.5

Дерек көзі: Еуропаның болашақ білікті қажеттіліктері. Қысқа мерзімді болжау. CEDEFOP.2008; Қазақстан бойынша деректер Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен алынды. Сәуір 2013ж.

ТЖКБ-ға қатысу

Халықаралық Білім беру Жіктеуіші бойынша МСКО 3, 4 және 5В (ЮНЕСКО) жіктелетін ТЖКБ қатысуды бағалаудың үздік әдісі ТЖКБ түрлі бағдарламаларында 15–24 жастағы жастар үлесі болып табылады. МСКО-ның түрлі деңгейлеріне арналған түрлі бағдарламаларды жатқызу қиыншылықтарын болдырмау үшін жастардың барлық бағдарламаларға қатысуын салыстырған пайдалы. 6-кесте Қазақстанды ЭЫДҰның кейбір елдерімен, сонымен қатар, Ресей және Украинамен салыстырады. 6-кестесінен Қазақстанда жастардың ТЖКБ қатысуы ЭЫДҰ көптеген елдерімен қатар тұрғанын және Ресей мен Украинадан алдыда екенін көре аламыз.

6-кесте: МСКО 3,4 және 5В³⁶ жіктеуіші бойынша ТжКБ бағдарламаларында 15–24 жастағы жастардың қатысуын салыстыру

Ел	15 пен 19 жас аралы ғындағы жастар (000 адам.) 2006ж.	МСКО 3 (бастауыш ТжКБ 9-сынып базасынан кейінгі жалпы білім беруді қоса алғанда)	МСКО 4 (орта білімнен кейін жоғары білім)	МСКО 5В (қысқа мерзімді кәсіптік бағдарламалар)	МСКО 3 + МСКО 4 + МСКО 5В (ТжКБ барлық бағдарламалары)	15–19 жастағы топтағы ТжКБ қатысуы%
		Жартылай білікті /білікті жұмыскер	Білікті жұмыскер	Техник	Барлық кәсіптік сертификаттар	
Австралия	2875.7	769687		190374	960061	33.4
Корея Республикасы	5982.8	580274		1317325	1897599	31.7
Германия	9746	1729839	395013	339989	2464841	25.3
Польша	5820	1180964	215739	20745	1417448	24.4
Норвегия	579	124230	4829	7178	136237	23.5
Нидерланды	1957	431683	6295	6603	444581	22.7
Франция	7913.7	1457240	15894	508932	1982066	20.3
Бельгия	1274		52878	193063	245941	19.3
Ресей	23994	1413885	234174	2013770	3661829	15.3
Украина	7266.8	326213	175667	582855	1084735	14.9
Қазақстан	12931.9 ¹ (2012)				585185 (2012)	19.96

Дерек көзі: Дүниежүзі бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің формальдық бағдарламаларына қатысу. Бастапқы статистикалық зерделеу. ЮНЕСКО. UNEVOC. ЮНЕСКО. Статистика институты 2006ж.; Деректер тұрғындар бойынша Labourdoc ХЕҰ.

ТжКБ және еңбек нарығына тең қолжетімділік

Кәсіптік дайындық және еңбекпен қамтылуда Білім алуға қолжетімділік мүмкіншіліктерінің теңдігі ХЕҰ, ЮНЕСКО және ЕС Адами Ресурстарды Дамыту жөніндегі барлық конвенциялар мен ұсыныстарда нақты айтылған саясаттың басты мақсаты болып табылады. Дегенмен, білім беруді дамыту бағдарламасы теңдікті «білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына бірдей үздік білім ресурстары мен технологияларға қолжетімділікті қамтамасыз ету» тәсілі ретінде қарастырылады, онда сонымен қатар, қаржыландыру жүйесін оңтайлы ету білім беру қызметтеріне қолжетімділікті тең етуге бағытталған делінген.

³⁶ Дүниежүзі бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларына қатысу. Статистикалық зерттеу. UNESCO. UNEVOC. UNESCO Статистика институты. 2006

Білім алуға және кәсіптік даярлыққа тегін қол жеткізу дүниежүзінде әдетте тең мүмкіншіліктерді қамтамасыз етумен көрініс табады: а) жеке тұлғаның дамуы, сонымен қатар, б) еңбек нарығына қол жеткізуі. Бұл «инклюзивтік өсуге» жетуге ықпал етеді. ТжКБ (мемлекет тарапынан қаржыландыратын) еркін қол жеткізу тең (равный) қол жетімділікті қамтамасыз етудің бір ғана құралы болып табылмайды. Басқа да тең қол жетімділіктің маңызды құралдарына оқушылар тұратын немесе жұмыс істейтін аймақта оқу мекемелері мен оқу орындарының болуы, сонымен қатар, гендерлік және жас ерекшелік қажеттіліктері мен жастардың өзге де ақылға қонымды таңдаулары есепке алынған ТжКБ бағдарламаларының жеткілікті болуы.

Мүмкіншіліктер теңдігіне келетін болсақ, Білім туралы заңда жалпы білім беруді қаржыландыру қарастырылған, бірақ кәсіптік білім алу (білікті маман дағдылары) конкурс негізінде және «мемлекеттік тапсырыс» аясында ТжКБ қызметтері үшін қол жетімді (8-бап). Кез келген конкурс тең қол жетімділіктің негізділігін тиімді төмендетеді және кейбір өтемақыларды талап етеді. Әр үкімет ТжКБ және еңбек нарығына тең қол жетімділікті қамтамасыз етуге қандай минималды кепілдіктерді ұсынатындарын дербес шешеді. Сонымен қатар, дамыған елдер тегін жалпы білім беруді ұсына отырып, оған қоса түрлі деңгейдегі ТжКБ тегін ұсынады. ТжКБ қол жеткізу бойынша осындай мемлекеттік кепілдіктерді минималды деңгейде қамтамасыз ету сәйкесінше еңбек нарығына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Осылайша, кәсіптік білім беруді/кәсіптік дайындықты ұсына отырып, білікті жұмыскерлер дағдыларын қалыптастырады, ол өз кезегінде бәсекесіз, қандай да бір шартсыз және тегін қолөнер алу мүмкіншілігін береді, бірақ қабылдау емтихандарынан өтуді талап етеді (курс жоғары дағдыларды талап ететіндіктен).

Адами Ресурстарды Дамыту жөніндегі ХЕҰ ұсыныстарында 195 (2004) (8 -бөлім. 6-бет) 3 «қатысушы –елдер» міндетті: а) білім беруге және жұмысқа қабылдау алдында дайындық деңгейінің жауапкершіліктерін сезінуі тиіс, және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастықта еңбекпен қамтылу мүмкіндіктерін кеңейту үшін баршаға қол жетімді етіп, әлеуметтік енуіне ықпалдасу керек (8-бөлім 6-тарау) деп айтылған. Бұдан жұмыскерлерді алдын-ала кәсіптік дайындау (бірінші қолөнерді/қолөнерлерді алуда дағдыларды үйрету мағынасын береді) үкіметтің міндеті болып табылады және мемлекет тарапынан қаржыландырылғаны игі. Ұлттық деректерге сүйенсек, 2013 жылы 11- сыныптан кейін ТжКБ келген 237,911 студенттің, тек 25,8% ғана мемлекет тарапынан қаржыландырылған, ал 9- сыныптан кейін келген 349,399 студенттің 51,7% мемлекет тарапынан қаржыландырылған. Мемлекет қаржысы негізінде оқу ТжКБ студенттері «мемлекеттік тапсырыс» негізінде білім алуды білдіреді. Тұтастай алғанда, Қазақстанда студенттердің 40% мемлекет есебінен оқиды, ал қалғаны (60%) төлеуге міндетті.

Қазақстан Республикасында жастардың басым бөлігі университеттерге түсуге тырысады және бұдан жастарға жұмыскер дағдыларын дайындау бағдарламаларына тегін қол жеткізу мүмкіндіктерін ұсынса, пайдасы көп болар еді (бұл ереже болашақта дайындық және техниктер бағдарламаларына таралуы мүмкін). Бұл білімді түлектердің 5-кестеде көрсетілген ұлттық еңбек ресурстары құрылымына қарсы байланысты жақсарта еді. Сонымен қатар, тегін ТжКБ бағдарламаларымен қамтамасыз етуді ұлғайту күтілуде, қазіргі таңда кәсіптік білімнен және оқудан (сонымен қатар, басқа да білім беру бағыттары) тысқары қалған жастар осылайша ТжКБ қосылады. Бұл әсіресе табыс көздері төмен отбасылары тұратын ауылдық жерлерде және шағын қалаларда өзекті.

Қазақстан Республикасында ТжКБ және еңбек нарығына қол жеткізу мүмкіндігінің теңдігі мәселесі бәлкім неғұрлым ауқымды территорияда, қала мен ауыл тұрғындарының айырмашылығын, сонымен қатар, аймақтар арасындағы қаржыландыру деңгейінде болатын

айырмшалықтарды есепке ала отырып, ТжКБ мекемелеріне қол жетімділікті шешуді, ТжКБ толығымен орталықтандырылмаған және меншікті жүргізуді қажет етеді. Бұл тектес аймақтық қаржыландыру диспропорциясы іс жүзінде танылған және АҚШ пен Франция сынды басқа елдерде өтемақылық механизм арқылы іске асырылады.

ТжКБ-ның сапасы

ТжКБ сапасын қамтамасыз ету концепциясы мен саясаты әртүрлі елдерде өзгеруі мүмкін. Дегенмен, сапаға байланысты жоспарланған шаралар ТжКБ сапасының ұлттық тұжырымдамасы алдында болуы тиіс. Білім беруді дамыту бағдарламасында сапаны қамтамасыз ету бойынша аталған шаралардың бірқатары жүйелі тұжырымдама (толығырақ V тарауды қараңыз) аясында жүзеге асатын болса, пайдасын тигізетін институционалдық аккредиттеу, қызметкерлерді оқытуды, стандарттарды әзірлеуді жақсартуға бағытталған.

ТжКБ жүйелері мен институттарының тиімділігі

ТжКБ бойынша ұлттық саясат пен реформалар әдетте өндіріс нәтижелерінде ТжКБ мекемелерінің мүмкіндіктері мен ресурстарын пайдалану тиімділігінің мониторингісіне және жақсартуға бағытталған. Бұл мақсаттар институционалдық басқарма мен ұйымдық құрылымдарды, қаржыландыру схемаларын, мониторинг пен есептілікті және т.с.с. онтайландыруды көздейді. Білім беруді дамыту бағдарламасында сипатталған кейбір шаралар ТжКБ және институттар жүйесін басқаруда негізінен мемлекеттік-жеке серіктестікті енгізуге бағыттайды.

Ұлттық біліктіліктер, ТжКБ үлгілері және бағалау

Ұлттық біліктілік жүйесі

Білім беруді дамыту бағдарламасында (49-бет) ұлттық біліктілік жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. 2012 жылы Қазақстанда қабылданған біліктілік жүйесі мен оның дескрипторлары Еуропалық біліктілік шеңберлері дескрипторларына сәйкес дайындалған. Дегенмен, қабылданған соңғы нәтижелердің форматы кейбір маңызды сәттер нақтыланбаған ұлттық біліктіліктер типтеріне емес біліктілік деңгейлеріне жүгінеді. Нәтижесінде ұлттық біліктілік жүйесі біліктіліктер атауы мен олардың сипаттамасын бермейді. Екіншіден, біліктілік жүйесінде бағдарламаны оқытудың номиналды жүйесі ұсынылмайды. Үшіншіден, бағалау мақсатына қатысты туындайтын сұрақ ол ұлттық тұжырымдама. Ұлттық біліктілік жүйесі салалардың біліктілік жүйелерімен қатар әрекет етуі тиіс, ондағы ұлттық біліктілік деңгейі сала (ҚР БҒМ, 2012) ерекшелігіне қарай бірнеше деңгейлерге бөлінеді. Сұхбат барысында Қазақстандағы кейбір қолөнерлер мен салаларда білікті жұмыскерлердің жеті немесе одан да көп біліктіліктері болуы керегі жайлы пікір айтылған, ал, ол орынсыз болып табылады. Соңғы құрылым айтарлықтай қарапайым. Кез келген басқа елде әдетте біліктілік типтерінен құралатын оның кейбір деңгейлерімен байланысты (дескрипторлар негізінде анықталатын) бір ғана ұлттық біліктілік жүйесі болады. Сол біліктілік деңгейіне бірнеше түрлі біліктіліктерді енгізуге болады. Еңбек нарығында ең бастысы ұлттық біліктілік деңгейлері емес, «біліктіліктер».

Бәлкім, жоғарыда көрсетілген анықталмаған факторлар нәтижесінде «техникалық және кәсіптік білім беруге арналған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт» құжатында және «орта білімнен кейін» білім беруге арналған «Жалпы білім беретін мемлекеттік стандарттарда»

біліктіліктердің кейбір түрлері айтылады, мысалы: «кіші инженер», «орта деңгейлі маман», «қызмет көрсету және басқару саласындағы орта деңгейлі маман» олар ұсынылған біліктілік жүйесінде сипатталмаған. «Электрожабдықтар» (ҚР БҒМ, 2009) саласына әзірленген білім стандартында «жоғарғы деңгейлі жұмыскер» сынды кейбір біліктілік деңгейлері айтылған.

Әлемде біліктіліктердің ұлттық жүйелерінің қарапайымнан күрделіге (мысалы, Шотландиялық біліктілік жүйесі) дейін алуан түрі бар. Кез келген жағдайда біліктіліктер арасындағы жетістіктерге жету жолын көрсетіп, олардың пайдаланушылар мен педагогтерге түсінікті ету үшін қандай да бір біліктілікке әкелетін ұлттық біліктілік жүйелерінен күрделірек деңгейлері мен сәйкес ұзақтылығын/ оқыту бағдарламаларының көлемін салыстыра отырып, ұлттық біліктіліктер типтерін сипаттауға арналған пайдалы құралдар болады деп күтіледі. Қазақстанның Ұлттық біліктілік жүйесі қандай да бір біліктілікке жетуге қажетті оқу көлемі мен олардың арасындағы айырмашылықтарды ажыратуға мүмкіндік беретін ұлттық біліктіліктер типтерін толыққанды сипаттаумен толығы тиіс. Өнеркәсіп салалары біліктілікті ұлттық біліктіліктер типтерімен қатаң сәйкестікте дамытуға міндетті.

Мысал ретінде, 7-кестеде Австралияның ТжКБ біліктілігі нәтижелерінің қарапайымдалған сипаттамасы берілген. Австралияда I-IV Сертификаттары, Диплом және жоғары деңгейлі Диплом ТжКБ біліктілігі болып табылады. Әрбір біліктіліктің біліктіліктер аясында жаңадан әзірленген біліктіліктерді енгізуге мүмкіндік беретін нақты мақсаты және оқу көлемі бар.

7-кесте: Кәсіптік білім беру мен дайындықтың Австралиялық біліктіліктері.

Біліктілік типі	Біліктілік деңгейі	Біліктілік мақсаты	Оқу көлемі
Сертификат I	1 деңгей	Жұмыс жүргізуге, ары қарай оқуға және қоғамға тартуға арналған негізгі функционалдық білімдер мен дағдыларды сапалы бағалайтын сертификат.	I сертификатқа оқу көлемі әдетте 0,5–1 жыл
Сертификат II	2 деңгей	II Сертификат қарапайым жұмыстарды орындауды білікті етеді	II сертификатқа оқу көлемі әдетте 0.5–1 жыл
Сертификат III	3 деңгей	III Сертификат білікті жұмыстарды орындауға арналған түрлі мәнмәтінде білім мен дағдылардың кең аясын қолдануды бағалайды	III сертификатқа оқу көлемі әдетте 1–2 жыл
Сертификат IV	4 деңгей	IV Сертификат білікті жұмыстарды орындауға арналған түрлі мәнмәтінде арнаулы білім мен дағдылардың кең аясын қолдануды бағалайды	IV сертификатқа оқу көлемі әдетте 0.5–2 жыл
Диплом	5 деңгей	Диплом жоғары деңгейдегі паракәсіптік жұмыстар мен дағдыларды орындауға арналған кең аядағы контекстің аралас және теориялық тұжырымдамаларын қолдануды білікті етеді (бағалайды)	Дипломға оқу көлемі әдетте 1–2 жыл

Біліктілік типі	Біліктілік деңгейі	Біліктілік мақсаты	Оқу көлемі
Жоғары деңгейлі диплом	6 деңгей	Жоғары деңгейлі диплом жоғары білікті және паракәсіптік жұмысты орындауға арналған арнаулы білімді қолдануды білікті етеді.	Жоғары деңгейлі Дипломға оқу көлемі әдетте 1.5–2 жылға созылады.

Дерек көзі: Австралиялық біліктілік шеңбері. Екінші басылым. Австралиялық біліктілік шеңбері. Қаңтар 2013ж

Кәсіптік стандарттар

Өнеркәсіп салалары кәсіптік стандарттарды құруға белсенді қатысуы тиіс деп күтіледі. Бұл тәрізді қатысу нысаны әртүрлі болады. Өнеркәсіптің көптеген салаларында кездесетін жұмыскерлердің көпшілік кәсіптеріне осы салалармен келісе отырып ұлттық сарапшылар тобы тағайындалуы мүмкін. Бұл жағдайда стандарттарды құрастырушылар осы сала бойынша арнайы дайындалған және ТжКБ жүйесінен келген мамандар бақылауымен жазылуы тиіс. Кәсіптік стандарттарды әзірлеу күтілгенде өнеркәсіптің салалық органдары оқуға (Ұлыбритания және басқа елдердегідей), оларға әдетте дайын мамандарды іріктеуі керек, бірақ бұл жұмысқа қарапайым инженерлер, техниктер немесе білікті жұмыскерлерді тағайындамаған. ТжКБ жүйелері құзыреттілікке негізделген, біліктіліктер мен оқу бағдарламалары жұмыс орнындағы құзырлы қызметтің белгілі бір стандарттарына негізделген. Кәсіптік стандарттар құзыреттілік стандарттары бола алады, егер оған құзырлы орындау критерилері енгізілсе.

Деңгейлер³⁷ дескрипторларының ауқымды біліктіліктерін алу мақсатында ЕС тарапынан қаржыландырылатын ТжКБ жобасы «өндірістің арнайы салаларының біліктілік шеңберін» дамытуға тырысты. Бұл сипаттамалар арнайы кәсіптер мен біліктіліктер болып табылмайды және олар тек белгілі отбасылары немесе білімнің кәсіптік саласына үлкен талаптар қояды. Біліктіліктің барлық деңгейін енгізе отырып, өндіріс саласына арналған біліктілік аясын әзірлеген ешқандай ел жоқ. Кәсіптік стандарттың форматы Дүниежүзі Банкі³⁸ қаржыландыратын жоба аясында дайындалған. Дегенмен, қандай да бір біліктілік бойынша ешқандай аяқталған кәсіптік стандарттар құрылған жоқ.

Білім беру стандарттары

«Техникалық және кәсіптік білімнің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»³⁹ білікті жұмысшылары біліктіліктеріне және жоғары оқу орындары біліктіліктеріне де сол

37 Based on: Кәсіптік стандарттар: «Ауылшаруашылық саласының маманына арналған салалық біліктілік шеңбері». Агротехсервис. Ұлттық код 1501000.

38 Кәсіптік стандарт макеті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Дүниежүзілік Банк. Астана. 2012

39 «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларының мазмұны келесілерді зерделеуді қарастырады: 1) жалпы білім беретін пәндерден аралас курстарды; 2) жалпы ізгілендіру, экономикалық, жалпыкәсіптік, арнайы пәндерді; 3) жоғары оқу орындарының 1–2 курстарының білім беру бағдарламаларымен техникалық және кәсіптік аралас білім беру бағдарламаларын». Сәйкес деңгейдегі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы

талаптарды анықтайды. Осындай стандарттардың кейбір талаптары (төменде сілтемеде көрсетілген), білікті жұмысшы біліктіліктеріне апаратын кәсіптік білім беру бағдарламаларына таралмайтын сияқты. Бұл техникалық білім беру бағдарламаларынан білікті жұмысшы біліктіліктеріне апаратын, ол өз кезегінде техник біліктілігіне апаратын кәсіптік білім беру бағдарламаларын бөлуге қабілетті емес колледждерге қиындық туғызады.

Білім беру стандарттарының⁴⁰ тізбесі (жалпы 86) кәсіптерге (мысалы, шаштараздар және зергерлік өнер) немесе оқу саласына (мысалы, архитектура) жатады. «Электрожабдық/код 0901000» (ҚР БҒМ, 2009) кәсібі бойынша білім стандарты зерделенді. Аталған білім беру стандарты айтарлықтай нақты және бір бірімен байланысты үш білікті жұмысшы кәсібін, сонымен қатар, техник біліктілігіне жатады («Техник-электрик»). Бұл білім беру стандарттары төрт кәсіптің әрқайсысындағы «жалпы құзыреттіліктерді», сонымен қатар, «кәсіптік құзыреттіліктерді» сипаттайды және «арнайы құзыреттіліктерді» толықтырады. Білім стандарты әр пән бойынша білім беру бағдарламаларын және онымен байланысты студенттердің үлгерімін бағалау формаларын анықтайтын куррикулум аясында толықтырылады. Стандарт сонымен қатар, теориялық және практикалық сағаттарды анықтайды. Қарастырылған білім беру стандарты кәсіптік стандарттардың сапасын арттыруға мүмкіндік береді, оны ары қарай жетілдіруге негіз болады.

ТжКБ бағдарламалары

Білім беру бағдарламалары және олармен байланысты біліктіліктер арасындағы өзара байланыс маңызды мәселе болып табылады. Техник Сертификаты иегерлері жоғары білімнің сәйкесінше бағдарламаларына түссе, олар ЖОО-да қысқарған мерзіммен оқуға құқылы.

Бұл механизм ЮНЕСКО расталады, техникалық білім беретін оқу орындарының түлектері (техникалық білім сертификатының иегерлері/МСКО 5- деңгейі) әдетте олардың несиелері ЖОО бағдарламаларында (МСКО 2-деңгейі) (ЮНЕСКО, 2011) есепке алынады. Бірақ, Қазақстандағы ТжКб бағдарламалары несиелі жүйесін пайдаланбайды. Сондықтан, Техник сертификаты бар адамға бакалавриат ұзақтылығының қандай болатындығын айту қиын. Бәлкім, техник сертификатының иегерлеріне түрлі кәсіптерге бакалавриаттың қалған ұзақтылығы әртүрлі болатын шығар. Дегенмен, ТжКБ және ЖОО бағдарламаларын детальды салыстыру жолы арқылы арнайы шаралар қолданылуы мүмкін.

Қалай қарастырылмаса да, Қазақстан Республикасында Білім туралы Заңда (соңғы түзету 24.10.2011/ары қарай Білім туралы заң), техникалық және кәсіптік білім беру жалпы білім берудің бір бөлігі ретінде көрсетілген. Білім туралы Заңда (12-бап: білім беру деңгейлері), жалпы білім жоғары сыныптардағы орта мектепті, техникалық және кәсіптік білімді қамтиды. Бұл ереже ЮНЕСКО-ның (МСКО 2011ж.) білім беру біліктілігінде біраз уақыт бұрын түзетілген құрылымынан ершеленеді, онда жалпы білім, кәсіптік білім және техникалық білім нақты ажыратылған. Орта жалпы білім беру бағдарламалары МСКО 3 сияқты жіктеледі, кәсіптік білім беру МСКО 4- деңгейіне жатады және техникалық білім беру Үшінші білімнің бірінші кезеңі болып табылады, нақтырақ айтсақ, 5-деңгейде. Білім туралы заңды оқысақ, 2012 жылы қабылданған ТжКБ біліктіліктің ұлттық жүйесіне сәйкес келмейді.

МСКО 3- деңгейіндегі немесе жоғары сыныптардың «орта» білім беру бағдарламалары жоғары білімге дайындау шеңберінде орта білімді аяқтауға немесе жұмыспен қамтуда екеуіне де қатысты дағдыларды қамтамасыз етуге арналған. МСКО 3- деңгейінің білім беру

40 Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы ҚР БжҒМ № 587 бұйрық. 30 желтоқсан, 2010 ж.

бағдарламалары екінші/ орта білімнің қорытынды кезеңін қалыптастырады және тек жалпы немесе кәсіптік бола алады. МСКО 3-деңгейлі кәсіптік бағдарламаның теориялық ұзақтылығы 3-деңгейдегі МСКО жалпы бағдарламаларының теориялық кезеңінің ұзақтылығына қарағанда екі немесе одан да көп жылға созылатын болса, Бағдарламаны орта (МСКО 3-деңгейі) және орта білімнен кейінгі үшінші емес (МСКО4) немесе үшінші білімнің қысқаша циклін (МСКО 5- деңгейі) (ЮНЕСКО, 2011) қамтиды деп қарастыру керек.

«Орта білімнен кейін үшінші білім емес (МСКО 4 деңгей) орта білімді аяқтағаннан кейін оқу тәжірибесін құруды және еңбек нарығына шығуға дайындықты, сонымен қатар, жоғары білімге дайындықты қамтамасыз етеді. Ол жоғары білімге тән күрделілігі жоғары деңгейден төмен жеке білім, дағды және құзыреттілік алуға бағытталған. Мазмұнының күрделілігін ескере келе, орта білімнен кейінгі білім беру болып табылса да (МСКО, 2011:369 бет) МСКО 4 -деңгейлі бағдарламалар үшінші білім бағдарламалары ретінде қарастырылмайды. «3–4 деңгейдегі МСКО бағдарламалары кәсіптік білімге жатады және жартылай білікті және білікті жұмысшы біліктіліктерін де шығара алады».

«Жоғары білім орта білімге негізделген және оған академиялық білім, бірақ алдыңғы қатардағы кәсіптік немесе арнаулы білім де енеді. Қысқаша цикл (МСКО 5- деңгейі) МСКО бойынша 3- деңгейлі саты бағдарламасын нәтижелі аяқтауды талап етеді, ол жоғары/үшінші білім бағдарламаларына тікелей қол жеткізеді. МСКО 4 (МСКО, 2011, 42-бет) деңгейден де қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған. МСКО бойынша 5- деңгей бағдарламалары техник біліктілігіне апаратын техникалық білімге жүгінеді. Жоғарыда келтірілген дәйектерден техникалық білім беру бағдарламалары (5 деңгейлі МСКО) 4-деңгейді (білікті жұмысшы біліктілігі) аяқтауды талап етпейтіндігін ескерген жөн. Бұл тек білікті жұмысшыларға (МСКО бойынша 4 сатыны аяқтағандарға) техниктер ретінде білімдерін жалғастыруы (МСКО 5 ретінде жіктелетін бағдарламаларда) мүмкін екендігін көрсетеді.

Бағалау және сертификаттау

Білім беруді дамыту бағдарламасы тәуелсіз бағалау және сертификаттау жүйесін енгізуді жоспарлауда. «Тәуелсіз сертификаттау орталықтары жұмыс берушілердің қатысуымен 2020 жылға қарай экономика салаларында қызмет етеді» деп ұсынылады. Тәуелсіз орталықтардың тұжырымдамасы бағдарламада толыққанды сипатталмаған. Дегенмен, егер осындай мүмкіндіктері бар осы тәрізді орталықтар құрылатын болса, ең қымбат нұсқа болып табылар еді. Көптеген елдер бағалау үшін аккредиттеуден өтетін әрекеттегі кәсіпорындарды пайдаланады. Кей жағдайларда, ТжКБ оқу орындары бағалау жүргізу үшін аккредиттеу орталықтар ретінде өтеді. Тестілеу үдерісіне келетін болсақ, оны жұмыс берушілер емес, дағдыларды бағалауда сертификаттаудан өткен тұлғалар, сонымен қатар, бағалау өткізілетін саланың сертификатталған жұмысшылары тарапынан өткізілуі тиіс. Мысалы, Австралияда тіркеуден өткен дағдыларды бағалаушының кез келгенінде « Білікті кадрларды дайындау және бағалаудың 4- деңгейлі сертификаты» деп аталатын біліктілігі болуы тиіс.

Ұлттық біліктілік саласында жұмыс істейтін ұйым құру қажеттігі

Білім беруді Дамытудың Ұлттық Бағдарламасында кәсіптік стандарттарды әзірлеуді және біліктіліктерді, ұлттық біліктіліктерді тіркеуді, білім беру сапасын қамтамасыз ету сұрақтарын үйлестіру үшін Қазақстанда ұлттық біліктіліктер бойынша органды институциялау (сапаны қамтамасыз ететін өкілеттілігі, ауқымы кең ұлттық агенттік) ұсынылды. Біліктілік жөніндегі Ұлттық орган өнеркәсіптің мүдделі тараптарын және білім берушілерді тең серіктестер қылып, ұшжақты басқаруды жүргізуі керек.

Басқару, менеджмент, ТжКБ қызметтерін жоспарлау және қаржыландыру

Ұлттық деңгей

Қазақстан Республикасындағы ТжКБ жүйесі басшылығының міндеттері ұлттық үкімет арасында бөлінген, олар негізінен саясат, заңнамалар және ұлттық сұрақтар мониторингіне жауап береді. ТжКБ Департаменті (Білім және ғылым министрлігі аясында) келесі бағыттарға жауап беретін төрт ұйымдық бөлімшелерден тұрады:

- ТжКБ бағдарламалар мазмұны;
- ТжКБ қызметтері бойынша Ұлттық тәртіп (орталық үкімет құзыреттілігі аясында қалатын ТжКБ қызметтерін сатып алу);
- ТжКБ колледждерін дамыту;
- ТжКБ мемлекеттік-жекеменшік серіктестігін дамыту.

Алдағы ойлар ТжКБ департаментінің қызметіне/бөлім атауы үкіметтің жалпы іргелі міндеттерін ескере отырып беріледі: ТжКБ саясаты, жүйелері, заңнамасы және нормативтік актілер, сапаны қамтамасыз ету жүйелері, ТжКБ тең қол жетімділік және өмір бойы оқу; ұлттық сұранысты стратегиялық жоспарлау және болжау және ұлттық стратегиялық жоспарлауды дамыту және т.с.с. Егер ТжКБ ұлттық саясатын құру үдерісін және мониторингісін ТжКБ Ұлттық Кеңесі басқарса, онда ТжКБ саяси шешімдерін қабылдау үдерісін жақсарта еді.

ТжКБ жөніндегі Ұлттық Кеңес

Білім беруді дамыту бағдарламасы білім беруде мемлекеттік-жеке серіктестікті құру және корпоративтік басқару принциптерін енгізу жолы арқылы білім беруді мемлекеттік-қоғамдық басқару жүйесін құруды жоспарлайды. Біраз уақыт бұрын құрылған ТжКБ⁴¹ жөніндегі Ұлттық Кеңес елдің Премьер-министрі басқаратын консультативтік-кеңестік орган болып табылады. Оның басты мақсаты – еңбек ресурстарын дамыту саласын іске асыруда және саясатты үйлестіруде қолдау көрсету. Кеңеске кең аядағы техникалық сұрақтарды әзірлеу бойынша міндеттер жүктелген, атап айтсақ, біліктіліктің ұлттық жүйесі, ТжКБ жұмыс берушілердің қатысуы; білікті жұмыс күшіне деген сұранысты жоспарлау және болжау және т.с.с. Көптеген басқа елдерде осындай Ұлттық Кеңес үкімет өкілдерінен және әлеуметтік серіктестерден құрылады және негізінен Адами Ресурстарды Дамытудың ұлттық саясаты немесе ТжКБ саясаты мен стратегиясын әзірлеуге қатысады.

ТжКБ жүйесінің мониторингісі

ТжКБ мониторингісін тиімді ету білім беруді дамыту бағдарламасының маңызды мақсаты болып табылады. Аталған сұрақ бойынша деректердің басым көлемі ҚР Білім және ғылым министрлігінде жинақталып, жарияланады. Дегенмен, бұл деректерді зерделеуде шешім қабылдап, қаулы шығару үшін деректердің қалай пайдаланылатынын үнемі көре алмаймыз.

41 Кәсіптік-техникалық кадрларды дайындау жөніндегі Ұлттық кеңес (консультативтік – мәжілістік орган). Кәсіптік-техникалық кадрлар даярлауда Ұлттық кеңес құру туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 298 Қаулысы

ТжКБ мониторингісінің нақты жүйелері келесі деректер тобын құрайды:

- ұлттық деңгейде ТжКБ саясатын іске асыру мониторингісіне қажетті деректер. Аталған деректердің жазбалары мен ТжКБ ұлттық саясатының міндеттерін шешуге арналған оларды қолдану әдіс-тәсілдері;
- ТжКБ (Қазақстанда) орталықтандырылмаған жүйесі жағдайында аймақтық деңгейде жинақталуы тиіс операциялық шешім қабылдауға қажетті деректер. Осындай жазбалар деректеріне білікті жұмысшы күшіне деген сұраныс туралы ақпарат енуі тиіс, сонымен қатар, ұсыныстар туралы жан-жақты аймақтық деректер және т.с.с.; ТжКБ мүмкіндік пен қаржыландыру теңдігін бағалайтын деректер және т.б болуы керек.
- ЮНЕСКО және басқа да ұйымдар талап ететін талаптарға сай ТжКБ халықаралық салыстыруға қажетті деректер.

Қазіргі таңда қолда бар деректерді ұсынылған мақсаттарды орындауға мүмкіндік беретін жоғарыда көрсетілген көзқарас тұрғысынан қарастыруға болады.

Салалық кеңестер

Саланың ішін жұмыс күшімен дамытуды басқаруды оңтайландыру мақсатында ТжКБ он төрт салалық кеңесі құрылды. Туризм, мұнай және газ, металлургия секторлары саласындағы жұмыс беруші ассоциациялар осы облыста неғұрлым белсенді болып табылады. ТжКБ жөніндегі салалық кеңестің негізгі рөлі біліктілік жүйесінің нақты элементтеріне қатысты ұсыныстарды және секторлар бойынша кәсіптік стандарттарды өңдеу болып табылады. Қазақстандағы кеңестерді министрліктер құрады, дегенмен, бұл кеңестер ерікті болып, жұмыс беруші ұйымдардың және кәсіподақ өкілдерін басқа орындарда да тартуы керек. Қызығы сол, олардың жұмысшы органдары (секретариаттары) министрлік департаменттері болып

табылады. Әрекеттегі кеңестердің өз бюджеттері жоқ және компанияның уақытын және қызметте ықпалдасуға олардың мамандарының тәжірибесін және штатын пайдаланбайды. Кейбір кеңеске қатысушылардың құрамы айтарлықтай ауқымды, олардың әкімшілігі, мамандары мен зерттеушілері 30 адамнан асады. Үшжақты орган болып табылатын осы тәрізді кеңестер кәсіпорында базаланатын кеңестерден артықшылығы басым болады. Бірақ, олардың мақсаттары мен күтілетін нәтижелері нақты және оперативтік процедуралары ашық болуы тиіс. Көптеген кәсіптік және өзара байланысты біліктіліктер (мысалы, дәнекерлеуші, электрик, клерк және т.б.) экономиканың әртүрлі секторларында пайдаланатынын ескере келе салалық кеңестер арасында кәсіптік стандарттарды әзірлеуде кім жетекші орган болатынын келісу үшін қажетті консультацияны талап етеді. Егер салалық стратегиялық жоспарлау (жұмысшы күші) осы сынды кеңестердің қызметі болып танылса, онда қатысатын тұлғалар бұндай сұрақтарға құзырлы болуы тиіс.

Аймақтық деңгей

ТжКБ аймақтық бөлімдері

ТжКБ мемлекеттік колледждердің басым көпшілігі (ұлттық үкіметке бағыныштылардан басқалары) аймақтық (облыстық) бюджетпен бақыланып, қаржыландырылады. Аймақтық әкімшіліктерге есеп беретін білім бөлімдері олар үшін басты орган болып табылады. ТжКБ аймақтық бөлімдері бірнеше ТжКБ мемлекеттік колледждерді үйлестіруге жауапты. ТжКБ бойынша аймақтық бөлімдердің басты міндеті колледждерді лицензиялау, колледж

директорларын тағайындау, ТжКБ оқушыларын жоспарлау және қаржыландыру (мемлекеттік тапсырыс аясында), және ТжКБ қызметтерін ұсыну мониторингісі. Колледждер санының көптігін және білім беру реформасы аясының кеңдігін ескере келе ТжКБ бойынша аймақтық бөлімдер жинақталмаған болып көрінеді. ТжКБ аймақтық департаменттерін ТжКБ тең қолжетімділік сұрақтарын игерген, ТжКБ аймақтық жүйесін дамытуға, модернизациялауға қабілетті, статистика бойынша басқа департаменттер және органдармен жұмыс істей алатын білімді және білікті жұмысшы күшіне деген аймақтық сұраныстардың ағымдағы және алда күтілетін сұрақтарын түсінетін мамандармен қамту қажеттілігі туындап отыр.

ТжКБ-ның аймақтық кеңестері

Еңбек нарығы үшін ТжКБ дамыту және кадрлар дайындау мақсатында 16 аймақтық кеңестер құрылды⁴². Кеңестер аймақтық мүдделі тараптардан үміткерлерді тартады және өңірлердегі алатын орны айтарлықтай. Дегенмен, қазіргі таңда кеңестер дискуссиялық орталықтар ретінде жұмыс істейді және олардың ағымдағы әрекеті аймақтарда ТжКБ білім беру қызметтерінің тиімділігіне ықпал етуге мүмкіндік бермейді. Аймақтық кеңестерді ұжымдық білу тұрғындардың және экономиканың қажеттілігінен туындаған аймақтағы сұраныстар мен ұсыныстардан хабардар болуға мүмкіндік береді деп күтіледі. Бірақ, аймақтық кеңестердің білім беруге және кәсіптік дайындыққа деген сұраныстарын бағалауға арналған, аймақтық биліктерге бағыт беретін ұсыныстарды сұраныстармен салыстыруды оңтайландыруға арналған оперативтік тұжырымдамалары, процедуралары және бюджеті жоқ. Сонымен қатар, кеңестер өз аймақтарында ТжКБ тең қолжетімділікті және жұмыспен қамтылу мүмкіншіліктерін жақсарту сұрақтарымен айналысуы тиіс. Қазіргі уақытта аймақтық кеңестерде жұмысбасты адамдар отыр, олар өз уақыттарын ТжКБ мәселелеріне бөле алмайды. Сондықтан, Кеңестер жергілікті зерттеу ұйымдарын уәкілетті етіп, оларға деректер жинақтап бере алуы керек.

ТжКБ колледждері

Құқықтық және қаржы режимі

ТжКБ колледждері ұйымдық-құқықтық формада⁴³ «мемлекеттік-қазыналық кәсіпорын» ретінде тіркеледі, бұл оларға айтарлықтай оперативтік және қаржы дербестігін береді. ТжКБ колледждерінің директорларын Білім және ғылым министрлігі емес, аймақ губернаторлары тағайындайды. ТжКБ колледждерінің директорлары қызметкерлерді жұмысқа қабылдауға құқылы. Колледждер жасаған келісімшарттар аясында аймақтық билік органдарымен мемлекеттік тұрғыда қаржыландырылады және Нарықта ТжКБ қызмет көрсетуден түскен табыстарды еркін пайдалана алады. Бірақ, олар өздерінің үймереттерін жалға беруге және ТжКБ қызметінен басқа өнімдерді сатуға құқықтары жоқ. ТжКБ Департаменті тарапынан қажеттілікке орай бюджеттік баптар арасында қаражаттардың ауысуына жол бере отырып, колледждердің оперативтік икемділік деңгейін одан ары арттыруға күш салуда. Дегенмен, нәтижелікті негізге ала отырып қаржыландыруды енгізуге ерекше көңіл бөлінді. Дегенмен, қаржыландыруға бағдарланған бюджеттеудің ешқандай ұлттық тұжырымдамасы анықталған

42 Техникалық және кәсіптік білім беру қызметін ұйымдастыру және кадрларды даярлау бойынша әдістемелік ұсыныстар

43 «Коммуналдық қазыналық кәсіпорындары». «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (29.01.2013 жылғы өзгерістер мен толықтырулар)

жоқ. Осы тәріздес Дүниежүзі Банкі⁴⁴ жобасымен қарыз алу негізінде қаржыланатын қаржыландыру механизмі әзірленеді деп күтілуде.

ТЖКБ болып жатқан құрылымдық реформалар нәтижесінде техникумдар мен лицейлер колледждерге алмастырылды, дегенмен, кейбір қайта құрылған мекемелердегі білім беру бағдарламалары бұрынғысынша, яғни, алмастырғанға дейінгі бағдарламалар қалды. 311-ге жуық колледждер (бұрынғы кәсіптік лицейлер) тек білікті жұмысшыларға арналған бағдарламаларды ұсынуды жалғастыруда, ал қалған 577 колледж (бұрынғы техникумдар), негізінен техниктерді даярлайды. Осы сынды кейбір колледждерде техниктер білікті жұмысшы ретінде жұмыс істеуге қабілетті болуы тиіс деген ой қалыптасқан. Сондықтан, олардың бағдарламаларын аяқтаған ТЖКБ түлектеріне: білікті жұмысшы дипломы мен техник сертификаты беріледі. Осындай тәжірибе ұлттық біліктіліктер типін түсінбеушілікке, белгісіздікке апарды. Оперативтік икемділік мақсатында әр колледж оның өткен тарихына қарамастан, ТЖКБ бағдарламасының екі деңгейін ұсынуға қабілетті болуы тиіс, бірі білікті жұмысшы, ал екіншісі білікті техникке арналған олар оқушылардың түрлі білім және еңбекке талпынысын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Колледждердің қамқорлық кеңестері

Білім беруді дамыту бағдарламасы білім беру мекемелерінде консультативтік кеңестерді жүргізуге ықпал етті. Білім және ғылым министрлігі тарапынан қамтылған жетекшілік осындай кеңестер⁴⁵ бойынша оларды өз өкілеттіліктерін жүзеге асыруда білім беру ұйымдарына қолдау көрсететін тек консультативтік органдар ретінде қарастырады, бағдарламаның мақсаты, мұндай кеңестерді құруда 2015 жылы 45% ТЖКБ қызмет көрсетсе, 2020 жылға қарай 60% құрайды. Бірақ мұндай кеңестердің концепциясы әлі түсініксіз. Тағайындалаған жергілікті әкімдер ТЖКБ мекемелерінің директорлары үшін кеңестер консультативтік рөл ғана атқаратын жағдайда білім туралы ұлттық Занда ешқандай өзгерістер болуы қажет емес.

Жұмыс берушілерді, ата-аналарды т.б. қызықтыратын консультативтік кеңестер мүшелері колледж директорларына әртүрлі сұрақтар бойынша кеңес бере алады, бірақ оларға бағыт – бағдар беріп немесе қабылданған шешімдеріне бақылау жасай алмайды. Мұндай органдарды институттық басшылық жасайтын органдар деп санап, жалпы техникалық және кәсіптік білім жүйесін басқаруға толық өзгерістер енгізіледі. Осындай реформа білім туралы Заң жүйесіне және ТЖКБ оқу орындарына маңызды өзгерістер енгізіп, «мемлекеттік коммуналдық-қазыналық мекеме» ретінде тіркеледі. Тек сонда ғана, Білім беруді дамыту бағдарламасының мақсаты бойынша ТЖКБ басқаруда «корпоративтік мәдениет» енгізу туралы әңгіме қозғау туралы ескерілген.

ТЖКБ-ны қаржыландыру және «мемлекеттік тапсырыс» негізінде жоспарлау

Колледждер өңірлік өкімет басшыларына есеп беру арқылы, оларды қаржыландыру жүзеге асырылады. Оқушыларды колледждерде білім алуға даярлауды жоспарлау «мемлекеттік тапсырыс»- деп аталатын мемлекет арқылы қаржыландыру негізделген. Мемлекеттік тапсырыстың қалыптасу негізі, колледждермен компаниялар арасындағы өзара келісімшарты

44 Шығыс стандарттары расталған жан басын қаржыландыруды іске асыру бойынша пилоттық режим 2011–13ж.ж. қолданылған. Бірақ, іске асыру бойынша ешқандай есепке қол жеткізілмеді.

45 Қамқорлық Кеңес қызметі және оған сайлау тәртібінің Үлгілік ережесін бекіту туралы. ҚР БжҒМ 2007 жылғы 22 қазандағы № 501 бұйрығы

болып табылады. Бұл келісімшарттарға компаниялар қабылдаған міндеттер енгізіліп, жұмыстан-қол үзбей алған білімдерін тәжірибемен ұштастыратын санаулы студенттер қабылданады. Мұндай келісімшарттар аймақтық экономика сұранысындағы мамандар даярлау және олардың біліктілігін жетілдіру бойынша, сонымен қатар, жоғары деңгейде түлектерді жұмыспен қамтамасыз етудің бірден бір жолы болып табылады⁴⁶.

Бірақ, колледж- компания арасындағы келісімшарт ТжКБ қабылдауды жоспарлау үшін әлсіз болып табылатын себептері де бар: оған ешқандай дәлел жоқ:

- мұндай колледж – компания өңірлік экономика сұранысындағы әртүрлі мамандықтарды даярлау келісімшарты шындық көріністі бейнелейді, себебі, көптеген компаниялар (әсіресе шағын кәсіпорындар) ешқандай колледждермен келісімшартқа отырмайтыны анық;
- компанияда қарастырылмаған міндеттер болған жағдайда компания колледжді аяқтаған студенттерді жалдап жұмыс істете алмайды;
- мұндай келісімшарттар еңбек нарығында жұмыс іздеп жүрген білікті жұмысшылар үшін қолжетімді деп саналады.

Соған қарамастан ТжКБ мемлекеттен қаржыландыруды жоспарлау фактілері бойынша компания- колледж келісім-шарттары негізінде жастарды мамандықпен қамтамсыз ету, олардың өсу деңгейі компания үшін жоспарлы мақсат емес. Басқа да мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру бойынша Шығыс Қазақстан облысында мемлекеттік тапсырыс құрылымдары екі сатыдан тұрады: базалық және қосымша сұраныс. Базалық сұраныс түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейіне байланысты болып экономика сұранысындағы мәселелер төңірегінде болмақ⁴⁷. Қосымша сұраныс сатысы өңірлік экономикалық даму негізі есепке алынып, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендігі ескерілмек. Экономикалық даму қарқыны едәуір жақсырақ аймақтарда, түлектерге өндірістік сұраныс аздаған болса, негізгі сатыдағы сұраныс мемлекеттік тапсырыс арқылы қаржыландыру оның 20% құрап, қалғаны қосымша компонент болып табылады. Бұл пікір мамандандырылған маман -жұмысшылар үшін қарастырылған. Біліктілігі жоғары дәрежедегі мамандар үшін базалық жүйенің 80% деңгейде, қосымша сұраныс ретінде 20%⁴⁸ сақтауды ұсынады. Ал, ТжКБ оқушыларының шамамен 35% ауыл тұрғындары және мүгедектер тағы басқа мүмкіншіліктері төмен халықты құрайды⁴⁹. Бұл ой-пікірді толық оқып үйрену үшін нақты бір қорытынды жасауды қажет етеді. Көзделген жұмыс әдісі экономика және халықтың талап- тілектерін салмақтауды көрсетеді. Осыған орай, міндеттелген көзқарасты бағалау бойынша колледж және компания келісімшарты негізінде

46 «Түлектердің қажеттілігі және жұмыспен қамтылуы» мемлекеттік тапсырысты орналастырудың басты факторы болып табылады. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары білімнен кейінгі, сонымен қатар, оқу орында-рының даярлық бөлімдеріне мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орналастыру ережесі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 4 мамырдағы 198 бұйрығы 47 Жалпы жұмыспен қамтылуда немесе білім алған саласы бойынша жұмыспен қамтылу бойынша есеп жүргізіледі ме белгісіз.

48 Шығыс Қазақстан облысында техникалық және кәсіптік білім беру мамандарын дайындауға мемлекеттік тапсырысты құру, орналастыру және орындау тәртібі туралы ереже (Мемлекеттік тапсырысты бөлу әдістемесі).

49 Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік білім бе-ретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының оқуға түсу квоталарының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. Астана. Үкімет Үйі, ақпан 2012 жыл, № 264.

бірінші жұмыс әдісі тиімдірек. Мемлекеттік тапсырыс арқылы жоспарлау және қаржыландыру әдісі өңірлік кеңестер кездесуінде мақсатты ұсыныс жасалған.

ТЖКБ өңірлік өкімет өкілдеріне жалпы қоғамның (жастардың) білім алу талаптарын айқындайтын және экономика, аумақтық даму қарқыны экономикалық өсуді жан жақты қолдайтын, сонымен қатар, оған бақылау жасау арқылы белгіленген тұжырымдамалар мен іс-әрекеттер қажет болады.

ТЖКБ-ны қаржыландыру

ТЖКБ жүйесінде маңызды өзгерістер енгізуде Ұлттық бюджет белгілі бір ұлттық саясат және көкейкесті шараларды жүзеге асыру мақсатында бағытталған төлемдерді енгізеді. Соңғы жылдарда аймақтық бюджеттерден бөлінетін 73,7 млрд. теңгені қоса алғанда ТЖКБ бойынша Ұлттық бюджет шығыстары өсуде, мысалға 2013 жылы 91,1 млрд. теңгені құрайды. 2010–2012 жылдары аралығында мемлекеттік бюджеттен қаржыландырудың 72% ұлғайуына байланысты жүйеленген лицей ТЖКБ колледждерге қолдау көрсетіп, мұғалімдердің біліктілігін жақсартумен қатар, оқу ресурстарын дамытуды жалғастырып студенттердің білім деңгейін жетілдіру мақсатымен тестілеу, сертификаттау жұмыстарын жандандыру, ұлттық мамандықтар байқауларын өткізу т.б көзделуде. Сонымен қатар жаңа ТЖКБ мекемелерінің құрылысы мен қазіргі уақытқа дейін БҒМ және басқа үкіметтік институттарға есепті 15 мемлекеттік ТЖКБ мекемелерінің қаржыландыруы Ұлттық бюджетпен көзделген. Сол сияқты, үлкен Ұлттық мекемелердің бірі Республикалық ғылыми- әдістемелік даму орталығы мамандар даярлауда білікті ТЖКБ және Холдинг Кәсіпқор ұлттық бюджетке қаратылып, Ғылым және білім министрлігіне есеп беріп, олардың бюджеттік есебі Ұлттық Үкіметке енгізілген.

Келешекте ұлттық қаржыны қолдау арқылы, 2013 жылға студенттердің төлемақыларының шығысын жабу үшін (шамамен 60,549 студенттің 8.67 млрд. теңгені қамтитын) оған қоса шамамен 0.58 млрд. теңгені қамтитын, 105,014 студенттің көлік пайдалану шығысын) жабатын 12.9 млрд. теңгеге өсіру қарастырылып отыр.

Материалдық – техникалық жабдықтауды жақсарту ұлттық бюджет есебінен қаржыландыру 2.4 млрд. теңгені⁵⁰ құрайды.

Осыған орай, ТЖКБ -ге мемлекеттік қызмет көрсету, қаржыландыру өңірлік Үкіметтің міндеті болып табылып, ағымдағы бюджеттен қаржыландыру арқылы сол өңірдегі 484 мемлекеттік колледждердің материалдық- техникалық базасын нығайту көзделуі тиіс. Сондықтан, мемлекеттік колледждерді қаржыландырудың екі негізгі қайнар көзі бар: өңірлік бюджеттен қаржыландыру және студенттердің оқу төлемақыларының жарнасы. Мемлекеттік колледждер 122,650 студенттен орта есеппен оқу төлемақысы бір жылға 120,000 теңге, жалпы алғанда 14,7 млрд. теңгені құрайды. 9-шы кестеде аймақтық бюджеттен бөлінетін 73,7 млрд. теңге және оқу ақысы бойынша мемлекеттік және жеке меншік ТЖКБ мекемелерінде қалыптасқан 45,1 млрд. теңге мөлшеріндегі қаражаттың үлестірілуі көрсетілген.

8-кестеде Аймақтық ТЖКБ 14–24 аралығындағы жеткіншектер тобының техникалық және кәсіптік білім негізі болып табылатын кезеңді салыстырады.

ТЖКБ жастардың 14–24 аралығындағы қатысу деңгейі мысалға 9,4% (Алматы облысы) 20% (Қарағанды облысы) тұрақсыз, әрине мемлекеттік және жеке колледждердегі білім алу мүмкіндігі әр түрлі деңгейді көрсетеді, сонымен қатар, студенттер мүмкіндігіне қарай

50 Дерек көзі: ҚР Білім және ғылым министрлігі. «2013–2015 жылдарға арналған бюджет туралы» заң

техникалық білім алу колледжі өзін-өзі қаржыландыруға мүмкіндік алады. Бұл мәліметтер орта есеппен жастардың үлесіне (54,8%) техникалық білімді ақылы білім алу арқылы қаржыландыруға тура келеді.

Кейбір өңірлерде 14–24 жас аралығындағы студенттердің үлесіне өзін-өзі қаржыландыру арқылы білім алу 65% көтерілген.

8–кесте және 9–кесте көрсетілгендей бюджеттік қаржыландыру өңірлер арасында біраз маңызды өзгерістер пайда болуда:

- 14–24 жеткіншектер тобының қатысу деңгейі (9.4% және 21.8%) құраған.
- ТжКБ аймақтық бюджеттік қаржыландыру 14–24 жас аралығындағы студенттердің үлесіне (32.7% және 70.8%) құрайды;
- студенттерді бюджеттік қаржыландыру аумақтар бойынша орта есеппен жылына (164,000 және 442,000 теңгені) құраған;
- ТжКБ өңірлер бойынша жеке колледж мекемелерде ақылы негізде техникалық білім алу мүмкіндігі арқылы қаржыландыру көрсетіліп (80,000 және 280,000 теңгені) құраған.

Мемлекеттік тапсырыс принциптері бюджеттік қаржыландыру негізінде (осы есепте талқыланғандай) әлі де болса белгісіз, себебі, арнайы белгіленген әрекет көрінісі «мемлекеттік тапсырыс» ТжКБ бітіруші түлектер үшін еңбек нарығымен тығыз байланысты делінген. Бұл оқыту принциптері көптеген жастар мен үлкендердің қызығушылығына немқұралды көзқарас тудыруы әбден мүмкін. «Мемлекеттік тапсырыс» негізіндегі талап өңірлік қолжетімділікпен анықталатын сыңайлы.

Қаржыландыру мөлшерінде біршама айырмашылықты ескере отыра, ТжКБ жергілікті әкімшіліктердегі жеке және мемлекеттік мекемелеріндегі сұрақтар бойынша ТжКБ колледжіне ұсынылған қаржы сапасы жеткіліксіз, ол мәселені түпкілікті шешу қажет. Үкімет қаржыландыру көрсеткіштерінің сапалы бағдарламасын жасап, оның нақты бағасын ұсынатыны белгілі, соған қарамастан, қаржыландырудың ең жоғары бағасы ұсынысты өңірлерде мемлекеттік тапсырыс көлемі азаяды (бюджет есебінен қаржыландырылатын ТжКБ студенттері). Қазақстан қаржыландырудың (бюджеттік және ақылы негізде білім алатын студенттер үшін) саясаты және механизімін талқылауды қажет етеді, тек сонда кірісі төмен өңірлердің ТжКБ қаржыландыруға көмегі тиеді.

ТжКБ-дан кейін еңбек нарығына ену

ТжКБ қызметінің тиімді ұсынысына саналы түрде сипаттама жасалса, кейбір елдерде 6–12 айдан кейін ТжКБ түлектері еңбек нарығына еніп, жұмыспен қамтылуда.

Ал, кейбір басқа мемлекеттерде ТжКБ түлектері алған білімдерін жоғары оқу орындарында жалғастырып жүр ме, мамандықтары бойынша жұмыс істеп жүр ме сынды жұмыспен қамтылу мәселесі зерделеуде. Әрине, белгілі бір аз мөлшерде алған білімдерін, еңбек нарығымен байланыстыру, жұмыс істеп үйрену, өте күрделі мәселенің бірі. Кейбір студенттердің алған білімдері, еңбек нарығына енген соң, тек 1 жылдан кейін баға беруге болатынын ескерген. ТжКБ түлектерін жалдайтын кейбір салалардың жұмыс берушілері, түлектерді дайындау сапасы мен олардың маңыздылығы туралы пікірлерін анықтау үшін үнемі сауалнама жүргізе алады. Келешекте Қазақстандағы ұлттық ТжКБ жүйесі техникалық және кәсіптік білім беру тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін деректер жинауға арналған құралдар мен деректер жиынтығын әзірлеуді көздеп отыр.

Еңбек нарығына жүргізілген сауалнама нәтижесінде жиналған мәліметтер еңбек нарығының ауқымы бойынша жалпы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, мұнда ТжКБ түлектері өз даярлығына қатысты жұмыс табады. 10-шы кесте мәліметтері бойынша, Қазақстан Республикасының еңбек нарығында жұмыс орындарының шамамен 20,4%-ы жоғары білімді (басқарушылық және кәсіби жұмыс орындары), ал экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 33%-дан астамын ЖОО түлектері немесе жоғары білімі аяқталмаған тұлғалар қамтиды. Осылайша, ЖОО түлектері мен жоғары білімі аяқталмаған тұлғалар үлесі тиісінше жұмыс орындар үлесінен 1,7 есе жоғары. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы техниктер саны техниктер деңгейі үшін қолжетімді жұмыс орындарының санынан үш есе артады. Еңбек нарығындағы білікті жұмыс орындарына келетін болсақ, жұмыс күшінің 17% ғана кәсіби білім немесе кәсіби даярлық арқылы білікті жұмысшы дағдыларына ие болған. Бұл білікті жұмыс орындарының үлкен бөлігі (80%) техниктермен немесе ТжКБ немесе ЖОО аяқтаған адамдармен немесе жоғары білімі бар және кәсіби даярлықтан өтпеген адамдармен жүзеге асырыла алады.

КӨШІРУГЕ БОЛМАЙДЫ

8 кесте. Қазақстан аймақтарындағы 14-24 жас аралығындағы жастардың ТжКБ-ге араласуы, 2012 ж.

	Аймақтар	ТжКБ-ге араласу			Аймақтық бюджеттен мемлекеттік тапсырыс бойынша қаржыландырылатын 14-24 жас аралығындағы студенттер		Ақылы бөлімдерде оқитын 14-24 жас аралығындағы студенттер	
		14–24 жас аралығындағы жастардың саны	14–24 жас аралығындағы ТжКБ студенттерінің жалпы саны	14–24 жас аралығындағы жастардың ТжКБ-ге араласуы (%)	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын 14-24 жас аралығындағы ТжКБ студенттері	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ТжКБ студенттері, жалпы санға шаққандағы %	Ақылы бағдарламаларға қабылданған студенттер	Ақылы бөлімде оқитын студенттер, жалпы санға шаққандағы %
		1	2	3=2:1	4	5=4:2	6	7=6:2
1	Ақмола обл.	129 477	23 222	17.9	13 354	57.5	9 868	42.5
2	Ақтөбе обл.	169814	32 402	19.1	12 831	39.6	19571	60.4
3	Алматы обл.	359 867	33 920	9.4	15 687	46.2	18 233	53.8
4	Атырау обл.	109 510	17 506	16	8 441	48.2	9 065	51.8
5	ШҚО	244 025	38 352	15.7	17 838	46.5	20 514	53.5
6	Жамбыл обл.	205 428	31 804	15.5	12 966	40.8	18 838	59.2
7	БҚО	117 738	22 929	19.5	11 833	51.6	11 096	48.4
8	Қарағанды обл.	243 306	48 490	19.9	22 847	47.1	25 643	52.9
9	Қостанай обл.	145 888	23 305	16	16 496	70.8	6 809	29.2
10	Қызылорда обл.	157 684	26 421	16.8	11 438	43.3	14 983	56.7
11	Манғыстау обл.	109 945	23 365	21.3	10 697	33.1	12 668	66.9
12	Павлодар обл.	128 267	23 673	18.5	14 170	59.9	9 503	40.1
13	СҚО	92 827	14 191	15.3	9 277	65.4	4 914	34.6
14	ОҚО	556 773	72 055	12.9	27 840	38.6	44215	61.4
15	Алматы қ.	306 163	66 865	21.8	21 874	32.7	44991	67.3
16	Астана қ.	148 387	29 189	19.7	10 749	36.8	18 440	63.2
	Барлығы	3 225 099		17.2	238 338	45.2	289 351	54.8

Дерек көзі: ҚР БҒМ

9 кесте. ТжКБ-нің аймақтық қаржыландыру көздері, 2012 ж.

		Мемлекеттік тапсырыс бойынша ТжКБ-ні аймақтық бюджеттен қаржыландыру					Ақылы негізде қаржыландыру			Жалпы аймақтық қаржыландыру	
	Аймақтар	ТжКБ студенттерінің жалпы саны	Аймақтық бюджеттен қаржыландырылатын студенттер саны	Аймақтық бюджеттен қаржыландырылатын студенттер үлесі (%)	Күндізгі бөлімде оқитын студенттерді жылдық қаржыландырудың (000 теңге) орташа деңгейі	Аймақтық бюджеттік қаржыландыру (000 теңге)	Ақылы бөлімге қабылданған студенттер	Орташа жылдық төлем (000 теңге)	Ақылы негізде ТжКБ-ні қаржыландыру (000 теңге)	ТжКБ-ні жалпы бюджеттен және бюджеттен тыс қаржыландыру (000 теңге)	Аймақтар
		1	2	3=2:1	4	5	6	7	8	9	10=5:9
1	Ақмола обл.	25 899	13 354	51.6	409	5,461,786	12 545	82	1,028,690	6,490,476	84.2
2	Ақтөбе обл.	37 643	15 687	41.7	328	5,145,336	21 956	140	3,073,840	8,219,176	62.6
3	Алматы обл.	38 286	12 831	33.5	284	3,644,004	25 455	100	2,545,500	6,189,504	58.9
4	Атырау обл.	19210	8 441	43.9	194.1	1,638,398	10 769	95	1,023,055	2,661,453	61.6
5	ШҚО	43 319	17 838	41.2	442.3	7,889,747	25 481	120	3,057,720	10,947,467	72.1
6	Жамбыл обл.	35 472	12 966	36.6	303	3,928,698	22 506	83	1,867,998	5,796,696	67.8
7	БҚО	26 319	11 883	45	280.2	3,329,617	14 436	80.2	1,157,767	4,487,384	74.2
8	Қарағанды обл.	55 100	22 847	41.5	286.7	6,550,235	32 253	110	3,547,830	10,098,065	64.9
9	Қостанай обл.	26 223	11 438	43.6	164	1,875,832	14 785	112	1,655,920	3,531,752	53.1
10	Қызылорда обл.	29 485	16 496	55.9	348	5,740,608	12 989	130	1,688,570	7,429,178	77.3
11	Манғыстау обл.	27 092	10 697	39.5	200.9	2,149,027	16 395	100	1,639,500	3,788,527	56.7
12	Павлодар обл.	28 122	14 170	50.4	276	4,377,113	13 952	122	1,702,144	6,079,257	72
13	СҚО	16 171	9 277	57.4	308.9	2,865,665	6 894	120	827,280	3,692,945	77.6
14	ОҚО	75 645	27 840	36.8	301	8,379,840	47 805	97	4,637,085	13,016,925	64.4
15	Алматы қ.	66 690	21 874	32.8	332	7,262,168	44816	280	12,548,480	19,810,648	36.7
16	Астана қ.	30 729	10 749	35	319.7	3,436,455	19980	155	3,096,900	6,533,355	52.6
	Барлығы	581 405	238 388	42.9	298.6	73,674,529	343 017	120.4	45,098,279	118,772,808	62

10 кесте. Экономикалық белсенді халықтың кәсіби және білім бойынша құрылымы. 2012 ж.

	Еңбек нарығындағы еңбек сегметі	Экономиканың кәсіби құрылымы	Экономикалық белсенді халықтың білім бойынша құрылымы	Ескерту
1	Жоғары білімді талап ететін жұмыс	Жалпы саны – 1 731 582 (430230 менеджерлер және 1 301352 мамандар)	Жалпы саны – 2 926 331 (ЖОО-ның 2 647 139 түлектері және 279192 аяқталмаған жоғары білімі бар жұмыскерлер)	ЖОО түлектері ментолық емес жоғары білімі бар адамдар саны экономикадағы тиісті жұмыс орындарынан 1,7 есе артық
2	Техникалық білімді талап ететін жұмыс	912 685 техниктер	2 840 233 техник түлектер	Техник түлектер саны қол жетімді жұмыс орындары санынан 3,1 есе артық
3	Кәсіби білім, арнайы даярлық пен жалпы орта білімді талап ететін білікті жұмыс	Жалпы саны – барлық кәсіби топтарда 3 970 849 мамандандырылған жұмыскерлер	Жалпы саны – 3 018 369 (680 951 ТжКБ түлектері және 2 337 418 жалпы білім беру мекемелерінің түлектері)	ТжКБ түлектерінің саны кәсіби біліктілікті талап ететін экономикадағы барлық жұмыс орындары санының 17%-ын ғана құрайды. Жұмыстың 80%-нан астамы орта білімді және ЖОО мен ТжКБ түлектерімен атқарылады
4	Арнайы білімді немесе білікті даярлықты қажет етпейтін біліктілігі төмен еңбек түрі	2 078 064 мамандандырылмаған жұмыскерлер	Кез келген білім деңгейі	Работа, которую может выполнять выпускник школы, вуза и ТИПО, а также группа людей с низким образованием Мектеп, ЖОО және ТжКБ түлектері, сонымен қатар төмен білім деңгейі бар топтар атқара алатын жұмыс

Дерек көзі: Опрос рынка труда Казахстана. 2012 г.; Основные индикаторы рынка труда в Республике Казахстан. 2012

ТЖКБ сапасы

Білім сапасын ұлттық анықтау Білім туралы Заңның 14- бабына сәйкес «ұлттық білім стандартымен білім процестерінің сәйкестік шарасы әлеуметтік және жеке адамның қажеттілігі». Осы анықтамадан білім сапасы ұлттық білім стандарты сияқты сапалы болуы қажет екенін түсінген жөн; анықтамада көрсетілгендей ұлттық білім стандарттарын сапалы деңгейде қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар, қажеттіліктерді бағалау үшін бұл құжаттау рәсімінің қажеттілігін арттырады.

Бәлкім, жоғарыда айтылған анықтаманы басқа пікірлермен салыстырған ақылға қонымды болар, мысалы, «Сапаны қамтамасыз етуге нақты стандарттарға сәйкес біліктіліктерді, қойылған бағаларды және ұсынылған бағдарламаларды қамтамасыз етуге қатысты үдерістер енеді» (Тук, 2007). Бұл анықтама «сапа» және оны бағалаудың көлемді аясын қамтиды.

Сапаны қамтамасыз етуге қарсы қойылған баға сапасы

Қазақстан Республикасының Білімді беруді дамыту бағдарламасында ТЖКБ білім беру қызметінің сапасына тура және жанама қатысы бар көптеген іс-шаралар қамтылған. Алайда, бұл шаралар бағдарламаға жүйелік негізде енгізілмеген. Бақылаушылар әртүрлі ұсынылған шараларды өз түсінігіне қарай іріктеп біріктіре алады, мәселен ТЖКБ сапасы дегеніміз не және оған қалай қол жеткізуге болады, мониторинг қалай өткізілуі тиіс. Білім беруді дамыту бағдарламасында айтылғандай «Елде білім сапасын бағалаудың Ұлттық жүйесі құрылған және барлық аймақтарда жүзеге асырылуда» сонымен қатар, сапаны қамтамасыз етуге емес, керісінше, басқа елдердің назарын аударуға мүмкіндік бар.

ТЖКБ қызмет көрсетуші тұлғаларды аттестаттау

ТЖКБ колледждері Білім туралы заңмен (17-бап) аттестатталады, бұл білім беру қызметтерінің ұлттық білім беру стандарттарына сәйкестігін тексеру болып табылады. ТЖКБ колледждері білім беру бағдарламасының көрсетілетін қызметі жағдайына қарай әр 5 жыл сайын арнайы белгіленген лицензия әрекеті бойынша аттестаттаудан өтуге міндетті⁵¹. Аттестаттауды реттейтін ережелер таңдалған позициялардың негізгі бағыттарын, яғни ТЖКБ колледждерінің штатын, студенттерін, зертханаларын және т.с.с. ережесін анықтайды. Ұсынылған деректерді жинау әдістеріне оқудың аралық нәтижелерін талдау, сабаққа қатысу және т.б. енеді. Оқу сапасы студенттерден тест алу арқылы және қабылдау мүмкіншіліктеріне талдау жасау арқылы бағаланады. Тестілеу қорытындысы бойынша басқа бағалармен салыстырғанда ТЖКБ колледжі студенттерінің білім деңгейі шамамен 70% көрсеткен жағдайда, ұлттық білім стандарттарына сәйкес, қанағаттанарлық болып табылады. Аттестаттау жүргізу жауапкершілігін ТЖКБ саласына жауапты облыстық әкімшілік жүзеге асыру керек.

ТЖКБ саласының оқу орындарында аттестаттауға баға беріп қорытынды жасау ҚР білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің негізгі қызметінің бірі болып табылады және білім және ғылым Министрі алдында есеп береді. Аймақтық деңгейде бұл құрылым бірінші кезекте, мемлекеттік, жеке колледждерді міндетті аттестаттаудан өткізумен айналысады. Әрбір колледж аттестаттаудан өтуі тиіс (бір жолғы Лицензиясы бар колледждерден басқалары),

51 Білім беру ұйымында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық. ҚР БжҒМ министр м.а. 2008 жылғы 5 наурыздағы № 1069 бұйрығымен бекітілген.; Білім беру ұйымының мемлекеттік аттестаттау Ережесі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулы-сы. Астана, N 1270, 2007 г.

колледждің өзін-өзі бағалауы жүргізіліп, 5 жылда бір рет өткізілуі тиіс. Колледждерді аттестаттаудан ТжКБ аймақтық бөлімдерінде жұмыс тәжірибесі мол кәсіпқойлардан құрылған команда жүзеге асырады. Аттестаттау үрдесі дескрипторларының жоқтығына келешекте көңіл аудару керек. ТжКБ сапасын кеңінен қамтамасыз ету мәселесін комиссия қызметкерлері болашақта даму бағыттарының бірі ретінде қарастыруда.

Қазақстанда оқу орындарын аттестаттау негізінен басқару, оперативтік және қаржы көрсеткіштерінің жалпы жай-күйін тексеру үшін өткізіледі, мысалы, Ұлыбританияда қарапайым тексеріс болып табылады. Бұндай мақсаттарды орындау үшін Ұлыбританияда екі тәуелсіз қоғамдық инспекциялар бар, оларға жүздеген қызметкерлер толық мөлшерлемеге және жарты мөлшерлемеге инспекторлар жұмыс істейді. Егер Қазақстан Республикасында ТжКБ оқу орындарын аттестаттау маңызды орын алатын болса, онда барлық аймақтар бойынша бірыңғай аттестаттау үдерістерін құрып, стандарттау қажет. Аттестаттауға қатысушы команда мүшелері осындай аттестаттауларды өткізуге білікті болу үшін, арнайы оқып, тіркеуден өтуі тиіс. Бұл дегеніміз, білікті даяр «инспекторлар» бір аймақтан екінші аймаққа аттестаттауларға қатысып, өзара тәжірибе алмасу арқылы жақсы нәтижелерге жету.

Институттық аккредиттеу үдерісі

Білім туралы Заң институционалдық аккредиттеу қажеттілігін «жетілдіру бойынша механизмдердің болу сапасы және дәлелдер жинақтау туралы шынайы ақпаратты алу мақсатында аккредиттеу стандарттарының білім беру қызметтеріне сәйкестігін тану» деп анықтайды (16-бап)⁵². Кейбір басқа анықтамаларда «мекемелерді аккредиттеу білім беру және оқу орны сапаның сәйкес стандарттарына жауап беретін үдеріс» (Тук, 2007) деп айтылған. Жоғарыда айтылған анықтамаларды салыстыру үшін ең алдымен, сапа стандарттарын келісу керек. Институционалдық аккредиттеу процедуралары осындай сапа стандарттарын сақтау шараларын анықтауға бағытталуы тиіс.

Қазақстанда Кәсіптік білім беруді дамытудың ұлттық бағдарамасын жүзеге асырмас бұрын (2008–2012) колледждер аккредиттеу рәсімімен қамтылмаған еді. Білім беруді дамытудың ұлттық бағдарламасы (2011–2020) мемлекеттік колледждердің 10% (49 мекеме) 2015 жылға дейін аккредиттеуге талпынады. 2013 жылы 20 колледжді аккредиттеу жоспарланған. Аккредиттеу рәсімдері әлі де талқылануда⁵³.

2012 жылы конкурс өткізу үдерісі арқылы білім беру мекемелерін аккредиттеу туралы шешім қабылданды. Аккредиттеу бойынша органдардың Ұлттық реестрін ҚР БҒМ берді, ол ұлттық және шетелдік агенттіктерге тіркелуге мүмкіндік береді. 1 кезең аккредиттелген агенттіктерді тіркеуге арналған және қазіргі таңда 6 агенттік бар, олардың 2 ұлттық және 4 халықаралық болып табылады⁵⁴. Білім беру мекемелерін аккредиттеудің ұлттық ережелері⁵⁵ аккредиттеу органдарынан:

52 «білім беру ұйымын аккредиттеу –сапасы және оны арттырудың тиімді механизмдерінің бо-луын растау туралы нақты ақпарат ұсыну мақсатында аккредиттеу стандарттарында белгіленген білім беру қызметтеріне сәйкестігін мойындау рәсімі « (дереккөз: Білім туралы Заң, 16-бап.);

53 Негізделген: Ақпараттық белгі: Қазақстандағы ЖОО және ТжКБ ұйымдарын аккредиттеу бойынша анықтама.

54 Аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламалары, аккредиттелген органдардың Ұлттық реестрлерін жүргізу тәртібі мен талаптары. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 556 бұйрығымен бекітілген

55 Білім беру ұйымдарының аккредиттеу ережелерін бекіту туралы. ҚР Үкіметінің Қаулысы. Аста-на, Үкімет Үйі, 29 желтоқсан 2007 жыл № 1385

- «институционалдық аккредиттеу» және «білім беру бағдарламаларын аккредиттеуді»⁵⁶ жүзеге асыруды;
- жоғарыда көрсетілген екі сала бойынша өздерінің стандарттары мен критерийлерін әзірлеуді талап етеді.

Білім беру саласындағы сапаны бақылау облысында бәсекелестікті енгізу мәселесі туындап отыр. Әрбір тәуелсіз аккредиттеу агенттігінің стандарттары және критерийлері заңнамаға, сонымен қатар, техникалық реттеу жөніндегі Комитеттің талаптарына сәйкес болуы тиіс. Егер Комитеттің талаптары тым қатал болса, онда түрлі аккредиттеу агенттіктері әзірлеген аккредиттеу стандарттары арасындағы айырмашылық көп болмауы керек. Егер Комитеттің талаптары қатал болмаса, аккредиттеу стандарттарының нарығы қалыптасуы мүмкін. Дегенмен, ТЖКБ қызметік көрсетушілер аккредиттеудің әлсіз стандарттарын іздеуі ықтимал.

Аккредиттеу талаптарын стандарттау аккредиттеу сапасын қамтамасыз ету және аккредиттеу құралдарын, үдерістерін және нәтижелерін салыстыру үшін маңызды, олар аймақтық және ұлттық колледждерде сапалы бенчмаркинг қамтамасыз етуге жол ашады. Кейбір елдер (ол Ұлыбритания болып табылады) ТЖКБ облысында агенттіктер әзірлеген оқу бағдарламалары мен біліктіліктерді ұсынатын үдерістерді жеткізу және бағалаумен байланысты аккредиттеудің бәсекелестік үдерістерін пайдалану тұрғысынан белгілі. Ұлыбританияда көптеген оқу орындары өздерінің оқу бағдарламаларын әзірлеу, бағалау үдерістерін өткізу облысында бәсекеге түседі. Бұл Ұлыбританияда кейде түсінуге және таңдауға қиын ондаған мың біліктіліктерге қол жеткізді. Алайда, оқыту бағдарламалары ұлттық болып қала бермек және ешқандай басқа агенттіктер әзірлемейді және өздерінің біліктіліктерін сатады, әртүрлі стандарттарды және процестерді аккредиттеу қажеттілігі болмайды.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша біраз уақыт бұрын құрылған Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Агенттігі⁵⁷, ТЖКБ колледждерін қоса алғанда білім беретін барлық мекемелерде аккредиттеуді жүргізуге бағытталған. ТЖКБ бұндай мекемелері үшін тәуелсіз аккредиттеу ерікті болып табылады. Бұл үдерістер өзін-өзі бағалауды, сонымен қатар сыртқы бағалауды талап етеді.

Техникалық және кәсіптік білім беруді және біліктілік тағайындауды дамытудың Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы

ТЖКБ сапасын қамтамасыз етуде негізгі техникалық рөл РФӨО⁵⁸ берілуі тиіс. Бұл орган стандарттардың барлық түрін, сонымен қатар, студенттердің тесттерін және ТЖКБ колледждеріндегі әкімшілік тесттерге және жұмыс орындарын тесттерін әзірлеуге жауапты.

Жалпы Қазақстан Республикасының ұлттық жүйесі айтарлықтай концептуалды және интеграцияланған емес. Нақты анықталған тұжырымдаманың болмауы, сапа көлемі және сапаны қамтамасыз ету бойынша сәйкес үдерістер барлығы сапаны бағалауға апарады. Қазақстан Республикасында ТЖКБ қызмет көрсетуді аккредиттеу және аттестаттаудың

56 «Аккредиттеу институционалдық және мамандандырылған түрде жүзеге асырылады» Аккредиттеу білім беру ұйымы қызметінің аккредиттелген орган әзірлеген стандарттар мен критерийлерге сәйкестігін бағалау негізінде іске асырылады. Білім беру ұйымдарын аккредиттеу ережелерін бекіту туралы»

57 http://nkaoko.kz/accreditation_of_colleges/

58 ТЖКБ дамыту және біліктілік тағайындау Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы (РФӨО). <http://www.rnmc.kz/>

ұсынылатын шаралары нақты белгіленіп, ТжКБ сапасын қаматамасыз ету аясында интеграциялануы тиіс. Аккредиттеу және аттестаттау процедуралары жақсы құрылып, стандартталып, сапамен қамтылуы керек.

Мемлекеттік-жеке серіктестік және дуалды жүйені енгізуді жоспарлау

Білім беруді дамыту бағдарламасы жұмыс берушіні «дуалды жүйені» (кооперативтік білім беру/оқыту) енгізу есебінен жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын, стандарттар мен біліктіліктің барлық түрлерін әзірлеуге, ТжКБ қамқорлық кеңестеріне қатысуға, ТжКБ қызметкерлерін оқытуға, аймақтық және салалық кеңестерді құруға қатысуға тартуды жоспарлайды. «2020 жылға қарай кооперативтік оқыту іске асады» деп күтілуде. Өндірістен құзыреттілік (немесе кәсіптік стандарттар) және салалық біліктіліктер стандарттарын әзірлеу бастамасын өздеріне алуды талап етілуі мүмкін. Сонымен қатар, оқыту мен қызметкерлерді қабылдауға деген қысқа мерзімді қажеттіліктерді, оның ішінде үкімет пен ТжКБ саласымен кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін түлектердің білім сапасын бағалау қажеттілігі туындауы мүмкін. Кейінгісі өнеркәсібі дамыған елдерде мемлекеттік гранттар есебінен қаржыландырылады.

Дуалды жүйені енгізу радикалды инновация болып табылады, ол білім алушылар, жұмыс берушілер мүдделерін, сонымен қатар, түрлі жағдайлардың болуын сыннан өткер еді. Қазақстанда Германияның дуалды жүйесін енгізуді тежейтін негізгі факторлар:

- Оқушылық жүйесінің формальды жүйесі бірқатар дамыған елдерде қолданылады (Германия, Австрия, Швейцария және т.б.) және білікті жұмысшыларды баяу үдеріс арқылы дайындауға негізделген, ол бірнеше жылға (3–4) созылады толық жұмыс күнінде жұмыс орнында нұсқау жүргізіліп, сонымен қатар, оқу орнында кейбір жалпы білім беру курстары өткізіледі. Салыстырмалы түрде Қазақстанда білікті жұмысшыларды белгілі жалпы білім деңгейіне жетуіне қарай 1–3 жыл көлемінде дайындайды. Қазақстан Республикасында дуалды жүйені енгізуге байланысты 11-ші сыныптан кейін ТжКБ оқуға түскен жастар 2–3 есе ұзақ оқушы болып қалуы жайлы келісуі тиіс, бұл оларға ұнамауы мүмкін. Сондықтан, дуалды оқыту жүйесі тек 9-шы сынып оқушыларына ғана тиімді вариант болуы мүмкін. Дегенмен, 9- сыныптан кеткен оқушылар дуалды жүйеге кірсе, өздерінің мектептегі жалпы білімдерін аяқтау үшін жұмыстан кейінгі уақыттары жеткілікті болуы керек;
- Оқушылықтың формальды жүйесі әдетте оқудың пайдасыз нұсқасын ұсынады, ол дегеніміз егер олардың түлектері жоғары оқу орындарына түсуді қаласа, қиыншылықтарға тап болады, өйткені, олардың оқуы саланы толығымен практикалық тұрғыда игеруге негізделген. Бұл Қазақстан жастары үшін жаңашылдық болып табылады және оны дұрыс қабылдауы мүмкін емес;
- Білікті жұмысшыларды дамытуға арналған дуалды жүйені ірі аумақта енгізу, жоқ дегенде 100–100, 000 тағлымдамадан өтуші (ТжКБ 590000 білім алушы) толық жұмыс күніне өнеркәсіп пен қызмет көрсетумен айналысатын айтарлықтай ірі кәсіпорынға оқуға орналастырылуы керек. Жұмысшы күшінің төрттен бір бөлігі дерлік ауылшаруашылық, қызмет көрсету және сауда саласында жұмыспен қамтылғанын ескерсек, осыншама тағылымдамадан өтушілерді орналастыру ұлттық өнеркәсіп үшін өте қиын;
- Компаниялар тағлымдамадан өтушілерді қабылдауға мүдделі емес, өйткені, нарықтағы білікті жұмысшылардың еңбекақылары (еңбек нарығында жеңіл қолжеткізуге

болатын) мен компаниядағы оқушылық құны көп болмайды сондықтан, оқушыларды қабылдауға ынталандырмайды. Осыған байланысты компаниялар еңбек нарығында тәжірибелері бар ересек жұмыскерлерді жалдағанды және қажет болған жағдайда оқушыларға қарағанда ересек жұмысшыларды қайта даярлағанды жөн көреді.

- Оқытушы компаниялар ұлттық деңгейде бекітілген оқу бағдарламаларына сәйкес толық кәсіптік біліктілікті меңгеруді көздейтін реттелетін оқытуға, яғни тәжірибеден өтушілерді бір-бірімен байланысты бірнеше жұмыс орындарынан ауыстыруға дайын болулары қажет. Реттелетін оқытумен (оқу бағдарламасымен) бірізділікті сақтау үшін компаниялар тәжірибеден өтушілердің өз мақсатында пайдалануды болдырмау мақсатында айқын бақылауды қажет етеді. Осы себептен жұмысқа қабылдауда компаниялар тәжірибелі мамандарды, керек болған жағдайда олардың біліктіліктерін арттыруды артық көруі мүмкін.

ТЖКБ қызметкерлерін дамыту

Білім беруді дамыту бағдарламасында (19 бет) оқытушылық құрамды дайындау және біліктіліктерін арттыруға көп көңіл бөлінеді, ол мұғалім кәсібінің болашағын нығайтуға және ТЖКБ сапасын арттыруға бағытталған. Пән мұғалімдері мен кәсіптік нұсқаушылар біліктіліктерін кәсіпорындарда тағлымдамадан өткізу жолы арқылы жоғарылату жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасында практикалық нұсқаушылар үшін ережелерді белгілеу қажеттілігін мойындаған маңызды. Бүгінгі таңда өнеркәсіптегі білікті жұмысшылар ТЖКБ мекемелеріне педагогикалық даярлықсыз нұсқаушылар ретінде жұмысқа орналаса алады. Бірақ, көптеген елдер Германияны қоса алғанда педагогикалық білімнің болуын талап етеді, онда білікті жұмысшы арнайы курстан өтпейінше компанияда оқушыларды оқыта алмайды. Дәнекерлеуші жұмыспен айналысу және жастарды ас әзірлеуге дайындау бұл әртүрлі нәрселер. Басқаларды оқытатындар (әсіресе жастарды) кейбір оқытудың біліктілік стандарттарына сай болуы керек. Мұғалім және нұсқаушы болып жұмыс істейтін кез келген тұлға бұл саланы оқып, сертификатталуы тиіс.

Білім беруді дамыту бағдарламасының тағы да бір маңызды бағыты кәсіптік білімді басқаруды оқыту болып табылады. Біліктілікті арттырудың әрекеттегі бағдарламасы апталық дәрістерден тұратынын анықтауға мүмкіндік берді. Қазақстанда болып жатқан кәсіптік білім мен кадрлар даярлаудағы жүргізіліп жатқан реформаны ескере келе, ТЖКБ қызмет көрсетудің операциялық және қаржы дербестігін кеңейтуге апаратын және менеджмент бойынша құрылымдық курс құруға кеңес беріледі. Сертификат және диплом деңгейінде ТЖКБ басқару бойынша оқыту бағдарламалары Австралияда әзірленген. Кейбір басқа елдерде, мысалы, АҚШ-та білім беруді басқару облысында біліктіліктер бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Австралияның біліктілік шеңберлер кеңесі (2013), Австралияның біліктілік шеңберлері, екінші басылым.

ҚР БЗ (Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы) 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III (14/01/2013 өзгерістер мен толықтырулармен).

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2009) ҚР МЖБС 5.05.103–2009. 0901000 мамандығы- Электр станциялары мен желілерінің электрожабдығы. Техникалық және кәсіптік білім беру.

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2010), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен мақұлданған.

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2011), План мероприятий на 2011–2015 годы по реализации Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы (I этап), Утвержденный указом Правительства Республики Казахстан № 130 от 11 февраля 2011 года

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2012) Біліктілік жүйесінің Ұлттық Тұжырымдамасы. 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № KZTVEM/CQS-01 келісімшарт бойынша. «Біліктіліктер жүйесінің, біліктіліктердің Ұлттық және салалық шеңберіндегі Ұлттық тұжырымдамасын әзірлеу» (074 бағдарлама) «Техникалық және кәсіптік білімді модернизациялау» жобасының аясында. Астана 2012

ҚРСА (Қазақстан Республикасы статистика агенттігі) (2013a), www.stat.kz

Тук, Р. (2007), Ұлттық біліктілік шеңберіне кіріспе: Саясатты дамытушыларға арналған концептуалды және тәжірибелік сұрақтар, Халықаралық еңбек ұйымы

ҰБСБО (Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы) (2013), Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің статистикасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Астана

ХЕҰ (Халықаралық еңбек ұйымы) (2004), Рекомендации касательно развития человеческих ресурсов, образования и обучения на протяжении всей жизни

ЮНЕСКО (2011) Білім біліктілігінің халықаралық стандарты

3-ШІ БӨЛІМ

Жоғары білім беру

Аталған бөлімде Қазақстанның жоғары білім және ғылым мәселелері, сонымен қатар, жоғары білім беру сапасының жаһанды деңгейде бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру артықшылықтары қарастырылған.

КІРІСПЕ

Аталмыш бөлімде жоғары білім мен ғылым нәтижелерін және көрсеткіштерін жақсартуға қажетті шаралар қамтылған. Жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті болу үшін Қазақстанға жеке және қоғамдық қажеттіліктерді ескеру қажет. Бөлімде еңбек нарығындағы сәйкестікті жақсарту, қабілеттілік жүйесін қалыптастыру, қаржыландыру деңгейлерін ұлғайту және әділетті қаржылық шеңберлерін дамыту мәселелерін қамтитын негізгі басымдықтар талқыланған.

Айтарлықтай ілгерілеу

Соңғы он жылда Қазақстан ғылым, орта білімнен кейінгі және жоғары білім жүйесінің бәсеке қабілетін арттыру бойынша айтарлықтай қадамдар қабылдады. Бұл әрекеттердің көпшілігі ЭЫДҰ/Дүниежүзілік банктің жоғары білім бойынша 2007 жылға арналған шолуындағы ұсынымдарды ескерген (ЭЫДҰ және ДБ, 2007).

Төмендегі басымдықтарды талқылау барысында саясаттық бастамалардың көбісі белгіленген. Бірнеше халықаралық және отандық сарапшылар топтары Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі тап болатын негізгі мәселелерді анықтады. Реформаларды ынталандыру мақсатында заң шығарушы органдар жаңа заңдар мен қаулыларды қабылдады. 2011-2020 жалдарға арналған іске асырылған жағдайда елді жаһандық бәсекелестік мақсатында жақындататын бірнеше жобалар мен бастамаларды қамтиды.

2030 жылдың мақсаттарына әрі қарай 2050 жылдың мақсаттарына жету

Тіпті осы ілгерілеушілікті ескере отырып, Қазақстан Президенттің 2050 мақсаттарына жетуде белгілі бір қиындықтарға тап болып отыр. Дүниежүзілік экономикалық форумның (2012–13) жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне сәйкес Қазақстан 144 елдің ішінде 51-ші орынды иеленді, бұл көрсеткіштің алдыңғы 2 жыл бойындағы 72 орынмен салыстырғанда, жақсарғаны анық. Дейтұрғанмен, есепте «тисінше білімі жоқ жұмыс күші» секілді факторлар көбіне-көп «бизнес жүргізу үшін түйткілді факторы» ретінде көрсетіліп, «жемқорлық» (ДЭФ, 2012) секілді факторға алғышарт болғандығы атап өтілген.

Жұмыс күшін даярлауға қатысты алаңдаушылық бұл көрсеткіш 2009 жылғы жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіндегі 7-орыннан соңғы үш жылда 1 және 2-орындар (жемқорлықпен алма-кезек) деңгейіне дейін өзгерген кезде күрт ұлғайды. Қазақстанның жоғары білім және оқу жөнінен рейтингі 144 елдің ішінде 58-орынға тұрақтады, яғни 51-орындағы елдің рейтингінен әлдеқайда төмен. Ал білім сапасының көрсеткіші тіпті төмен, «білім беру жүйесінің сапасы» – 101, «математикалық және табиғи-ғылыми білім сапасы» –81, «басқарушылық және бизнес-мектеп сапасы» жөнінен 103-орында. Инновациялық әлеует (92), ғылыми -зерттеу институттарының сапасы (108) рейтингтері төмен болды. Соңғы үш жылда осы көрсеткіштердің бірде-бірі айтарлықтай жақсарған жоқ.

Елдің жаһандық бәсекеқабілеттілігінің тағы бір маңызды көрсеткіші үшінші білім алған 25 пен 64 жас аралығындағы тұрғындардың, әсіресе 25-тен 34-ке дейінгі жас (1 қосымшаны қараңыз) тобының үлесі болып саналады. Жалпы, ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткіштеріне жетіп отыр. Алайда, Қазақстанда кіші жас тобындағылардың айтарлықтай аз пайызы үшінші білімге ие болу фактісі қызықты. Бұл осы тектес көптеген елдерде ұрпақтан ұрпаққа білімділік деңгейінің тұрақты жақсаруын білдіреді. Осы айырмашылық, сондай-ақ, өзге де мәселелер аталған есепте талқыланатын болады⁵⁹⁶⁰. Сондай-ақ, салыстыратын елдердің көпшілігі ілгерілеушілікті мониторингілеу мақсатында және үкіметті нәтижелер үшін жауапкершілікке тарту әдісі ретінде жоғары білім саласында айқын мақсаттар белгілеген. (Қосымша О-ны қараңыз).

Дүниежүзілік банктің таяудағы «Қазақстан: мұнай толқынының жалында» есебінде Қазақстанның мұнай өндіруді ұлғайтудан кемінде 25 не одан да көп жылдар бойы айтарлықтай табыс көретіні, егер мұнай бағасы жоғары әрі тұрақты болса, онда мұнайды оффшорлық өндіру орта және ұзақмерзімді болашақта экономикалық белсенділіктің маңызды қозғаушы күші болатындығы айтылған. Бірақ елдің қорларын әртараптандыру, жоғары білікті адам капиталын құруды қоса алғанда, ұзақмерзімді болашақта мейілінше толық және орнықты дамудың ажырамас шарты болып табылады (ДБ, 2013). Жоғары білім осы мақсатқа жету саясатының ең маңызды және стратегиялық бағытының бірі болуы мүмкін.

Жобалық топ жаһандық бәсеке және экономиканы әртараптандыру қажеттілігі аясында алты басымдықты анықтады. Егер Қазақстан Президенттің 2050 мақсаттарына жетуді ойлайтын болса, аталған мәселелер қаралуы тиіс. Бұл басымдықтар адам капиталын дамытуда маңызды элементтер болып табылады. Бастапқы үш басымдық жүйенің өнімділігіне бағдарланған. Соңғы үш басымдық жүйенің өнімділігін арттыру үшін қажетті, мемлекеттің жалпы жүйе әлеуетімен, қаржыландырумен, басшылық және басқарумен байланысты қимылдарын көрсетеді.

59 ЭЫДҰ үшінші білім алу бойынша мәліметтері Білім берудің халықаралық стандарты классификациясы (БХСК) 5А бағдарламасын қосқандығы маңызды факті болып табылады, ол теорияға негізделген және БХСК 5Б және БХСК 6 секілді кемінде үшжылдық болады. БХСК 5Б үшін ЭЫДҰ анықтамасы келесідей: «А үлгісіндегі үшінші білім бағдарламасына қарағанда, олар әдетте қысқа, және еңбек нарығына тікелей шығуға арналған практикалық, техникалық және кәсіби машықтарға ден қояды. Дегенмен, кейбір теориялық негіздер тиісті бағдарламаларда игерілуі де мүмкін. Олардың минималды ұзақтығы үшінші білімге сәйкес, күндізгі оқу формасында екі жылды құрайды.». <http://stats.oecd.org/glossary>. Мұндағы маңызды сәт -Қазақстанда қазіргі кезде білім берудің деңгейлері мен салаларын анықтау үшін 5 Б санатының жоқтығы. Бұл мәселе де есепте талқыланады.

60 Алынған дәрежелер санының өсуі нәтижелердің сапасының артуымен қуатталуы тиіс. Үшінші білімі бар халқының проценті жоғары елдердің барлығында жоғары машық деңгейі байқалады, бірақ кейбір елдерде екінші және үшінші білім арасындағы машық айырмасы күткендегіден аз. (Шлейхер, А. (2012), Жоғары білімдегі институционалдық басқарудың Бас конференциясындағы таныстырылым «Жоғары білім үшін қандай болашақ күтіп тұр», (Institutional Management in Higher Education – IMHE), 19 қыркүйек, 2012, Париж. Ересектердің компетенциясын бағалау жөнінде ЭЫДҰ Бағдарламасы аясында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша үшінші білім алуға қа-тысты талдау негізінде жасалған. (OECD Programme for Assessment of Adult Competencies – PIACC).

БАСЫМДЫҚТАР

Бірінші басымдық: әлемдік ауқымдағы бәсекеге қабілеттілікке жету үшін жоғары білімнің өнімділігі мен сапасын жетілдіру

Ұлттық басымдықтар мен халықаралық тәжірибе

Бұл басымдық «білім берудің бәсекеқабілеттілігін арттыру және адам капиталын сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы орнықты экономикалық өсім үшін дамытуға» бағытталған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына мойындалған. Мемлекеттік бағдарлама бұл мақсатқа жету үшін басты міндеттер мен жүзеге асыру қадамдарын екі кезеңін: 2011–2015, 2016–2020 жылдар аралығына бөліп қарастырады. Мақсатты көрсеткіштер ұлттық және халықаралық аккредиттелген жоғары оқу орындарының санын арттыруды; ЖОО бітіргеннен кейін алған мамандығы бойынша бір жыл ішінде жұмысқа орналасқан түлектер санын ұлғайтуды; қазақстандық ЖОО-дың халықаралық рейтингтердегі орнын жақсартуды; ЖОО-дың инновация, ҒЗТКЖ мен технологиялар трансфері салаларындағы қызметін кеңейтуді; ғылыми жарияланымдардың санын арттыру және жастар саясаты қызметіне жастардың қатысуы мен рөлін күшейтуді қарастырған (ҚР БҒМ, 2010).

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

Жоғары білім ұсыну

Тәуелсіз мемлекет болғаннан кеден бастап Қазақстанның ілгері дамуы шынымен танданарлық. 1991 жылы Кеңес одағы құлағаннан кейін үкімет жеке меншік университеттер құру үшін заңнамалық базаны 1993 жылы ұсынды. Нарықтық экономика коммерциялық машығы және заңгерлік біліктілігі бар адамдар санын айтарлықтай ұлғайтуды талап ететіні және еңбек нарығы үшін осындай мамандарды даярлау үшін тиімді шарттардың бар екені түсінікті бола бастады. ЖОО-дың саны 1991 жылғы 55-тен 2004–2005 жылдардағы 181-ге дейін өсті. Алайда жеке меншік шағын оқу орындарының бұлай тез көбеюі олар ұсынатын білім сапасына қатысты күмән туғызды. Осылайша, Білім және ғылым министрлігі (ҚР БҒМ) жоғары білім реформасына қатысты өз стратегиясының бір бөлігі ретінде оқу орындарының санын біртіндеп қысқарту және оқу мен оқыту сапасын жүйелі жақсарту мақсатында барлық ЖОО-ға аккредиттеу талабын енгізу жолымен «оңтайландыру» жөніндегі бағдарламасын әзірледі. Сәйкесінше, 2004 жылдан бастап ЖОО саны үнемі кеміп келеді. (11-ші кестені қараңыз).

11 – Кесте. Жыл басына жоғары оқу орындары, 2007–2008 жылдар кезеңінен 2012–2013ж.ж. дейін

	2007–2008	2008–2009	2009–2010	2010–2011	2011–2012	2012–2013	% с 2007–2008 жылдан 2012–13 арасындағы өзгеріс
Жеке меншік	113	90	93	94	93	86	-24%
Мемлекеттік	54	53	55	55	53	53	
Барлығы	167	143	148	149	14	139	-17%
Жеке меншік %	68%	63%	63%	63%	64%	62%	

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (ҚР БҒМ), Баға және білім беру статистикасының ұлттық орталығы (2013). Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы

ЖОО саны соңғы жылдары іс жүзінде жеке меншік оқу орындарының қысқаруы есебінен азайып келеді, бірақ олар әлі де болса сандық мөлшерде басым көпшілікте.

Оңтайландырудың бұл стратегиясындағы маңызды құрал мемлекеттік қаржыландырудың ұлттық аккредиттеу алған оқу орындарына тиесілі болатындығы. 2015 жылы толық көлемде жүзеге асуы тиіс бұл шара төменде кеңінен қарастырылады.

ЖОО санының 2005 жылға дейінгі өсуі үшінші (жоғары) біліммен қамтуды айтарлықтай ұлғайтты. Қазақстанда 18 бен 22 жас арасы деп көрсетілген «студенттік жастағы» тұрғындардың санына қатысты алғанда жалпы студенттер санының үлесі⁶¹, 80- жылдардың соңында 40% құрады және 1990 жылдан 1996 жылға дейін 31% дейін төмендеді. Бірақ он жылдан соң 52 пайызға дейін қалпына келді. Жоғары білім алып жатқан студенттердің абсолюттік саны 1996 жылы 419000 –нан 2005–2006 оқу жылдары 776000-ға дейін ұлғайды. Кейін, ол 2007–2008жж. мен 2009–2010 аралығында күрт азайып, тағы 63000-ға дейін қалпына келіп, 2012–2013 оқу жылдары 571691 (ҰБСБО, 2013) дейін тағы да кеміді (12-кесте).

12–кесте. 2003–2004 жж. мен 2012–2013 жж. аралығындағы үшінші біліммен қамту.

	Студенттер саны	Үшінші (жоғары) біліммен қамту (%)
2003/4	658106	44.5
2004/5	747104	47.8
2005/6	775762	52.7
2006/7	768442	52.8
2007/8	717053	50.5
2008/9	633814	45.9
2009/10	610264	40.0
2010/1	620442	38.5
2011/12	629507	40.8
2012/13	571691	43.2

Дерек көзі: ҰБСБО (2013)

Оқыту курстары ұзақтығы жағынан түрлі болғандықтан, студенттер әртүрлі жаста оқуға түседі және қамту көрсеткіші сырттай бөлім студенттерін де қамтиды⁶², бұлар міндетті түрде бірінші университеттік біліктілігін алмайтындықтан, үшінші білімді жалпы қамту жоғары білім алатын студенттердің әрбір тобының арасалмағының мінсіз көрсеткіші бола алмайды. Бірақ, ол студенттер санының өзгерісі демографиялық немесе басқа да аспектілерге байланысты болатын шаманы айғақтайды. Егер студенттер санындағы өзгерістер демографиялық өзгерістерге қатысты болса, онда жалпы қамтудың көрсеткішінде қандай да бір өзгеріс күтпей-ақ қоюға болар еді. 2009–2010 жылдар мен 2011–2012 жылдар аралығындағы үш жыл бойында солай болды. Халық санының көрсеткіштері өте баяу өзгерген кезде коэффициент өзгеруі 2004–2005 жылдан 2006–2007 жылдар аралығындағыдай, немесе тіпті

61 ЮНЕСКО, Статистика институты, интерактивті деректер қоры. <http://www.uis.unesco.org/pages/default.aspx?&SPSLanguage=EN>

62 Сырттай бөлім – студенттер «корреспонденттік курс» үлгісі бойынша оқып, оқытушы-профессорлық құраммен шектеулі сағат-кездесетін, күндізгі бөлім студенттері секілді бағалауға жатпайтын бағдарлама.

соңғы оқу жылындағыдай кері өзгеруі қамтуды анықтайтын басқа да факторлар бар екенін көрсетеді.

ЮНЕСКО-ның салыстырмалы деректері Үшінші (жоғары) біліммен жалпы қамту халықаралық салыстыру жүргізу үшін ыңғайлы негіз болып табылады⁶³. Төмендегі кестеде Қазақстанның жоғары біліммен қамтуы ЭЫДҰ елдерінің көпшілігіне қарағанда, әлі де болса төмен екендігі көрсетілген. Алайда, ол табыс деңгейі қарайлас елдердің орташа көрсеткішінен төмен емес⁶⁴.

13-кесте. Үшінші біліммен жалпы қамту, 2010/2011

Елдер	Жалпы қамту
Австралия	79.9
Канада	m
Корея Республикасы	103.1
Дания	73.7
Финляндия	93.7
Эстония	64.3
Ирландия	66.2
Жапония	59.8
Ұлыбритания	59.7
АҚШ	94.8
ЭЫДҰ табыс деңгейі жоғары елдері	72.6
Табыс деңгейі орташадан жоғары елдер	35.1
Қазақстан	38.5

Дерек көзі: ЮНЕСКО, Статистика институтының деректер базасы; Дүниежүзілік банктің білім беру статистикасының деректер базасы <http://data.worldbank.org/data-catalog/ed-stats>.

Үшінші білімге келетін студенттер шығатын 15 пен 29 жас аралығындағы тұрғындар саны келесі онжылдық бойына төмендеп, тек 2020 жылы ғана қазіргі деңгейіне оралады. Бұл дегеніңіз орын санын айтарлықтай көбейтпей –ақ жалпы қамтуды ұлғайтуға (ЭЫДҰ деңгейіне жетпесе де) болатынын білдіреді.

⁶³ ЮНЕСКО «жалпы қамту» анықтамасын пайдаланады.

⁶⁴ Қазақстан қазіргі кезде Дүниежүзілік банк тарапынан «табыс деңгейі орташадан жоғары» ел ретінде қарастырылады.

14-кесте. 15–19 жас аралығындағы тұрғындардың болжамды саны

	15–19 –дағы тұрғындар ('000)	2010=100
2010	4360	100.0
2015	4051	92.9
2020	3617	83.0
2025	3843	88.1
2030	4379	100.4

Дерек көзі: БҰҰ-ның тұрғындар бойынша материалдары, 2012 жылғы нұсқа. (<http://esa.un.org/wpp/Excel-Data/population.htm>)

*2010 жылғы есептеулер, 2015–30 жылдарға орташа болжамды есептеулер.

Өзге мәліметтер Қазақстан мен ЭЫДҰ елдерінің сандық индикаторлар арқылы көрінген білім беру көрсеткіштеріндегі айырма жалпы қамтуды дәріптегеннен аз екенін көрсетеді (Қосымша N-ды қараңыз). Бір қызығы, жасы үлкен топтардың үшінші (жоғары) біліммен қамтылу деңгейі жастарға және ЭЫДҰ бірқатар елдеріндегі тұрғыластарын қарағанда айтарлықтай жоғары. Осы кестеден алынған мәліметтер мен жалпы қамту көрсеткіштеріне сүйенетін мәліметтердің арасындағы айқын сәйкессіздік, егер мұндай бар болса, бұрынғы Кеңес одағы мен ЭЫДҰ елдері арасындағы білімділік деңгейін анықтаудың өзгешелігі қаншалық екенін түсіндіруге болатындай зерттеу мүмкіндігі болмады.

Қамту көрсеткішінің таяудағы азаюы сырттай оқитын студенттер санының кемуімен байланысты болуы мүмкін (15-кесте). 2009 жылы тек 52,2% күндізгі оқу бөлімінде оқыды. 2012–2013 жылға қарай күндізгі бөлімде оқитындар үлесі 63,4% дейін ұлғайды. Ал, сырттай оқитындар үлесі 34,2% қысқарды. Сонымен, бір мезгілде кешкі курстарда оқитындардың саны 2,4% пайызға көбейді (ҰБСБО, 2013, Кесте 2.6.7).

15-кесте. Жоғары біліммен оқу жылының басындағы қамту, мыңдықпен

	2007–08	2008–09	2009–10	2010–11	2011–12	2012–13
Жалпы қамту	717.1	633.8	610.3	620.4	629.5	571.7
Күндізгі	375.9	331.0	318.7	329.4	360.9	362.6
Кешкі	2.1	1.6	2.6	5.7	9.1	13.6
Сырттай	339.1	301.2	289.0	285.3	259.5	195.5
Жалпы түскендер арасынан пайызбен						
Күндізгі	52.4	52.2	52.2	53.1	57.3	63.4
Кешкі	0.3	0.3	0.4	0.9	1.4	2.4
Сырттай	47.3	47.5	47.4	46.0	41.2	34.2

Дерек көзі: ҚР БҒМ, Баға және білім беру статистикасының ұлттық орталығы (2013). Қазақстан Республикасы білім жүйесінің статистикасы

Қамтудың күндізгі оқу формасында 2011–2012 жылдары айтарлықтай ұлғаюы мен кешкі формадағы студенттер санының артуы сырттай бөлім студенттер санының күрт қысқаруымен қатар жүрді. Бұл осы өзгерістердің бір бөлігі сырттай бөлім студенттерінің бірқатарын қайтажіктеумен байланысты болар деген болжам жасауға мүмкіндік береді. Екінші жағынан сырттай оқу түрімен қамту 2012–2013 жылдары да көп төмендеді, ал бұл әлбетте студенттерді қайтажіктеумен (реклассификация) байланысты болуы мүмкін емес. Сондықтан, бұл құлдырау осы курстардың көпшілігінің толықтығы мен сапасына алаңдаушылықтан туған, сырттай бөлім студенттерін мақсатты түрде қысқарту саясатымен байланысты сияқты. Сондай-ақ, қамту көрсеткішінің төмендеуі мемлекеттік оқу орындарынан гөрі, көбіне жеке меншік ЖОО-ға тиетінін күтуге болар еді. Бір таңданарлығы олай болмай шықты. (16-кесте).

16-кесте. Жоғары біліммен жыл басындағы қамту, мыңдықпен

	2007– 2008	2008– 2009	2009– 2010	2010– 2011	2011– 2012	2007–2008 ден 2011–2012 арасын- дағы өзгеріс%
Мемлекеттік	398.3	349.1	332.6	321.1	317.7	-20.2%
Күндізгі	250.0	214.1	206.9	201.6	210.0	-16.0%
Кешкі	0.2	0.0	0.0	1.4	2.1	950.0%
Сырттай	148.1	135.0	125.7	118.1	105.6	-28.7%
Жеке меншік	318.8	284.7	277.7	299.3	311.8	-2.2%
Күндізгі	125.9	116.9	111.8	127.8	150.9	19.9%
Кешкі	1.9	1.6	2.6	4.3	7.0	268.4%
Сырттай	191.0	166.2	163.3	167.2	153.9	-19.4%

Дерек көзі: Жобалық топтың ҚР БҒМ негізінде жасаған есептеулері, Баға және білім беру статистикасының ұлттық орталығы (2013). Қазақстан Республикасы білім беру статистикасы

Оқу орындары мен ЖОО санын қысқарту институционалдық сапа мен студенттер сапасын арттыру жөніндегі стратегияның қажетті бір құрамдасы болғанымен, оның кедей немесе ауылдық тұрғындарға қатысты әділетсіз ықпалы болып, сәйкесінше әлеуметтік теңдікті азайтады деген де қауіп бар. Бұл мәселе келесі бөлімде мейілінше кеңінен талқыланады.

Қолжетімділік және теңдік

ЖОО-ға түсуге талпынған студент үшін оған мүмкіндігіне сай қолжетімді, оны қабылдайтын, және шамасы келетін орын болуы тиіс. Егер қазақстандық оқу орындары оқыту мен оқу сапасын қамтамасыз етіп, ұлттық және халықаралық аккредитация алуға және мойындалу ұмтылатын болса, қажеттілік болып табылатын ЖОО санын қысқарту саясаты кедейшілік деңгейі жоғары салаларға теңгерімсіз ықпал етеді.

Әрі қарай ЖОО-ға түсу жүйесі талқыланады. Бұл есепте тиімділікпен қатар теңдік мәселелерін қозғайтын, ЖОО-ды қаржыландыру, студенттердің өздері төлейтін төлемақы мен мемлекеттік субсидиялардың рөлі сөз болады.

17-ші кестеде 2003–2004 және 2009–2010 жылдар аралығында әр облыстың жоғары біліммен қамту деңгейіндегі пропорционалдық өзгерісті 2009 жылғы кедейшілік және табыс деңгейіне қатысты салыстырады.

17-кесте. Облыстар бойынша табыс деңгейі және үшінші (жоғары) біліммен қамтудағы өзгерістер, 2003–2011 жылдар


Облыс	Жан басына шаққан-дағы өңірлік жиынтық өнім индексі, 2009	Облыстың кедейлер санатындағы тұрғындарының үлесі, 2009	2009–2010 жж. облыс тұрғындарына% қатыстағы үшінші (жоғары) біліммен қамту	2003–2004 және 2009–2010 арасындағы қамтудағы өзгерістер
Қазақстан Республикасы	100.0	8.2	3.8	-7.3
Ақмола	67.4	5.9	2.4	-20.2
Ақтобе	106.3	6.3	3.4	-17.3
Алматы	40.2	15.5	0.6	-4.4
Атырау	361.9	10.0	3.1	-31.7
Батыс Қазақстан	129.6	8.2	4.2	-4.8
Жамбыл	32.1	4.8	2.5	-13.9
Қарағанды	106.7	3.9	4.2	-17.1
Қостанай	77.4	6.8	3.3	-17.6
Қызылорда	88.8	10.4	2.2	-16.5
Маңғыстау	212.8	22.6	1.8	-55.6
Оңтүстік Қазақстан	35.2	11.7	3.1	-16.0
Павлодар	109.8	6.2	3.0	43.3
Солтүстік Қазақстан	64.2	7.3	1.7	-57.9
Шығыс Қазақстан	66.6	6.6	3.4	-0.5
Астана қ.	207.2	3.9	5.9	21.8
Алматы қ.	218.3	3.0	13.5	13.0

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі (2012), Қазақстан Республикасындағы ұлттық есептеулер, 2006–2010, Астана 2012, 51–2 беттер, кесте 3.1

2-суретте көрсетілгеніндей, үшінші (жоғары) біліммен қамту тиісті облыстың жан басына табысына қатысты болып отыр. ($R = 0,4$).


Қамтудағы шамалы өзгеріс (3-сурет) халықтың жан басына табысымен байланысты емес, бірақ облыстағы тұрғындардың «кедейшілікте өмір сүретінде» санатының үлесімен байланысты ($R = 0,49$). Теңдік мәселесінде мұның елеулі салдары бар, ол жөнінде төменде талқылаймыз.

2-сурет. Облыстың жан басы табысына қатысты үшінші (жоғары) біліммен қамту



Дерек көзі: Қазақстанның статистика агенттігі

3-сурет. Облыстар бойынша кедейшілік деңгейі және пайыздық арақатыста көрінген үшінші (жоғары) біліммен қамтудағы өзгерістер



Дерек көзі: Қазақстанның статистика агенттігі

Қамту коэффициентіндегі географиялық айырманың бір қыры ауылдық және қалалық аудандардың арасындағы айырмасында жатыр. Соңғы шолу мен есептің мәліметтері (ҚР БҒМ, 2012а) ауылдық, әсіресе, шағын мектеп түлектерінің білім сапасына байланысты Қазақстанның күндізгі жоғары біліміне қол жеткізу мүмкіндігі аз екендігін көрсетеді. ҰБТ бойынша есептің мәліметтері 2012 жылы ауылдық мектеп оқушылары қалалық балаларға қарағанда орташа 10 тармаққа төмен балл алғанын көрсетті. ЭЫДҰ алдағы шолуы «шағын ауыл мектептері көп немесе әлеуметтік нашарлық деңгейі жоғары, аз қоныстанған аудандардан шыққан студенттер айтарлықтай төмен нәтижелер көрсететіндігі» туралы фактіге назар аударады (ЭЫДҰ, 2013).

Сонымен қатар, қалада мейілінше сапалы орта білім алған кейбір қалалық студенттердің соңғы академиялық оқу жылында ауылдық мектептерге ауысқандығы туралы да деректер бар. Өйткені, олар ауылдық мектептерге бөлінетін 30 пайыздық квота арқылы грант иеленуге көбірек мүмкіндік алады, осылайша ауыл оқушыларының грант алу мүмкіндігін қиындата түседі. «Ауылдық» және «қалалық» бөлініс бұдан әрі тіпті күшейе түседі: мысалы, шетелде білім алуға арналған «Болашақ»⁶⁵ бағдарламасы бойынша оқып жатқан студенттердің 3% ғана ауылдық жерден. «Ауылдық» пен «қалалық» арасындағы осы теңсіздік жұмысқа орналаса алмай жүрген жастар арасында әлеуметтік толқу туу ықтималдығын күшейтеді.

Ілгерілеушілік

Білім берудің ахуалы мен дамуы туралы ұлттық баяндама 2010–2011 жылдары оқуға түскен және бір жыл бойында оқудан шығарылған студенттердің үлесі алдыңғы жылмен салыстырғанда, 1-ден 11,9% дейін ұлғаюы алаңдарлық факті екеніне назар аударды. Өйткені, бұған дейінгі үш жыл бойынша бұл көрсеткіш төмендеген болатын (ҰБСБО, 2012, 656.)⁶⁶. Жеке меншік ЖОО-дан шығарылғандардың орташа көрсеткіші (13,6%), мемлекеттік оқу орнына (10,2%) қарағанда едәуір жоғары. Аяқталмаған жоғары білім көрсеткіші сырттай және кешкі бөлім⁶⁷ студенттері арасында айтарлықтай жоғары – сырттай оқу бөлімдерінде оқудан шығарылғандар –15,6%, күндізгі оқу бөлімінен шығарылғандар-8,7%. Оқуды тастап кеткен студенттердің 20 пайызы себеп ретінде қаржылық қиындықтарды көрсетсе, 8,6% академиялық қиындықты алға тартқан⁶⁸.

ЖОО-ға қабылдау ережелері

Ұлттық бірыңғай тестілеу. 2003–2004 оқу жылынан бері Қазақстанда ЖОО-ға түсу мектеп бітіру сынағы мен университетке түсу сынағын біріктірген Ұлттық бірыңғай тестілеуде (ҰБТ) алынған баллдың негізінде жүзеге асуда. Қазақстандағы 2012 жылы мектеп бітірушілердің жалпы санының 75 пайызы немесе 117333 бала ҰБТ тапсырды. Бұл 2011 жылғыдан 4,02% аз. Олардың орташа баллы да төмен болды, негізінен тестегі аздаған өзгерістерге байланысты.

65 Талантты жастардың магистратура және PhD докторантура деңгейлері бойынша үздік шетелдік оқу орындарында оқуларына толық мүмкіндік беретін «Болашақ» бағдарламасы.

66 Бұл үлес 2011/2012 жылдары әрі қарай өскен секілді. Өкінішке қарай, ҚР БҒМ-де, Баға және білім беру статистикасының ұлттық орталығында, Білім беру жүйесі статистикасында (2013) (кесте 2.6.15) Маңғыстау облысы бойынша сандарда қателіктер болғандықтан, сол жылдарға дәл салыстыру жасалынбады. Маңғыстау бойынша мәліметтерді түсіру екі жыл бойынша 11.8%-дан 12.8% дейін ұлғаюды көрсетеді.

67 ҚР БҒМ, Баға және білім беру статистикасының ұлттық орталығы (2012), Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің статистикасы, жоғары біліммен қамтамасыз ету (МСКО 5 және 6) үш тақырыппен көрсетілген: (i) күндізгі; (ii) кешкі және (iii) сырттай.

68 Шығып қалу себептері 2.6.15 кестеде толыққанды көрсетілген. ҚР БҒМ, Баға және білім беру статистикасының ұлттық орталығы (2012), Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесі статистикасы.

Мектеп бітірудегі және университетке түсудегі ҰБТ кемшіліктері ЭЫДҰ 2007 жылғы шолуында қаралды. Оған қысқаша тоқталсақ: (I) тест төрт пәнмен шектелген әрі жауап нұсқалары бар сұрақтарды қолданады, бұл білімнен бұрын, сәттілікке тәуелді; (II) сұрақтар мектеп оқулықтарындағы тақырыптармен қатты шектелген, түсіну, талқылау немесе дәйектеу қабілетін бағаламайды; (III), студенттер төрт пән бойынша еске сақтауға зейін қоятындықтан, оқу жоспарының тарылуына әкеледі, және (IV) мұғалімдер дарынды балаларға көбірек көңіл бөледі, өйткені, оқушылары тестті жақсы тапсырған мұғалімдерге сыйақы тағайындалады. Еске сақтауға бағытталған мұндай зейін, келешек жұмыс орнында немесе жоғары білімде қажет болатын интеллектуалдық қабілеттердің жеткіліксіз дамуына әкеліп соқтырады.

Кешенді тестілеу. Кешенді тестілеу (КТ) жоғары оқу орындарына түсудің балама формасын ұсынады. Оны көбіне техникалық және кәсіптік колледж (ТЖКК) студенттері немесе мектепті ҰБТ-сыз бітіргендер мен шетелде оқығандар тапсырады. ТЖКК түлектеріне ҰБТ тапсыру алғаш реті 2012 жылы рұқсат етілгендіктен, КТ тапсырушылардың саны 2011 жылғы 26525 –тен 2012 жылы 65439-ға дейін өсті. Тест ретінде КТ да ҰБТ секілді кемшіліктерге ие, онда да КТ тапсыратындардың 78 пайызын құрайтын ТЖКК студенттері іс жүзінде немесе кейінгі жоғары білімінде, я болашақ жұмыс берушісінде қолданбайтын академиялық пәндерге ден қойылған. Сонымен қатар, жобалық топ ЖОО-ға түскісі келетін ТЖКК студенті бірнеше жыл оқымаған пән бойынша сыналатын болса да, кешенді тестілеуді тапсыруы тиіс екендігін түсінеді.

Мектепте 12 жылдық білім беру үлігісіне көшу. Басталуы 2015⁶⁹ жылға жоспарланған 12 жылдық білім беруге көшудегі мақсаттың бірі оқушылардың 12- сыныпта оқушылар жоғары білім жүйесінің бірінші жылында берілетін бағдарламаға жақын оқытылатындығы. Теоретикалық тұрғыдан, орта білімнің соңғы екі жылы бейіндік мектептерде оқытылмақ, бірақ әзірге бұл модель барлық мектепте бірдей қолданыла ма, белгісіз. Бұл реформа оқу нәтижелерін жақсартуға және жоғары білім сатысында студенттерге қосымша тиімсіз курстарды оқытуды болдырмауға бағытталған.

Сапаны жақсарту

Қазақстан адам капиталын және елдің бәсеке қабілетін дамыту стратегиясының маңызды қыры ретіндегі институционалдық сапаны қамтамасыз етуде ілгерілеуге қол жеткізді. Қазақстан білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының өзегі ретінде сапасын есептілік пен тексеру тетіктерін, баға және жоғары білімді аккредиттеу немесе сертификаттау үрдістері орнату қажеттілігін дұрыс көрсеткен.

ЭЫДҰ 2007 жылғы шолуындағы ұсынымдарға сәйкес, институционалдық сапаны тәуелсіз аккредиттеу органдары арқылы қамтамасыз етудің жаңа жүйесі іске асырылуда. 2013 жылы 139 ЖОО-ның 3,6% толық институционалдық аккредиттеуден өтеді; тағы 16,6% бұл мақсатқа жыл аяғына дейін жетеді деп күтілуде. Және шамамен осынша оқу орны жекелеген пәндер бойынша аккредиттеуден өтеді. 2013 жылдың аяғына дейін аккредиттеледі деп күтілген, мемлекет қаржыландыратын (ұлттық және мемлекеттік) оқу орындарының үлесі 38% болмақ, салыстыру үшін айтсақ, жеке меншік оқу орындарының мұндай үлесі 13 пайыз⁷⁰.

Аккредиттеу ерікті түрде, бірақ бұл мәселеде барлық ЖОО-ларды ынталандырудың екі негізгі жол бар. Аккредиттеу алғаннан кейін ЖОО-лар білімі туралы өздерінің дипломдарын

69 Негізгі орта білімде 5 –тен 10- сынып аралығында алты жыл, жоғарғы орта білім 11 және 12-сыныптарда болуы жоспарлануда.

70 Жобалық топтың Ұлттық аккредиттеу орталығымен сұхбаты. Сәуір, 2013.

бере алады. Олардан Министрліктің⁷¹ аттестаттау үрдісінен өту талап етілмейді және олар мемлекеттік стандарттарды өздерінің мейілінше икемді институционалдық талаптарына (бакалавр бағдарламасы 50%, магистратура бағдарламасын – 70% және докторлық бағдарламаны 90–95% дейін) бейімдей алады. Сондай-ақ, жоғарыда айтылғанындай, 2015 жылдан бастап бакалавр бағдарламасын мемлекеттік қаржыландыру (магистратура және докторантура үшін 2014 жылдан) аккредиттелген ЖОО-ларға ғана ұсынылады және мемлекеттен қаржыландырылатын студенттерді қабылдау үшін ЖОО-ның кемінде аккредиттелген бір бағдарламасы болуға міндетті.

Қазақстан Болон процесіне қосылу үшін қажетті заңнама мен ережелерді қабылдады және Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығын құрды. Сондай-ақ, сегіз деңгейлі біліктілік шеңберін әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Толық енгізілгеннен кейін бұл бастамалар нәтижелерді салыстыру үшін және студенттердің ұтқырлығы үшін әлеуетті күшейтуге негіз қызметін атқарады. Дегенмен, Еуропалық және Америкалық жоғары білім жүйесі арасындағы ішкі айырмашылықтар себебінен Болон процесін жүзеге асыру ЖОО мен ғалымдар үшін қиындықпен өтіп жатқанынан жобалық топ хабардар. Кредит жинақтау мен аудардың еуропалық жүйесін (ECTS) қабылдаудың бакалавр және магистратура дипломын мойындау мәселесінде Қазақстан үшін күмәнсіз пайдасы бар. Бірақ АҚШ-қа бағдарланған жоғары оқу орындарындағы бүгінгі тәжірибе кредиттік сағаттардың санына негізделген кредиттердің жинақталуын мойындайды. Аталған екі жүйенің арасында бірқатар қайшылықтар болғандықтан, мұндай қосарланған қадам қатты адастыруы мүмкін. Бұл мәселелерді Дүниежүзілік банк те ескертіп, Қазақстанға Еуропалық процестің әрі қарай даму үшін пайдалы әрі тиімді элементтерін, сондай-ақ, «бағдарды ауыстыру» Еуропалық және Америкалық жүйелерді (ДБ, 2012, 18 б.) сәйкестендіру үшін тиімді болуы мүмкін элементтерді табу бойынша қадамдар қабылдау керек деген ұсынымдарын жасады. Басқа бастамалар біліктілікті растаудың тәуелсіз жүйесін құруды қарастырған.

Үшінші білім (жоғары білім) жүйесінің шешуші элементтерінің бірі ЖОО-лардың еңбек нарығы мен жеке тұлғалардың сұраныстарын қамту үшін қандай әралуандылық ұсына алатындығында. Шынында да, халықаралық тәжірибе жоғары білімді сәтімен қамтамасыз ететін негізгі фактор ретінде әралуандықты анықтаған (Ван Вугхт, 2008, 154б.). Түрлі жоғары оқу орындары бар білім беру жүйесі студенттер үшін таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етіп, еңбек нарығының өзгерістеріне жедел әрекет етуге, кейінгі еңбек қызметіне ықпал ететін инновациялар үшін мүмкіндіктер ұсынып, икемді оқу мүмкіндіктерін кеңейтуге қабілетті. Оған қоса, миссияның әралуандығы қатысу деңгейін де кеңейтуге ықпал етеді деген де пікір бар (ЭЫДҰ, 2008а). Қазақстандағы ЖОО құрылымдары мен үлгілеріне қатысты түсініктемелер төртінші басымдықта ұсынылады.

ШЕШІЛУГЕ ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

ҰБТ/Кешенді тестілеуге негізделген ЖОО-ға түсу жүйесін реформалау. Ұлттық стратегия 2015 жылдан бастап, мектеп бітіру мен ЖОО-ға түсу үшін тапсырмалардың бөлек болуын қарастырады. Ұсынылып отырған жаңа ұлттық тест колледждерге түсетін студенттер мен жаңа 11–12 сыныптарда оқуын жалғастыратындарды анықтайтын болады. Қазіргі ҰБТ және кешенді тестілеу үшінші деңгейдің жаңа тестімен алмастырылады. ЖОО-ға түсудің

71 Аттестаттау үрдісі ЖОО-ларды лицензиялау және құқықтық нормаларды сақтау рәсімдері арқылы үкіметтік бақылау үшін тетікті қамтамасыз етеді. Сапаны қамтамасыз етудің құралы ретінде ол сапа үшін институционалдық жауапкершілікке емес, орталықтандырылған бақылауға сүйенеді.

ұсынылып отырған жаңа тестінің сипатын анықтау қиын. Бірақ ол студенттің деректерді жаттап алуын емес, қабілетін бағалауға тырысатыны анық. Тестің жетілмеген тұстарын егжей-тегжейлі талқылау Кембридж тобы ұсынған Жол картасына қосылған. Бұл ретте, оқуға түсудің жаңадан ұсынылатын жүйесінің үздік халықаралық тәжірибені ескерген, әділ болғаны, жемқорлықтың өркендеуіне мүмкіндік туғызатын, ЖОО-лар оқуға түсу талаптарын жеке-жеке анықтаған ескі тәжірибеге қайта оралмауы өте маңызды.

Орта білімнің сапасын арттыру. ЭЫДҰ алдағы шолуы PISA 2009 және TIMSS 2011 нәтижелері қазақстандық орта білім жүйесі фактілерді жаттап алу негізінде теориялық білім мен ақпарат бере алады, бірақ, оқушыларды бәсекеге қабілетті экономика үшін қажетті сыни ойлауға машықтандырмайды. Мектептің оқу бағдарламасы икемсіз және ойлау қабілетін дамытпайды. Сондықтан, негізгі міндет Назарбаев зияткерлік мектептерінің үлгісін трансляциялау болады (Nazarbayev Intellectual Schools – NIS).

Педагогикалық ЖОО сапасын арттыру. Бакалавр деңгейіндегі ауылдық мемлекеттік білім гранттарының айтарлықтай үлесі педагогикалық университеттердегі оқуға бағытталған (ҚР БҒМ, 2012b). Алайда, Қазақстандағы білімге таяудағы және алдағы шолу осы педагогикалық университеттердегі педагогикаға дейінгі кіріспе курстардың сапасына қатысты алаңдаушылық білдірді. Бұл тармақ мұғалімдердің еңбекақы деңгейімен және төлемақы шарттарымен (мұғалімдердің еңбекақысы сабақ беретін сағаттарына негізделген) бірге тұтастай білім беру жүйесінің сапасына тікелей ықпал етеді.

Оқу тілімен байланысты мәселелерді шешу. Халықтың 60% этникалық қазақтардан тұратындықтан, қазақтілді студенттердің, әсіресе, ауылдық жерден шығатындар үшін білімге қолжетімділік мәселесі бар. Оған қоса, оқулықтар мен оқу материалдардың жоқтығы теңді мәселесін қозғайды. Қазіргі кезде қазақша оқытатын мұғалімдерді даярлау сапасын арттыру жөніндегі бағдарламаларды дамыту және қазақ тіліндегі білім ресурстарының қолжетімділігін көтеру бойынша жоспарлар бар⁷².

Техникалық және кәсіптік білім (ТжКБ), үшінші (жоғары білім) білім және үздіксіз білім беру үшін мүмкіндіктер арасындағы сабақтастықты орнату. Жалпы және кәсіптік білім арасында орта, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнен кейінгі деңгейлерінде сабақтастықтың жоқтығы 2007 жылға арналған ЭЫДҰ есебімен қатар, Кадрлар даярлау жөніндегі еуропалық қор (European Training Foundation) дайындаған 2010 жылғы ТжКБ бойынша есепте де атап айтылды (Оузоун, 2010). ТжКБ жүйесін қайта құруды және ұлттық біліктілік талаптарының жалғасып жатқан әзірленімін қоса алғанда, соңғы жетістіктер барлық оқушылар үшін айқын әрі түсінікті сабақтастыққа әкеледі. Дейтұрғанмен, жаңаға өтуді жеңілдету және бұрын алынған білімді мойындау үшін құралдар жоқ. Сонымен қатар, бейресми деректер мен бірқатар зерттеулер көптеген өзге елдердегі секілді, Қазақстандағы студенттер мен олардың ата-аналары да техникалық және кәсіптік білімге қатысты тысқары пікірде екенін және оны университеттік білімнен төмен санайтынын көрсетеді.

Сапаны қамтамасыз ету үшін институционалық мәселелерді шешу. Жалпы алғанда, жоғары білімдегі сапа мәселесі Қазақстанда бұрынғысынша инвестиция тұрғысынан (input-oriented) қарастырылады және академиялық біліктілік және бір студентке кететін шығыстар сынды көрсеткіштерге негізделеді. Жоғарыда айтылған мобильділік аясына (Mobility Frameworks) және институционалдық аккредиттеу үрдістеріне қарамастан, сапаны орталықтандырылған бақылауға, сапаны қамтамасыз ету мәдениеті мен ЖОО-лардың институционалдық деңгейдегі өзін-өзі бағалауына емес, заңнамалық талаптарды сақтауға ден қою әлі сақталып отыр.

72 Аталмыш есептің 2-ші бөлімі.

Технологиялық әлеуетті пайдалану. Білім беру және оқыту мекемелерінің өңірлік деңгейдегі бөлінісін және жоғары біліммен қамтамасыз ету мен қамтуды ұлғайтудың қажеттілігін ескере отырып, жаңа технологиялар сапалы білім мен кәсіби дайындыққа қолжетімділікті кеңейту мақсатында қолданылады деп күтілуде. Бұл контексте 2007–2010 жылар аралығындағы кезеңде Қазақстанның интернетке қолжетімді тұрғындары 4,0% -тен 33,4% дейін ұлғайғандығы жағымды ықпал болып табылады. Алайда, бұл көрсеткіш жоғары дамыған елдермен салыстырғанда әлі де болса өте төмен болып отыр. ЭЫДҰ елдерінде орташа деңгей 68,3%, ал ЭЫДҰ-ның табысы жоғары елдерінде 74,7% құрайды (ЭЫДҰ, 2013).

Білім сапасы мен тұтастығына сенімсіздік мәселесін шешу. Жүйенің беделіне мұндағы зияны мынадай: студенттер мен олардың ата-аналары, жұмыс берушілер тіпті үздік оқу орындары ұсынған білім нәтижелерінің тұтастығы мен сапасына сенбейді. Сенімнің жеткіліксіздігін келесі дәлелдермен түйіндеуге болады:

- ЖОО-ларда студенттің алдау мәдениеті («көшіру») (cheating) бар;
- Оқытушылардың жұмысты бағалауда және емтихан кезінде дұрыс баға қою үшін пара талап ететіндігі туралы ақпарат бар;
- Оқу орындары мемлекет қаржыландыратын студенттерді қолдайды, себебі, мұндай студенттерге қолдау болмаса, табыстан айырылуы мүмкін.

Екінші басымдық: жоғары білімді тез өзгертін, мейлінше білімге негізделген, жоғары технологиялық экономикадағы еңбек нарығы талаптарына сәйкестендіру

Ұлттық басымдықтар мен халықаралық тәжірибе

Адам капиталының ұлғаюы мен экономиканың өсімі нарықтық экономика жағдайында өзара тәуелді.

- «Үшінші (жоғары) білім жастардың еңбек өміріне дайындалатын немесе жұмыс істейтін ересек адамдардың өз машығын жаңғыртатын негізгі амалына айналды. Бірқатар елдерде бұл өзге де білім беру және тренингтік бағдарламалармен салыстырғанда, жетекші амал болып табылады. Оның еншісіне еңбек нарығына жаңадан қатысушылардың үлкен үлесі тиеді» (ЭЫДҰ, 2008а, 189б.).
- Қазақстанда Президент қойған 2050 жылы жетуге тиіс мақсат адам капиталының дамуын елдің болашақ жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің кілті ретінде анықтайды әрі кәсіптік және жоғары білімнің еңбек нарығының ағымдағы және болашақ талаптарына бағдарлануының маңыздылығын атап көрсетеді.

Қазақстандық еңбек нарығын шолудан бастайды. Экономикалық өсім мейлінше білікті жұмыс күшін талап етеді, сондай-ақ, адамдардың қажетті қабілет-машықтарды игеруін ынталандырады. Алайда, екі процесті ажыратқан жөн, біріншіден – адам капиталын дамытудан бөлек, экономикалық өсім өзге факторлармен тежелуде деген болжамдарға сүйене отырып, еңбек нарығы қалай дамып жатқанын талқылау, сосын осы өсімнің білімді жұмыс күшіне сұранысына байланысты күтілетін салдар мәселесін, сәйкесінше білім беру жүйесін қарастыру керек.

Педагогикалық университеттердегі мұғалімдердің еңбек нарығымен өзара байланысы есептің 1-ші бөлімінде талқыланады. Сол себепті, есептің осы бөлімінің басты назарында Қазақстандағы ЖОО-дар ұсынатын (МСКО 5А және 6), мансаптық өсуі медицина және

құқық мамандықтары бойынша, мемлекеттік қызметтің жоғары лауазымдарында, маңызды басқарушылық қызметтер мен жеке сектордағы тар аядағы мамандардың, ғылыми қызметтегі орындардың төңірегінде дамитын университет түлектерінің үлкен бөлігін қамтитын білімнің өзектілігі тұр.

Қазақстан Республикасындағы экономиканың болжалды дамуы

Қазақстандық экономика таяу онжылдықта қалай дамитындығына дәл баға беру мүмкін емес. Ал, университетті 2013 жылы бітіретін адамның мансабы туралы айту тіпті қиын. Технологиялық білімнің тежелуін күтуге еш негіз жоқ, интернет тегін әрі жедел таралуда, сондықтан, әлі анық болмаса да, халықаралық саудада кедергілер азая беретін сынайлы. Осы процестердің бәрі іс жүзінде түлектердің барлық қабілет-машықтарына әсер етеді деп болжауға болады. Бүгінгі таңда кез келген елдегі түлек өзінің мансаптық жолында оның кәсіптік біліміне деген сұраныс күрт өзгеруі мүмкіндігін білетін болады. Сондықтан, кез келген түлектің бірінші университеттің білімі кейіннен кәсіптік мамандануы немесе әдетте «өмір бойы оқу» аталатын жаңғыртулар иек арта алатын бастапқы негізді қамтамасыз еткені аса маңызды.

ЭЫДҰ елдері инновацияда көш бастай алады. Жаңа технологиялар турасындағы ақпараттармен іс жүзінде тегін алмасу сауда кедергілерінің азаюымен бір мезгілде жаңа технологиялардың мейілінше кедей елдерде бұрынғыдан гөрі жылдам бейімделуіне ықпал ететін болады. Бұл дегеніңіз бай елдерге қарағанда, кедей елдер жылдам дамитындығын білдіреді. Шығыс және Оңтүстік Азия экономикаларында осылай болып жатыр. Олардың географиялық орналасуы бұл нарықтардың, атап айтсақ, Қытайдың нарығы, Қазақстан үшін мәнін арттыра бермек. Оның үстіне бұл нарықтар Қазақстанның экспортында басым үлеске ие энергия және басқа пайдалы қазбалардың ірі импорттаушысы (2011жылы 78%) болып табылады. Егер адам білімді маман болмаса, мысалы, пласты гидравликалық жару секілді жедел технологиялық жаңалықтың энергия бағасына қандай әсері болатынын, отынның қазба түрлерін жаңғыртылатын энергия көздеріне алмастыруға және көліктің барынша таза түрлерін шығаруға әлемдік сұраныс қаншалықты тәуелді болатынын немесе Таяу Шығыстағы саяси тұрақтылық қалай қазақстандық бәсекелестерге ықпал ететінін шамалай да алмайды. Дейтұрғанмен, таяу және ортамерзімді болашақта қазақстандық экспортта минералдардың басымдықта болмайтынын елестету де қиын.

Мұнай мен газ және пайдалы қазбалармен байланысты қызметте салыстырмалы түрде аз жұмыс күші пайдаланылады. Қазақстандық экономикалық саясаттың негізгі міндеті барынша бәсекеге қабілетті экономикаға айналу мақсатына жетуге кедергі келтірмеу үшін саудаға тосқауыл жасамай, жұмыс күшін еңбекке тиімді орналастыру болмақ. Жұмыс күшін пайдалануда, әсіресе, түлектерге қатысты осыған дейін бәрі жақсы болды. Жұмыссыздықтың орташа деңгейі 2011 жылы 473000 адам немесе жұмыс күшінің 5,4% құрады. Олардың 25% (118000) үшінші (жоғары) білімге ие болды⁷³. Қазіргі кезде жұмыс күшінің 30% жоғары немесе аяқталмаған жоғары білімі бар⁷⁴. Сол себепті ЖОО түлектері арасындағы жұмыссыздың деңгейі 5%-дан аз болғаны түсінікті.

Жұмыс күшінің қазіргі құрылымының салыстырушы елдердегі бастапқы деңгейден қатты айырмашылығы бар. Ол елдерде жұмыс күшінің айтарлықтай көп бөлігі ауыл шаруашылығына тиесілі, ал, Қазақстан даму тұрғысынан «орташа табыс деңгейі бар» ел болып табылады».

⁷³ Қазақстанның статистикалық жылнамасы.

⁷⁴ Техникалық және кәсіптік білім бойынша таныстырылым. Назарбаев Университеті. Ақпан 2013ж.

18-кесте. Жұмыс күшінің құрылымы, Қазақстан, 2011 және салыстырылатын елдер, 2010

	Бастауыш	Орта	Үшінші (жоғары)
Австралия	3.3	21.1	75.5
Канада	2.4	21.5	76.5
Дания	2.4	19.6	77.7
Эстония	4.2	30.1	65.1
Финляндия	4.4	23.2	71.9
Ирландия	4.6	19.5	75.5
Жапония	3.7	25.3	69.7
Корея Республикасы	6.6	17.0	76.4
Ұлыбритания	1.2	19.1	78.9
АҚШ	1.6	16.7	81.2
Қазақстан 2011	29.0	16.5	54.5
Ауыл шаруашылығы	(26.5)		
Тау-кен өндіруші өнеркәсіп	(2.5)		

Дерек көзі: салыстырылатын елдер: Дүниежүзілік банк, Әлемдік даму туралы баяндама 2013.
 Қазақстан: Қазақстанның статистикалық жылнамасы негізінде жасалған жеке есептеулер.
 Жылнамада пайдалы қазбаларды өндіру өнеркәсіп ретінде (екінші сектор ретінде) қарастырылған,
 бірақ мына кестеде ол бірінші секторда тұр.

Еңбекақылардың салыстырмалы деңгейі Қазақстан мен салыстырушы елдердің табыстары арасында айырмашылық бар екенін көрсетіп отыр. Бірақ, бұл соңғы мәліметтер еместігін ескеру керек. Бірінші кезекте, ең төменгі еңбекақы өте төмен, 2010 жылы айына \$ 100 күйінде қалуы тандандырады. Алайда, тігін машинасының операторы үшін көрсетілген мән дұрыс болса, онда шынымен де осындай жұмысшылар бар деуге болады. Бұл – мұнай және газ секторындағы жұмысшылардың жоғары өнімділігі өзге өнеркәсіп салаларындағы еңбекақыны бәсекеге қабілетсіз етуге жеткізетін, энергия экспорттаушылардың «голландық дерттен» Қазақстанның осы күнге дейін айналып өте алғанын білдіреді. Өңдеуші өнеркәсіптегі орташа еңбекақы 2011 жылы тау-кен өнеркәсібі мен мансапты игеру саласындағы еңбекақының жартысынан астамын құрады. Бұл да «голландық дерттің» жоқтығын қарастырады. Дегенмен, ауыл шаруашылығы бірнеше онжылдық бойынша Қазақстанның экономикасы үшін аса маңызды болып қала беретіні анық факті. Экономикалық өсім болашақта жұмыс күшін орта (өнеркәсіп және құрылыс) және үшінші (қызмет көрсету) секторға ығыстыратындығына еш күмән жоқ. Бұл іс жүзінде экономикалық дамудың әмбебап тәжірибесі болып табылады. Сонымен қатар, бұрынғы кеңестік республикалардың экономикалық тарихы басқа елдердікінен өзгеше, сондықтан, ЭБДҰ-ның бүгінгі елдерінің өткен тәжірибелері Қазақстан үшін сенімді жолбастар ретінде қарастырыла алмайды.

19-кесте. Қазақстан мен салыстырушы елдердегі ең төменгі еңбекақы, 2007 және 2010 ж.

	Ең төменгі еңбекақы (2005, жылына доллармен)	
	2007	2010
Австралия	13464	13896
Канада	13104	17952
Дания	m	m
Эстония	3264	4236
Финляндия	18816	22212
Ирландия	16992	19308
Жапония	12108	14652
Корея Республикасы	6960	6756
Ұлыбритания	16044	16188
АҚШ	13992	13488
Қазақстан	864	1200
Қытай	1080	1728
Ресей Федерациясы	2544	3816

Дерек көзі. Дүниежүзілік банк (2013), Әлемдік даму туралы баяндама, 2013 Әлемдегі жеке еңбекақылар.

20–кесте. Жекелеген кәсіптер бойынша еңбекақы, 2005ж. (жылына доллармен), Қазақстан және салыстырушы елдер

	Есепші (Бухгалтер)	Инженер -химик	Автобус жүргізушісі	Тігінші-мо- торист
Австралия	40267	59054	29331	21019
Канада	37540	60033	21033	13125
Дания	123067	116081	51740	47102
Эстония	m	m	m	m
Финляндия	59695	55887	32263	24554
Ирландия	m	m	m	m
Жапония	m	m	30710	19914
Корея Республикасы	38755	29415	14647	13698
Ұлыбритания	60352	33624	30880	22402
АҚШ	50457	82647	30958	18515
Қазақстан	5965	3269	2165	957
Қытай	2913	2538		1327
Ресей Федерациясы		2780	2922	1542

Дерек көзі: Дүниежүзілік банк (2013), Әлемдік даму туралы баяндама, 2013 Әлемдегі кәсіптік еңбекақылар

Қазақстандық университеттердің бағдарламаларын, оқу жоспарларын қарастырған жоқпыз. Бірақ, студенттер оқитын пәндерді зерделеп, олардың еңбек нарығына қаншалық дайын екендігін болжауға мүмкіндіктері болды. Оның жауабы аландаушылық тудырады және салыстырушы елдермен жалпы қамту бойынша коэффициентті салыстыру Қазақстан үшін қате оптимистік ақпарат беруі мүмкіндігін болжауға болады.

Жоғары оқу орындары түлектерінің арасындағы салалар бойынша бөлінісін салыстыру Қазақстан мен салыстырушы елдердің арасында үлкен айырмашылық бар екенін көрсетеді.

21–кесте. Түлектердің оқу салалары бойынша бөлінісі, Қазақстан және салыстырылатын елдер, 2011

	Білімі	Гуманитарлық ғылымдар және өнер	Әлеуметтік ғылымдар, бизнес және құқық	Ғылым (Математиканы қосқанда)	Жобалау, өндіріс және құрылыс	Ауыл шаруашылығы, ветеринарияны қоса	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету	Қызметтер	көрсетілмеді
Австралия	10.2	10.8	42.7	10.0	7.4	0.7	15.4	2.7	
Канада	11.1	11.7	37.6	12.5	8.2	0.8	11.4	3.4	3.3
Дания	8.4	12.7	31.2	9.0	11.0	1.4	24.0	2.4	
Финляндия	6.7	13.7	24.7	8.0	19.8	2.1	19.4	5.7	
Эстония (2010)		13.6	36.4	10.4	13.4	2.2	9.1	8.0	6.9
Ирландия	10.7	16.8	31.1	12.7	9.4	0.8	15.9	2.4	0.1
Жапония	6.4	17.1	33.9	4.5	18.7	3.4	7.4	2.4	6.2
Корея Республикасы	9.4	18.3	24.3	9.4	23.1	1.4	9.7	4.5	
Ұлыбритания	9.1	16.8	34.4	13.6	9.7	0.8	13.4	1.4	0.7
АҚШ	11.4	14.7	39.8	9.0	6.2	1.0	12.0	6.0	
Қазақстан (2013)	21.0	4.1	44.9	1.9	17.9	1.6	3.2	5.1	0.2

Дерек көзі: ЭЫДҰ елдері, Эстонияны қоспағанда: https://docs.google.com/spreadsheets/ccc?key=0Ah-CUff_FHfxdEM0WmVDQ29zaUJIOEk5bnF4Y1gyOFE&hl=en#gid=1; Эстония (ЕВРОСТАТ) https://docs.google.com/spreadsheets/ccc?key=0Ah-CUff_FHfxdEM0WmVDQ29zaUJIOEk5bnF4Y1gyOFE&hl=en#gid=1; ҚР БҒМ (2012) Қазақстан, Қазақстанның білім беру жүйесінің статистикасы, 7.6 кесте, 147 бет. <http://stats.oecd.org/Index.aspx?DatasetCode=RGRADSTY>

Өнер және гуманитарлық ғылымдар саласындағы тым аз қамтуға таңдануға болмайды, өйткені, кеңестік жоғары оқу орындарының көпшілігі бұған назар аудармады. Олар көбіне, әсіресе ірі қалалардан тысқары жерлерде, негізгі көңілді жергілікті өнеркәсіптің сұранысын өтеу үшін тар аядағы мамандарды даярлауға бөлді. Бірақ ғылым дамуының тым төмен рейтингі таңдандырады. Бұл педагогикалық институттар беретін және кестеге «білім» ретінде қосылған, дәрежелер арқылы жабылуы мүмкін. Алайда, Кеңес одағы университеттерінде көп болған инжиниринг, өндіріс және құрылыс саласындағы түлектердің аз үлесі тіпті тосын.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы түлектердің үлесі өте төмен, бұл Қазақстанның кезінде Кеңестік Республика ретінде Кеңес Одағының өзге өңірлерінен медициналық білім алған маман-түлектерге ашық болғанын және бұдан кейін де солай жалғасатынын көрсетеді. Қазақстандағы медициналық кадрлардың әлеуеті қазіргі кезде ЭЫДҰ нормаларынан төмен емес – әсіресе, терапевтермен жақсы қамтылған.

22–кесте. Медициналық кадрлардың әлеуеті. Қазақстан және салыстырушы елдер

	Дәрігерлер 1,000 адамға, 2006–2011	Медбикелер мен акушерлер 1,000 адамға, 2006–2011
Австралия	3.9	9.6
Канада	2.1	10.1
Дания	3.4	16.1
Эстония	3.3	6.6
Финляндия	2.9	24.0
Ирландия	3.2	15.7
Жапония	2.1	4.1
Корея Республикасы	2.0	5.3
Ұлыбритания	2.8	9.5
АҚШ	2.4	9.8
Еуро аймақ	3.6	5.4
Қазақстан	3.8	8.3

Дерек көзі: Дүниежүзілік банк (2013ж.), Әлемдік даму көрсеткіштері, 2013 ж.

Әлеуметтік ғылымдар, бизнес және құқық саласында оқыған түлектердің шектен тыс көп үлесі шамасы бұрынғы Кеңес Одағы республикалары нарықтық қатынастарға өткен кезде алдынан шыққан, осы салалардағы мамандардың тапшылығына жеке оқу орындарының қылған қарекетін байқатады. Сондықтан, бұл мамандықтардың демографиялық құрылымы жаңа және білім беру жүйесі қазір сірә артық өндіруде. Сонымен қатар, бұл түлектердің сапасы айтарлықтай жоғары еместігі де атап өтілген болатын. Нарық тетіктеріне қалдырылған бұл жағдай осы түлектер арасындағы еңбекақы деңгейінің құлдырауы мен жұмыссыздықтың жоғары деңгейінің алғышарты болуы мүмкін. Бірақ, мансап мәселесі бойынша кеңесшілер мен орта білім деңгейіндегі студенттер үшін бұл жағдай айқындалғанға дейін, аккредиттеу әлдеқайда жоғары стандарттарын талап ету секілді белгілі бір шаралар қабылдағанға дейін біраз уақыт қажет болуы ықтимал.

Осыған байланысты жалпы сұрақ туындайды. Қазақстанның білім беру саясатындағы шешімдерге, ЭЫДҰ елдерінің көпшілігінде, тіпті барлық елдер қарағанда, жоғары білімге ресурстарды бөлу көбіне жеке шешімдер арқылы анықталады. Табыстардың ағымдағы айырмасы көбіне-көп студент таңдауын анықтайды. Бұл болашақтағы табыстар үшін жеткілікті нұсқаушы бола алмайды. Сондай-ақ, еңбекақыдан туындайтын, білімнің жеке қайтарымы әлеуметтік қайтарымнан неліктен ерекшеленетіні туралы жақсы мәлім себептер бар. Жоғары білім университетке түсетіндерге ғана емес, жалпы қоғамға пайда әкеледі. Егер білім саласындағы саясаткерлер табыстың қазіргі құрылымы студенттердің сәтсіз таңдауына әкелетініне көз жеткізсе, онда оны стипендия мен қатар мемлекеттік инвестицияның университеттерге бөлуге де қолдануға болар еді.

Білім беру саясаты бизнес және құқық саласындағы түлектерді азайтып, инженерлерді, ғалымдарды, математиктер мен бағдарламашыларды көбірек даярлау амалдарын табуға тырысу қажеттігін атап өткен жөн.

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

Білікті жұмыс күшінің әсіресе техниктер мен технологтар деңгейінде жетіспеушілігін мойындай отырып, үкімет стратегия (жол картасы) әзірледі. Ол: (I), жұмысқа орналасуды қамтамасыз етуге, (II) жұмыссыздықтың алдын алуға, (III) жұмыс орындарын құруға бағытталды⁷⁵. Осыған орай, жұмыспен қамтылған халықтың үштен бірінің кәсіптік білімі жоқтығына сілтеме жасау керек, және бұл ұлттық деңгейде «өмір бойы оқуды жалғастыру» стратегиясын жүзеге асырудың маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстан еңбек нарығының сұранысы мемлекеттік тапсырыс арқылы жүзеге асатын үлгіден кету және «өмір бойы оқу» жүйесін құру мақсатында жоғары білім мен еңбек нарығы арасындағы байланысты нығайтуға арналған бірнеше жаңа бастамаларды жүзеге асыруда. Мысалы, техникалық және кәсіптік білім беру реформасының бөлшегі ретінде «Кәсіпқор» холдингі және Пирсон (Pearson) компаниясы, сонымен қатар басқа шетелдік әріптестермен серіктестік туралы келісімі аясында жеті «Кәсіпқор» колледждері құрылады. Бұл холдингтердің құрамына инженерия, сәулет және құрылыс, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, дизайн және техника, ауыл шаруашылығы, машина жасау саласындағы техниктерді дайындайтын мектептер мен пәнаралық мектеп кіреді (қолөнер мектебі) (ҚР БҒМ, 2012b, 99б.).

2010 жылы Ұлттық біліктілік шеңберлерін қабылдау өте оң сипаттағы қадам болып табылады, себебі, оны жүзеге асыру жұмыс берушіге білім беру біліктіліктерін жүйенің барлық деңгейінде тануға мүмкіндік береді. Президенттің таяудағы «Әлеуметтік жаңғыру» (Social Modernization) құжатында Ұлттық біліктілік жүйесін (National Qualification System) тездетіп жүзеге асыруға шақырады. Оны өлшемдерге (benchmarked) сәйкес барлық қызметкерлер кіруі тиіс, әрбір мамандық үшін «жол картасы ретін» ретінде атаған⁷⁶.

Академиялық курстардың еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін көтеру мақсатында оқу жоспарларының стандарттарын кәсіби қауымдастықтармен, жұмыс берушілермен және сарапшылармен біріктіру жөніндегі жоспардың жүзеге асырылып жатыр.

ШЕШІЛУГЕ ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Осы бөлімде ұсынылған еңбек нарығына талдауға қосымша, 2010 жылғы еңбек нарығын зерттеу ЖОО түлектерімен салыстырғанда, бастапқы кәсіптік машықтары бар жұмысшылардың үлкен тапшылығы бар екенін көрсетті. Бұл жоғары білімі бар мамандардың, әсіресе инженерлік және техникалық білім алғысы келетіндердің жетіспеушілігі де бар деген тұжырымды нықтай түсті (ДБ, 2013, 21–22б.). Сондай-ақ, Дүниежүзілік экономикалық форумның «жалпы ұлттық табыс» индикаторы (gross national income) «ғалымдар мен инженерлердің» Қазақстанды 144 елдің ішінде 104-орынға қояды (ДЭФ, 2013, 217б.). Жүргізілген талдау мен зерттеулердің негізінде

Қазақстанның бәсекеге қабілетті болуы үшін елге түлектердің көп, әсіресе, ғылым және технология саласындағы түлектердің үлесі көп болуы қажет екендігі айқындалып отыр.

МСКО 5Б дескрипторының жоқтығы. Қазақстанда МСКО 5Б – үшінші білім (жоғары) деңгейіндегі техникалық әлеуеттің халықаралық мойындалған деңгейі жоқ (бұл дескриптор екінші бөлімде кеңінен баяндалған). Халықаралық тәжірибеден осылай алшақтау Қазақстанның

⁷⁵ Жұмысқа орналасу мәселелері 2020, ҚР БҒМ, Ағылшын тіліндегі нұсқа.

⁷⁶ Президент Нұрсұлтан Назарбаев (2012), Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: әмбебап еңбек қоғамына қарай 20 қадам. 10 шілде 2012. Электрондық нұсқа.

жоғары білікті техникалық мамандарға деген сұраныс күрт ұлғаятын жаһандық бәсекеге қабілетті экономика үшін шешуші әлеуетінің жоқтығын білдіреді. Әйтсе де, «Кәсіпкер» колледждері осы сұранысты өтеуге арналуы мүмкін болса да бұл колледждер елдің жоғары білім жүйесінде емес және Қазақстанды өзге бәсекелес елдермен халықаралық салыстыруларда мойындалмайтын болады. Бұл да үшінші деңгей дипломы бар жұмыс күшінің үлес көрсеткіші бойынша Қазақстанның өзге бақталас елдерден кейін қалып қоятындығын білдіреді. Бәсекеге барынша қабілетті елдердің барлығында техникалық деңгейдегі, МСКО 5Б (үшінші Б) деңгейінде білім берудің мықты жүйесі қалыптасқан.

Білім беру деңгейлерінің арасындағы сабақтастықтың жоқтығы. Бұған дейін екінші бөлімде айтылғанындай, Қазақстанда ТжКБ деңгейінен үшінші сатылы білім арасындағы сабақтастық жетіспейді. Сәйкесінше, білім беру жүйесі үшін маңызы әлеуметтік және экономикалық мақсат болуы тиіс «өмір бойы оқу» үшін ынталандыру да өте аз. ТжКБ жүйесі түлектерінің біліктілігі мойындалмайтыны және олар жоғары оқу орнына түскісі келсе, бәрін басынан бастауға тура келетіндігі турасында да дәлелдер бар. Бұл - тұтастай білім беру жүйесінің жалпы ауқымдағы мәселесі, сондай –ақ, осы сабақтастыққа 12 жылдық білім беруге өту қалай ықпал ететіні де әлі түсініксіз.

Мансаптық өсу мүмкіндіктері мен еңбек нарығы туралы ақпарат ұсыну. Жоғарыда айтылғанындай, еңбек нарығы туралы ақпаратты кім жинап, талдап, таратумен айналысатындығына және осы ақпаратты мектеп түлектері мен олардың ата-аналарына оңай қолжетімді етуге байланысты нақты түсінік жоқ.

Оқу бағдарламаларының еңбек нарығы мен ғылыми-зерттеу қызметі талаптарына сәйкестігі. Ағымдағы еңбек нарығы оқу бағдарламасы мен аккредиттеу процесіне қандай ықпал етеді? Ықпал ете ме? Бұл тұста да нақты түсінік жоқ. Ал, бұл екеуін де жұмыс берушілердің қатысуымен айтарлықтай сәйкестендіруге болар еді. Дүниежүзілік банк келтірген дәлелдер (ДБ, 2012, 16), бакалавр және магистратура бағдарламалары жоғары сапалы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті интеллектуалдық немесе ұйымдастырушылық қабілеттерді дамытпайтынын көрсетіп отыр. Бүкіл жүйе бойынша барлық деңгейде ағылшын тілін оқыту сапасына қатысты да алаңдаушылық бар.

Үшінші басымдық: халықаралық танылған ғылыми - зерттеулік қызметін жүргізу үшін және ЖОО-дағы білімді, инновация мен ғылымды ықпалдастыру үшін әлеует құру

Ұлттық басымдықтар мен халықаралық тәжірибе

Ағымдағы жағдай

Бұрынғы КСРО-да ғылымды қаржыландыру негізінен КСРО Ғылым Академияларының институттары және орталық жоспарлау үлгісі бойынша бұрынғы республикалардың ұлттық академиялары арқылы жүзеге асырылады. Қолданбалы ғылымды қаржыландыру және технологияларды дамыту министрліктердің жанындағы ғылыми институттардың ажыратылған желісіне топтастырылды. Жеке зертханалар немесе зерттеушілер грант алуға арналған конкурстарға қатыса алмайтын. Алайда, дәстүрлі түрде Кеңес республикаларының ғылыми ұйымдары қызметкерлері өзара әріптестікте болды, олар сонысымен Орталық Азияны қоса алғанда Кеңес үкіметінен кейінгі барлық республикалардағы ғылыми-зерттеу қызметтері сапасының деңгейін арттырды. Кейбір зерттеулер жоғары оқу орындардың ғылыми департаменттерінде жүргізілді, дегенмен, Кеңес Одағының Еуропалық бөліктеріндегі

кейбір беделді университеттерді қоспағанда жоғары оқу орындары әрдайым ғылымды дамыту бөлігінде екінші деңгейлі болып есептелді (ЭЫДҰ және ДБ, 2007).

Жақын уақыттан бастап Қазақстанда ғылымды дамыту мен жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін күшейту басым бола бастады. 1999 жылы Қазақстанда еліміздің қолданбалы зерттеулерге қажеттілігін қанағаттандыруға тартылған, сондай-ақ, еліміздің «мемлекеттік ғылыми, технологиялық және инновациялық» саясатын қалыптастыруға жауап беретін ғылыми комиссия (scientific commission) негізін қалады. 2011 жылы Ғылым туралы Заң қабылданды. Энергетика саласын, пайдалы қазбаларды өңдеуге арналған инновациялық технологияларды, телекоммуникация, жаратылыстану, әлеуметтік ғылымдар саласындағы және басқа да саладағы инновациялық технологияларды дамытуды қосатын ғылым мен инновацияны дамыту үшін басымдықтар айқындалды. 2003 жылы Қазақстанда Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының негізі қаланды.

Ғылым туралы заң өз күшіне енген сәттен бастап Қазақстанда жоғары оқу орындарын ғылымды дамыту үшін қаржыландыру бойынша кезеңді және жемісті қадамдар қолданыла бастады. Маңызды жұмыстарды растайтын деректер төменде келтірілетін болады. Бұл ғылыми-зерттеу қызметін қолдауға бағытталған саяси қадамдар, Президенттің 2050 жылға арналған бағдарын айқындайды, онда, Қазақстан үшін ғылымды дамытуға және еліміздің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру үшін қолданбалы зерттеулерге қажеттілікті атап көрсетеді.

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

Қазіргі уақытта, жоғары оқу орындарының олардың зерттеу мен инновация саласындағы, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру үшін әлеуетін дамытуға, сондай-ақ, жоғары оқу орындарындағы білімді, инновация мен ғылымды ықпалдастыруға бағытталған бірнеше бастамалар іске асырылуда. Негізгі стратегиялар мыналарды қамтиды: (1) ғылыми-зерттеу университеттерінің ұлттық, өңірлік және жергілікті зерттеу мен оқу қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатымен басқа да институттардың миссияларын бір уақытта саралай отырып әлемдік нарықтағы олардың бәсекелестікке қабілеттіліктерін арттыра отырып қаржыландыруын ұлғайту және әлеуетін арттыру; (2) степендиялы «Болашақ» бағдарламасын шет елдік университеттерде оқу үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға (магистратура мен докторантура бағдарламалары) қайта бағдарлау және Назарбаев Университетін ғылыми-зерттеу әлеуетін дамытуға арналған ұлттық үлгі ретінде дамыту.

Қазақстан сондай-ақ, ғылыми әлеует пен инновацияны күшейту үшін бір қатар маңызды қадамдарды қабылдады, олар:

- Бір немесе бірнеше зерттеу және ондаған инновациялық университеттердің жоспарлы ұйымдастырылуын қамтиды.
- Зерттеу университеттерінің:
- Білім генерациясына, технологияның ел экономикасына қарай тиімді трансфертіне,
- Фундаменталды және қолданбалы зерттеудің ауқымды деңгейіне,
- Жоғары білікті кадрларды даярлау жүйесін дамытуға фокусы бар миссияларын түзету.

Зерттеу мен инновацияға арналған фокус

Қазақстан үкіметінің ҒЗТҚЖ дамытуға арналған шығыстары соңғы бес жылда айтарлықтай өсті: 2007-2011 жылдар аралығында ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған шығындар 2010 және 2011 жылдар аралығындағы төмендеу қарқынына қарамастан шамамен 4%-дық өсімге ие болды. Үкіметтің

жоғары оқу орындарындағы ҒЗТҚЖ-ға шығыстарды бөлу бөлігінде саясаты да өзгерді: 2007–2011 жылдары жоғары оқу орындарындағы ҒЗТҚЖ-ға шығыстар басқа да институттардағы ҒЗТҚЖ-ға шығыстарды қысқарта отырып 19 миллион АҚШ долларын құра отырып 70%-ға өсті. 27-кестеде ғылыми-зерттеу қызметіне шығыстарға қатысты АҚШ долларындағы өзгерістер келтірілген.

23–кесте. ҒЗТҚЖ-ға арналған шығындар (млн. АҚШ доллары) **

Жыл	2007	2008	2009	2010	2011	Өсім 2007– 2011 жж.	% өсім 2007– 2011 жж.
Үкіметтің шығыстары	\$68.27	\$73.20	\$98.31	\$81.00	\$70.92	2.66	4%
ЖООның шығыстары	\$27.28	\$33.85	\$38.78	\$37.71	\$46.48	19.20	70%
Үкіметтің басқа институттарға шығыстары*	\$40.98	\$39.35	\$59.52	\$43.29	\$24.44	-16.54	-40%

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі (2012), www.stat.kz Қазақстанның Ғылым және инновациялық қызметі. 2007–2011. Статистикалық жинақ. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2012. www.stat.kz.

*Бұл есеп, басқа білім беру мекемелеріне (жоғары оқу орындары емес) ҒЗТҚЖ-ға қаржы қаржыландыру бөлінетіндігінде – үкіметтің жалпы шығыстары жоғары оқу орындарының шығыстарын ескермегендегі шама.


**Доллар теңге курсына негізделген (2013 жылғы 5 шілдедегі 0.006547).

Халықаралық салыстыру

Инвестицияның ұлғаюына қарамастан, Қазақстан халықаралық бәсекелестеріне қарағанда ҒЗТҚЖ-ға ЖІӨ (ВВП) пайыздық ара қатынасында айтарлықтай аз жұмсайды. Қазақстандағы ғылыми-зерттеу қызметіне арналған жалпы шығыстар (жоғары оқу орындары мен зерттеу институттары) ЖІӨ-нан шамамен 0,38% құрайды. 2015 жылға қарай деңгейді 1% дейін арттыру жоспарланып отыр (4-суретті қараңыз)⁷⁷.

⁷⁷ Дания мен Жапонияның халықаралық салыстыруға енгізілгеніне қарамастан аталған көрсеткіш бойынша салыстырмалы деректер болған жоқ.

4 -сурет. ҒЗТҚЖ-ға ЖІӨ -нан пайыздағы шығындар



Дерек көзі: ЭЫДҰ (2013), Білім беруге көзқарас 201, Қазақстаннан басқа халықаралық деректерге арналған В.2.4 кестесі. Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігіне сәйкес ҒЗТҚЖ-ға Қазақстанның шығыстары. Қазақстанның Дүниежүзілік Банктен ЖІӨ деректері.

Ескертпе: Жалпы шығыстарды ұсынатын ЭЫДҰ елдеріне арналған жоғарыда көрсетілген соманың суретінде ҒЗТҚЖ-ға үшіншілік білімге жұмсалғандар. Алайда, Қазақстан үшін көрсетілген сома университеттер сияқты басқа да академиялық емес институттардағы ҒЗТҚЖ-ға арналған мемлекеттік шығыстарды қосады.

Ғылыми-зерттеу қызметіне арналған күрделі шығыстар

ҒЗТҚЖ-ға арналған күрделі шығыстар соңғы 5 жылда 300%-ға қарқынмен өсуде. Өзірше осы сомандан қаншасы жаңа объектілерді дамытуға немесе реконструкциялауға және қолданыстағы объектілерді жақсартуға жіберілетіні белгісіз.

24-кесте. ҒЗТҚЖ-ға арналған ішкі шығыстар: күрделі шығыстар

Жыл	2007	2008	2009	2010	2011	Өсім 2007–2011	% ұлғаю 2007–2011
млн. теңг	1098	1076	451	1352	5144	4046	368%
млн. АҚШ доллары	\$7.19	\$7.04	\$2.95	\$8.85	\$ 33.68	\$26.49	368%

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі (2012), www.stat.kz Қазақстанның Ғылым және инновациялық қызметі. 2007–2011. Статистикалық жинақ. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2012. www.stat.kz.

Сарапшылардың пікірі бойынша Қазақстанда бұрынғыша қолданбалы зерттеулердің айтарлықтай өте жоғары пайызы және халықаралық нормалармен салыстырғанда ҒЗТҚЖ-дың айтарлықтай төмен пайызы қалып отыр (НУ, 2013, 4б.).

25–кесте. Зерттеудің әртүрлі салалары, Қазақстан мен халықаралық нормалар бойынша ҒЗТЖК пайызы

Зерттеу типі	Ағымдық пайыз	Салыстыруға арналған норма
Фундаменталды зерттеу	21	20
Қолданбалы зерттеу	71	30
ҒЗТЖК	8	50

Дерек-көзі: Назарбаев Университеті. Жобалау командасына таныстырылым. 2013 жылғы ақпан, 3-слайд.

Нұсқау саясатын жақсарту мақсатында ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу шеңберінде Қазақстан Премьер-министрдің төрағалығымен Жоғары ғылыми-техникалық комиссияны (Supreme scientific-technical commission), ғылыми-зерттеу қызметін жүргізуде ұлттық басымдықтарды дамытуға арналған Ұлттық зерттеу кеңестерін (National Research Councils) және ғылыми жарияланымдарға алқалық шолудың халықаралық процессін бақылау үшін Білім және ғылым министрлігінің жанындағы Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығын (State Center for Scientific-Technical Expertise) қоса алғанда ұлттық деңгейде бір қатар комиссияларға бастама жасады.

Жоғары білімдегі ғылыми-зерттеу қызметін қолдау үшін Қазақстан үш санат бойынша ғылыми-зерттеу қызметін қаржыландыруды көздейді: 1) ғылыми-зерттеу ұйымдарына арналған «базалық» немесе қолдау гранттары, 2) «гранттар» (конкурстық негізде тағайындалатын зерттеу гранттары) және 3) зерттеу бағдарламаларын дамытуды қолдауға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (НУ, 2013, бб.). Деректер қызметтің осы түрлерінің әрбіреуі үшін қолдау деңгейінің тұрғысынан толық емес болып табылады.

«Болашак» бағдарламасы

Қазақстан үшін басты басымдық, бәсекеге қабілетті ғылыми-зерттеулік қызметті жүргізу үшін қажетті адами ресурстарды дамыту болып табылады. 1993 жылы Президент құрған «Болашак» бағдарламасы студенттерге шет елде университеттерде оқу үшін стипендия ұсынады. Осы күнге дейін стипендиялар бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша дәреже алуға мүдделі адамдарға беріліп келді, «Білім беруді дамыту –2050 мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес 2010 жылы мынадай болып қайта қаралды, онда «Болашак бағдарламасы студенттерінің 100% магистратура және докторантура бағдарламасында оқиды немесе бір семестрден бір академиялық жылға дейінгі ұзақтығы бар ғылыми тағылымдамадан өтеді»⁷⁸.

1993 жылдан бастап 7000-нан астам қазақстандық студенттер «Болашак» стипендиясын алды. 1994 жылдан бастап 2010 жылдар аралығында 3000-ға жуық студент бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуды жемісті аяқтады⁷⁹. Оқу үшін беделді елдер Ұлыбритания (42%), АҚШ (24%), Ресей (7%) және басқа мемлекеттер (27%) болып табылады (ҚР БҒМ, 2012b).

⁷⁸ <http://www.kazakhembus.com/page/bolashak-program>

⁷⁹ <http://www.kazakhembus.com/page/bolashak-program>

Назарбаев Университеті

Бұдан бұрын коммерциялық емес акционерлік қоғам болып табылған Назарбаев Университеті (НУ), 2010 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес дербес білім беру ұйымы болып қайта құрылды. Назарбаев Университеті инновациялық қызметтерді, ғылыми зерттеулер мен оқыту жүргізуді біріктіре отырып, сондай-ақ, еліміздің басқа да зерттеу университеттері үшін үлгі бола отырып әлемдегі үздік университеттердің бірі болуға талпынуда. Осы амбициялы мақсаттарға қол жеткізу үшін университет дүниежүзі бойынша жетекші университеттермен бірегей әріптестік қатынастарды жолға қойды. Әріптестер олардың әртүрлі академиялық саладағы алдыңғы қатарлы тәжірибелерін негізге ала отырып таңдалды («Назарбаев Университеті мектептерінің әріптестері» III-қосымшаны қараңыз).

Назарбаев Университеті ғылыми-зерттеу қызметі мен әріптестіктің ұлттық үлгісі болып табылады, алайда, басқа да қазақстандық университеттер де өзінің ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыру мақсатында халықаралық әріптестікке қатысуда. 2011 жылы әлемнің жетекші университеттерінің шамамен 1717 шетел ғалымдары мен консультанттары қазақстандық университеттермен әріптестікте болды (ҰБСБО, 2012).

Ғылыми-зерттеу қызметінің жоғары өнімділігі ғылыми-зерттеу жобаларына қатысатын университеттер үлесінің 2010 жылғы 33%-дан 2012 жылғы 67%-ға дейін өсуі фактісімен расталады. Халықаралық жарияланымдар саны соңғы жылдары 2005 жылғы 305-тен 2012 жылғы 1023-ке дейін үш есе өскен (ҚР БҒМ, 2013).

Соңғы деректерге сәйкес, Қазақстандық жоғары оқу орындарында әлеуметтік ғылым, білім, экономика және бизнес, инженерия және технологиялар мамандықтарын анағұрлым шоғырландыра отырып докторантура бағдарламасы бойынша оқыған 1337 студент болды, сонымен қатар, ауылшаруашылығы ғылымдары мен ветеринария бағдарламалары бойынша оқығандардың саны анағұрлым төмен болды (ҰБСБО, 2012).

ШЕШІЛҮГЕ ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Ғылыми-зерттеу қызметін, инновация мен білімді ықпалдастыру үшін ұлттық мақсаттарды іске асырудың әлеуетті тосқауылы зерттеу кәсіпорындарын жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының арасында бөлу болып отыр. Сол сияқты, былтырғы жылы қосымша қаржыландыру жоғары оқу орындарына жіберілді, ғылыми-зерттеу қызметін жүргізуге арналған бюджеттің басым бөлігі министрліктер қаржыландыратын ғылыми-зерттеу институттарында қалып отыр. Ресурстарды шектеу жалпы зерттеу сапасына әлеуетті кері ықпал ете отырып көптеген ұйымдар арасында қаржыландыруды бөлуге әкеп соқтырады.

Басқа кедергі профессорлық-оқытушылық құрамның жоғары академиялық жүктемесі болды, ол ғылыми-зерттеу қызметі үшін жеткілікті уақыты, сондай-ақ, ғылыми-зерттеу қызметі бар білім беру процессін Ұлттық баяндамада сипатталғандай ғылыми-зерттеу қызметінің инновация мен білім берудің арасындағы байланысты құру мақсатында біріктіру үшін уақыт бөлуге мүмкіндік бермейді (ҚР БҒМ, 2012b).

Шешімді талап ететін басқа да мәселелер:

- Білімнің, ғылым мен өнеркәсіптің жеткіліксіз ықпалдасуын (зерттеу университеттерінің, инновациялық кластерлердің рөлі);
- Зерттеу қызметін коммерцияландыруға арналған жеткіліксіз дамыған инфрақұрылымды (мекемелер, инновация менеджерлерін даярлау, кәсіпкерлік мәдениетін дамыту);

- Ғылыммен айналысатын үздік мамандарды оқыту, тарту, ұстау қажеттілігін (қазақстандық зерттеушілердің қайта оралуын; халықаралық зерттеушілерді шақыруды; Болашақ бағдарламасы бойынша оқыған жас ғалымдарды шақыруды; халықаралық әріптестікті жолға қою);
- Елімізде ҒЗТҚЖ өніміне жеке сұраныстың төменгі деңгейі (старт-аптарды/start-ups, шағын және орта бизнес кәсіпорындарын дамыту, инновациялық қызметті қолдау);
- Ұлттық тиімді инновациялық жүйенің болмауын (еліміздегі ғылыми-зерттеу қызметі мен инновацияларды қаржыландыруға жауапты мемлекеттік мекемелердің қызметін үйлестіруді жақсарту) қамтиды.

Төртінші басымдық: жан-жақты, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті жоғары білім беру жүйесі үшін институттық әлеуетті құру.

Ұлттық басымдықтар мен халықаралық тәжірибе

Соңғы ширек ғасырда анағұрлым бәсекелестікке қабілетті экономикасы бар елдер әлемдік деңгейдегі бәсекелестікке қабілетті және анағұрлым білікті студенттерді ғана оқытатын ғылыми-зерттеу университеттерінің шектелген санын дамытуға бағытталған жоғары білімнің «элиталы» жүйесінен еліміздің әралуан халқына қызмет етуге тартылған әртүрлі миссиялары бар оқу орындарын, сондай-ақ, ұлттық және өңірлік басымдықтарды қосатын жаппай жоғары оқу орындарының жүйесіне ауысты (ЭЫДҰ, 2008b, 96–98б.). Анағұрлым бәсекелестікке қабілетті елдер әлемдік дәрежедегі зерттеу институттарын құруға талпынуда, сонымен қатар, олар жоғары оқу орнының әлеуетін жалпы алғанда студенттерге қызмет ұсыну, сондай-ақ, зерттеу университеттері орындай алмайтын басқа функцияларды орындау үшін дамытады.

Білім беру саласындағы ұлттық стратегиялардың көпшілігінің орталық элементі, осылайша, институционалдық миссияның саралануына:

- студенттерді және нысаналы студенттік аудиторияны іріктеу
- тағайындалатын дәрежелер
- ұсынылатын бағдарламалар
- ғылыми-зерттеу қызметтерінің түрлері
- құны
- өңірлермен және қоршаған ортамен өзара іс-қимыл дәрежесі көзқарасынан
- институционалдық миссияларды саралау тұрғысынан ықпал ету болып табылады (ЭЫДҰ, 2008b, 145б.).

Бәсекелестікке қабілетті экономикалардың көбі өңірлердегі студенттерге қолжетімділікті қамтамасыз ету және еңбек нарығы мен өңірлердің экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін орта білімнен кейінгі университеттік емес техникалық білім берудің мықты жүйесін (МСКО 5Б деңгейінде) әзірледі.

Ұлттық стратегияның басқа да маңызды элементі миссияларды күшейтуге бағытталған құрылым мен қаржылық саясат болып табылады: бұл әлемдік деңгейде бәсекелестікке қабілетті және докторантура бағдарламаларында жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беретін, сондай-ақ, ғылыми-зерттеу қызметіне, студенттерді бакалавриат пен магистратура бағдарламаларында оқытуға басты бағдарланған жоғары оқу орындарына қажеттілікке тоғыстырылған ғылыми-зерттеу университеттерінің шекті санына қажеттілік арасындағы балансты ұстау үшін талап етіледі. Ұлттық стратегиялар жоғары оқу орындарының «миссияларды біріктіру» (mission drift) халықаралық үрдісін беделді академиялық және зерттеу университеттердің миссиясына қарай азайтуға талпынуда. «Миссияларды біріктіру» техникалық және кәсіптік миссиядан академиялық миссияға, педагогикалық миссиядан ғылыми терең миссияға және ең бастысы кәсіптік дәреже мен бакалавриат деңгейіндегі дәрежені беруден ғылыми-зерттеу қызметін өткізуге тоғыстырылған докторантура бағдарламасы бойынша оқытуға ауысқан жағдайда да болуы мүмкін. Әлемдік деңгейде бәсекелестікке қабілетті дамушы ғылыми-зерттеу университеттерінің жоғары құны елдердің осындай оқу орындарының шекті санына ғана стратегиялық инвестиция бөлуді мәжбүрлейді. Егер жалпы алғанда жүйе докторантура деңгейінде мамандарды даярлауға және ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу бойынша миссияға бағытталған жағдайда халықтың қажеттілігін қамтамасыз ету бойынша жүйенің әлеуеті қысқарып қана қоймай шығындары да мемлекет пен студенттер үшін шамадан тыс жоғары болуы мүмкін.

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

Қазақстан жоғары білім берудің дифференцияланған жүйесін дамытуда, ол жоғарыда келтірілген ақпаратты куәландырады. Ұлттық стратегияның шынайы элементі Назарбаев Университеті моделі бойынша әлемдік рейтингтердің ең жоғарғы деңгейінде танылған әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттерін дамыту болып табылады (ҰБСБО, 2012, 1526.). Қазақстанның шешуі тиіс мәселелердің бірі, ол еліміздің әлемдік деңгейдегі бәсекелестікке қабілетті зерттеу университеттерін дамытуға қандай көлемде инвестиция құя алатыны. 26-кесте (төмен қараңыз) бәсекелестік жүйелердің бірі Шанхай рейтингіндегі елдер бойынша университеттер мен халықтың санын көрсетеді. Бұл рейтингтер оларға енгізілетін критерийлердің ауқымды аясының есебінен, сондай-ақ, оларды беделді зерттеу университеттері ретінде тану есебінен маңыздылығын ұсынады. Бұл критерийлер алынған Нобель сыйлығының және ғылымның нақты салалары бойынша марапаттардың санымен өлшенетін білім сапасын қосады; әртүрлі пәндік саладағы зерттеушілердің пікірлері; Әлеуметтік ғылымдар индексі (Social Science Index) және т.б. Көрсетілген жариялымдар мен сілтемелер⁸⁰.

Көптеген елдер ғылымды қажет ететін мекемелердің санын олардың жоғарғы сапасын қамтамасыз ету үшін шектеді. Қазақстан зерттеу өнімділігін арттырып жатқандықтан тиісті дәрежеде инвестицияларды жүзеге асыру туралы шешім қабылдау қажет.

80 Әлемдік университеттердің академиялық рейтингі, <http://www.arwu.org/ARWU2010>.

26–кесте. Әлемдік Университеттердің Рейтингі (Шанхай Рейтингі)

Ел	Әлемдік Университеттердің Академиялық рейтингінің топ-100 университеттерінің саны	Халық 2012 ж.
Австралия	5	22683600
Канада	3	34880491
Дания	2	5590478
Эстония	0	1339396
Финляндия	1	5414293
Ирландия	0	4588798
Жапония	4	127561489
Қазақстан	0	16797459
Корей Республикасы	0	50004000
Ұлыбритания	9	63227526
АҚШ	53	313914040

Оқу орындарының жаңа жіктемесі арқылы Қазақстан оқу бағдарламаларының көлемі мен типтеріне және ғылыми-зерттеу қызметінің деңгейіне сәйкес оқу орындарын саралауға ықпал етеді (ҰБСБО, 2012, 150–151б.). Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жоғары оқу орындарының әртүрлі типтері үшін мынадай анықтамалар ұсынады (ҚР СА, 2010):

- Академия: бір немесе екі кәсіптік топтар бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын жоғары оқу орны.
- Жоғары оқу орны (ЖОО): жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын және ғылыми-зерттеу қызметін іске асыратын жоғары оқу орны (институт, академия, университет).
- Институт: жоғары білімнің білім беру бағдарламасын ұсынатын жоғары оқу орны.
- Университет: жоғары білімнің білім беру бағдарламасын, үш және оданда көп мамандықтардың топтары бойынша магистратура мен докторантура бағдарламаларын ұсынатын, ғылыми және әдіснамалық орталық бола отырып базалық және қолданбалы зерттеуді іске асыратын жоғары оқу орны.
- Ұлттық жоғарыоқу орны: еліміздің жетекші ұлттық және әдіснамалық орталығы болып табылатын және ерекше дәрежесі бар жоғары оқу орны.

2011 жыл сол кезеңде 149 оқу орындарын 90 университетті, 26 академияны және 33 институтты қосқанын көрсетіп отыр (ҰБСБО, 2012).

Жоғарыда сипатталғандай ҚР БҒМ жоғары оқу орындарының желісін оңтауландырады, нәтижесінде жеке меншік ЖОО саны 66-дан 39-ға қысқарды, ал кейбір мемлекеттік органдар біріктірілуі мүмкін. Қазақстан университеттік секторда университеттер арасындағы саралауды да жүргізуде, ол әлемдік дәрежеде ғылыми-зерттеу қызметін жүргізуге бағдарланатын болады және зерттеу жүргізуді өз миссиясының элементі ретінде анағұрлым мамандандырылған зерттеулерге және машина жасау және технология сияқты ұлттық және өңірлік экономика үшін ерекше мәні бар ақты салаларда мамандар даярлауға шоғырландырылатын болады (ҰБСБО, 2012).

Жоғарыда атап өтілгендей, Қазақстан техникалық және кәсіптік білім беру секторындағы колледждерді «Кәсіпқор» колледждер буынын дамыту жолымен күшейтуде, алайда колледждер үшіншілік білімнің бөлігі ретінде немесе МСКО 5Б деңгейі ретінде танылатындығы түсініксіз.

ШЕШІЛУГЕ ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақстан жоғары білім берудің анағұрлым сараланған жүйесін дамытуда, оған жоғарыда түйінделгендер куә. Ұлттық стратегияның шынайы элементі Назарбаев Университетінің үлгісі бойынша әлемдік рейтингтердің ең жоғарғы деңгейінде танылған әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттерін дамыту болып табылады (ҰБСБО, 2012, 152б.). Үшінші басымдықта көрсетілгендей жаһандық бәсекелестікке қабілетті университеттердің санын шектеуді дамыту ұлттық стратегияның маңызды бөлшегі болып табылады. Мұндай система миссияның ауқымды спектрі бар оқу орындарының желісін қамтиды, оның әрбіреуі өз миссиясына сай жоғары халықаралық сапа және өнімділік стандарттарына сәйкес жұмыс істейді. «Өз миссиясына сай» деген сөз сапа мен өнімділіктің айқындамасы әртүрлі миссиялар үшін әртүрлі болу керек екенін білдіреді. Жүйенің барлық элементтері үшінші деңгейлі техникалық колледждерден бастап педагогикалық университеттер мен өңірлік деңгейдегі университеттерге дейін жоғары өнімді болуы тиіс. Жоғарыда келтірілген оқу орындарының жаңа жіктемесі осындай сараланған жүйенің жолында маңызды қадам болып табылады. Қазақстанның шешуі тиіс негізгі мәселесі - осындай жоғары өнімді, әртүрлі жоғары білім жүйесіне арналған әлеуетті дамыту мен қолдау үшін қажетті қаржыландыру, көшбасшылық және басқарушылық саясатының болуы. Бұл мәселелер 5 және 6- басымдықтарда қаралуда.

Бесінші басымдық: бәсекеге қабілетті, тұрақты жоғары оқу орны жүйесі үшін қаржылық негізді құру

Ұлттық басымдықтар мен халықаралық тәжірибе

Қаржыландыру жоғары оқу орындарының осылайша және көрсетілген қажеттілікке сәйкес келетін деңгейде ұлттық мақсаттарға қол жеткізуіне үлес қосуын қамтамасыз ету үшін үкіметке қол жетімді негізгі құралдардың бірі. Көрсетілген ұлттық мақсаттарды ескере отырып, бұл жоғары оқу орындары өте жоғары деңгейде даярланған және экономика мен қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін жеткілікті көлемде мамандарды шығаруы тиіс екенін білдіреді. Бұл осы институттар ел болашағы үшін инновациялық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін көлем мен сапада ғылыми – зерттеу қызметтеріне де қатысулары тиіс. Аталған мәтінде «сапа» сөзін пайдалану халықаралық академиялық ортада түсіндірілетін сапаға да және ел қажеттілігін қанағаттандыруда «жарамдылыққа» да жатады.

Жоғары оқу орындарынан көрсетілген күтілетіндер жоғары оқу орнында осы мәселелерді шешу үшін қажетті әлеует бар екенін көздейді және олар ұлттық мақсаттарға қол жеткізу шеңберінде (институттар ғана емес) ресурстарды тиімді пайдаланатын болады. Ұлттық деңгейде мемлекеттік басқару органдарына мынадай мәселелер маңызды болуы ықтимал:

- Үшіншілік білімді қаржыландырудың жалпы деңгейі – қаражат қойылған міндеттерге сәйкес жұмсала ма?
- Осы қаражатты мемлекеттік мақсаттарға сәйкес бөлу – қаражат күтілетін нәтижелерді алу үшін оқу орындарын ынталандыруға бөліне ме.

Жағдайларға негізделген диагностика жүргізу өте қиын болды, себебі Қазақстанда аталған мәселелер бойынша жоғары оқу орындарын қаржыландырудың ауқымы туралы нақты деректерге қол жеткізу мүмкін болып табылмайды.

Білім алуды мемлекет тарапынан қаржыландыру

Білім алуға мемлекет тарапынан жұмсалатын шығындар өте төмен (27-кесте).

27–кесте. Үшінші білім алу саласындағы оқу мекемелері пен басқаруға мемлекеттік қорлардан жұмсалатын жалпы шығындар, ЖІӨ-не қарай пайыздап санағанда, 2009

	Жан басына шаққандағы ЖІӨ (ағымдағы айырбас бағамына сәйкес) 2009 \$	ЖІӨне қарай пайыздап санағанда білім беру мекемелері мен басқаруға жұмсалатын жалпы шығындар. Мемлекеттік қорлар. Үшінші білім алу.
Малайзия	7278	2.0
Финляндия	44838	1.8
Дания	56227	1.8
Швеция	43640	1.5
Канада	39659	1.5
Ирландия	50246	1.3
Норвегия	78457	1.3
Бельгия	43843	1.3
Австрия	45859	1.3
Франция	40488	1.2
Швейцария	65790	1.2
КостаРика	6386	1.2
Эстония	14264	1.2
Мальта	19564	1.2
Нидерландтар	48174	1.2
Аргентина	7674	1.1
Румыния	7651	1.1
Жаңа Зеландия	26990	1.1
Словения	24051	1.1
Германия	40275	1.1
Польша	11295	1.1
Испания	31714	1.0
Америка Құрама Штаттары	45305	1.0
Чех Республикасы	18806	1.0

	Жан басына шаққандағы ЖІӨ (ағымдағы айырбас бағамына сәйкес) 2009 \$	ЖІӨне қарай пайыздап санағанда білім беру мекемелері мен басқаруға жұмсалатын жалпы шығындар. Мемлекеттік қорлар. Үшінші білім алу.
Мексика	7596	1.0
Венгрия	12635	1.0
Литва	11034	1.0
Израиль	26032	0.9
Португалия	22019	0.9
Болгария	6403	0.9
Бразилия	8373	0.8
Таиланд	3979	0.8
Австралия	42404	0.8
Латвия	11476	0.7
Корея Республикасы	16959	0.7
Италия	35073	0.7
Словакия	16100	0.6
Перу	4387	0.4
Қазақстан	7165	0.4
Ұлыбритания	35331	0.4
Филиппиндар	1832	0.3
Чили	10120	0.3

Дерек көзі: ЮНЕСКО білім беру, Статистика институты, 20/20 WDS, 19-кесте: Адам басына қарай ЖІӨ қаржы көрсеткіштері (<http://stats.uis.unesco.org/unesco/TableViewer/tableView.aspx>)
Дүниежүзілік банктің EdStats деректер базасы (<http://go.worldbank.org/47P3PLE940>)

Бұл деректер, адам басына келетін шамалас мөлшерлі ЖІӨ елдерді қосып басқа елдермен салыстырғанда, Қазақстан үшінші білім алуға өзінің ЖІӨ мөлшерінен төмен қаражат жұмсайтынын көрсетеді.

Бірақ та индикатор ретінде ЖІӨ-нің пайызына ғана сену де кішігірім қате болып саналады; экономиканың жалпы көлемі (ЖІӨ) және білім алып отырған студенттер саны бөліп салыстырғанда да дұрыс емес. Деректердің растығын тек қана триангуляция арқылы, салыстыру негізі ретінде бір студентке жұмсалатын шығын есебін қолданып тексеруге болады.

Төмендегі деректер осыны көрсетеді.


28-кесте. Үшінші білім беруде бір студентке мемлекет тарапынан жұмсалатын шығын, 2009

Ел	Жан басына шаққандағы ЖІӨ (ағымдағы айырбас бағамына сәйкес) 2009 \$	Бір студентке мемлекет тарапынан жұмсалатын шығын (ағымдағы айырбас бағамына сәйкес) 2009 \$
Норвегия	78457	38486
Дания	56227	31982
Швейцария	65790	29395
Нидерландтар	48174	20913
Швеция	43640	19588
Австрия	45859	19492
Ирландия	50246	18933
Финляндия	44838	17452
Бельгия	43843	16392
Франция	40488	16184
Мальта	19564	9308
Испания	31714	9250
Италия	35073	9002
Америка Құрама Штаттары	45305	8859
Австралия	42404	8711
Жаңа Зеландия	26990	8358
Ұлыбритания	35331	7226
Португалия	22019	6736
Словен	24051	5932
Израиль	26032	5760
Чех Республикасы	18806	4792
Малайзия	7278	4365
Эстония	14264	3775
Венгрия	12635	3596
Мексика	7596	3340
Словакия	16100	3003
Бразилия	8373	2378
Корея Республикасы	16959	2232
Польша	11295	2145

Литва	11034	1996
Румыния	7651	1795
Болгария	6403	1678
Латвия	11476	1624
Аргентина	7674	1463
Чили	10120	1291
Таиланд	3979	901
Қазақстан	7165	730

5-суретті 28-кестедегі деректерге сәйкес келетін ең кіші шаршы сызықтарының үрдісін көрсетеді. Бір студентке жұмсалатын шығынның аздығына байланысты Дүниежүзілік банк Қазақстанды «табыс деңгейі орташадан жоғары» ел деп жіктеген, бұл ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда, әлдеқайда кедей екенін көрсетеді.

5-сурет. Үшінші білім беруде бір студентке мемлекет тарапынан жұмсалатын шығын, 2009




Осы елдер ішінде Қазақстан қисық сызықтың төменгі бөлігінде, тіпті сызықтан анағұрлым төмен орналасқан.


Шығындардың халықаралық деңгейде салыстыра отырып, Қазақстанда жұмсалатын шығындардың өте төмен болу себебі – оқытушылардың төмен академиялық еңбекақылары.

6-сурет. Оқытушылар еңбекақылары

Мемлекеттік жоғары оқу орындары оқытушыларының еңбекақысы: қызметтік иерархиядағы жоғары лауазымдар (сатып алу қабілеті, АҚШ доллармен)



Мемлекеттік жоғары оқу орындары оқытушыларының еңбекақысы: қызметтік иерархиядағы бастапқы лауазымдар



Дерек көзі: Филип Альтбах, Лиз Рейсберг, Мария Юдкевич, Григорий Андришчак, Иван Пачеко редакциялауымен шыққан Профессорлық-оқыту құрамы, Өтемақы мен келісімшарттарды ғаламдық салыстыру нәтижелері көрсетілген жоба бойынша жасалған; 2012 жылдың 3 сәуірі, «Routledge» баспасы. Эксель форматындағы деректермен <http://acarem.hse.ru/t2g2> сілтеме бойынша танысуға болады.

Бұл тек абсолюттік шама тұрғыдан ғана емес, егер өлшем халықтың жан басына шаққандағы табыс жағынан жүргізілсе дұрыс болып табылады.

29–кесте. Мемлекеттік университеттердегі оқытушылардың ай сайынғы еңбекақыларының жан басына шаққандағы келетін ЖІӨ-нің арақатынасы, академиялық дәреже бойынша

Ел	Жыл	Жоғарғы дәреже	2 дәреже	3 дәреже	4 дәреже	5 дәреже
Нигерия	2009	262%	217%	184%	116%	
Эфиопия	2008	238%	207%	179%	154%	130%
Үндістан	2010	207%	190%	110%		
Оңтүстік Африка	2008	107%	88%	74%	60%	45%
Бразилия	2010	43%	40%	30%	20%	18%
Колумбия	2008	47%	35%	27%	24%	23%
Аргентина	2010	32%	30%	25%	23%	
Малайзия	2008	56%	29%	27%	20%	
Түркия	мамыр 2010	36%	26%	22%	19%	20%
Сауд Арабиясы	2008	29%	25%	20%	15%	12%
Италия	2009	30%	22%	16%		
Мексика	2009	21%	18%	16%	14%	12%
Канада	2007/08 академиялық жыл	22%	17%	14%	13%	
Израиль	2010	22%	17%	15%	12%	
Ұлыбритания	2006/07 академиялық жыл	22%	16%	14%	11%	
Германия	2008	17%	14%	12%	13%	13%
Нидерландтар	2008	15%	13%	10%	8%	
Америка Құрама Штаттары	2008/2009 академиялық жыл	16%	13%	11%		
Чех Республикасы	2008	15%	12%	8%	6%	6%
Латвия	2009/10 академиялық жыл	16%	12%	10%	8%	6%
Армения	2009/10 академиялық жыл	12%	11%	9%	7%	
Қытай	2008	15%	11%	10%	4%	
Франция	2009	14%	11%	6%		
Қазақстан	мамыр 2010	16%	11%	8%	7%	

Ел	Жыл	Жоғарғы дәреже	2 дәреже	3 дәреже	4 дәреже	5 дәреже
Жапон	2007	13%	10%	9%	8%	8%
Норвегия	2008	9%	7%	8%	7%	
Ресей Федерациясы	2008	5%	4%	3%	2%	
Австралия	2008	16%		13%	11%	8%

Дерекнама: сонда, <http://acarem.hse.ru/t2g2>

Басқа жерде айтарлықтай көп алуға болатын еңбек ақының төмендігі университетте сабақ беруге ынталандыруға және сәйкесінше ұсынылатын білім сапасына кері әсерін тигізеді. Бұл студенттерді іріктеу мемлекеттік емтихан негізінде жүзеге асырылып, академиялық сыбайлас жемқорлық үшін мүмкіндікті азайтатын факт болса да сыбайлас жемқорлықты болдырмауға қиындық туғызуы мүмкін.

Қолда бар деректердің көмегімен мынадай бақылау жасауға болады.

Қазақстан үшіншілік білімге ЖІӨ-нен пайыздық ара қатынастағыдай бір студентке арналған шығыстардың негізінде айтарлықтай аз жұмсайды.

Елдің және оның азаматтарының қажеттіліктеріне сәйкес келу мақсатында дәреже ұсыну сияқты ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу көзқарасынан да жоғары білім беру жүйесінің нәтижесін арттыру қажет.

Жоғары сапалы деңгейде ағымдық нәтижелерді ұсыну үшін қаржыландыру деңгейі жеткіліксіз деп жариялайтын бірнеше көрсеткіштер бар; оқытушыларға арналған еңбек ақы деңгейі сияқты индикаторлар өте төмен болып табылады, ол – сыбайлас жемқорлыққа әкеп соқтыруы мүмкін және жұмыс берушілердің ЖОО түлектері еңбек қызметіне нашар дайындықпен шығатыны туралы үнемі наразылықтары.

Осы бірге алынған бақылаулар инвестициясыз Қазақстанның жоғары білімді азаматтардың жеткілікті санына сапалы жоғары білім беруді немесе қажетті инновация деңгейіне қол жеткізу үшін ғылыми-зерттеу қызметінің жеткілікті көлемін жүргізуді көздей алмайтыны туралы қорытындыға әкеп соқтырады.

Қолда бар ресурстарды бөлу

Жоғары білім беруге бөлінетін мемлекеттік қаражаттың басым бөлігі мемлекеттік гранттар тетігі арқылы бөлінеді – грант, ұлттық бірыңғай тестілеуден (ҰБТ) анағұрлым жоғары балл алған студенттерге (ваучер-негізі бойынша) ұсынылатын қолжеткізу нәтижесі бойынша алынатын грант. Бұл бөлу тетігі жоғары оқу орындарының ресурстарын бөлудің нарықтық тетігіне сүйенетін елдің міндетіне сәйкес келеді. Грант алғаннан кейін, студент өзінің таңдауы бойынша кез келген ЖОО-на түсуге толық еркіндік алады. Бұл саясат 2015 жылы аккредиттелген оқу орындарына ғана студенттерді тіркеу үшін өзгертілетін болады – бұл оқу орындары үшін аккредиттеу процесіне қатысуына маңызды ынталандырудың бірі. Осы процестегі үкімет қолданатын жалғыз ғана басқарушылық сәт бұл мемлекет үшін қызығушылық тудыратын пән ретінде көрсетілген нақты пәндерге қызығушылық танытқан студенттер үшін осы гранттардың нақты санын бөлу. Аталған жағдайда студенттің таңдауы қалайтын оқу орындары ұсынатын салаларды таңдауда мүмкіндіктері шектелуі мүмкін, бірақ

мемлекеттік емес институттар бұл шектеулерді қоятын. Осыған ұқсас, гранттардың нақты саны студенттердің нақты топтары – жетім, ауылдық жерлердің студенттері және т.б. үшін бөлінген.

Келесі кестедегі деректер ауқымды бейінді мекемелер бойынша жоғары білім алатын студенттердің санын көрсетеді.

30–кесте. Кең бейінді оқу орындары бойынша жоғары білімдегі студенттердің саны

Қаржыландыру типі	Мекеме типі бойынша студенттердің саны							
	Мемлекеттік меншік		Жеке меншік		Басқа мемлекеттердің меншігі		Жалпы	
	2011	2012	2011	2012	2011	2012	2011	2012
Барлық оқытындар	311333	280422	311817	283417	6357	7852	629507	571691
Білім беру гранттарын пайдалана отырып	110620	107724	22884	23668	532	527	134036	131919
Мемлекеттік білім беру тапсырысының басқа нысандарын пайдалана отырып	10686	11914	401	403	94	73	11181	12390
Білім беру қызметтерін сатып алу көмегімен	190027	160784	288532	259346	5731	7252	484290	427382
Жалпы көлемнен пайыз								
Білім беру гранттарын пайдалана отырып	36%	38%	7%	8%	8%	7%	21%	23%
Мемлекеттік білім беру тапсырысының басқа нысандарын пайдалана отырып	3%	4%	0%	0%	1%	1%	2%	2%
Білім беру қызметтерін сатып алу көмегімен	61%	57%	93%	92%	90%	92%	77%	75%

Дерек көзі: Қазақстанның ұлттық білім беру статистикасы 2013, 2.6.11-кесте.

Бұл деректер екі идеяны таныстырады. Біріншіден, оқуға түскен студенттердің төрттен бірі мемлекеттік гранттарды алады. Қалған 75 пайызы өзінің колледждегі оқуын төлеу үшін өзінің жеке ресурстарына сенуі қажет. Екіншіден, грант алатын студенттер аз көлемде мемлекеттік жоғары оқу орындарын таңдайды. Бұл деректер осы студенттерді тартатын мемлекеттік оқу орындарының нақты типтерін көрсетпейді.

Мемлекет қолдайтын студенттер көбінде ұлттық және халықаралық оқу орындарын пропорционалды емес түрде қалайды. Сонымен қатар, мемлекеттік ресурстарды бөлу қазіргі уақытта тең болмай отыр, өйткені, академиялық үлгерімге ерекше негізделген бөлу әдетте өте бай отбасылардың пайдасына жүреді, ал ҰБТ-де жоғары балдарды көрсететін балалар, себебі олар көбінде жақсы мектептерге баратын және бірінші секцияда талқыланғандай өз оқуына ақы төлей алатын отбасылардан.

Бұл ұлттық және халықаралық оқу орындары анағұрлым жоғары ақыны алады, сондықтан, өзінің оқу құнын жеке қаржы көзінен төлей алатын бір студент үшін шығыстарды болжауға болмайды. Мүмкін болатын сияқты, бірақ шығыстардың жалпы көлемінің жартысынан көбін жеке қаржы көздерінен қамтамасыз етеді.

Қазақстан өзінің жоғары оқу орындарын қолдау үшін жеке қаржыландыру көзіне (оқуға ақы төлеу) айтарлықтай сүйенетін жалғыз мемлекет. Төменде көрсетілген кесте АҚШ, Жапония мен Кореяның жоғары оқу орындарды қаржыландырудың басым бөлігін қамтамасыз ету үшін жеке төлемдерге тәуелді екенін көрсетеді.

Корея өте жақсы жалпы нәтижелерді көрсететін мемлекеттік ресурстардың жалпы көлемінен төрттен бірі шамасында ғанасын қамтамасыз ететіні мысал (31-кесте).

31-кесте. Үшінші білімге арналған жалпы шығыстардан %-ғы мемлекеттік шығыстар, 2009

Мальта	100.0	Польша	69.0
Швейцария	100.0	Мексика	68.7
Финлянди	95.8	Италия	67.3
Дания	93.0	Португалия	67.2
Австрия	87.7	Словакия	66.6
Бельгия	87.6	Канада	62.7
Швеция	86.2	Литва	62.5
Аргентина	84.1	Болгария	60.6
Германия	83.0	Израиль	58.2
Словения	82.7	Латвия	55.2
Франция	82.2	Австралия	45.4
Ирландия	82.0	АҚШ	38.1
Испания	79.1	Перу	33.8
Чеш Республикасы	78.4	Ұлыбритания	28.4
Эстония	75.6	Корей Республикасы	26.1
Нидерланды	70.5	Чили	14.6
Жаңа Зеландия	70.4		

Дерек көзі: ЮНЕСКО дерекқоры

Онда, осылайша Қазақстан өзінің мемлекеттік ресурстарын бөлді, оны басқа мемлекеттердің тәжірибесімен ғана емес қойылған мемлекеттік мақсаттарға байланысты талаптармен де қарсы қояды. Еліміздің өзінің ғылыми мүдделерін қаржыландыруға деген тәсілі өз азаматтарының білімін қаржыландыруға деген тәсілінен айтарлықтай ерекшеленеді. Зерттеу жүргізген жағдайда үкімет нақты институттарда ғылыми-зерттеу әлеуетін құру үшін басым мәселелер бойынша зерттеу жүргізу үшін ынталандыруға да қаржы бөледі, ол әлеуетті өсіру сияқты әлеуетті пайдалануға да инвестиция құяды. Осы тетіктердің көмегімен үкімет болашақта инновациялық дамуды, бұл ретте шамадан тыс тәуелді инновациялық дамуды басқаруды қамтамасыз етеді.

Анағұрлым білімді халықты жасақтауға қатысты мақсаттар мен қол жеткізу мақсаттардың қаражаты арасында байланыста және бірізділікте жоқ. Аздаған ерекшеліктермен (негізінде Назарбаев Университеті) Қазақстан қажетті әлеуетті дамытуға қаражат салмайды. Нәтижесінде ол еліміздің әртүрлі қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқу орындарының типтерін құру мен қолдауды саналы күшейтеді. Еліміз оңтайландыру процесінің есебінен оқу орындарының санын қысқарту бойынша жетістіктерге қол жеткізуде, бірақ бұл бірінші кезекте мемлекеттік жоғары білім жүйесінде білім беру мекемелерінің өлшемін, сипатын және орналасқан жерін қалыптастыруға бағытталмаған.

Практикалар арасындағы осы дихотомия философиялық жағдайсыздықты көрсетеді, өйткені, біреулердің зерттеу жүргізумен жұмысы болса, ал басқаларының сабақ берумен жұмысы бар. Үкімет зерттеулер жүргізуді қоғамның гүлденуін айқындаушы және ұлттық мүддеге қызмет етуші ретінде қабылдайды, дегенмен елімізде ЖОО-ның оқытудағы рөлі қоғамның емес жеке тұлғалар мүддесін көздейді деген пікірлер басым.

Жоғары білімнің қоғамдық игілігі көпшілікке танымал және жақсы құжатталған (мысалы, «Білім қайтарады» – «Education Pays» атты College Board жарияланым сериясын қараңыз). Жоғары білімді иеленудің басымдықтары экономикалық шеңберден шығуда; анағұрлым жоғары білім деңгейі жақсы денсаулықпен, қылмыстық қызметке аз тартылумен және әлеуметтік ықпалдастырудың анағұрлым жоғары деңгейлерімен сипатталады, мысалы, басқа елдер осы байланысты таниды және оларды қоғамның өркендеуін қамтамасыз ету себебі бойынша жоғары білімге тікелей инвестиция бөледі. Осы себеп бойынша, олар өз азаматтарының білім деңгейін жоғарылату үшін шаралар қолданады және ол мақсат жұмыс күшіне қойылатын өзіндік талаптармен тікелей байланысты емес.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін басқа елдер:

1. Өзінің мемлекеттік оқу орындарының жалпы операциялық қорына салым салады. Бұл қаржыландыру институционалдық әлеуетті қамтамасыз ету үшін жеке және қоғамдық қажеттілікке жауап беруге және жоғары оқу орнын қол жетімді етуге арналған.

2. ЖОО-да оқуға және оқуды аяқтауға қол жеткізу үшін экономикалық тосқауылдарды жоюға студенттерге стипендиялар мен қаржылық қолдаудың басқа нысандарын ұсынады.

Қазақстан өзінің оқу орындарына жалпы операциялық шығыстарды ұсынбау сияқты тарихи тәжірибесінен енді бас тарта бастады. Үкімет Назарбаев Университетінің басқа моделдің мысалы ретінде жалпы операциялық шығыстарды қаржыландырады. Алайда, Назарбаев Университетіне көрсетілетін қолдау деңгейі басқа да мемлекеттік оқу орындарында қолданылса тұрақты болмас еді. Анық талап етілетін меншік иесі мемлекет болып табылатын оқу орындары үшін мемлекеттік және студенттік қолдаудың бірнеше аралас моделі болып табылады.

Жобалау тобы үкіметтің ғылыми-зерттеу қызметін қаржыландыруға және бакалавриат деңгейінде білім беруді қаржыландыру тәсілдерінің арасында және ұлттық мақсаттардың және осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қаражат бөлінетін тәсілдердің арасында сәйкессіздікті атап өтеді. Бұл бақылаулар жобалау тобын жоғары білімді қаржыландыру үшін ел ресурстарын бөлу үлгісін қайта қарауға тиіс деген қорытындыға әкеп соқтырады.

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

Тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап, 1991 жылы Қазақстан нарықтық экономиканың белгілерін қабылдады және жоғары білімге тез өсетін сұранымға ден қою мақсатында жеке оқу орындарының санын арттыруға мүмкіндік берді. Бұл ерте өсім ең басында студенттердің оқуға ақы төлеуі есебінен қаржыландырылды. Ұлттық даму жоспарлары 2000 жылдардың ортасынан бастап бірінші кезекте жекешелендіруден нарықтық тетіктерге тәуелділікті тануды көрсетеді, оның ұлттық мақсаттарға сай келетін жоғары оқу орындарының жүйесіне келтіру міндетті емес.

Оқу орындарының саны оңтайландыру процесі арқылы жүйелі түрде төмендеуде. Бұл процесс анағұрлым тиімді жүйені құру үшін ғана емес еліміздің қажеттіліктеріне сәйкес білім беру әлеуеті бар жүйеге де қызмет етеді.

Назарбаев Университетін құру оқуға ақы төлеу тәуелділігінен жоғары білімді қаржыландыру тетігіне дейінгі еліміздің тағы бір қадамы болды. Жаңа университетті құра отырып, еліміз әлеуетті күшейтіп қана қоймай басқару мен қаржыландырудың жаңа үлгісін айқындайды. Бұл жаңа үлгі қойылған міндеттердің шеңберінде қажеті болып табылады.

Тағайындалатын мемлекеттік гранттардың саны жыл сайын өсуде. Дегенмен, студенттердің басым көпшілігі ЖОО-да өз оқуларын бұрынғыша өздері төлеуі тиіс. Бұл білім берудің ел саясатындағы қолжетімділігі туралы мәселені туғызады – егер студенттер оқуға ақы төлей алмаса (ұлғайып отыратын) еліміздің мақсатқа қолжетімділігіне қауіп тууы мүмкін.

Қазақстан мемлекеттік гранттарды алмайтын студенттердің көпшілігі үшін қолжетімділік мәселесін шешу бойынша кейбір қадамдарға жасады.

Елімізде Мемлекеттік білім беруді жинақтау жүйесі құрылды – ол отбасыларға ЖОО-да оқуға ақы төлеуге қаражат бөлуге мүмкіндік беретін бағдарлама. Бағдарлама әрбір қазақстандық азаматқа білім алуға жүйелі ақша жинауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, АҚШ – тағы «529 шоттар» Мемлекеттік білім беруді жинақтау бағдарламасы адамдарға кейбір салықтық жеңілдіктері бар жоғары білім алуы үшін қаражат жинақтауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл екі бағдарлама колледжге ақы төлеуге қатысты отбасыларға қолдау көрсетсе де олар жалпы оқу ақысын төмендетуге ештеңе істемейді. Нәтижесінде олар қолжетімділік мәселесіне айтарлықтай ықпал етпейді.

Бұдан бұрын аталғандай, Қазақстан Республикасының үкіметі университет базаларында жүргізілетін зерттеулерге бағытталған ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға ірі инвестициялар бөлуде. Осы нақты салада үкімет әлеуетті құру үшін (мысалы, жабдықтарды және зерттеу инфрақұрылымына қажетті басқа да элементтерді сатып алу сияқты) осы әлеуетті зерттеу қызметін жүргізу үшін пайдалануға да ресурстар ұсынады. Ғылыми-зерттеу қызметін қаржыландыруға арналған осы тәсіл дұрыс болып табылады және қолдау табуы тиіс.

ШЕШІЛУГЕ ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Шешуді талап ететін мәселелер, осы бөлімнің басында белгіленген екі қиындықты айқындады – оның көмегімен қаражат қолжетімді болатын және бөлінетін қаржыландыру мен әдістердің жалпы көлемі. Бірінші мәселе, табыстар деңгейімен және үкіметтің басым болып табылатындығы туралы шешімімен басым болып табылады. Алайда, қаржыландыру деңгейіне қарамастан бөлік тетіктері мынадай түрде құрылымдандырылды, олар:

- Қажетті институционалдық әлеуетті құруды және қолдауды қамтамасыз етеді – еліміз бойынша әртүрлі өңірлерде орналасқан әртүрлі типтегі оқу орындарын қолдау. Үкімет жалпы институционалдық шығыстарды Назарбаев Университетінде ғана тікелей қолдайды. Назарбаев Университетінде қолданылатын модель оқу орындарының анағұрлым ауқымды қатарына таратылмайды.
- Ағымдық тәжірибеде өзінің оқуын толық қаржыландыруы тиіс студенттердің басым көпшілігі үшін білімнің қол жетімділігін қолдайды. Экономика қажет ететін ЖОО түлектерінің саны мемлекеттік гранттарды қолдайтын оқушылар санынан айтарлықтай асып түседі. Ауылдық жерлерден шыққан оқушылар мен табыс көзі төмен отбасылардан шыққан студенттер (жоғары білікті оқытушылар саны жеткіліксіз, технологияларға аз қол жетімділігі мен басқа да кемшіліктері бар мектептерге баратын студенттер) мемлекеттік грантқа бәсекелестікке анағұрлым төмен дайындалғандар болып табылады. Қаржыландырудың қолда бар тетігі өте үлкен дәрежеде мұндай студенттерге қарсы бағытталған.

Студенттер үшін мемлекеттік гранттар арқылы жоғары білімді қаржыландыруға қолда бар тәсіл қазіргі түрінде осы екі талапқа сәйкес келмейді. Қаржыландыру моделін жаңарту қажет.

Қорытынды бақылау.

Қазақстан үшіншілік білімге ЖІӨ-ден пайыздық ара қатынастағыдай бір студентке арналған шығыстарды айтарлықтай аз жұмсайды.

- Елдің және оның азаматтарының қажеттіліктеріне сәйкес келу мақсатында дәреже ұсыну сияқты ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу көзқарасынан да жоғары білім беру жүйесінің нәтижесін арттыру қажет.
- Жұмыс берушілердің студенттер колледждерден еңбек қызметіне нашар дайындықпен келетіні туралы үнемі наразылықтары, онда қаржыландыру көлемі түлектерді жоғары сапалы деңгейде даярлау үшін жеткіліксіз болып табылады.
- Осы бірге алынған бақылаулар инвестициясыз Қазақстанның жоғары білімі азаматтардың жеткілікті санына сапалы жоғары білімді беруді немесе қажетті инновация деңгейіне қол жеткізу үшін ғылыми-зерттеу қызметінің жеткілікті көлемін жүргізуді көздей алмайтыны туралы қорытындыға әкеп соқтырады.
- Үкіметтің ғылыми-зерттеу қызметін қаржыландыруға және бакалавриат деңгейінде білім беруді қаржыландыруға деген тәсілдерінің арасында және ұлттық мақсаттардың және осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қаражат бөлінетін тәсілдердің арасында сәйкессіздікті атап өтуге болады. Бұл бақылаулар жоғары білімді қаржыландыру үшін ел ресурстарын бөлу моделі қайта қаралуы тиіс деген қорытындыға әкеп соқтырады.

Алтыншы басымдық: білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі үшін институционалды және ұлттық деңгейлерде басшы және басқару негіздерін құру.

Ұлттық басымдықтар мен халықаралық тәжірибе

Жаһандық білім экономикасына қойылатын талаптар және «элиталық» жоғары білімнен қоғамдық жоғары білімге ауысу ұлттық және институционалды басшылықтың түбегейлі өзгеруіне және басшылық құрылымның орталықтандырылған реттеу мен жоғарыдан бақылаудан (top-down) жалпы ұлттық басшылық және қаржы саясаты және нәтижеге бағдарланған есептіліктің жаңа әдістері арқылы «қашықтықтан» басқару шеңберінде бөлшектену және қайта реттеуге (de-regulation) алып келді (ЭЫДҰ, 2008b). 6.1- кесте осы өзгерістердің кейбіреуін көрсетеді.

32–кесте. Ұлттық деңгейде үшінші білімнің рөлдерін өзгерту

Ұлттық немесе мемлекеттік басымдықтардан бөлектенген жоғары білім беру секторында жоспарлау	Жоғары білімді елдің немесе мемлекеттің болашақ бәсекеге қабілеттілігімен байланыстыратын стратегиялық жоспарлау
Орталықтандырылған бақылау және реттеу, шектеулі институционалды дербестік	Қоғамдық басымдықтарға институттарды әсер етуін қамтамасыз ету мақсатында орталықтандырылған институционалды басқаруға және қаржылық саясатты пайдалануға назар аудара отырып (мысалы, нәтиже қоры – performance funding) «қашықтықтан» басқару
Мемлекеттік мекемелерге субсидия беру Инвестицияларға / кіріс ағындар (based on inputs) және шығыстарды өтеуге негізделген ресурстарды бөлу	Нәтижеге негізделген институттарды қаржыландыру Жұмыстың қорытындысы бойынша ресурстарды бөлу Студент гранттары арқылы студенттерге субсидия беру
Сапаны қамтамасыз ету негізінен мемлекеттік мекемемен байланысты (ел/мемлекет ішінде)	Сапаны қамтамасыз ету қоғамға және өнім берушілерге байланысты (мемлекеттік және жеке, трансшекаралық, ашық/қашықтықтан оқыту және т.б.)
Ресурстарға негізделген есептілік	Нәтижелерге/өнімділікке және экономикалық тиімділікке дәлелдемеге және ресурстарды пайдалану тиімділігіне негізделген есептілік

Дерек көзі: ЭЫДҰ (2006) материалдары бойынша, «Жоғары білім беру саласында ұлттық тұрақты саясат және практикада шолуды жасауға арналған тұжырымдамалық және талдамалық негіз», ЭЫДҰ (EDU / EC (2006) 3), ЭЫДҰ, (Париж), Білім беру жөніндегі комитет талқылау үшін дайындалған құжат.

Бұл тенденция ұлттық және институционалды деңгейлерде тиімді басқару үшін әлеуметті қамтамасыз етуде іргелі өзгерістерді талап етеді.

Елдің үшінші білім беруде басқару құрылымының және нормативтік-құқықтық ортаның кейбір сипаттамалары жүйенің өнімділігімен тығыз байланыста. Дүниежүзілік банктің, білім беру мәселелерін бағалау жүйесінің бастамасы (Systems Assessment for Better Education – SABER)⁸¹ үшін әзірленген таяудағы анықтама құжаты басқарудың нақты және жүйелі құрылымын тізу үшін негізгі болып табылатын, сегіз саяси мақсатқа байлам жасайды:

- Үшінші білімге қатысты нақты көрініс: елдің немесе үкіметтің үшінші білім беру секторы үшін көрініс және жоспары, және іс-қимылдың нақты жоспарында көрінісін қалыптастыруға дайындығы болады.
- Тиісті нормативтік база: үшінші білім беру жүйесін тиісті, оның ішінде дербес өнім берушілерге арналған нормативтік-құқықтық база реттейді.
- Үшінші білімді (Tertiary Education Authority – TEA) басқару органына арналған әлеует: білім беру мекемелерін басқару, қолдау және мониторингілеуге арналған реформаларды жүзеге асыру үшін персоналдың және қордың болуы.
- Стратегиялық, басқару және ұйымдастыру дербестігі: нормативтік – құқықтық қажетті ұйымдастыру дербестігіне себепші болады. Бұл үшінші білім беруді басқару органының (Tertiary Education Authority – TEA) жоғары білім беру мекемелері кеңестерінің рөлі мен функциясына қатысты тиісті саясаты, сондай-ақ, оларды басқаруды таңдау және басшылық пен кеңестің тиісті міндеттері бар екенін білдіреді.
- Жеткілікті институционалды дербестік: нормативтік – құқықтық база білім беру мекемелеріндегі жеткілікті қаржылық, кадрлық және академиялық дербестікке себепші болады.
- Нәтиже және теңдікке бағдарланған қаржыландырудың болуы: қаржыландыру механизмі нәтижеге бағдарланған, айқын және студенттерді қабылдау процесінде теңдікті қамтамасыз етуге көмектеседі.
- Сапаны және сәйкестілікті тексеру: үшінші білім беруді басқару органының (Tertiary Education Authority – TEA) мемлекеттік, және жеке білім беру мекемелері үшін сапа мен аккредиттеуді қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігі бар.
- Есептілік стандарттары: білім беру мекемелері дұрыс/саламатты қаржыландыру, алдампаздық, студенттерді тарту және түлектерді жұмысқа орналастыруға қатысты айқындылықтың белгілі бір стандарттарын ұстанады.

Саяси бағыттардың аталған тізімінің маңызды аспектісі институционалды дербестікте, сондай-ақ, мемлекеттік есептілікте қажетті болып табылады. Институционалды дербестік маңызды болып табылған кезде, сонымен бірге, саяси басшылықтың басты саяси құралдарын, қаржыландыруды, басқаруды және есептілікті пайдалана отырып, басшылықты және жалпы үшінші білім беру саласын бақылауды қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады. Мысалы, елдердің осы салыстырмалы есептерінің әрбірінде өздерінің мемлекеттік жоғары білім беру мекемелеріне ұйымдастырушылық, қаржылық, кадрлық және академиялық

81 Дүниежүзілік Банк (2012). Үздік білім беру нәтижелерін алуға арналған бағалау жүйесі – SABER, Systems Assessment for Better Education Results, – Үшінші білім беруді басқару, SABER-ге арналған негізгі жұмыс құжаты, үшінші білім беру. Мәліметтерді жинау және бағалауға арналған құрал. SABER жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген, және соларға ұмтылушы елдер арасында салыстыруды қамтамасыз ету мақсатында қатысушы елдердегі қолданыстағы білім беру саясатын бағалау үшін құрылды.

саясаттың негізгі аспектілері бойынша дербестіктің жоғары дәрежесін ұсынады. Алайда, осы аспектілердің әр біріндегі дербестік деңгейі бірегей тарих пен әрбір елдің басқару құрылымына байланысты өзгеріп отырады (Эстерманн, 2011; ЭБДҰ, 2008b, 126б.).

Институционалдық деңгейде басқару кеңестерін құрудың дамыған елдерде және дамып келе жатқан елдерде де нақты тенденциясы бар; алайда, осы кеңестердің құзыреттері мен құрамы түрленіп отырады, бұл Еуропалық Одақ елдерінің арасындағы айырмашылықта нақты көрсетілген. Кейбір кеңестердің стратегиялық шешімдерді қабылдауда, орындаушылық басшылықты және басқа да басты басқарушылық функцияларды тағайындауда құзыреттердің кең ауқымы бар. Басқа кеңестер негізінен институционалды басқару және саяси бағытқа қатысты шешімдерді қабылдауда шектеуді құзыреттерде кенес беру рөлін атқарады.

Байқау кеңестері институттық деңгейде дербес білім беру ұйымдары үшін пайдалы бола алады, жергілікті кеңестердің көп ғасырлық салтын қалыптасқан Ұлыбритания және АҚШ тәжірибесі кеңес мүшелерін дамыту және оқыту тиімді басқару үшін ажырағысыз шарт болып табылады. Ұлыбританияда университет басшыларының комитеті (Committee of University Chairs – CUC) байқау кеңестерінің қызметін жақсарту мақсатында 1988 жылы құрылды. Университет басшылары комитетінің мақсаттары мыналарды қамтиды:

- Жоғары білім беру секторын дербес және тәуелсіз білім беру мекемелерінен тұратын көптеген мүдделі тараптармен ынтымақтастықтағы және ұлттық өркендеуіне қажетті болып табылатын секторға қажетті басқарудың жоғары стандарттарын әзірлеуде қолдау.
- Байқау кеңестеріне олардың міндеттерін әсіресе институционалды стратегия және қызметушы міндеттерін әсіресе институционалды ст
- Университетті басқаруда үздік тәжірибелерді қолдану, үздік тәжірибелерді және семинарлар, жариялымдар, конференциялар мен консультациялар шеңберінде олармен байланысты мәселелерді зерделеу.
- Жекелеген басшылармен олардың білім беру мекемелерін тиімді басқару, мысалы, мемлекеттік басқарушыларды, ақпараттық бюллетендерді дамыту бағдарламалары арқылы олардың білімі мен дағдыларын дамыту мақсатында жұмыс істеу⁸².

АҚШ-та Университеттер мен колледждерге арналған байқау кеңесінің қауымдастығы (Association of Governing Boards for Universities and Colleges – AGB) және Мемлекеттік және жеке коммерциялық емес университеттердің байқау кеңесінің қауымдастығы (Association of the Governing Boards of Public and Private Not-for-profit Universities) Университет басшылары комитетінің (Committee of University Chairs – CUC) функцияларына ұқсас етеді.

Құрама Штаттардың 75%-дан астам студенттері мемлекеттік білім беру мекемелерінде кампус деңгейінде кеңестері жоқ бір байқаушы кеңес басқаратын көп-кампустық жүйелердің (multi-campus systems) ішінде оқиды. Америкалықтардың арасында жүйелердегі зерттеу университеттерінің кейбір ірі кампустары (мысалы: Калифорния Беркли Университеті – University of California Berkeley немесе Висконсин Мэдисон Университеті – University of Wisconsin Madison) ең ірі жүйелерден бөлектеніп өздерінің дербес байқау кеңестерін құруына қатысты пікірталастары жалғасып келеді (МакГиннесс, 2013). Бұл пікірталастардағы басты сұрақ – университеттің ірі университеттік жүйенің ішінде немесе сыртында өзінің жеке байқау кеңесі болу керектігін анықтау үшін пайдаланылуы тиіс критерийлерге қатысты. Висконсиндегі пікірталастар Висконсин Мэдисон университеті сияқты үлкен кампус аталған

82 <http://www2.bcu.ac.uk/cuc/about-the-cuc>

қосымша басқару органына арналған әлеуметі бар екенін, ал қызметі біріншіден, оқытуға және өмірлік қызметтерге назар аударылған кіші кампуста бұл әлеует жоқ екенін жорамалдайды. Осы шектеулерді белгілеуге ұсынылған өлшемдер білікті кеңес мүшелерін тарту және бекіту, басшылық және білім беру мекемесінің кадрлық әлеуеті, сондай-ақ, жүйе ішінде ауқымнан үнемге (economies-of-scale) әсер ету болып табылады (Висконсин Университеті әкімшілігінің рөлі туралы консультациялық кеңес, 2011 ж).

Жоғарыда атап өтілгендей, барынша дербес білім беру мекемелеріне ауысу басқарушы құрамның: ректорлардың, президенттердің, аға әкімшілердің біліктіліктерінде түбегейлі өзгерістерді талап етеді. Басқарудың өте орталықтандырылған жүйесі қалыптасқан елдерде, басқарушылардың басым көпшілігі орталық министрліктің әкімшілік қызметкерлерінен тұрады және жоспарлау, академиялық мәселелер, адам ресурстарын бюджеттеу және басқару сияқты маңызды институционалды қызметтер министрліктің лауазымды тұлғаларының құзыретіне кіреді. Дербестігі басым білім беру мекемелеріне ауысқан елдердің тәжірибесі ректорлар мен президенттерді, сондай-ақ, аға басқарушы буынды кәсіби дамыту және оқытуға айтарлықтай инвестициялардың қажеттігін атап көрсетеді (2008b, 28–29б).

Дербестігі басым білім беру мекемелеріне ауысу, сонымен бірге ішкі институционалды басқару да, әсіресе Ғылыми кеңестер, сенаттардың рөлі мен жауапкершілігін және студенттердің институционалды басқаруға қатысуға өзгерістер енгізуді талап етеді. Басқа елдердің тәжірибесі ғылыми жетекшілерді және персоналдың кәсіби дамуына ірі инвестиция басқарудың жаңа үлгісін ойдағыдай іске асыруда қажетті шарт болып табылады (2008b, 28–29б).

Білім беру мекемелеріне дербестік көбірек бергенімен, барлық салыстырылып отырған елдер ұлттық деңгейде (немесе Канада және Құрама Штаттардағы сияқты мемлекет немесе аудан деңгейінде) жоғарыда мақсаттар тізімінде көрсетілгендей «үшінші білім беруді басқару органының» қызметтерін орындайтын құрылымдарды құрды. Бұл құрылымдар стратегиялық бағытта айқындағанына, мемлекет қаражатын бөлуге, сондай-ақ, үшінші білім беру секторын бақылау және реттеуге жауапты болады. Кейбір жағдайларда, бұл функцияларды жалпы министрлік шеңберінде, мысалы, Корей Республикасының Білім, ғылым және технологиялар министрлігінің шеңберінде бөлімшелер жүзеге асырады.

Алайда, көптеген елдер жалпы басшылыққа және қадағалау функцияларына, немесе кейбір жағдайларда сапа және аккредиттеуді қамтамасыз ету сияқты белгілі бір функцияларды орындауға жауапты үшінші білім беруді басқарудың тәуелсіз органдарын құрады. Еуропалық Одақта саяси басшылықтың және бақылаушы функциялардың аясы кең тәуелсіз құрылымының үлгісі Англияның жоғары білім беруді қаржыландыру жөніндегі Кеңесті (Higher Education Funding Council of England – HEFCE)⁸³ және Ирландиядағы жоғары білім беруді басқару органын (Higher Education Authority – HEA)⁸⁴ қамтиды.

Құрама Штаттарында жоғары білім беру саясаты үшін негізгі жауапкершілік штаттар деңгейінде. АҚШ-тың мемлекеттік білім беру мекемелерінде дербестіктің белгілі бір дәрежесі бар, аталған дербестіктің дәрежесі бір штаттан екінші штатқа түрленіп отырады. Штаттардың басым көпшілігінде саяси басшылықты, жоғары білім беру жүйесін үйлестіру және/немесе басқаруды қамтамасыз етуге жауапты құрылымы бар. Осындай тиімді құрылымдар Кентуки

83 Англияның жоғары білім беруді қаржыландыру кеңесі – Higher Education Funding Council for England <http://www.hefce.ac.uk/>

84 Жоғары білім беруді басқару органы, Ирландия – Higher Education Authority, Ireland <http://www.heai.ie/>

орта білімнен кейінгі білім беру кеңесін (Kentucky Council on Postsecondary Education)⁸⁵ және Техастың жоғары білім беру бойынша үйлестіру кеңесін (Texas Higher Education Coordinating Board)⁸⁶ және Джорджия штатының университеттің жүйесі (University System of Georgia)⁸⁷ және Висконсин университетінің жүйесі (University of Wisconsin System)⁸⁸ сияқты жалпы мемлекеттік университеттік жүйелерді қамтиды.

Жоғары білім беру жүйесі жоғары дамыған елдерінде бұл өзгерістер үшінші білім беруді ұйымдастыру персоналының принципшілдік әртүрлі құзыреттерін талап етеді. Еуропалық Одақ аясында жоғары күтілетін нәтижелер Еуропалық Одақ бөлімшелерінен, Болондық процесті жүзеге асыру, нәтижеге бағытталған қаржыландырудың жаңа сызбалары және басқа да бағыттары министрлер деңгейінде басқа құзыреттерді талап етеді. Еуропалық университеттер қауымдастығының баяндамасы 2011 жылғы институционалдық басқару көрінісінде «кейбір министрліктер университеттерді басқару үшін жеткілікті ұзақ мерзімді көріністері жоқ деп қарастырады... сонымен қатар, министрліктер жаңа басқарушылық механизмдерін пайдалануда жеткілікті тәжірибелері жоқ. Бұл жоспарланбаған нәтижеге (бұл көбінесе, қаржыландыру механизмдеріне байланысты) немесе жаңа жағдайлар барысында бейімделуден өтудің қысқа мерзіміне әкеп соқтырды».

Бұл, әсіресе, бұдан ерте мерзімде құрылған, штаттар деңгейінде үйлестіруші бөлімшелер АҚШ үшін аса маңызды, жаңа рөлдерге ауысу едәуір қиын (NCPPHE, 2005; МакГиннесс және Новак, 2011).

ЖАСАЛҒАН ҚАДАМДАР МЕН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР

Қазақстан 2007 жылға арналған ЭБДҰ/Дүниежүзілік банк есебін жариялау кезінен бастап қаншалықты институционалдық басқаруды ұлғайту, сондай-ақ, ұлттық деңгейде білім және ғылым Министрлігінің рөлін өзгерту және оларды үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес келтіру бойынша маңызды қадамдар жасады.

Институционалдық басқаруды ұлғайту бойынша шаралар:

- Назарбаев Университетін (НУ) мемлекеттік ретке келтіру және бақылаудың маңызды билігі бар заңды тұлғаның жаңа түрі ретінде құру; Назарбаев Университетін құруға дейін мемлекеттік оқу орны билігін ұлғайту үшін негізгі балама ретінде, оның негізгі акционері Қазақстан Үкіметі болып табылатын жеке меншік, коммерциялық қоғамы етіп қалыптастыру еді. Демек, бұндай өзгерту оқу орнының билігін техникалық ұлғайтса да, үкімет өзінің маңызды бақылауын құнды қағаздар арқылы сақтай алады.
- Назарбаев Университеті тәжірибесі негізіндегі мақсат – ұлттық университеттерде жүйелі түрде корпоративтік басқаруды енгізу. Алғашқы қадам ретінде, 2013 жылдың соңына қарай еліміздің төрт ұлттық университеттерінде Бақылаушы кеңестер құрылған:
 - Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
 - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті
 - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
 - Қазақ ұлттық аграрлық университеті

85 Кентуккидің орта білім беруден кейінгі кеңесі – Kentucky Council on Postsecondary Education <http://cpe.ky.gov/>

86 Техастың жоғары білім беру бойынша үйлестіру кеңесі – Texas Higher Education Coordinating Board www.theccb.state.tx.us/

87 Джорджия штаты университетінің жүйесі – University System of Georgia <http://www.usg.edu/>

88 Висконсин университетінің жүйесі – University of Wisconsin System <http://www.wisconsin.edu/>

- Халықаралық үлгілер негізінде жаңа аккредиттеудің тәуелсіз органдарын құру.
- Жаңа аккредиттеу үдерісі нәтижесінде аккредиттеуден өтетін оқу орындары үшін басқарушылықты ұлғайту.
- Оқу орындарына жаңа оқу жоспарларын әзірлеуде мемлекеттік стандарттарды өзгерту арқылы мол жеңілдіктер ұсыну.
- Жаңа аккредиттеу органдарының талаптарына сәйкес аккредиттеу алатын жоғары оқу орындарының дербестігін ұлғайту.

ШЕШІЛУГЕ ТИІСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мемлекеттік университеттердің басқарушылығына қатысты құқықтық шектеулер.

Институционалдық басқаруға қатысты мәселелер, атап айтқанда, тоғыз ұлттық және 33 мемлекеттік университеттерге қатысты. Жобалық топтың ағымдағы түсініктері түсінуі бойынша, Білім және ғылым министрлігінің бақылауына толықтыру ретінде, барлық мемлекеттік мекемелерге қолданылатын мемлекеттік меншік туралы Заңымен реттеледі. Оқу орындарының физикалық активтері (мысалы: жер және ғимарат) оқу орнының емес, мемлекеттік меншік болып табылады. Осы талаптардың тәжірибелік әсері жеке меншік оқу орындары мен Назарбаев Университетіне қатысты қолданылмайтын, университеттердің бөлшек бюджеттік және тәртіптік бақылауы болып табылады.

Назарбаев Университетін жаңа заң арқылы құрғанға дейін, мемлекеттік оқу орындарына негізгі балама болған жайт, мемлекеттің негізгі акционері болып тұрған жеке меншік акционерлік қоғам дәрежесіне ауысу еді. Осы кезде он алты университет осы мәртебеге ие болды. Қазақстанда Назарбаев Университетіне берілген құқықтық статус тиісті есеп беру тетіктері мәселесі шешілгеннен кейін барлық мемлекеттік университеттерге қолдану туралы сауалын шешуде негізделді, бірақ ол үшін есеп берудің тиісті механизмдерін реттеу қажет.

Оқу орындарының шамасымен байланысты жалғасатын нормативтік шектеулер, оқу жоспары мен академиялық бағдарламаларды әзірлеу үшін аса жоғары жауапкершілікті талап етеді.

Үкімет академиялық бағдарламалар үшін институционалдық жауапкершілікті ұлғайту бойынша маңызды қадамдар жасады. Демек, мемлекеттік стандарттары мен академиялық саясаттың басқа бөлшектерін әзірлеу үшін жалғасатын төтенше орталықтандырылған істері академиялық саясат үшін институционалдық жауапкершілікті дамыту жолында маңызды кедергі болып табылады.

Алдын ала жоспарланған, шығындар мен аудитке негізделген, жалғастырылатын бюджеттік бақылау.

Теориялық тұрғыдан қарастырсақ, мемлекеттік оқу орындары бюджеттері мен ресурстардың ішкі басқаруды жүзеге асыруда белгілі дербестігі бола тұра. Білім және ғылым министрлігі әдеттегідей бюджеттен басқа толық есептікті талап етеді. Аталған тәжірибені жалғастыру институционалдық басқаруды тиімді пайдалануға кері әсерін тигізуді мүмкін.

Барлық мемлекеттік оқу орындары үшін арналған басқарудың жаңа үлгісін жүзеге асыру үшін әлеуетті дамыту.

Осы есептің алдағы бөлімдерінде атап кеткенді негізге алсақ, Қазақстан тек қана әлем деңгейінде бәсекеге қабілетті зерттеу университеттерін ғана емес, сонымен қатар, жоғары

сапалы және түрлі жоспарлы оқу орындарының желісін дамытуы қажет еді. Осы кезде тоғыз ұлттық университеті корпоративті басқарудың моделін енгізудің жоспарлануы Назарбаев Университетінің маңызды қадамы болып тұр. Демек, ұлттық және аймақтық басымдыққа әрекеттікке қабілетті техникалық мамандар мен мамандарды оқыту мен даярлауға топтастыру миссиялары бар қалған университеттер, академиялар және институттар билігін едәуір ұлғайту туралы сауал шешусіз қалып тұр.

Назарбаев Университеті мен төрт пилоттық ұлттық университеттің тәжірибесі көрсеткендей, корпоративтік басқару үшін арналған басымдықты дамыту басқалардың арасында келесі жұмыстарға ерекше көңіл бөлуді талап етеді:

- институционалдық басқарудың, сондай-ақ, кәсіби және академиялық персоналдың жаңа құзыреттері;
- Байқау кеңестердің мүшелерін таңдау және оқыту;
- Транспарентті қаржыландыру, институционалдық операцияларды жоспарлау және мониторингін жүргізу үшін деректерді пайдалану, және де басқа да функциялар.

Білім және ғылым министрлігінің рөлдері мен міндеттерін қайта ұғыну.

Жоғарыда айтылғандай, білім және ғылым министрлігінің басшылығы өзгерістердің қажет екенін жақсы түсінеді. Демек, осы өзгерістердің мәніне қатысты сауалдар қалады. Жоғарыда аталған халықаралық тәжірибе ұлттық деңгейде үшінші білімді басқаратын құзыретті органның өте қажет екенін, бірақ ол жүйенің басшылығын жүзеге асыру және жалпы оқу орындарының билігін ұлғайтуға министрліктің жанында немесе тәуелсіз бөлімше болу қажеттігін көрсетеді. Білім және ғылым министрлігінің жаңа рөлдерге ауысуында келесі жұмыстарға ерекше көңіл қойғанды:

- Ұлттық деңгейді кәсіптік және техникалық персоналдың негізгі құзыреттерін әзірлеуді;
- Қаржыландыру мен ресурстарды қайта бөлісумен байланысты жаңа саяси құралдар мен құзыреттерді әзірлеуді;
- Оқу орындарының қызметі мен жүйесінің мониторингін жүргізу мақсатында деректерді / ақпараттық жүйелер мен деректерді пайдалану әлеуетін әзірлеуді талап етеді.

Үшінші білім алу реформасының кең ауқымдарын жүйелі және реттік жүзеге асыру үшін ұлттық деңгейде тәсілдердің жоқтығы.

Осы есепте атап кеткендей, Қазақстан үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес келу үшін әрекет етуде. Демек, бұл тек осы бастамашылықтарды бақылау ғана емес, сонымен қатар, өзгерістерді жүзеге асыру үшін оқу орындарына бұдан да басым жүйелі дайындық қажет (мысалы, кәсіби даму арқылы жаңа басқарушылық әдістерін техникалық қолдау және т.б.). Осы бастамалардың көпшілігі білім және ғылым министрлігімен басқарылады. Жоғарыда айтылып кеткендей, басқа елдердің тәжірибесі өзгерістерді енгізу үшін әлеуетті дамыту табысты реформаның жол ашар аспектілерінің бірі болып табылатынын көрсетеді.

Қолданылған әдебиет тізімі

Ван Вугхт, Ф. А. және басқ. (2008), Әралуандықтың көрінісі. Жоғары оқу орындарын еуропалық топтастыру әзірлемесі, Энсхеде (Enschede): CHEPS

Висконсин Университеті әкімшілігінің рөлі туралы консультациялық кеңес (2011 ж), Висконсин университетінің жүйесін өзгертуге арналған жаңа үлгі: Президенттің консультациялық кеңесінің Висконсин университеті әкімшілігінің рөлі туралы есебі <http://www.wisconsin.edu/uwsa-roles-committee/Roles/Report-of-Presidents-Advisory-Committee.pdf>

ДБ (Дүниежүзілік банк) (2012), «Қазақстандағы ЖОО-дан кейінгі білім: Дүниежүзілік банктің Қазақстан Республикасы үкіметіне есебі». Маусым 2012. Қағаз көшірме

ДБ (Дүниежүзілік банк) (2013), «Қазақстан: мұнай толқынының жалында». Қазақстандық экономикалық шолу, Сәуір 2013, 18 б. <http://documents.worldbank.org/curated/en/2013/01/17612010/kazakhstan-crest-oil-wave>

ДЭФ (Дүниежүзілік экономикалық форум) (2012), Жаһандық бәсеке қабілеттілік туралы есеп 2012–2–13. Женева: ДЭФ. http://www3.weforum.org/docs/WEF_GlobalCompetitivenessReport_2012-13.pdf

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2010), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен мақұлданған.

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2012а), Ұлттық тестілеу нәтижелерін жалпы талқылау (ҰБТ – 2012), Астана

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2012б), Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіні дамыту мен мәртебесі туралы есеп.

ҚР БҒМ (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) (2013), «Білім және ғылым министрлігі, «Цифрлар мен фактілердегі білім және ғылым 2012 жылғы нәтижелер», Астана

МакГиннесс А. және Р. Новак (2011) «Жоғары білім және штаттың негізгі сауалы: қалай жүйені жұмыс істетуге болады?» *Trusteeship*. Байқаушы кеңестер қауымдастығы, Вашингтон, Д.С. www.agb.org.

МакГиннесс А. (2013), «Қоғамдық мақсаттарға қызмет көрсету: жүйелердің мемлекеттік контекстті өзгертудегі қиындықтары» Жоғары білім беру жүйесінің 3.0: жүйені игеру, нәтижені ұсыну. Нью-Йорк штаты университетінің жариялымы (2013 жылы жариялым дайындығы)

Назарбаев Н., (2012) «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Астана

Назарбаев Университеті (2013), Қазақстандық ғылым және Назарбаев Университетіндегі ғылыми-зерттеу қызмет, Вашингтон, DC

NSRFHE (2005), «Жоғары білім саясаты үшін мемлекеттік әлеует» Ұлттық талқылауға арнайы шағарылым <http://www.highereducation.org/crosstalk/ct0305/news0305-insert.pdf>.

Оузоун, Д. (2010), Турин процесі 2010: Қазақстан. Еуропалық білім қоры – European Training Foundation.

ҰБСБО (Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы) (2013), Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту Ұлттық есеп., Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Астана

Эстерманн, Т. Ноккола, және М. Стэйнел, (2011), Еуропадағы университеттердің автономиясы II: *The Scorecard*. Брюссель: Еуропа университеттерінің қауымдастығы

http://www.eua.be/Libraries/Publications/University_Autonomy_in_Europe_II_-_The_Scorecard.sflb.ashx

ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) және ДБ (Дүниежүзілік банк) (2007), Жоғары білім ұлттық саясатына шолу: Қазақстан. Париж: ЭЫДҰ.

ЭЫДҰ (2008a), Білімге негізделген, қоғамға арналған үшінші (*жоғары* білім) білім: үшінші білімді тақырыптық шолу. Париж. Том 1.

ЭЫДҰ (2008b), «Дұрыс бағытты таңдау: білімге негізделген қоғамға арналған үшінші білім беруді басқару», Білімге негізделген, қоғамға арналған үшінші білім, 1-том, 67–161 бет.

ЭЫДҰ (2013), *PISA* тестінің нәтижелеріне шолу. Жариялауға дайындалуда.

ҚОСЫМШАЛАР

ҚОСЫМША А: Балалардың жасына қарай мектепке дейін білім беруін қамтамасыз етудегі айырмашылықтарын көрсететін кесте

33- кесте: 0–7 ЖАСЫ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАР

Жас тобы	Балалардың жалпы саны (0–7 жас)	Бастауыш мектептегі балалар саны (5–7 жас)	Балабақшалардағы балалардың жалпы саны	Барлық МДҰдағы балалардың қамтылуы (%)
0–7 жас	2350423	422777	831233	35.37

34- кесте: 3–7 ЖАСЫ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАР

Жас тобы	Балалардың жалпы саны (3–7 жас)	Балабақшалардағы балалар саны	Шағын орталықтардағы балалар саны	МДҰдағы балалар саны	Барлық МДҰдағы балалардың қамтылуы ДО (%)
3–7 жас	1395166	389071	156027	199744	53.4

35-кесте: 3–6 ЖАСЫ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАР

Жас тобы	Балалардың жалпы саны (3–6 жас)	Балабақшалардағы балалар саны	Шағын орталықтардағы балалар саны	МДҰдағы балалар саны	Барлық МДҰдағы балалардың қамтылуы (%)
3–6 жас	1128891	389058	155797	198443	65.8

36-кесте: 5–7 ЖАСЫ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАР

Жас тобы	Балалардың жалпы саны (5–7 жас)	Балабақшалардағы балалар саны	Шағын орталықтардағы балалар саны	МДҰдағы балалар саны	Бастауыш мектептегі балалар саны	Барлық МДҰдағы балалардың қамтылуы (%)
5–7 жас	814081	129750	38326	199744	422877	97.1

ҚОСЫМША Б: Реджио тәсілі мен балалардың ерте дамуы туралы ақпарат

Италияның Солтүстік Реджио-Эмилия қаласы әлем бойынша балалар үшін муниципалдық қызмет көрсетуде ерекше сапалы болып саналады: 3–6 жас аралығындағы балаларға арналған мектепке дейінгі балалар мекемелері, және үш ай мен 3 жасқа дейінгі балаларға арналған бөбектер орталықтары қызмет етеді. Бұл тәсілдің екі ерекшелігі бар:

- баланы белсенді оқушы ретінде қалыптастыру;
- оқыту мен үйрету арасындағы қатынас.

Аймақ бойынша Реджио балалардың оқушы ретінде түсінігін кіші жастағы балаларға арналған қызметтер индустриясының директоры қызметін атқарған Карлин Ринальди дамытуға бағытталғанын анықтады:

Тәжірибе, теория және зерттеулерге негізделген тәжірибеміздің іргетасы ретінде балаларды мықты және сапалы тұлғалар ретінде тану... Олар әлеуетті, икемді, өсуге талпынады, білуге құмар, таңғала алады, басқа адамдармен қарым-қатынас жасайды... өздерін әр түрлі тілдерде де таныстыра алады... олар қарым-қатынас пен ашылуға дайын, өйткені олардың махабаттарының әрекеттері алуға ғана емес, беруге де дайын екенін көрсетеді⁸⁹.

Балалар жайлы осылай ойлау олардың жасы мен биологиялық қысылмауына байланысты олар әлсіз, мұқтаж немесе қабілетсіз бола алады дегенді жоққа шығарады. Тәсіл балалардың мықты жақтарына, олардың қабілеттері мен өсу әлеуетіне бағытталған. Реджио тәсілін қалаушыларының бірі Лорис Малгузи балаларды дамыту орталықтары мәселесін жоғарға қояды.

Балалар материалды жаттату оқытудың автоматты нәтижесі болып есептелмейді. Ең дұрысы – оны балалардың өз әрекеттері мен біздің ресурстардың нәтижесі ретінде тану дұрыс... Балалар әрдайым білім алып белсенді болады... Балалар бізге білім алу жолын сілтейді⁹⁰.

Балалық шақты осылай түсіну педагогикадағы Реджио тәсілін қалыптастырады және оларға ұсынылатын білім беру мүмкіндіктерін анықтаушы факторлары болып табылады.

Оқыту мен оқу арасындағы қатынас: Реджио тәсілі оқуды оқытудан жоғары қояды және оқыту мақсатын үйрену мүмкіндігі ретінде бағалайды. Бұл шарттар қарым-қатынас педагогикасын алға қояды, бала мен бала, педагог пен бала, педагогтар арасында, әсіресе жұптық жұмыс атқаратын педагогтардың балаларға білім берудің ажыратылмайтын құрамы ретінде өсуі мен кәсіби дамуын көру мүмкіндігін тудырады.

Малгузи қарым-қатынастарды төмендегідей суреттейді:

Білім беру балаға қосымша ресурс ретінде көптеген нұсқаларды, идеялар мен қолдау жолдарын ұсынып, оқудың жаңа формасын негіздейтін басты фактор болуы тиіс. Оқу мен оқыту қарама-қарсы жағада тұрып, өзеннің ағып бара жатқанын бақылап тұрмау керек; қосылып, ағын бойымен бірге ағу тиіс. Белсенді өзара алмасу арқылы оқыту оқуды күшейте алады⁹¹.

89 Эдвардс, К., Гандини, Л. және Форман, Г (1998) Балалардың жүз тілдері: балалардың ерте дамуына арналған Реджио Эмилио тәсілі Норвуд N.J: Ablex Publishing Co., б.144.

90 Эдвардс, К., Гандини, Л. және Форман, Г (1998) Балалардың жүз тілдері: балалардың ерте дамуына арналған Реджио Эмилио тәсілі Норвуд N.J: Ablex Publishing Co., б.144.

91 Эдвардс, К., Гандини, Л. және Форман, Г (1998) Балалардың жүз тілдері: балалардың ерте дамуына арналған Реджио Эмилио тәсілі Норвуд N.J: Ablex Publishing Co., б.144.

ҚОСЫМША В: 10, 11 және 12-сынып оқушыларына арналған халықаралық емтихан сұрақтары

11 және 12- сынып оқушыларына әлемнің 120 мемлекетінде Кембридж халықаралық емтихандары қолданылатын IGCSE эмтиханының сұрақ мысалдары 7, 8, 9, 10 және 11-суреттерде көрсетілген.

7-сурет

5 Кесте 7 қалалардағы адам санының тығыздығы мен жан басына шаққандағы отын пайдаланудың көрсеткіштерін сипаттайды. Қалалар Солтүстік Америка, Австралия, Еуропа мен Азияда орналасқан.

Fuel consumption for travel in cities

Fig. 7

© UCLES 2007 0460/02/04/07

13

(a) (i) Which city uses least fuel per person for travel? [1]

(ii) Which city has the highest population density? [1]

(iii) Which North American city uses least fuel per person for travel? [1]

(b) Look at the European and Australian cities. Describe the differences in fuel consumption and population density between these two groups of cities. You may use figures to illustrate your answer.

Fuel consumption [3]

Population density [2]

(c) Suggest two reasons for the differences in fuel used for travel shown in Fig. 7.

..... [2]

[Turn over]

Түсініктемелер беру

Ескерту: оқушылар мына графиканы бірінші рет тестілеу кезінде көреді. Тест олардың графикадан ақпарат алу және оны белгілі бір сипаттауларды түсіндіру үшін өз білімдерін қолдану қабілетін бағалайды.

8-сүрөт

History AS/A-Level Example 1 (from November 2011 paper)

1 Read the Sources, and then answer the question.

When answering Question 1, candidates are advised to pay particular attention to the interpretation and evaluation of the Sources both individually and as a group.

Source A

An attempt is being made to bring together the countries in the Triple Entente for a concentrated attack on Germany and Austria. At an agreed time, the drawbridges will be let down, the doors will be opened and the million-strong armies of the Triple Entente will be let loose, ravaging and destroying across the borders of Germany and Austria. The danger seems gigantic.

Field Marshal Count Alfred von Schlieffen, German Military Chief of Staff until 1905, in an article written in 1909.

Source B

Serbia and Rumania have become the most dangerous enemies of Austria and are supported by Russia and France. The Triple Entente has therefore achieved superiority. With a combination of Britain, France, Russia, Rumania, Serbia and Montenegro on the one hand, and Austria, Germany and Italy on the other, military superiority lies on the side of the Triple Entente in terms of numbers and geographical advantage.

Gernard von Hötendorf, Austrian Military Chief of Staff, memorandum to the Austrian government, 16 January 1914.

Source C

